

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» РМК
ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**
«Қазақстан ғылымының көрнекті қайраткерлері»
ғылыми-ғұмырнамалық серия

ЗИМАНОВ

САЛЫҚ ЗИМАНҰЛЫ

(Ғалым, ҚР ҰҒА-ның академигі,
заң ғылымдарының докторы, профессор)

**Алматы
2021**

ӘОЖ 012+016;34](574) (092)

3 - 53

Ғылыми редактор

С.О. Смағұлова

тарих ғылымдарының докторы

Жауапты редактор

Н.Б. Сейдін

«Ғылым ордасы» РМК директорының орынбасары,

тарих ғылымдарының кандидаты

3-53 Зиманов Салық Зиманұлы: [Ғалым, ҚР ҰҒА-ның академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Салық Зиманұлына арналады] / Құраст.: *С.О. Смағұлова, С.И. Игілікова*. – Алматы: «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, 2021. – 347 б., сур. [«Қазақстан ғылымының көрнекті қайраткерлері» ғылыми-ғұмырламалық серия].

ISBN 978-601-7815-71-4

Кітапқа Ғалым, ҚР ҰҒА-ның академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Салық Зимановтың қоғамдық-саяси қызметі мен қазақ ғылымына қосқан еңбектер оның өмір жолдарына қатысты құжаттық материалдар мен естеліктер және ғылыми мақалалар топтастырылып отыр.

Жинақ тұлғатану тарихын зерттеуші мамандарға, ғалымдарға, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына, студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 012+016;34](574) (092)

ISBN 978-601-7815-71-4

© «Ғылым ордасы» РМК
Ғылыми кітапхана, 2021

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

«Қазақстан ғылымының көрнекті қайраткерлері» ғылыми-ғұмырнамалық серия негізінде жарық көріп отырған кітап көрнекті ғалым, академик, заңгер Салық Зиманұлы Зимановқа арналады.

Салық Зиманұлы Кеңестік жүйе орнаған шақта дүние есігін ашып, қызыл идеологияның түрлі саяси науқандарына куә болды, сол қоғамның принциптерімен тәрбиеленіп, білім алды, еңбекке араласты. 1941 жылдары фашистік Германияға қарсы соғысқа қатысып, жеңіс туының желбіреуіне үлес қосты.

С.Зимановтың өмір жолдары ғылыммен тікелей байланысты. Мамандығы заңгер болса да ғылымға деген қызығушылығы артып, өзінің қызметін Ғылым академиясымен байланыстырды. Аспирантураға түсіп, заң саласының қыры мен сырын тереңдете зерттеуге зейін қойды. Сөйтіп, тәуелсіздігімізді алғанға дейін де қазақ қоғамындағы заң саласының тереңдей қалыптасуына, дамуына елеулі үлес қосты. Тәуелсіздік жылдары қайраткердің Ата Заңымыздың жазылып, қабылданында тікелей қолтаңбасы бар. Конституциялық Заңды дайындау комиссиясының құрамында болды, сарапшылар тобын басқарды. Әрбір заң баптарының мәнісін мерзімді баспасөз беті арқылы түсіндіруге тырысты, қарапайым халықтың талқысына салды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі адам құқығы және конституциялық заңдылықтар комитетінің төрағасы болды. Елімізде болып жатқан оқиғаларға аса жауапкершілікпен қарап, жасалынатын әрбір реформаның талқылауына қатысты.

Қазақ Заңдарының өткен тарихын (Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, «Жеті жарғы») салыстырмалы түрде саралап, қазақ қоғамында оны қолданудың барысын нақтылады.

Шоқан, Абай сияқты қазақтың ірі қайраткерлерінің заң саласына қатысты жазылған еңбектерін, пайымдарының маңыздылығын түсіндірді.

Салық Зиманұлы тарих саласына да үлкен қызығушылық танытты. Оның терең зерттеулерінің нәтижесінде қазақ қоғамының саяси құрылымына арналған еңбектері жарық көрді. Олардың арасында XVIII-XIX ғасырлардағы Кіші жүз бен Орта жүздегі хан билік барысына, Бөкей Ордасының ішкі саяси құрылымына арналған іргелі зерттеулері бар. Сонымен қатар тұлғатану саласында әл-Фарабиден бастап, Тәуке хан, Исатай Тайманов, ағартушылар Шоқан Уәлиханов, Абайдың, М.Сералиннің өмір жолдары мен шығармашылығы, қазақ зиялылары Б.Қаратаев, Ж.Ақбаев, Қ.Сәтбаев және т.б. қоғамдық саладағы қызметін саралаған еңбектері жарық көрді.

Ұсынылып отырған жинаққа ғалым, қайраткердің өмірі мен шығармашылығына қатысты құжаттық мәліметтер, таңдамалы еңбектері, ол туралы естеліктер мен зерттеулер енгізілді.

Ғалымның шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналастырылды және хронологиялық ретпен берілді. Кітаптың соңында еңбектердің әліпбилік және бірлесіп жазған авторлар көрсеткіштері бар.

Жинақты құрастыру барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ғылым ордасы» РМК-нің ғылыми архиві мен Орталық ғылыми кітапханасының қорлары пайдаланылды.

ҮШ МАЙДАННЫҢ БАТЫРЫ

*Х.ӘБЖАНОВ,
ҰҒА академигі*

Қайталанбас тұлғалар болады. Қайталанбайтыны оларды тарих сахнасына шығарған уақыт талабы, оқиғалар легі, нақты ахуал келмекке кетті. Осындай тұлғалар шоғырында Салық Зиманов бар. Ол ойымен, ісімен, есімімен, тіпті қарағайдай тіптік бойымен нағыз ірі қазақ еді. Сол ірілігіне сай ұзақ ғұмыр кешті. Жай ғұмыр емес, ерлікке толы, мәңгілік өнеге мен мұра қалдырған ғибратты ғұмыр болатын. Салық Зимановтың құрдасы, әріптесі, замандасы болғанына марқаятындар қатары мол екеніне кәміл сенемін.

Салық Зиманов Атырау облысының Қызылқоға ауданында дүние есігін ашқан жыл үміт пен күдікке толы еді. Көктемде Кремль басшылары жаңа экономикалық саясатты жариялады. «Әскери коммунизмнен» мезі болғандар үшін бұл көптен күткен жаңалық болды. Бірақ енді ғана шаңырақ көтерген Қазақ автономиясының билігі ұлттық сипатынан біржолата айрылды. Орталықтағыны былай қойғанда, губернияларда билік басында басқа ұлт өкілдері отырды. 1921 жылы туғандар – сан-мәрте ажалды жеңгендер. Сол жылғы ашаршылық миллион халықтың басын жалмады. Бандитизм өршіп тұрды. 1931-1933 жылғы ашаршылық ұлттық апатқа, әлемдік қасіретті құбылысқа айналды. Құдай қолдағанда, бала Салық нәубеттердің қармағына ілінбеді. Бірақ тышқан жылғы ашаршылық мәңгі есінде қалды. «Бір күні әкем мені өзімен бірге жұмысқа апарды, – деп еске алады кейінде, – Күн ыстық, аштықтан ісіп кеткен адамдар базардың жанында отыр, айналасы – қалың шыбын. Ызыңдаған қалың шыбынның ортасында қайыр сұраған балалы кемпір, өлі

екені немесе тірі екені белгісіз, қарайып кеткен адамның жол шетінде жатқаны есімде».

«Үлкен террор» басталғанда ол ат жалын тартып мінген 16-17 жастағы балаң жігіт еді. «Халық жауы» атанбаса да, тағдырдың қатаң сыны алда күтіп тұр екен: 1938 жылы асқар таудай әкесі бар болғаны 43 жасында дүниеден озады. Отбасының ауыртпашылығы балалардың үлкені Салықтың иығына түседі. Орта мектепті бітірген соң Алматы медициналық институтына түсуге ниет қылған еді. Қайғылы оқиға бұл арманын жүзеге асыртпады. Еңбек жолын Форт-Шевченкодағы мектепте мұғалімдікпен бастаған ол келер 1939 жылы Қызыл әскер қатарына шақырылады. Азаматтық борышын өтеп, енді елге қайтайын деп тұрғанда, Ұлы отан соғысының өрті бұрқ ете қалды. Толарсақтан саз кешкен сынақ басқа түсті. Туған жерге оралудың сәті 1946 жылы ғана туды.

Сухуми әскер училищесін аяқтаған лейтенант С.Зиманов үшін соғыс 1942 жылы басталды: Кавказды қорғады, Днепрден жүзіп өтті, жараланды, танк полкінде командирдің орынбасары қызметін атқарды. 1945 жылдың көктемінде механизациялы бригаданың артиллериясын басқару тапсырылады. Құрамында бірнеше полк бар құрылымды соғыс уақытында әдетте генерал басқарады екен. Осындай биік лауазымды мойнына алғанда Сәкеңнің жасы 25-ке де толмаған еді.

Бірнеше айдан соң соғыс жеңіспен аяқталды. Эльбада Америка солдаттарымен кездесті. Омырауы орден-медальдармен көмкерілген жас майор ауылға, шешесіне, бауырларына қайтайын десе, басшылары Әскери академияға түскенін қалайды. Сәтін салып, елге 1946 жылдың шілдесінде оралды. Шешесімен, үш қарындасымен қауышады, екі інісі ұрыс даласынан қайтпағанын естиді.

Соғыста Салық ағамыз батырға лайық ерлігімен, мәрт мінезімен көзге түсті. Аз ғана уақыт ішінде майор шеніне дейін өсуі, генерал орынтағында отыруы әркімнің маңдайына

жазыла бермеген. Шығыс Пруссия үшін болған ұрыстардың бірінде жау қоршауында қалу қаупі төнген екен. Сын сағатында Сәкең артиллеристерден оқты өздеріне жаудыруды өтінеді. Сол шайқастағы ерлігі Ұлы отан соғысы орденімен марапатталғанын бейбіт күндерде есіне алатын. Осы ерлікті қатардағы жауынгер Н.Г. Кузнецов 1975 жылы жазған хатында былайша суреттепті: «Если Вы вспомните один эпизод под Данцигом, то вспомните и меня. Я и комбат ст. л-т Крылов забрались на одной высоте в брошенный немецкий окоп. Нас в течение 30 минут нагло с дистанции 300 м растреливал из пушки и пулемета немецкий танк. И вдруг неожиданно к нам в окоп прыгаете Вы. Я еще тогда закричал: «Товарищ майор! Куда Вы забрались, убьют!» Вы, не зная обстановки, засмеялись, и все было в порядке, хотя буквально за 2-3 минуты до Вашего появления был смертельно ранен один офицер...».

Соғыс батыры С.Зиманов бейбіт өмірде де қиыншылық пен әділетсіздікке қасқая қарсы тұра білді. 1946-1948 жылдары Гурьев облыстық прокуратурасында тергеуші, аға тергеуші қызметтерінде, Қазақ КСР Прокуратурасында ерекше маңызды істер жөніндегі тергеуші қызметінде кәсіби іскерлігі бірден байқалды. Құқық қорғау мекемесіне жұмысқа орналасуының өзіндік себептері де бар. Демобилизациямен елге келе жатқан жолда Бүкілодақтық сырттай заң институтының Қазан филиалына оқуға түседі. Гурьев обкомы майдангер коммунисті облыстық прокуратураға жолдағанды жөн санайды. Абзал ағалардың үміті ақталды. Гурьев пен Алматыда прокуратура қызметтері тұсындағы тәлімгерлері мен әріптестерін ағамыз өмір бойы құрметтеп өтті.

1946 жылы Қазанда басталған оқудың 1 жылы ішінде 3 курсы экстернмен аяқтап, 1948 жылы Алматыдағы сырттай заң институтын мемлекеттік емтихандарды «5» тапсырумен аяқтады, жоғары білімді заңгер атанды. Жалпы, оқу-білімге қабілеттілік Зимановтар әулетіне ертеден тән қасиет еді.

Отбасылық архивінде сақталған құжаттардан гимназияның 4-ші сыныбын әкесі тәп-тәуір бағалармен бітіргенін көреміз. Өзі болса, қазақ орта мектебін «төрт» пен «бес» деген бағалармен аяқтаған болатын.

Сонымен, жас маман 1948 жылы өмірлік кәсіп таңдаудың жолайрығында тұрды. Ол прокурорлық жолды жалғастыруды қаламады. Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің шақыруына ыңғай танытпады. 1948 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының табалдырығынан аттады. Ғылымдағы өсу мен өрлеудің соқтықпалы, соқпақты жолы басталды.

Алғашқыда аспирантурада оқыды. Бұл қазақ ғылымының басында Қаныш Сәтбаев тұрған жылдар еді. Талантты жастарға қолдау көрсету дәстүрі берік-тін. Кейініректе мынадай естелік жолдарын жазғаны бар: «Академия құрамында право ғылымының алғашқы қадамының сәтті болуына, дамуына да Қанекен тікелей үлес қосты. Олай дейтінім, Қанекен СССР Жоғарғы Советі сессиясына барған бір шағында, 40-жылдардың соңы болса керек, әдейілеп белгілі академиктерге жолығып, Қазақстанда право ғылымын қай бағыттарда дамыту керек деп кеңес сұрағанын, Москва университетінің атақты профессоры, заң ғылымының үлкен маманы С.В. Юшковпен де осы мәселелер жөнінде сөйлескенін Алматыға оралғаннан кейін ғылыми мәжілісте баян еткені орта буындағы көптеген юрист – ғалымдарға әйгілі. Қанекеннің бұл бастамасы Қазақстанда право ғылымының дамуына зор әсер етті». Сол тұста аспирантураға болашақ әйгілі заңгерлер В.А. Ким, Ә.Еренов, С.Байсалов, Ғ.Сапарғалиев, М.А. Биндер, т.б. қабылданады. Бұлар ұзақ мерзімге Мәскеу, Ленинград, Қазан қалаларындағы архив пен кітапханаларға іссапарға шығып тұрды. Сәкенде беріле ізденді. Мәскеу университетінің түлегі Шәрбан Батталқызымен шаңырақ көтеріп, жұрт қызыққандай отбасына айналды. Диссертациясы заң ғылымы мамандығынан болғанымен мұнда тарих, экономика, саяси үдерістер проблемасы кең қамтылды. Уақытымен қорғап,

республикадағы алғашқы заң ғылымдарының кандидаты дәрежесіне қол жеткізді. Іле-шала үлкен сенім көрсетіліп, 1952 жылдың күзінен Алматы мемлекеттік заң институтына директорлық қызметке тағайындалады. Институт жұмысы қызып сала берді. Жаңа басшы студенттер қатарына майданнан оралған жастарды алуға тырысты. Түрлі үйірмелер жұмыс істейтін. Оларға жетекшілік етуге өнер шеберлері Н.Тілендиев (домбыра үйірмесі), Кононов (орыс ішекті аспаптар оркестрі), К.Қармысов (қазақ драма үйірмесі), Е.Диордиев (орыстың драма үйірмесі) шақырылады.

Дегенмен, 50-жылдар басындағы қоғамдық-саяси ахуал өте күрделі еді. «Буржуазиялық ұлтшылдармен» күресті сылтауратқан тоталитарлық билік Қ.Сәтбаевты ғылым академиясы басшылығынан ығыстырды. М.Әуезов республикадан Мәскеуге кетті. Е.Бекмаханов, Қ.Жұмалиев, Б.Сүлейменов қатарлы ғалымдар сотталды. Сәкеннің өз сөзімен айтсақ, «Сол күндерде қоғам бастан кешіріп жатқан оқиғалар оңайға соқпайтын. Иә, республикада 50-жылдардың алғашқы жартысында репрессия шараларының жаңа толқыны басталып, «кадрларды идеологиялық тазалау» ұранымен, әсіресе, көрнекті қазақ зиялыларын қайта шарпып жатқан болатын...Бір сөзбен айтқанда, қатты қамығатын себеп көп еді».

Тағдырдың сыйы болар, саяси науқаннан аман-есен шықты. Аз уақыт қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінде декандық қызмет атқарып, 1958 жылы Ғылым академиясына қайта оралды. Жаңадан ашылған Философия және құқық институтының директорлығына тағайындалды. Шығармашылық талантының жарқырай ашылған кезеңі – осы жылдар. «Общественный строй казахов первой половины XIX века» (1958), «Политический строй Казахстана в конце XVIII и первой половине XIX века» (1961), «Политические взгляды Чокана Валиханова» (1966) сынды іргелі зерттеулері бірінен соң бірі жарыққа шығады. 1961

жылы заң ғылымдарының докторы дәрежесіне диссертация қорғауымен, 1966 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайлануымен ердің жасы елуге толмастан отандық құқықтанудың көшбасшысына айналды. Сәкеңнің басшылығымен жазылған 3 томдық «История государства и право Советского Казахстана» кітабы әлденеше буын заңгерлерге жол көрсетуші шамшырақ міндетін атқаруда десек, еш артықтығы жоқ.

Шашасына шаң жұқтырмай ғылымның Құлагеріндей жүйткіп келе жатқан С.Зимановты сүріндіргісі келген Батыраш пен Қотыраштар тасадан шыға келді. 1969 жылы ешбір себепсіз, партиялық өктемдікпен институт директоры қызметінен алып тастайды. Бұл әділетсіздіктің егжей-тегжейлі баяны профессор И.Қозыбаев құрастырған «Салык Зиманов. Материалы к биографии» (2016) құжаттар мен материалдар жинағында ашылғандықтан қауза беруді жөн санамадық.

Иә, ғылымның Құлагерін сүріндірді, бірақ сұлата алмады. Билік өз қателігі мен асыра сілтеуінің тігісін жатқызуға тырысты да. 1976 жылы Қазақстан Ғылым академиясы төралқасының бас ғалым-хатшысының қызметін ұсынды. Бірақ ұстанымына берік жан жаппарұл болғысы келмеді. Келер жылы қызметін қайтып берді. Жаны сүйген кәсібі – ғылымды бір сәт кейінге ысырмады. 70-80-ші жылдары жарияланған зерттеулері («В.И. Ленин и советская национальная государственность в Казахстане», «Казахский революционный комитет») кемеліне келген, Абай ұлықтаған «Толық адамның» толғанысынан шыққан дүниелер екенін барша кеңестік оқырман таныды. Тіпті заң ғылымынан алыс адамдар ғалымның табысына қуанышын сыртқа шығарып жатты. Мәселен, 1975 жылы С.Зиманов, С.Дәулетова, М.Исмағұлов жазған «Казахский отдел Народного комиссариата по делам национальностей РСФСР» атты кітапты оқыған қазақтың кеңестік тұңғыш генералы Ш.Жексенбаев ризалығын академикке хатпен білдіріпті. «Вложен громадный

труд, проведена неоценимая работа, восполнен пробел о начальной стадии истории Советского Казахстана, - делінген онда. – Большое спасибо Вам и всему Вашему коллективу, проявившим столько энергии и умения, я бы сказал мужества при сборе материалов, подготовке и выпуске этой монографии! Скажу прямо – молодцы!».

Сонымен, соғыс майданының батыры Салық Зиманов ғылымның да алғы шебіндегі батыр екендігін күмән-күдіксіз дәлелдеді. Біз бұл жерде жаңалық ашып отырған жоқпыз. Тұлғаның осынау қасиеттерін алғаш рет атап-атап көрсеткен академик Манаш Қозыбаев ағамыз болатын. 2001 жылы «Атырау» газетінде жариялаған «Осы жұрт С.Зимановты біле ме екен» мақаласында: «Салық Зиманұлы үш майданның – соғыстың, ғылымның, адамгершілік майдандарының қас батыры» деп жазғаны бар.

Осы орайда, шағын түзету енгізу керек тәрізді. Мәселе мынада: соғыстағы, ғылымдағы батырлық тағдырдың жазуымен, қабілет-қарыммен анықталады. Ал адамгершілік туа бітетін, ең сапалысы тұқым қуалаумен бітетін қасиет. Адамгершілік батырлықпен берілмейді. Батырлық адамгершіліктен шығады. Сәкеңнің бойына адамгершілік атаның күшімен, ананың сүтімен дарыған. Ол – туа-біткен қасиет.

С.Зимановтың биік адамгершілігіне өзім куә болған бір оқиғаны айта кеткім келеді. 1986 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті қызметіне жойқын талант иесі М.Айтхожин сайланды. Бірден жас ғалымдармен жұмысты қолға алды. Жас ғалымдар кеңесінің мүшелерін жинап, ұсыныстарын, өтініштерін тыңдайтын. Президентпен кездесуге академиялық кеңес төрағасының орынбасары ретінде мен де барып жүрдім. Көбінесе көтеретініміз пәтер, еңбекақы мәселелері. Бір жолы жас ғалымдардың үздік шығармасына медаль тағайындау туралы өтініш айтылды. Мұрат Әбенұлы бірден қолдады. Гуманитарлық ғылымдар бойынша іріктеуді ұйымдастыруға

мен жауапты болдым. Комиссияда академиктер корпусынан С.Зиманов бар еді. Сыртынан танығаным болмаса, араласпаған жанмын. Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы айтқан болса керек, ойламаған жерден Сәкеңнің өзі үйге телефон соға қалды. «Мен Зимановпын» дегенді естіп, алғашқыда сасқалақтап қалғаным өтірік емес. Гуманитарлық сала бойынша кімдер медальдан үміткер, қандай еңбектері ұсынылғанын білгісі келіпті. Барлық мәліметті айттым, кітаптарды жеткізіп бердім. Бірнеше рет әңгімелесудің сәті түсті. Адамгершілігі қарапайымдылығынан есіп тұрды. Сол жолы медаль жас тарихшы Т.Бейсембиевке бұйырды.

Жаратылысынан ерекше жанды адамгершілік майданының батыры десек, тұлғаның биік тұғырын төмендетіп алатындай көремін.

С.Зимановтың үшінші батырлығы саясат майданында толық дәлелденді дегім келеді. Оның үш қыры бар. Біріншісі – 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне қатысты ұстанған позициясы мен көзқарасы. Екіншісі – тәуелсіздік үшін күресі. Үшіншісі – тәуелсіз Қазақстанның көшін түзеуге қосқан үлесі.

С.Зиманов – желтоқсаншыларды бірден әрі ашық қолдағандардың ірісі. 1986 жылғы 24 желтоқсанда Қазақстан Ғылым академиясына КОКП ОК саяси бюросының мүшесі С.М. Соломенцев келген еді. Басқосуда Мәскеу шенеунігінен кейін бірінші сөз Сәкеңе берілді. Жастар туралы бірде-бір жаман сөз айтпаған шешен оқиғаға кінәлілер үлкендер, орыс пен қазақ ақсақалдары деді. Қазақтарды жерден алып жерге салып жатқанда осылай сөйлеу саяси ерліктің ерлігі еді. Идеологиялық жұмыстың әлсіздігін, қазақ тілі пайдаланылмайтынын, тәрбиелік күші кәдеге жарамай жатқанын алға тартты. Тіпті Қазақстан Компартиясы ОК бөлімдері өмірден тыс қалғанын сынады. Ұлт мәселесін зерттеуде Одақ көлемінде орын алып отырған қателіктерге тоқталды. Сол күндер үшін ең бастысы – құқық қорғау органдары жаппай қуғын-сүргінді бастап кеткенін,

айыптауға бел шеше кіріскенін қаперге салып, оған партиялық орнатуға шақырды.

Ғалымның қазақ жастарын қорғаған ерлігі 1987 жылғы 11 сәуір күні өткен республикалық ғылыми-практикалық конференцияда тағы қайталанды. Колбин бастаған шенділер қатысқан бұл іс-шараның мәртебесі аса жоғары еді. Сәкеңнің Ғалымдар үйіне келгенін көргенбіз. Сөйлеуін асыға күттік.

Үлкен толғаныспен сөйледі. Зал да сілтідей тынып тыңдады. Үш мәселеге тоқталды: 1. Ұлттық-мәдени автономияға, мектептерді ұлттық тұрғыдан жіктеуге қарсы революцияға дейін айтылған лениндік пікір социализм тұсында басшылыққа алуға жарамайтынын соқырға таяқ ұстатқандай талдады. 2. Балабақшалар жүйесіндегі шовинизмді сынады. Алматыдағы 372 мектепке дейінгі мекеменің алтауы ғана қазақша жұмыс істейтінін, Одақтас республикаларда ахуал мүлде басқаша екенін нақты деректермен дәйектеді. Академиктің: «Речь идет о принципе, а не о конкретных обстоятельствах, сообразуясь с которыми, надо каждый раз решать необходимость открытия тех или других типов детских садов. Когда некоторые официальные органы с порога отметають вопрос об открытии казахских детских садов в столице, не вникая в суть и запросы, это выглядит, по меньшей мере, верхоглядством. Но такое их поведение способствует появлению нездоровых суждений среди представителей коренной национальности» деген сөздерінің астарындағы ақиқатты түсінген аудитория дүркірете қол соқты. 3. Студенттер құрамындағы қазақ жастарының үлесін азайту үшін қолданыла бастаған айла-шарғыны әшкереледі. Студентке қабылдауда бармақ басты-көз қыстыға, «ұлттық нормаға» емес, қабілет пен талантқа басымдық беру қажеттігін айтты, мұнсыз байырғы халықтың ашу-ызасы ұлғаяды деді.

Желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін қуғын-сүргінге ұшырағандардың бәрі ұлы күн – Тәуелсіздік жарияланған соң толық ақталды.

С.Зимановтың тәуелсіздік үшін күресінің басты қорытындысы 1990 жылғы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы Декларацияны қабылдау болып табылады. Бірнеше ай бойы талқыланып, толықтырулар мен өзгерістерге ұшыраған құжаттың соңғы нұсқасын даярлауға құрылған парламенттік комиссияның төрағалығына С.Зимановтың кандидатурасы мақұлданды. Комиссия 10 күнге жуық қызу жұмыс істеді. Парламенттің пленарлық мәжілісі де шақырылды. Комиссия төрағасының баяндамасы оқылған соң, 6 сағатқа созылған талқылау өтті. Бұл 1990 жылғы 25 қазан күні еді. Пікірталастың қаншалықты қызу жүргенін Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев 11 рет сөйлегенінен байқауға болады. Декларация қабылданған күн кейінде Республика күні деп жарияланды.

Депутат С.Зиманов 1991 жылы Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңды қабылдауға, 1993 жылы тәуелсіз елдің тұңғыш Конституциясын қабылдауға тікелей араласты. Ғылым академиясының ерекше мәртебесін сақтау жолында арыстандай айқасты. Қазақ қоғамын демократияландыруға бағышталған әлденеше бастамалар көтерді. Ғасырлар тоғысындағы Сәкеңнің саяси ерлігі мен қайраткерлігі көз алдыма «Ақтабан шұбырындыдағы» қанжығалы қарт Бөгенбайдың бейнесін әкеледі. Қазақ батырларының рухы да, дәстүрі де өлмеген екен. Осының бәрі саяси көзіқарақты жұртшылыққа аян. Тәуелсіздік көшіне салтанатты реңк беруге салған олжасы өзі дүниеден өтер 2011 жылы жарияланған «Парламент Республики Казахстан в трудные годы провозглашения независимости» кітабында топтастырылғанын айтуымыз керек. Жалпы, академиктің қаламынан туған еңбектерді атауымен ғана тізетін болсақ, кереқарыс кітап шығаруға тура келеді.

2011 жыл және бір ерекше оқиғасымен есімде мәңгілік сақталып қалды. Көктем айының бірі еді. Астанадағы Мемлекет тарихы институтында еңбек ететінмін. Ертеңгісін ҚР

Парламентінен келіп түскен ресми қағаз қолыма тиді. Халық қалаулылары С.Зимановтың 90 жасқа толатынын, қандай құрмет көрсету лайық екенін сұрапты. Көп ойланбастан «Халық қаһарманы» атағына лайық екенін, оны өзімше дәйектеп, институт атынан жауап жаздым. Арада 10-15 күн өткенде институтымызға Сәкеңнің өзі де келе қалды. Асығыс шаруасы болса керек, көп отырмады. Дегенмен, өткендегі қағаздың мөр басылған, қол қойылған түпнұсқасын арнайы қалыпқа салып, қолына ұстаттық. Оқыды, ризалығын білдірді. Өкініштісі – ұсынысымыз жоғары жақтан қолдау таппады.

Содан бері, міне, тура 10 жыл өтіпті. Соғыстың, ғылымның, саясаттың қас батыры Салық Зиманов халқымен бірге мәңгі жасай береді.

АКАДЕМИК С. ЗИМАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

С.О. СМАҒҰЛОВА

тарих ғылымдарының докторы

Академик, заңгер Салық Зимановтың таңдамалы еңбектерінің басымы қазақ тарихына арналған. Олардың арасында қазақтардың саяси билігіне, Бөкей хандығының құрылуы мен Бөкей ордасының саяси құрылымына, XVIII-XIX ғасырлардағы көшпелі-малшаруашылығы қатынасы, көшпелі халықтардың тарихына, Ішкі Орда тарихына, қазақ билеріне арналған еңбектері бар. Сонымен қатар ғалымның қаламынан әл-Фараби, Тәуке хан, Исатай Тайманов, Шоқан, Абай, Б.Қаратаев, М.Сералин, Ж.Ақбаев, А.Иманов, Қ.Сәтбаев, А.Машанов сынды тарихи тұлғалар мен қоғам және мемлекет қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми маңызды зерттеулер туды. Салық Зимановтың бұл еңбектері қазіргі таңда да тарихи маңыздылығын жоймай, жазылып жатқан ғылыми зерттеулерге арқау болып отыр.

Кеңестік кезеңде С.Зиманов хандық билік тарихына алғаш қалам тартқан ғалымдардың бірегейі. 1960 жылы жарық көрген «Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половине XIX веков» монографиясы Кіші жүз бен Орта жүздегі хан билік барысына, оның жойылуы мен қазақ жеріне патша өкіметінің отарлық саясатының ішкерілей енуіне арналды. Автор хандық биліктің Қазақ территориясында құрылуы, басқару жүйесіне қатысты зерттеу жүргізу барысында XIX ғасырда жарық көрген М.Красовский, А.Левшин, Л.Мейер, И.Казанцев, В.Григорьев, Н.И. Веселовский, М.Веников, Ш.Уәлиханов және т.б. зерттеулерді қолдана отырып, олардың еңбектеріне талдау жасаған.

Салық Зиманұлы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасыр басындағы Қазақстанның экономикалық дамуындағы

өзгешеліктерді зерттеу барысында Кіші жүз бен Орта жүздегі хандық билік тұсындағы патша үкіметінің қазақ жеріне ішкерілей ену процестерін саралап келе, оның тигізген әсеріне толықтай тоқталады. Қазақ шаруашылығындағы көшпенділіктің бірте-бірте отырықшылыққа айналуының мәнісін аша келе, оның жалпы мал шаруашылығына тигізген кемшілікті тұстарын нақтылаған.

Бөкей хандығының саяси құрылымын айқындаған. Негізінде ғалым еңбек жарық көрмей тұрып, мерзімді баспасөз арқылы Бөкей Ордасының тарихына арналып шыққан еңбектерге қатысты ой-пікірін жариялап, өзі де артынан бірнеше мақалаларын шығарады. Мәселен, 1951 жылы «Ғылым академиясының хабаршысына» (№10) жариялаған «Бөкей ордасының саяси құрылымы туралы» деп аталған сын-пікірінде «Қазақ ССР тарихы» кітабының 2-ші басылымындағы ХІІ тарауына енгізілген (авторы Шахматов) Бөкей ордасының тарихына қатысты автордың кейбір тұжырымдарына мүлдем келіспейтіндігін білдірген болатын.

С.Зиманов Бөкей ордасының құрылуын сол кездегі саяси жағдайлармен салыстыра, байланыстыра қарастырып, Бөкей хандығына патша саясатының тигізген әсерін ашық, әрі айқын талдауға алады. Қазақ қоғамына отаршылық саясатының ішкерілей енуі, қоныстандыру барысындағы шаруашылыққа тиген өзгерістер еңбектің негізіне айналған. Көшпелі мал шаруашылығына қажетті жерлердің патша билігінің қабылдаған заңдары негізінде келімсектерге бөлініп берілуі, тауар-ақша процесінің енгізілуі, орыс әскерлерінің қазақ өлкесіне ішкерілей еніп, шекаралық бекіністер салуының әсерін салыстырмалы түрде мысалдармен көрсетуі, оның зерттеу жұмысының құндылығын нақтылай түседі.

Бөкей хандығының құрылуын автор Кіші жүздің патша үкіметінің қоластына енуімен байланыстыра отырып, оның негізін қалаушы Бөкей жайындағы бұрындары жазылған зерттеулерді талдауға алып, Бөкей ханның саяси портретін

айшықтайды. Бұл хандықтың Ресей үкіметімен арасындағы саяси, экономикалық байланыстар мен хандықтағы қазақтарды отырықшылыққа көшіру барысындағы патша үкіметінің саясатының мәнісін де саралайды.

Бөкей ордасындағы хандық биліктің құрылымын, тәртібін, ондағы басқару аппаратының негізгі қызметін зерделей отырып, хандықтың орыс үкіметіндегі ара байланысын ашады. Бөкей хандығының тарихы кейіннен, яғни 1982 жылы жарық көрген «Россия және Бөкей хандығы» атты монографиясында кеңірек айқындалды.

С.Зиманов Кіші жүз бен Орта жүз хандығына тоқталғанда қазақтың халық арасына әйгілі хан, би, болыс, батырлары жайында да толымды мәліметтер береді. Жалпы ғалымның бұл зерттеуі хандық билік тарихын зерттеуші ғалымдарға аса қажетті десек қателеспейміз.

Ғалымның тұлғатану саласындағы зерттеулерінің арасында Шоқан Уәлихановқа арналып жазылған ғылыми мақалалары мен монографиялық еңбегінің маңызы зор. Жалпы Шоқан туралы оның зерттеулері бастапқыда мерзімді баспасөз беттеріне жарияланған. Солардың арасында 1964 жылы «Ғылым академиясы хабаршысының» 6-санына ғалым А.Атишевпен бірлесе жазған «Шоқан Петерборда» мақаласы қайраткердің Петерборға келуі мен оның достары, араласқан адамдары жайында көп мағлұмат береді.

С.Зиманов Шоқанның ғалымдығын, оның көзқарасы мен тұжырымдарының қалыптасуына қоршаған ортасы, қоғам әсер еткендігін мысалдар негізінде айшықтайды. Петербор қаласының Шоқан өмірінетігізген әсері мен оның көзқарасындағы өзгерістерге ықпалын ашады. Шоқанның Петерборға келуі орыстың белгілі ақын-жазушылары, революционерлерімен етене араласуына, оның саяси көзқарасын нығайтып, жемісті ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге жол көрсетті. Салық Зиманұлы Шоқанды бірнеше қырынан көрсетуге тырысты.

Оның біріншісі, Шоқанның саяси жағынан өсіп, дүниеде болып жатқан өзгерістерді түсінуге, олардың себептерін айқындауға тырысуы. Екіншісі, Шоқанның ғылымға деген құлшынысы күшейді. Үшіншіден, қайраткер ретінде қалыптасты. Әрине, бұл жерде автор осы жолға түсуі оның табандылығы, ұшқырлығы, талаптылығы арқасында екендігін мысалдар негізінде көрсеткен (Вестник Академии наук Казахской ССР. – 1964. – №6. – С. 16-25.).

Ғалым Шоқан Шыңғысұлын XIX ғасырдың талантты ғалым, ойшыл, қоғамдық-саяси қайраткері ретінде жоғарғы бағалады, оның шығыстану, география, этнография, әлеуметтану және саясат саласындағы еңбектері мен тұжырымдарының құндылығын нақтылай түсті. 1965 жылы А.Атишевпен бірлесе шығарған «Шоқан Уәлихановтың саяси көзқарасы» (Политические взгляды Чокана Валиханова) монографиялық еңбегінде Шоқанның революциялық және демократиялық саяси топтармен арақатынасы мен қайраткердің саяси көзқарасының қалыптасуы мен даму барысын көрсетуге тырысады.

Шоқанның қызметі мен ғылыми еңбектерін оның замандастары, достары жоғары бағалаған. Салық Зиманұлы олардың қайраткерге қатысты айтқан, жазған пайымдаулары мен бағасын саралай отырып, Шоқанның саяси көзқарасының әлі зерттеу нысанына ілікпегендігін, болашақта үлкен зерттеу боларына сенім артты.

Шоқанның қоғамдағы орнын сол кездегі саяси жағдаймен, оқиғалармен байланыстыра отырып, оның өсу жолдарын, дүниетанымының қалыптасуы мен ғылымға деген құштарлығын айқындай түседі.

Авторлардың пайымынша, Шоқанның саяси көзқарасының қалыптасуына біріншіден, XIX ғасырдың ортасында саяси аренаға шыққан революционер-демократтардың идеялары әсер етті. Екіншіден, демократтардың патша самодержавиесінің саясатын сыни бағалауы оны біртіндеп Ресей империясының отаршылдық билігінің мәнісін түсінуге алып келді.

С.Зиманов қазақ қоғамындағы тарихи тұлғалардың арасында Абайдың да тұлғалық бейнесін биік көтерген. Ол Абайдың ақындығын ғана емес, ділгірлігін, шешендігін қадір тұтқан. Абайды Абай ретінде танытуда оның өскен жері, алған тәрбиесі, қоршаған ортасын ғана емес, оның халықпен арасындағы тікелей байланысты көрсете білген. Абайдың «Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анасынан, ұстазынан, құрбысынан, әсіресе солардың қайсысы жақсы көрсе, содан көп жұғады» деген сөзінің мәнісін түсіндіре келе, ақынның ел-жұртты ауызбірлікке, бауырмалдыққа, сыйластыққа, қайырымдылыққа, адамгершілікке баулуын жоғары бағалаған.

Абайдың ел қамы үшін биліктегілермен дау-дамайға дейін барып, жер дауы, жесір дауын шешуде әділдікті көздеуін мысалдар негізінде көрсетуі, ақынның сол қоғамдағы заңмен жете таныс болып, оны қолданудың қолайлы-қолайсыздығын түсінуінен екендігін нақтылайды.

С.Зиманов Абай тұлғасын, Абайдың қоғамдағы рөлін айқындай білді. Абайдың мінезін, сөйлеген сөзінің мәнісін талдап беруге тырысты. Ол Абай өмірінде зерттелінбей жатқан «ақтаңдақ» тұстарын қарастыруды ұсынды. «Абайдың жораға түсуі, биліктері ежелден қалған әдет-ғұрып ережелеріне сүйене отырып, заманына сай кейбір жаңалық енгізгені – зерттеуін күтіп жатқан Абай өмірбаянындағы ақтаңдақтар» дей отырып, Абай өмірін, оның билікке келуі, шешендік сөздеріне куә боларлық атадан ұрпаққа тарағанды жеткізер қариялар бүгінде жоқтығын алға тарта, Абайға қатысты мағлұматтарды Академияның ғылыми кітапханасының қолжазба қорында барлығын, Абайға қатысты ел аузынан деректерді жинауға өзінің де тікелей араласып, ізденіс барысында бірталай құнды қолжазбалардың жиналғандығын келтіреді.

Ол сонымен қатар Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын нақтылай түседі. Ақынның ауыз әдебиетіне деген әуестігі

жасынан қарттардың қызықты әңгіме аңыздарына, сөз таластарын естіп өсуінен деген тұжырым жасап, сөз өнерін, ата-бабадан қалған атаулы жол-жоба, шешім, келісім, билік үлгілерін әкесі Құнанбайдан, басқа да Тобықты ішінде атағы шыққан үлкендерден үйренді, жадына құйды дейді.

Абайдың әдебиетке деген қызығушылығына қатысты жазылған зерттеулерді, еңбектерді келтіре отырып, Абайдың тапқырлығы, сөз қисыны мен ой қисынының ұштасуы, үлкендердің алдында қамықпай айтысқа түсе алатындығы жасынан-ақ сезілген деген тұжырым жасайды.

Абайдың билікке келуіне, би болып қалыптасуына өскен ортасы тікелей әсер тигізгендігін, жораға түсу, билік айту – Ырғызбай-Құнанбай әулетінде атадан-балаға тараған дәстүр екендігін, Абайдың тікелей қатысуымен шешімін таба алмаған даулы істердің түйінінің айтылуы, бұл қасиеттің ата тәрбиесінен дарыған қасиет ретінде көрсетеді.

Салық Зиманұлы Абайдың билік шешімдерінен бірнеше мысал келтіреді. Оны Ғалымжан Мұқатовтың ел аузынан жинап Ғылым академиясы кітапханасының қолжазбалар қорына тапсырған жазбаларынан алған екен. Оның бірі, Қареке мен Тобықты руының арасындағы барымта дауына байланысты болды. Автор Абайдың осы дауға қатысып, әділетті шешілуіне мұрындық болғандығын келтіреді. Сол үшін оған алғыс айтып, Құнанбайға айыпқа қасқа тоғыз берген екен.

С.Зиманов Абайдың өткір тілді, әсем сөзді, талай шиеленіскен дауларға түсіп ақылды билік айтқандығын, әділдігімен, шешендігімен оның жиырманың үстіне жаңа шыққан кезінен-ақ үлкен беделге ие бола бастағандығын, ел арасында «Аузымен құс тістеген» ақпа дәугер, алмас тілді – ақын, әділ билік иесі деген атақ та кеңінен тарағандығын, Абайдың беделінің артқаны сонша, ресми қызмет орнында болмаса да, болыс сайлау науқанында оның сөзі, ұсынысы жүріп отырғандығын келтіреді.

Автор Абайдың өскен ортасына тоқталады. Әкесі Құнанбайды ойшыл, сыршыл, терең сөздің шебері, мінезі қатал, бірсөзді, ескі әдет-ғұрып салты мен дінді қатар ұстаған Тобықтының әрі биі, әрі басшысы ретінде суреттейді. Ақынның болыстық құрған кезде елде белең алған ұрлық-қорлыққа, барымтаға, тағы сондай қиянаттарға қатты тию салып, қиянатшыларға қатал болуына әкеніңі берген тәжірибесі тікелей әсер болғандығын келтіреді. Нәтижесінде елге пана болатын, әділ билік айтатын Абайға айналып, жер дауы, жер дауы, мал дауының рулар арасында қырқыс, барымта, қақтығысқа жеткізбей шешу жолдарын ұстанды.

Жер дауына қатысты Абайдың билікті ісін айтпақта, С.Зиманов бірінші, сол кездегі қоғамдағы жағдайларға тоқталып, патша үкіметінің қазақ жеріне ішкерілей енуінен жер тарылғандығын, екіншіден, ішкі әлеуметтік қайшылықтардың өсіп, ауыл ішіндегі «туысқандық» байланыстар әлсіреуіне, үшіншіден, бұрынғы көшпелі қауымның уақ-уақ болып бөлшектенуіне, төртіншіден, жеке шаруа, я болмаса, әрбір ата баласының өз алдына бөлінуіне әкеліп соққандығын ашып көрсетеді.

Міне осындай заманында Абайдың жерді бөлуде, айыруда атпен жүріп тас тастау, меже салу, бақан тігу, шоқы-төбеге белгі салу өріс алып, бірінің жеріне екіншісі кіріп кету белең алған еді. Ақынның өз туыстарының арасында «жер дауына» қатыстылар болған. Осы мәселердің әділ шешілуіне тырысқандығын Салық Зиманұлының зерттеуінде айқын мысалдар негізінде дәлелдеген.

С.Зиманов Абайдың заманында салт-дәстүрдің мейлінше мықты ұсталып, ру тәртібінің әлі қаймағы бұзылмағандығын жесір дауы арқылы орын алғандығын да зерделеген. Ақынның қазақ қыз-әйелдерінің ауыр халін жеңілдету, олардың бас бостандығы мен теңдігіне мән беру, осы арада әдет-ғұрып заңдарын ақылмен пайдалануды әрдайым қолдағандығын келтіреді.

Автордың айтуынша, Абай өзінің беделін, білімін әдет-ғұрпын заңдарына жетіктігін, би атағын қуғын, жәбір көрген, азды-көпті бас бостандығын тілеген қыз-әйелдерге көмекке жұмсады.

Қазақ даласында мал ұрлығы да өршіп, елдің тыныштығын алды, бұрын да айтарлықтай болмаған халықтың бірлігіне көп зияны тиді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан «әні алып кетті, міне алып кетті» деп кемпір-шал, қатын-қалаш, жас балалардың тынышы кеткен тұста Салық Зиманұлы сол кездердегі ұрлықтың шығуының себептерін де анықтады. Оның пайымынша, кедейлік, бітпеген дау, алынбаған айып, төленбеген құн, осылардың арты барымтаға әкеліп соққан. Ру-руға, ру жіктеріне бөлініп, натуральды шаруашылығы басым, бірлігі аз елде шапқыншылық, зомбылық, әлсізге әлдінің әмірі етек алады.

Абай өзінің беделін, Кеңгірбай – Құнанбай әулетінің беделін ұрлықпен күресуге салған. Сөздің кәдірі жүрген жерде шешендігін пайдаланды, жораға түскенде әдет-ғұрып, өнеге болып қалған ережелер жөніндегі білімділігіне сүйенді. Жүгініске отырғызып, билігін айтқан. Осындай батыл да қатал істерімен Абай ұрлық-зорлыққа біраз тыйым салды, шек қойды. Оның ұрлықпен, тағы басқа да қылмыстық істермен нәтижелі күресі аты мен беделін бұрынғыдан да асырды. Абай әділ, кеменгер би атанды. С.Зиманов Абайды тарихта аты қалған Мөңке, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Қаражігіт, Есет сияқты аты шулы билердің, ел басшыларының жолын қуушы ретінде бағалады. «Абайдың ұрлық жөніндегі биліктері - әділдік, шындық жолындағы күресін айқындайды, көпшілік санасына сіңген әдет-ғұрып заңдарының ізгі тәртібін ретті пайдалана білгенін көрсетеді» деді.

Салық Зиманұлы болыстық, билік үшін талас-тартыс басталып, билікке ұмтылғандардың біріне-бірі қарсы шығып, ру-ру болып қырқыс басталғанда Абай болыстықты тастап,

өлеңдері, қара сөздері арқылы үлкен тәрбиелік маңызы бар ұлағатты іске қалған өмірін арнағандығын келтіреді. Ол ақын шығармаларын ауызбірлікке, бауырмалдыққа, сыйластыққа шақырғандығын, шындықты, әділдікті уағыздайтындығын, жәбір шеккендерге, теңсіздерге қайырымшылдықпен қарауды үйрететінілім ретінде көрсетеді. «Абайдың өмірі өзгеше заманы басқа болғанмен де, оның артына қалдырған мұралары, соның ішінде биліктері, адамгершіліктің қорына қосылған мол үлес» деп тұжырымдады.

Жалпы Абайдың тұлғалық қасиетін жоғары бағалады. Оның адамгершілік жолындағы ісі, ұлағатты сөздерінің маңыздылығын атап өтті. (Айтеке би /Сост. Г. Бельгер, М. Акдаулетұлы. – Алматы: Атамұра, 1998. – 224 с. – 116-154-бб.).

Салық Зиманұлы «Қазақтың ата заңдары» мақаласында қазақ даласындағы беделді билердің арасынан Абайды атап, оны халық арасында «төбе би» атанған әкесі Құнанбайдың мектебінен өткен дейді. Абайдың ұстанған қаруы – шешендік, ақыл-парасат тәсілдерін жете меңгере білгендігін айта отырып, Абайды қазақ әдет-ғұрып құқығын, қазақтың халықтық сөз өнерінің інжу-маржандарын жетік білгір деп танытуға тырысқан тұлғаға теңейді (Ана тілі. – 2001. – 1 наурыз. – №9.). Бұдан кейін «Қазақтың «Жарғы» заңдары – әлемдік маңызы бар құқық жүйесі» деген де мақаласында да қазақтың «Жарғы» заңдарының қалыптасуы мен ерекшеліктері туралы көне заманнан бергі қазақ жеріндегі билік заңдарының қолдану барысы, көшпелі қазақ қоғамындағы билер сотының рөлін анықтауда «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» сияқты қазақтың ірілі-ұсақты нормативтік құқықтық жинақтардың маңыздылығын нақтылап бере отырып, қазақ билері осы заңдардың негізіне сүйенгендігін, Абай да билік айтқанда осы ата-заңдарды негізге алғандығын келтіреді.

Оның айтуынша қазақ әділ сотын терең де, әділетті сипаттаманы XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген

ойшыл, ақын, әрі көне қазақ құқығының білгірі Абай Құнанбаев та беріп кетті. Көшпелі қазақтар өздерінің сауаты, мәдениеті және тұрмыс-тіршілігі жөнінен өз заманынан әлдеқайда артта қалса да, қазақтардың басқалардан екі айырмашылығы бар екендігін Абай тұжырымдаған дейді. Мұны адамның мінезімен байланыстырады. Бірі қолдарында билігі бар, көш қон, дау-жанжалды шешетіндер. Екіншісі – намысқор мінезділер. Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе араздыққа қарамайды екен. Бұларда арлық, намыстық, табандылықтан келеді. Алайда екінші мінезділердің халық арасында жойылып бара жатқандығына қынжылған. Абайдың өзі адам бойында ең бастысы адамгершілік қасиеттің болғандығын қалады. Автор ақынның бойындағы «арлы», турашыл мінезін жоғары бағалады.

Тұлғатану саласында С.Зимановтың зерттеу жүргізген тақырыбының арасында журналист, жазушы Мұхамеджан Сералинге арнап К. Ыдырысовпен бірлесе жазған «Мұхамеджан Сералиннің қоғамдық-саяси қызметі» монографиясы. Еңбекте қайраткердің өскен ортасы, жастық шағынан бастап, өмір қоршаған ортасы, ағарту саласындағы қызметі, ұлттық «Айқап» журналын шығарудағы рөлі, саяси дүниетанымының қалыптасуы, 1905-1907 жылдардағы Ресейдегі революциялық қозғалысқа деген көзқарасы, оның ағартушылыққа бетбұрысы айқындалады.


Жалпы авторлар М.Сералиннің өмір жолдарын екі кезеңмен: патша заманы мен Кеңестік жүйе тұсымен байланыстыра көрсетеді. Монографияда ең жақсы ашылған қыры қайраткердің «Айқап» журналын шығаруы мен ондағы мәселелердің маңыздылығын саралап көрсетуі.

«Айқап» журналын басты бағыты ағартушылық негізге арналғандықтан, онда жарияланған материалдардың басымы оқу, білімге үндеу, қазақ әліпбиі мәселесі, емленің жазылуын талдау және тағы басқа мәселелерді қамтыды. Сонымен қатар

патша үкіметінің отырықшыландыру саясатының нәтижесінде қазақ шаруашылығындағы өзгерістер, жер мәселесі, патша әкімдігінің Жарғы, заңдары, осы мәселені талқыға алған қазақ интеллигенциясының ой-тұжырымдары, пайымдары жарияланып отырды.

Монографияда журналға сыртқы хабарлар, мұсылмандар тіршілігінен мысалдар, уақиғалар беруді, фельетондар жариялауды, жаңа шыққан кітаптар хақында және ғылым баптан кеңестер, басқарушыға келген хаттар мен түрлі мәселелер төңірегінде оқырмандарына мағлұматтар беріп тұруды көздегендігі, сөйтіп 1911-1915 жылдар аралығында сол кездегі қазақ халқының көксеген көптеген өзекті мәселелерін көтергендігін мысалдар негізінде нақтылап береді. Осылайша М.Сералиннің Қазақстан мәдениетінің дамуына қосқан үлесін саралай келе, оның қызметін бағалайды.

Академик Салық Зимановтың жоғарыда аталған және тағы да басқа еңбектерінің тарихи маңыздылығымен ерекше. Себебі, біріншіден, оның әр мақаласы, зерттеу еңбектері ғылыми, архивтік деректермен дәйектелген. Екіншіден, оның еңбектерінің құндылығын, маңыздылығын ғалымдардың сұранымы нақтылай түседі.



ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ



О ПОЛИТИЧЕСКОМ СТРОЕ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ

Я позволю себе коротко говорить о возникновении Букеевской орды и о том, как этот вопрос освещен в книге «История Казахской ССР», изд. 2-е. Надо заявить открыто, что этот вопрос в исторической науке освещен односторонне, объективистски, следовательно, и неправильно.

В книге «История Казахской ССР», в главе XIII, посвященной этому вопросу (автор т. Шахматов), мы читаем: «Образование Букеевской орды тесно связано с общим направлением колониальной политики царизма в Казахстане и с тем хозяйственно-политическим кризисом, который охватил Младший жуз в конце XVIII – начале XIX веков вследствие феодализации казахского общества» (стр. 243).

Здесь, как видите, образование Букеевской орды между Волгой и Уралом рассматривается в первую очередь как продукт колониальной политики царизма. На втором месте стоят хозяйственно-политические мотивы.

Т.Шахматов свои взгляды более полно выразил в монографии «Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова», изданной в 1946 г. Академией наук Казахской ССР. Там автор, правильно критикуя распространенную концепцию, по которой образование Букеевской орды связывается с желанием и волей султана Букея, пишет: «На самом деле это далеко не так. Вопрос о причинах образования Внутренней (Букеевской орды) значительно сложнее. Он глубоко связан с общим направлением колониальной политики царского правительства в Казахстане в начале XIX века. Архивные данные говорят о том, что образование Внутренней орды явилось результатом политики царского правительства и, в частности, барона Игельстрома, и подготовлялось последовательно в течение нескольких лет» (стр. 8). Я думаю, комментарии здесь излишни. Т.Шахматов, критикуя идеалистические трактовки, рассматривающие

образование Букеевской орды как волевой акт, как желание султана Букея, сам попадает в эту же сеть с той только разницей, что вместо воли султана Букея ставится воля, политика царского правительства. Мы считаем такое решение вопроса совершенно неправильным. В действительности, возникновение Букеевской орды тесно связано с ожесточенной классовой борьбой в казахском обществе (явилось ее результатом), принявшей более широкий характер в связи с экономическим упадком Младшего жуза в последней четверти XVIII и начале XIX веков. После вооруженного подавления народного восстания, руководимого батыром Срымом, переселение части казахов во внутреннюю сторону из Младшего жуза явилось своеобразным продолжением этой борьбы в иных условиях, в иной форме: за кочевые просторы, за жизнь без разоряющей трудящихся феодальной междоусобицы. Когда переход за Урал казахов Младшего жуза стал свершившимся фактом, царское правительство вынуждено было пойти «навстречу», конечно, не из-за альтруистического отношения к казахскому обществу. Причем оно старалось использовать это движение в колониальных интересах. Нельзя смешивать два совершенно различных вопроса: желание, волю царского правительства и его марионетки – султана Букея – и общественное движение. Определяющие причины, предпосылки, обусловившие образование Букеевской орды в пределах России, складывались внутри самого казахского общества.

Попав в трудное положение, т. Шахматов вынужден констатировать, что «царское правительство неохотно шло на временные перекочевки казахов на «внутреннюю сторону», но переселение казахов в Нарын-пески соответствовало целям царского правительства» («История КазССР», изд. 2, т. 1, стр. 224).

Здесь создана искусственная конструкция путем объединения двух исключających друг друга понятий. С одной стороны – переселение казахов соответствовало интересам

царского правительства, а с другой – оно не поддерживало его, т.е., как говорит автор, «шло неохотно».

Вторым недостатком в освещении истории Букеевской орды является совершенно недостаточное акцентирование прогрессивного влияния русского общества на казахское. В издании «История КазССР» имеется объективистская, ничего не говорящая констанция того, что «...положительно сказалась близость России и влияние экономики ее пограничных областей на экономику орды» (стр. 246). Оказывается, это влияние выразилось только в переходе к полuosедлому образу жизни, в заимствовании навыков земледелия, в приобретении сельскохозяйственного инвентаря (кстати, добавим, что земледелие не имело никакого веса в общественной экономике орды и в расширении ассортимента предметов домашнего обихода). Вот и все. Этим ограничивается предел влияния русского общества на казахское. Перемещение центра тяжести влияния русского общества на казахское в область второстепенных, не решающих экономических и бытовых отношений, объясняется, по всей вероятности тем, что, как считает т. Шахматов, казахов окружала система форпостов военной линии, пограничные пикеты, а не русское общество.

В действительности, Букеевская орда была расположена в пределах Российской метрополии, находилась под контролем и властью России и имела общую границу с помещичьими владениями, крестьянскими поселениями Астраханской, Саратовской, Оренбургской губерний и с пограничными линиями. Словом, казахское общество находилось в самых благоприятных для того времени условиях непосредственного общения с русским. Букеевская орда была таким уголком, где небольшая часть казахского общества, несмотря на колониальную политику царизма, ощущала прогрессивное влияние русского общества. Это влияние сказывалось не только в области экономики, культуры, но и в классовой борьбе

угнетенной части населения против феодалов и царских колонизаторов.

Усиление обмена между русским и казахским обществом, проникновение торгового капитала России в орду нанесли серьезный удар все еще сохранившимся натуральным хозяйствам казахов. И это с точки зрения поступательного хода истории было шагом вперед. Вместе с тем, оно объективно способствовало развитию классовой борьбы в казахском обществе. В области культуры влияние русского общества выразилось зарождением в казахском обществе осязаемой тяги к русской грамоте. Непосредственное общение с русскими в процессе обмена, аренды земель сделали необходимым знание русского языка, в особенности для представителей феодального класса. Создаются внутри орды медресе, мектебы с преподаванием русского языка. В 40-х годах в ставке открывается русско-казахская школа. Безусловно, эти места не были доступны для простого народа, но сам факт зарождения тяги к русской грамоте в казахском обществе нельзя не отметить.

Вопросы антифеодального, народно-освободительного движения, возникшего в Букеевской орде, в книге «История Казахской ССР», издание 2-е, освещаются изолированно, вне связи с внешней обстановкой и прогрессивным влиянием русского общества на казахское. Обходятся полным молчанием такие факты, как многочисленные в то время крестьянские выступления в России, восстание декабристов. В архиве сохранились многочисленные предписания царских чиновников хану Букеевской орды о «задержании беглых крестьян», участников декабрьского восстания, скрывавшихся в казахских степях.

В одном из писем пограничному начальству Джангир-хан открыто жалуется на русских, живущих по соседству с ордой, часто посещающих казахские аулы, в том числе и на некоторых чиновников, которые по выражению хана, всегда являлись

причинами мятежа и беспорядка внутри орды. Имеются все основания полагать, что революционная атмосфера в России нашла известное свое отражение и в казахском обществе, в Букеевской орде в особенности.

Все это говорит о том, что при освещении истории Букеевской орды и классовой борьбы в ней нельзя игнорировать и обойти молчанием определенное прогрессивное влияние русского общества на казахское.

Надо полагать, серьезные недостатки в освещении истории Букеевской орды и классовой борьбы в ней объясняются ошибочной концепцией т. Шахматова об искусственности и реакционности образования и развития Букеевской орды.

За последнее время вопросы политического строя дореволюционного Казахстана вызвали оживленную полемику.


С каждым днем круг знакомых сибирских патриотов в Петербурге расширялся. Ч. Валиханов находился в приятельских отношениях с Я.Полонским, В.Крестовским, С.Капустиным и через них с рядом других лиц. Все эти люди были известны III отделению как «революционеры и заговорщики» или сочувствующие им. Так, А.Майков привлекался к допросу по делу петрашевцев и до 1856 г. находился под секретным надзором полиции (В. Лейкина. Петрашевцы. Л., 1956, стр. 107) . Я. Полонский – поэт сочувствовал землевольцам, лично знал Гоголя, Герцена, Чаадаева, Шевченко и был другом М. Михайлова. По своим политическим взглядам Полонский принадлежал к западникам (Л.Пантелеев. Воспоминания, стр. 250; Я.П. Полонский. Его жизнь и сочинения. М., 1906, стр. 9, 31; ЦГАЛИ, ф. 403, оп. 2, ед. хр. 7, л. 42; Н. Страхов. Заметки о Пушкине и других поэтах. Киев, 1897, стр. 139). Братья Курочкины были издателями «Искры», являвшейся филиалом «Современника» и выполнявшей роль «Колокола» в России. Искровцев часто называли чернышевцами (В.Курочкин. Стихотворения, 1956 (введение); М.Шагинян.

«Тарас Шевченко», М., 1946, стр. 291). Курочкины были друзьями и переводчиками Тараса Шевченко (Там же, стр. 289). В. Курочкин состоял членом ЦК, а Н. Курочкин – заместителем ЦК «Земли и воли» 60-х годов (В.Баскаков. Мировоззрения Чернышевского, стр.302). Вслед за «Современником» «Искра» проводила идею подготовки крестьянского восстания в России. Царизм называл братьев Курочкиных вредными поэтами, неоднократно подвергал их аресту и обыскам. В. Курочкин был крупнейшим, после Некрасова, поэтом революционных разночинцев (Революционно-демократическая поэзия 60-х годов.Л., 1964, стр. 72). В «Искре» сотрудничали сибирские патриоты. Н.Курочкин был другом С.Дурова (одного из политических наставников Ч.Валиханова), П.Л. Лаврова, Писарева, Н. Шелгунова. Он был лично знаком с Герценом, к которому питал «кроме уважения какую-то сердечную нежность» (Герцен в воспоминаниях современников. М., 1956, стр. 300-301; Л.П. Шелгунова. Из далекого прошлого. СПб, 1901, стр. 77). Ч.Валиханов переписывался с Н.Курочкиным и после отъезда из Петербурга (Ч.Валиханов. Избранные произведения. Алма-Ата, 1958, стр. 571).

В. Крестовский, к которому Ч. Валиханов питал самые теплые и дружеские чувства, в то время работал над романом «Петербургские трущобы» – о жизни простого люда столицы. Стихотворение Крестовского «Стон земли», в котором выражалась надежда на то, что на русской земле, которая пропитана крестьянской кровью и слезами, может быть, наступит, наконец, действительная свобода, вызвало подозрение III отделения. Это было накануне 19 февраля 1861 года. III отделение зорко наблюдало за деятельностью литераторов – Т.Шевченко, Кавелина, Павлова, А.Григорьева, Крестовского, Братьев Курочкиных, – подозревая их в заговоре против правительства (ЦГАОР, ф. 109, оп. 1, д. 1971, лл. 1-23).

С.Я. Капустин, ближайший политический наставник Ч. Валиханова, был другом А.Слепцова – одного из главных организаторов «Земли и воли 60-х годов. Жена А.Слепцова – М. Слепцова – в своей работе «Штурманы грядущей бури» (так называл Герцен революционеров В России) следующим образом характеризует С. Капустина: Идеино связанный с Слепцовым шестидесятых годов и спаянный участием с ним в польских делах, он был в свое время членом третьей пятерки и участником «Земли и воли», а в 1864 году уцелел от разгрома и взял должность комиссара по крестьянским делам в Польше; свое излюбленное детище «крестьянский вопрос и община» пронес он свято до гробовой доски и, умирая почти семидесяти лет, завещал мне перед смертью «беречь своего друга А. Слепцова» («Звенья», т. 2, 1933, стр. 437).

В свою очередь, другой активный член кружка Г.Н. Потанин пользовался вниманием К. Кавелина, в то время (1860-1861) еще выступавшего «обличителем» царя («Вопросы истории», 1963, № 2, стр. 145), считал одним из своих политических друзей Л.Пантелеева – видного революционного деятеля из среды студенчества, был знаком с Н. Утиным, близким по борьбе и идеям Н.Г. Чернышевскому («Сибирская жизнь», 1914, 5 января).

Деятельность кружка сибирских патриотов была известна Чернышевскому («Восточное обозрение», 1884, № 26), а его руководитель Г.Н. Потанин неоднократно посещал великого революционного демократа и беседовал с ним (ЦГАЛИ, ф. 1, оп. 1, ед. хр. 616, лл. I-II; НБТГУ, архив Потанина. Заметки о Бакуanine, №5317). Как известно, Ч.Валиханов также беседовал с вождем революционной демократии Н.Г. Чернышевским (Н. Чернышевская. Летопись жизни и деятельности Н.Г. Чернышевского. М., 1953, стр. 232). К сожалению эти беседы не записывались и содержание этих бесед нам неизвестно. Однако не могут вызывать сомнения следующие моменты: а) как Потанин, так и Ч.Валиханов

встречались с Н.Г. Чернышевским не для дискуссии, а для консультации по злободневным вопросам политики. Это видно из того, что встреча произвела на Ч.Валиханова сильное впечатление. Он позже писал: «Какой замечательный человек этот Чернышевский и как хорошо он знает жизнь не только русских. Я после беседы с ним окончательно укрепился в том смысле, что мы без России пропадем, без русских – это без просвещения, в деспотии и темноте, без русских мы только Азия, и ничем другим без нее не можем быть. Чернышевский – это наш друг (Там же). Н.Г. Чернышевский и Ч.Валиханов, обладая разным уровнем политической зрелости и степенью расхождения в оценке политической обстановки, встретились как люди, преследующие общую цель – борьба с самодержавием и преобразование общества, как революционеры, пусть даже различной закалки и подхода.

Важной стороной деятельности кружка «Сибирское землячество» является и то, что его ведущие члены, к числу которых относился и Чокан Валиханов, в своих отношениях к различным идейным течениям в основном придерживались такой же позиции, которая была характерна революционным демократам.

Известно, что Чернышевский, Добролюбов и другие революционные демократы со всей силой критиковали русских либералов за их измену, за их сделку с царизмом, особенно в годы революционной ситуации. В.И. Ленин указывал на их заслугу в этом. Многие члены кружка «Сибирское землячество» в своих политических выступлениях и диспутах выражали отрицательное отношение к либералам. Так, Ядринцев окрестил либерализм «забавой, а не делом» (ЦГАОР, ф. 109, оп. 5, д. 196, л. 49).

Известно также, что славянофилы (как идейное течение), несмотря на некоторые отступления, выражали, в конечном счете, интересы помещиков и самодержавия. Если они стояли

одно время за отмену крепостного права, то в этом видели средство укрепления серьезно пошатнувшейся позиции помещиков. Когда они ратовали за «народность», за сохранение в «чистоте» сельских общин, то в этом видели возможность объединения интересов помещиков и крестьян, установления и поддержания между ними «былых патриархальных отношений». Славянофилы свою «общинную» идею рассматривали как часть формулы «Православие, самодержавие и народность», призванную оправдать и увековечить существующий строй. Революционные демократы выступали с нелицеприятной критикой против славянофилов, срывали с них маски «народолюбия». О них А. Герцен говорил: «Мы видели в их учении новый елей, помазывающий царя, новую цель, налагаемую на мысль, новое подчинение совести раболепной византийской церкви» (А.И. Герцен. Собр. соч., т. 9, М., 1956, стр. 133).

Ч.Валиханов считал славянофилов противниками «преобразований коренных по западному образцу» и выражали к ним свое недвусмысленное отрицательное отношение. Это видно из его письма к другу А.Н. Майкову, направленного в 1862 г. (Ч.Валиханов. Избр. произв., стр. 568).

Следует сказать и об идейном течении – западничестве. При этом необходимо иметь в виду следующее: во-первых, славянофилы, защищая свои концепции, всех своих критиков называли не иначе как «западниками». В этом смысле и Герцен называл себя западником (А.И. Герцен. Собр. соч., т. II, М., 1957, стр. 405). Наряду с другими своими друзьями и Чокан Валиханов был причислен к лагерю «западников». Так, А.Пыпин писал: «По своим умственным симпатиям и направлению Валиханов был русским «западником» (А.Пыпин. История русской этнографии, т. IV, стр. 400). Утверждение Пыпина соответствовало действительности, если понимать это, как указывал Потанин, что западниками считали в то время

всех тех, кто воспитывался на идеях Белинского, Герцена и Чернышевского («Сибирская жизнь», 1915, № 54).

Во-вторых, в строгом научном смысле «западниками» можно было считать только тех узколобых идеологов, которые во всем подражали Западу, сделали порядки буржуазного Запада своим единственным идеалом, т.е. тех, которые не могли стоять за «коренные преобразования», а ратовали за некоторое улучшение положения в стране по примеру Запада. Такими «западниками» в действительности, в первую очередь, были буржуазные либералы. В этом плане следует понимать решительный протест Чернышевского против причисления его к так называемым «западникам». Неразборчивость в этом вопросе привела в свое время к тому, что некоторые советские исследователи вслед за славянофилами дошли до объявления Белинского, Герцена и Грановского вождями западничества, что было в последние годы раскритиковано («Молодой большевик», 1941, № 11, стр. 46). Такая ошибка была возможна в результате расширительного толкования западничества, которое было ненаучным (БСЭ, т. 16, стр. 425). Примечательно то, что Чокан Валиханов в одном из своих писем говорит о «крайнем западничестве», по-видимому, подразумевая действительных западников, и не скрывает к нему своего отрицательного отношения (Ч.Валиханов. Избранные произведения, стр. 568).

Когда возник идейный спор между редакцией «Современника» и «Русского слова», между Чернышевским и Юркевичем, сибирские патриоты встали на сторону «Современника» и Чернышевского против «Русского слова» и Юркевича. Юркевич напал на статью Чернышевского «Антропологический принцип в философии, называя ее невежеством и наглым шарлатанством. Юркевича в этом поддерживала вся реакция во главе с Катковым. Интересно заметить, что Ч.Валиханов, критикуя ислам, высмеял

философию Юркевича как философию против точных наук и как философию Магомета («Сибирская жизнь», 1913, № 114; Н.Г. Чернышевский. Избр. фил.соч., т. 3, М., 1951, стр. 354; 366, 369, 425; Ч. Валиханов. Избранные произведения, стр. 230).

Как отмечали сами современники, члены кружка «Сибирское землячество» были «настроены революционно» (Сборник к 80-летию Г.Н. Потанина. Томск, 1915, стр. 63). Сибирские патриоты свое пребывание в Петербурге расценивали как расцвет своей политической зрелости. («Сибирская жизнь», 1913, № 93). О Ч.Валиханове этого периода Г.Потанин говорил: «Он искренне любил Россию, видел ее недостатки и вместе с лучшими людьми ее желал горячо ее обновления (ЦГАЛИ, ф. 395, оп. 1, ед. хр. 32, л. 17).

Из изложенного не вытекает, что все до единого члены кружка «Сибирское землячество» занимали предельно ясную и правильную позицию по отношению к различным идейным течениям, что они все без колебания в этих вопросах примыкали к лагерю революционных демократов. У них существовали различные толкования, мнения и подход, а некоторые члены в отдельные периоды поддавались влиянию реакционных течений и официальной идеологии. Такие моменты были характерны для деятельности и многих других революционных кружков. Кружок сибирских патриотов, одним из активных и хорошо разбиравшихся в политике членов которого был Чокан Валиханов, в целом оставался поборником идеи коренного обновления России, ее части – Сибири.

Сибирские патриоты с начала 1861 г. развернули более активную и целеустремленную деятельность. От периода «самопросвещения», «самоуяснения» они стали переходить к определенным программным действиям. Огонь критики они направили против политики царского правительства в Сибири. Вслед за Герценом, который указывал, что царь и его

чиновники на Сибирь «смотрят только как на подвал, в котором много золота, много меха и другого добра, но который холоден, занесен снегом, беден средствами жизни, не изрезан дорогами, не населен. Это неверно. Мертвящее русское правительство, делающее все насилем, все палкой, не умеет сообщить тот жизненный толчок, который увлек бы Сибирь с американской быстротой вперед (Б.Г. Кубалов. А.И. Герцен и общественность Сибири. Иркутск, 1958, стр. 36). Члены кружка обвиняли царских чиновников во взяточничестве в Сибири, в проведении политики грабежа и насилия (ЦГАОР, ф. 109, оп. 5, д. 196, л. 127), политики, направленной на разрушение общинной собственности не землю (Известия Западно-Сибирского географического отдела, том IV, вып. 1, 1924-25 гг., стр. 94). Они резко выступали против поощрения крупной поземельной собственности и за отмену уголовной ссылки в Сибирь (Этнографическое обозрение, 1894, № 4, стр. 171). Они доказывали возможность и необходимость превращения Сибири в развитый в экономическом и культурном отношении край, что соответствовало бы интересам не только Сибири, но и России в целом. Они писали, что «сила целого зависит от силы, мощи и развития частей» (Госархив Иркутской области, ф. 293, оп. 4, д. 209, св. 16, л. 23).

Заслуживает быть отмеченным, что кружок сибирских патриотов имел интернациональный состав. Его членами кроме русских, украинцев были и казах (Чокан Валиханов), и бурят (И. Пирожков), занимавшие в нем ведущее положение. Это отражало и интернациональный характер идеи и деятельности кружка. Вопросам о положениях и судьбах «инородческого» населения Сибири в кружке придавалось большое значение. Об этом говорят следующие факты. В числе обвинений царского правительства и его чиновников в Сибири содержалось указание на проведение ими политики удушения «малых народов» Сибири (Этнографическое обозрение, 1894, №4,

стр. 171-173; М. Лемке, Н.М. Ядринцев. СПб., 1904, стр. 169). В 72 номере «Колокола» за 1860 г. была опубликована статья «К характеристике Сибири», отправленная в Лондон сибирскими патриотами. В ней острой критике подвергалась деятельность генерал-губернатора Западной Сибири Гасфорта, злоупотребление им своим служебным положением, указывалось на неустроенность края, а также неупорядоченность в управлении казахской степью. Статья «Колокола» заставила правящие круги обратить внимание на Сибирь, и 1 января 1861 г. Гасфорт был освобожден (Б.Г. Кубалов. А.И. Герцен и общественность Сибири. Иркутск, 1958, стр. 153).

В кружке сибирских патриотов с рассказами о тяжелом положении «инородцев» выступали Ч.Валиханов и И.Пирожков. Сибирские патриоты вели пропаганду, чтобы «приемные дети Сибири», как они называли русских, не теснили и были гуманны к «инородцам». Они призывали русских помочь «инородцам» перейти к оседлости и распространению образования среди них (Д.Банзаров. Черная вера и шаманство умонгол и др. статьи, стр. 6). Сибирские патриоты выражали мнение, что в случае начала восстания в Сибири, с целью поддержания революции в России, за ними «пойдут и раскольники, и инородцы и чернозаводские крестьяне за независимость» от царизма (ЦГАОР, ф. 109, оп. 5, д. 196, л. 239, л. 110).

Эти отдельные штрихи идеологии кружка сибирских патриотов говорят о многом, характеризуют его как выразителя интересов больших и малых народов.

В мае 1861 года Ч.Валиханов по состоянию здоровья вынужден был оставить Петербург и выехать на родину для лечения. Он считал этот отъезд временным и думал возвратиться по выздоровлении (Ч.Валиханов. Избранные произведения, стр. 557). Кружок сибирских патриотов, с которым тесно переплелась жизнь Ч. Валиханова в Петербурге, вскоре стал одной из ячеек революционной организации «Земля и воля»

(Восстание 1863 года и русско-польские революционные связи 60-х годов. М., 1960, стр. 299). После отъезда Ч. Валиханова сибирские патриоты продолжали выполнять задания «Земли и воли». Осенью 1861 г. они приняли активное участие в студенческих волнениях (М.Е. Лемке. Н.М. Ядринцев, СПб., 1904, стр. 45). Некоторые сибирские патриоты – Белоголовый, Пестерев, Павлинов, Наумов по указанию Герцена (с которым Белоголовый встретился в 1861, а Пестерев – в мае 1863 г.) пытались освободить Чернышевского с каторги и переправить за границу, которому Герцен намеревался передать свой станок (Рукописный отдел Библиотеки В.И. Ленина, ф. 22, папка 2, ед. хр. 2, лл. 3-5; «Литературное наследство», т. 63, 1956, стр. 337; газета «Красное знамя», № 125, 1963; Б.Г. Кубалов. А.И. Герцен и общественность Сибири. Иркутск, 1958, стр. 113-117; Б.П. Козьмин. Из истории революционной мысли в России. М., 1961, стр. 517; ЦГАОР, ф. 95, оп. 1, д. 302, часть 4, лл. 161, 208; ф. 109, д. 217, часть 5, л. 98). Интересной и загадочной является поездка Чокана Валиханова в Париж. В конце 1860 и в начале 1861 гг. Ч. Валиханов по настоянию врачей выехал за границу – в Париж. Об этом он писал отцу (Маргулан А. Новые письма Валиханова. «Жулдыз», 1960, № 2, стр. 146). Барон А.Е. Врангель, который служил в Семипалатинске, свидетельствует, что он встречал Валиханова в Париже (А.Е. Врангель. Воспоминания о Ф.М. Достоевском в Сибири 1854–1856 гг., СПб., 1912, стр. 95).

Вопросы о том, что он там делал, кроме лечения, встречался ли с Герценом и другими революционерами, остаются пока открытыми. В этой части можно строить лишь отдельные догадки. «Быть за границей и не захватить в Лондон к Герцену считалось чем-то вроде непосещения Лувра в бытность в Париже», – писал. Лемке, характеризуя период пребывания Ч. Валиханова за границей (М. Лемке. Очерки освободительного движения «шестидесятых годов», СПб., 1908, стр. 18).

«Кого и кого мы не видели тогда! – пишет Герцен о 1857-1863 гг. – Впрочем, ...говоря об офицерах, я должен сказать, что самые симпатичные и здоровые духом люди из посещавших нас – офицеры... Они чувствовали за собой недостаточное воспитание кадетских корпусов и, как бы зная свою дурную репутацию, рвались впереди старались чему-нибудь научиться... в сущности, они вовсе не были хуже приготовлены, чем другие, и, по великому закону нравственных противодействий, под гнетом деспотизма корпусов воспитали в себе сильную любовь к независимости» (А.И. Герцен. Собр. соч., т. 8, М., 1956, стр. 297, 304). Н.А. Тучкова-Огарева в своих воспоминаниях о Герцене указывала, что в числе его посетителей были люди, которые «ехали советоваться с докторами в Вену, Париж и Лондон» (Герцен в воспоминаниях современников. М., 1956, стр. 192). Создается впечатление, что это как будто бы сказано об офицере Валиханове и ему подобных. В то время, когда Ч. Валиханов находился в Европе, за границей, в том числе и в Париже, находились русские революционеры – Н. Добролюбов, Н. Обручев, З. Сераковский, М. Михайлов, Н. Серно-Соловьевич и Слепцов, некоторые из них, а именно, З. Сераковский, М. Михайлов, Н. Серно-Соловьевич и Слепцов, бывали у Герцена (М. Лемке. Очерки освободительного движения «шестидесятых годов», стр. 148; Революционная ситуация в России, М., 1960, стр. 293; Летопись жизни и деятельности Н.А. Добролюбова, М., 1953, стр. 278-279; Г. Куклин. Итоги революционного движения в России за сорок лет. Женева, 1903, стр. 195; Исторический архив, № 2, 1959, стр. 211; А.И. Герцен. Собр. соч., т. 16, стр. 408). Чокан Валиханов, знавший многих из них по их трудам и петербургским связям, мог встретиться с ними и через них и с Герценом.

Трудно допустить, зная активную натуру, стремление к большим знаниям, присущие Чокану Валиханову, чтобы он не

встретился, по крайней мере, с некоторыми из них. Однако в этой части можно строить пока одни догадки. Возможно, настанет время, когда на эти вопросы будут даны конкретные ответы.

Мы в этой статье ставили задачу: а) показать участие Чокана Валиханова в политических кружках Петербурга в 1860-1862 гг., близких по идеалам и целям к кружкам, руководимым русскими революционными демократами во главе с Н.Г. Чернышевским; б) широкий интерес и значительные связи Чокана Валиханова с видными деятелями революционно-демократического движения в Петербурге; в) показать идейные мотивы кружка «Сибирское землячество», одним из ведущих членов которого оставался Чокан Валиханов в период его нахождения в Петербурге; г) попытаться определить некоторые стороны политического убеждения и взглядов Чокана Валиханова в плане его связей, окружения и деятельности вне официальной службы.

*// Вестник Академии наук Казахской ССР. – 1964.
– №6. – С. 16-25.*

ІРІ ТҰЛҒА ЕДІ

Мінеки, 40 жыл бойы Қазақ ССР Ғылым академиясымен бірге жасап, бірге өсіп келемін. Қанекеннің президент кезінде, қол астында 13 жыл істедім.

Қазақ халқының үлкенді кіші сыйлайтын әдеті бойынша президентіміз Қаныш Имантайұлының «Қанекен» деп кеттік. Өзіне барғанда да «Қанекен» деп үйренгенбіз. Ол кісінің бір әдеті – үлкенді де, кішіні де өзіне жылы тартып «Мәке», «Сәке» деп сөйлейтін. Сол себепті бұл естелігімде «Қаныш ағай» демей «Қанекен» деп алдым.

Оқымыстының бәрі бірдей ғаламат ақыл иесі бола беруі шарт емес, білімдінің бәрі бірдей сөз иесі, сөз сырын қадірлейтін, өз ойын кесек-кесек тұжырымдармен баяндай білетін жан бола бермейді. Қанекеннің бір басында осы қасиеттер мол еді.

Көбінесе осы қасиеттеріне байланысты болуы керек, «Қанекен сөйлейді» деген мәжілістерді жібермеуге тырысатынбыз. Қанекеннің кіріспе, баяндама, қостама сөздерінде, мамандарға керекті біліммен қоса, өмірден алынған, өмірге үйрететін тереі сырлар мен үлкен ойлар жататын, оларды жүрекке жайлы, көңілге қонымды, сырлыда қысқа ұғымдар арқылы тыңдаушыларға жеткізе білетін.

1951 жылдың басында правл секторының бастығы Т.М. Күлтелеев өзінің Москваға, докторантураға жүруіне байланысты мені уақытша сектор меңгерушісі етіп тағайындау үшін Академия перзидентінің кабинетіне ертіп барды. Алдымен өзара сөйлесіп, оған оң сапар, олжалы оралуды тіледі де Қанекен жағдайымды, үй-күйімді, ғылым саласындағы ізденістерімді сұрай келіп, екеумізге бірдей қарап: «Ғалым білімді болу керек, білімдінің бәрі ғалым бола бермейді. Ғалым ерінбей үйренеді де ізденеді. Ғалым білім алады да, білімге білім қосады», – деді. Кейін Тайыр Молдағалиевич әр кезде Қанекен сөзін өсиетті ретінде айтып жүрді. Қарауындағы жас мамандарға ұрысқанда да қолданатын еді.

Право секторының бір ғылыми қызметкерінің келесі мерзімге сайланбай қалу қаупі болды. Осы туралы алдын ала қоғамдық ғылымдарын басқаратын вице-президент С.Бәйішевке ескертуді жөн көрдім. Сақаң мені ертіп президентке кірді. Қанекен біздің әлгі қызметкер жөніндегі «ғылыми жұмысқа осалдығы көп» деген пікірімізді тыңдап алды да жарқын жүзімен, күлімсіреп қойып, Сақтаған Бәйішевке қарап: «Сақа, осы бір қора қойдың ішінде семізі де, арығы да, қотыры да болмайтын ба еді, оның арығы семірмей ме, қотыры оңалмай ма?» дегенде айтарға сөз таба алмай қалдық. Адамға сену, көмектесу керектігін айтты.

Қанекеннің әсерлі, мағыналы сөздері кейде аформизмге де айналып кететін.

Қанекен Академия президиумының қаулы-қарарларының мүлтіксіз орындалып талап ететін. Ат үстінен қаулыға кіргізе

салған, еш нәрсеге себепкер бола алмайтын сөйлемдерді қатты сынайтын. Кезінде көңіл бөлінбей бүкпе қалған президиум қаулысын сезгенде «Толғауы жетіп айтылған шешім жетім қалмауы керек» деп үйрететін.

Қанекеннің білімділігіне, жан-жақты білгірлігіне баршамыз таңғалатынбыз. Оның сол кездегі үлкен оқымыстылардың өздері жыр етіп айтатын. Белгілі металлургия және жер-кен мамандары Қанекенді бұл салалардан да білімі өте мол да терең деп санайтын. Президиум мәжілістерінде бұған талай рет куә болдық. Кейде Қанекен қорытынды жасағанда мамандардың баяндамасындағы қойылған өзекті мәселелерді шешу жолдарын мүлдем өзгертіп, өзінің логикасы, ғылыми дәлелінің күштілігімен басқа бағытқа аударып жіберетін кездері болып тұратын. Сонда Қанекеннің сөзін ұйып тыңдап, оқымыстылардың өздері мәселенің бұл жағын неғып ескермегенбіз деп мойындап, дұрысы осы екен деп мақұл алатын.

Техникалық ғылымдар былай тұрсын, қоғамдық ғылымдарды, оның ішінде, әсіресе, қазақ әдебиеті мен фольклоры, тарих, экономика, қазақ тілі салаларында Қанекеннің мағлұматы мол болатын, бағалы кеңестер беретін, өзіндік қосқан үлестері де жоқ емес еді. Осы пәндерге сүйсіне қарайтын, мол қамқорлығын көрсететін, осы салалардағы табысты ұлт мәдениетіне, совет елі мәдениетіне қосылған үлкен үлес деп танитын. М.Әуезов, А.Жұбанов, С.Бәйішев, Ә.Марғұлан сияқты қоғамдық ғылымдар саласындағы көрнекті оқымыстыларды Қанекен қатты сыйлайтындығы, жоғары бағалайтындығы өне бойы сезілетін.

Академия құрамында право ғылымының алғашқы қадамының сәтті болуына, дамуына да Қанекен тікелей үлес қосты. Олай дейтінім, Қанекен СССР Жоғарғы советі сессиясына барған бір шағында, 40-шы жылдардың соңы болса керек, әдейлеп белгілі академиктерге жолығып, Қазақстанда право ғылымын қай бағыттарда дамыту керек деп кеңес

сұрағанын, Москва университетінің атақты профессоры, заң ғылымдарының үлкен маманы С.В. Юшковпен де осы мәселелер жөнінде сөйлескендігін Алматыға оралғаннан кейін ғылыми мәжілісте баян еткені орта буындағы көптеген ғалымдарға әйгілі. Қанекеннің бұл бастамасы Қазақстанда право ғылымының дамуына зор әсер етті.

1957 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы құрамында Филоософия және право институтын құру мәселесі көтеріле бастады. Осы кезде мен философия және право секторының меңгерушісі едім. Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің бюро мүшелерін Қанекен жинап алып, менің қысқаша баяндамамды тыңдады. Әр түрлі пікірлер айтылды. Біреулер алдымен Әдебиет-тіл институтын екіге бөлу керек, енді біреулер правоны қоя тұрып философия жағын мықтау керек деп ұсыныстар енгізді. Сонда Қанекен заңдылық пен тәртіптіліктің, заңға сүйеніп ел басқарумен қоғам табыстарының тыңыз байланысты екендігін атап айта келіп, оның үстіне «Республикамызда заң ғылымдары саласында едәуір табыстар да біркелкі даярланып қалды, осы салада болашағы мол жастар да көріне бастады» дей келіп, Философия және право институтын құру жөнінде ұсыныс енгізуді қолдады. Бюро мүшелері түгелдей оған қосылды. Бұл ұсыныс қабыл алынып, 1958 жылы осы институт ашылды.

Ғылымның өсуіне осылай қарау, ғылым мәселелерін мемлекеттік тұрғыдан шешу Қанекенге тән еді.

Кейбір кездерде өзіміз қатарлы ғалымдар бас қоса қалғанда Қанекен, Мұхаң, Ахаң, Қажекендердің (Жұмалиев) жас түлек ғалымдар дегендегі шынайы таза ықыластары, оларға тигізген шарапаты, көрсеткен көмегі мен ақылы ғажайып еді деп олардың тұлғасын, есімін сүсіне еске аламыз.

Қанекеннің ұмытылмайтын, артына қалдырған өзіндік бір өнегесі – диссертация қорғайтын жастарға, ғалымдарға мейлінше сүйемел болу, мейірімді ақ ниетімен қолдау. Ол кісі Москвада көп болатын. Барған сапарындаастанада диссертация

қорғаймын деп жүрген қазақстандық жастардың жұмыс бағытын, жағдайын білуге де көңіл бөлетін, кейде телефон арқылы көңілін білдіретін. 1961 жылы январьда СССР Ғылым академиясының Право институтында докторлық диссертация қорғау алдында аздап жүрексініп тұрғанымда артынан біреу келіп ұстай алды. Қарасам, біздің академияның жоспарлау-финанс бөлімінің бастығы, егде тартқан В.Соколов екен. Асыға сөйлеп: «Сізді кешеден бері Қаныш Имантаевичтің тапсырмасы бойынша іздеудеміз, талайқонақ үйін шарладық, бірақ сізді кездестіре алмадық», – деді де; «Президент сізге докторлық диссертация қорғар алдында табыс тілейді, қобалжымасын, ғылыми айтыста әдеппен сөйлеп, өзінің ғалым екендігін білсін, – міне, осыны айта бар деп жұмсады» деді де мені құшағына алды. Не айтарымды білмей «рахмет, рахмет» деумен болыппын. Ертеңіне Қанекеннің өзі «Москва» қонақ үйінен институт директоры, СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Е.Коровиннен телефон арқылы менің қалай қорғағанымды біліп алыпты. Оны Алматыға қайтып келгенде көмекшілерінен естіп білдім. Қанекен жастарға осылай қамқорлық жасайтын. Осы күнге дейін заң ғылымының докторы М.А. Биндер «МГУ-де кандидаттық диссертация қорғағанымда мені Қаныш Имантаевич телефон арқылы құттықтады» деп аузынан тастамайды. Қанекен Алматыда болғанда да докторлық диссертация қорғау мәжілісіне кейде өзі келіп отыратын, кейде әдейі адам жіберіп, ақпарын алатын. Аса көрнекті, сыйлы ғалым – азамат, Қазақ ССР Ғылым академиясының беделді президенті Қанекеннің лебізін естіген, әкелік қамқорлығын сезінген жасқа да, егде тартқан ерге де ынта қосылатын, рухани қажырлылық енетін, күшіне күш қосылатын.

Қанекеннің осындай-ақ Мұханның, Аханның, Қажекеннің, бір ерекшелігі – талабы бар жас көрсе оған мейлінше қамқорлық көрсетіп, білім алып өсуіне, үлкен совет ғалымдарынан үйренуіне, ғылым шыңына талпынуына қолдан келгенше

көмектерін аямайтын. Олардың өсуін, ғылым саласындағы жүріс-тұрысын бақылауға алып отыратын. Қанекен жастардың ішінен жігерлісін, ғылымда болашағы барын таба білуші еді, тез көруші еді.

Академия президиумының мәжілісінде, ғылыми конференцияда баяндамашы ретінде болсын, жарыссөзге қатынасушы ретінде болсын өзінің терең ойларымен, логикасымен көзге түскен жас ғалымдарды тұнып тыңдайтын, олардың болашағын қадағалап отыратын, өсіретін, ғылымдағы өрісінің кеңейуіне өне бойы жәрдем жасайтын. Осыған бір мысал келтірейік. Талай жыл Алматы қалалық Советі атқару комитетінің председателі болған Әділов мынадай әңгімені баян етті: «Қанекеннің өз қолымен СССР Жоғарғы Советінің депутаты бланкісіне жазылған қалалық Советке жолдаған хатында, ғылыми атағы жоқ бір жас маманға үй беруді сұрап өтініпті. Тұрғын үй мәселесі ол кезде тіпті қиын іс еді. Қанекенді сыйламайтын адам жоқ, ол кісінің әр уақытта үй сұрау ретті болатын, қолымыздан келгенше өтінішін екі етпейтінбіз. Бұл жолы сұрауын түсіне қоймадым. Жас түлек? Жаңа келген маман түгіл, ғылым кандидатын былай қойғанда, атақты оқымыстылардың арасында да тұрғын үйге мұқтаждары да аз болмайтын. Телефонмен Қанекенге осы жағдайды айтып көріп едім, Қанекен:

– Бұл жігіттің болашағы зор, келешекте үлкен ғалым болады деген үмітіміз бар, сол себепті оған қазірден бастап жағдай туғызу керек деп есептеймін, – дегені. Бізде де амал қалмады, Қанекеннің айтқанын орындадық. Жастардың ішіндегі дарындыларын екшеп таба білу, оларды осылай бағалау Қанекенге тән қасиет еді». Бұл бағаға қосылмасқа болмайды.

Қанекен көп сөзден гөрі көп істі қолдайтын, айтқанын екі қылмайтын, «ауыздан шыққан сөзіңе де, қағазға түскен жазбаңа да, жасаған ісіңе де бүкіл адамгершілігіңмен жауаптысың» деп үйрететін, осы ретте өзі үлкен өнеге көрсететін. Жұмыс

бабымен болсын, жеке басының мәселесімен болсын Қанекенге кіре қалсаңыз сізді асықпай тыңдайтын, ақылын айтатын, жол сілтейтін. Барған адамның бәрінің де тілегінің орындала берілуі мүмкін емес. Қайткенмен де Қанекеннің қабылдауынан кейін ренжіп, күйініп шыққан адамдарды көрген жоқпыз.

Қанекеннің мінезі кең де, жайдарлы да қатал болатын. Президиумның мәжілісінде белгілі оқымысты ретсізсөйлей берсе, жас дарынды мамандарды қысымға алса, я болмаса жауапты ғалым ғылыми тапсырманы, жоспарлы зерттеулерді түрлі жарамсыз себептер айтып көрсетілген мерзім ішінде орындамаса, көбіне шапалақпен орындаса, баяндамашылар жөнді әзірленбей келіп, мәселелерді атүсті қойса – Қанекен оларға қатал келетін, ескерту беретін, қатуланып сөйлегенде жұрт жым болатын. Қанекеннің жек көріп кеткені – өтірік айтып, жала жабушылар, айналасына өзін мақтайтын мылжың, қолдайтын «тума» жинаған кейбір бастықтар, ел мүддесін, лениндік ұлт саясатын ескермейтін, ескергісі келмейтін, ел табысына жаны ашымайтын, осы жолда еңбегімен көрінуге тырыспайтын кейбір қызметкерлер болатын. Қанекен Республика Ғылым академиясының ірге тасын қалаушы, оның бірінші президенті, академияның табысына мол үлесін қосқан үлкен ғалым деп санау орынды. Сонымен бірге Қанекен – ғылым саласындағы, ғылыми-ұйымдастыру жұмысындағы, оған қоса Республика өміріндегі, оның мәдениетіндегі ірі тұлға.

*Қаныш аға: Естеліктер (Құраст. Ш.Қ. Сәтбаев,
Ғ.О. Батырбеков, Ә.Қ. Жармағамбетов);
(Ред. алқасы А. Абдуллин, ж. т.б.).
– Алматы: Жазушы, 1989. – 400 б. 284-289-бб.*

ОДАҚТЫҚ ШАРТ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

Біздіңше проблеманың бүгінгідей өткір қойылуы Одақтық шарт қажет пе, әлде қажет емес пе деген мәселеге байланысты туындап отырған жоқ. Бұлай дейтініміз, кейбіреулерін есептемегенде, республикалардың басым көпшілігі Одақтық шарттың қажеттігін сөзсіз мойындаумен қатар, оның тезірек қабылдауын қалайды. Осы орайда Шарт қандай болу керек, онда Орталық пен республикалардағы қызметтің негізгі салалары мен саясаттағы қарым-қатынасы, шектеулер мәселесі қалай шешіледі, Орталықтың қуаттылығын сақтай отырып, республикаларды да күшті әрі егеменді етуге қалай қол жеткізуге болады деген тәрізді өзекті сауалдар төңірегінде пікірлер кереғарлығы айқын аңғарылады. Демек, оңтайлы шешімдер табу кезек күттірмес, әрі қиын міндет болып отыр.

Нақты жағдай нені меңзейді? Одақтық мемлекеттік державалық күшті мемлекет болуға тиіс екендігіне ешкім күмән келтірмейді. Өйткені әлсіз Одақтық мемлекет республикалар мен халықтардың мүддесін қорғай алмайды. Осыған байланысты бір-біріне мүлдем кереғар екі көзқарас туындайды. Таразының бір басында тұрғандар Одақтық мемлекет еліміздің әшкі және сыртқы саясатын жүзеге асыра алатындай күшті болу үшін оған билік қанша қажет болса, сонша берілу керек деп есептейді. Және мұндай жағдайда республикалардың егемендігі бағынышты мәнге ие болған күйінде қалмақ.

Ал таразының екінші басындағылар Одақтық мемлекеттің жалпы алғанда бүкіл елдің мүддесінен және әрбір республиканың егеменді құқынан туындайтын федерация субъектісінің жалпыұлттық міндетін орындауда басым болғанын қалайды. Соңғылар алғашқылардың көзқарасын одақтық республикалардың егемендігіне төнген қауіп және унитарлық мемлекет тұсындағыдай өздерінің территорияларын бағынышты ету ретінде қарастырады.

Бұл орайда, әрине, екі жақтың пікіріне де түсіністікпен қараған жөн. Бір есептен, «бетімен кеткендерді» тез арада «тәртіпке шақыру» қабілетіне не өткен жылдардағы күшті советтік социалистік мемлекеттің нұсқасынан әп сәтте бас тарту қиын. Әсіресе мұның жоғарыдан бұйыруға дағдыланып қалған, тарыдай шашырағалы тұрған қоғамда тәртіп орнатуды биліктің ескі әдісімен жүргізуді армандайтын күні кешегі аппарат қызметкерлеріне ұнайтыны сөзсіз. Одақты сақтау мен қалпына келтірудегі мұндай жоспардың тиянақсыздығы өткеннің ұшан-теңіз тәжірибесінен жоғары билік пен басқарудың демократияға жат, езіп-жаншу әдісінің ғана таңдап алуында жатса керек.

Одақтық шарттардың жалпы принциптері. Баспасөзде жарияланып, бүгінде барша қауым, бүкіл ел болып талқылап жатқан Одақтық Шарттың жобасы – өткен жылдың екінші жартысында Орталықтың бастамасы бойынша әртүрлі деңгейде жүргізілген бірсыпыра іс-шаралардың нәтижесі. Осы орайда мен және менің әріптестерімінің жобаны даярлаудың әртүрлі кезеңдеріне сарапшы ретінде қатысқанымызды айта кеткеннің артықтығы жоқ сияқты. Сондай-ақ Одақтық Шарт жобасында Қазақстанның атынан ұсынылған Тұжырымдаманы жасауға да қатыстық.

Жалпы алғанда, Одақтық Шарт жобасының негізгі принциптері баяндалған бөлігінде одақтас республикалардың басым көпшілігінің пікірі көрініс берген деп батыл айта аламын. Әсіресе өзара тығыз байланысты екі өзекті мәселенің мәні зор. Мәселен, жобаның кіріспесінде былай делінген:

«Шартқа қатысушы әрбір республика егеменді мемлекет болып табылады және өз территориясындағы мемлекеттік өкімет билігін толық жүзеге асырады. ССР Одағы республикалардың ерікті түрде бірігуінің нәтижесінде құрылған және Шартқа қатысушылар Одаққа берген өкілеттіліктер шеңберінде мемлекеттік өкіметті жүзеге асыратын егеменді

федерациялық мемлекет». Ал жобаның тоғызыншы бабынан мынадай тұжырымдарды оқимыз: «Республикалардың территориясындағы республикалық заңдар Одақтың қарауына жатқызылғандарынан басқа барлық мәселелер бойынша басым болады. Өз компетенциясына жататын мәселелер бойынша қабылданған ССР Одағының Заңдары басым болады және барлық республикалардың территориясында орындалуға міндетті».

Егер де осы принциптер Шарт жобасының өн бойында сабақтасып жатса, одақтас республикалар жаңа бір тың тынысқа ие болып, жаңарудың даңғыл жолына түсер еді. Өкінішке қарай, жоғарыда келтірілген тұжырымдар Шарт жобасының ең ұрымтал баптары мен қалыптарынан жалғасын таппай, аяқ-қолы матаулы күйінде қалған. Нәтижесінде көптеген одақтас республикаларда Шарт жобасы, жұмсартып айтқанда, ықылассыз қабылданды. Бұған Шарт жобасында бейнеленген аса маңызды ережелердің бейне «қақпаның» рөлін атқаруға есептелгендей, қарама-қайшы және бұлыңғыр боп келуі әсерін тигізді.

Одақ пен республикалар арасындағы биік өкілдігін республикалардың егемендігін тану негізінде қайта қарауда да нақты жүйелілік байқалмайды. Одақ пен республикалардың қарауына жататын мәселелерді жеке-жеке жіліктеу, олардың бірлесіп атқаратын қызметі мен өкілдерінің мазмұнын айқындау жөнінде де селт еткізер өзгеріс жоқ. Жобада, мәселен, осылардың әрқайсысына арнаулы баптар болуға тиіс пе еді? Мұның бірі жоқ. Есесіне Одақтың өкілеттіліктері 5-бапта арнайы әңгіме болады.

Енді Жобада баяндалған осы өкілеттілікке назар аударып көрейік. Шынтуайына келгенде мұнда баяндалған мәселелер ескі көзқарастан онша алшақ кетпеген. Бұған Орталықтың өзара билігін бекіткен ССРО Конституциясының 73-бабы мен Шарт жобасындағы Одақтың өкілеттілігі туралы айтылатын 5,7 және 8 баптары салыстыру арқылы көз жеткізу

қиын емес. Мысал үшін әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізу, біртұтас мемлекеттік бюджетті жасап, бекіту, қаржы мен несиенің біртұтас жүйесіне басшылық жасау, ССРО-ның экономикалық және әлеуметтік даму жосапын жасап бекіту, тағы басқалары ССР Одағының, яғни Орталықтың өкілеттілігіне жатқызылады. Ал Шарт жобасы не дейді? Оның бесінші бабындағы мына жолдарға назар аударайықшы, «Республикалармен бірлесіп елдің экономикалық даму стратегиясын белгілеу және жалпыодақтық рынокты дамыту үшін жағдайлар жасау; ортақ валютаға негізделген бірыңғай қаржы, несие, бюджетті жасау және атқару; алтын және алмас қорын сақтау және республикалармен келісіп пайдалану».

Көріп отырғанымыздай, әлеуметтік-экономикалық саладағы Орталықтың өкілеттігі бәз-баяғыдай ұшан-теңіз. Ал Одақтың кейбір маңызды міндеттері «республикалармен бірлесіп» жүзеге асырылатыны жөнінде жобада айтылған «жаңалық» Орталық органдарының дара билігін «тежеуде» айтарлықтай рөл атқара алмайды деген ойдамыз. Себебі, біріншіден, «республикалармен бірлесіп» атқаратын міндеттің бұрыннан келе жатқан «республикалардың келісімімен» деген міндетпен арадағы айырмашылықты көре алмай отырмыз. Екіншіден, жалпыодақтық және одақтық-республикалық министрліктер мен мемлекеттік комитеттер бұрын да болған, қазір де бар. ССРО Конституциясының 135-бабына сәйкес, аталған министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің қызметіне ССРО Министрлер Советі бағыт-бағдар береді. «Республикалармен бірлескен» қызметін Орталық міне осылай жүзеге асырып келеді.

Жаңарудың орталықтандырылған белгісі меншік мәселесінде де айқын аңғарылады. Тағы да Шарт жобасына жүгінейік. Оның 7-бабында былай делінген: «Республикалар өз территориясындағы жердің, оның қойнауының және басқа табиғи ресурстардың, сондай-ақ ССР Одағының өкілеттіліктерін жүзеге асыру үшін қажет болатын бөлігінен

басқа мемлекеттік мүліктің иесі болып табылады. Жерге, оның қойнауында және басқа табиғи ресурстарға меншік қатынастарының республиканың заңдары бойынша реттелуі Одақтың өкілеттіліктерін жүзеге асыруға бөгет жасамауға тиіс». Мұнда да түсініксіз жәйттер бар. Мәселен, Қазақстанның 17 миллион гектардан астам жерін ССРО Қорғаныс министрлігі иемденіп отыр. Республика өнеркәсібінің күрделі қаржысы мен бүкіл мүлкін қоса есптегенде 90 проценттен астамы Орталыққа бағынады. Демек, олар бәз-баяғыдай республика өкіметінің билігінен тысқары қала бермек пе?...

Шарт жобасында Орталық басқару органдарының – министрліктер мен ведомстволардың көрсетілмеуі де кездейсоқ емес. Ал 1922 жылғы Одақтық Шартта ол бар болатын. Мұнда да Орталық өкімет құрылымының қолда бар нұсқасы сәл ғана жаңартып, оны мызғымастай етіп заңдастырып алу пиғылы жатқан жоқ па екен? Бұлай қауіптенуге жол ашып берген жағдаяттар баршылық. Бұған мысал оетінде өкімет құрылымының негізіне қызмет ететін Одақ пен республикалардың өкілеттігін шектеу мәселесі жобада жалпылама ғана атап өтілгенін айтсақ та жеткілікті.

ССРО халық депутаттарының төртінші съезіндегі бір жаңалық – мемлекеттік басқару жүйесінің жетілдіруіне байланысты ССРО-ның Конституциясына едәуір өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі болды. Бұл өзгерістер мен толықтырулар бір жағынан, елімізді жоғары органдарының жаңа құрылымдары аясында басқарудың президенттік формасының орнығуын және рыноктық қатынастарға көшудің қазіргідей күрделі жағдайында кең өкілдіктердің берілуін бейнелесе, екінші жағынан, онда Орталық органдардың бұрынғы тоталитарлық жаппай билігі кем дегенде «жұмсартылған» жаппай биліктен алмастырылып, ендігі жерде ол Конституциялық қалып деңгейіне жеткізіліп отыр.

Бұл орайда ССРО Конституциясының 127-бабына қосымшада айтылғандай, жаңадан құрылған ССРО Қауіпсіздік Советіне басқа да міндеттермен бірге еліміздің «мемлекеттік,

экономикалық және экологиялық қауіпсіздігін» сақтау жүктеледі. Ал Федерация Советі Одақ пен республикалардың «мемлекеттік жоғары басқару органдарының қызметін үйлестіруді» жүзеге асырады және «республикалардың жалпыодақтық мәнге ие мәселелерді шешуге» қатысуын қамтамасыз етеді. Конституцияның 132-бабына сәйкес, Министрлер Кабинеті, ендігі жерде, «республикалармен бірлесіп», қаржы, несие және ақша саясатын жүргізуді, одақтық бюджетті түзіп, атқаруды, жалпыодақтық экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Қысқасы, Президентке деп белгілі бір кезеңге бөлінген басқару жөніндегі төтенше өкілеттілік уақытша емес, конституциялық қалыпқа айналып отыр.

Осыдан кейін бұйрық райдағы кең ауқымды әкімгерлік өкілдігінің әлі де қаймағы бұзылмай Орталықтың уысында қалуы Одақтың күшін еселей түсер ме екен, мұндай жағдай оны құлдырау процесінен құтқара алар ма екен деген сұрақ өзінен өзі туындайды. Бүгінде мұндай сауалға қандайда бір үзілді-кесілді жауап қайтару оңай шаруа емес.

Бәтуаға барар жол қайсы? Көріп отырғанымыздай, Одақтық Шарт даярлаудың кейбір маңызды ұйымдық мәселелері әлі толық шешімін тапқан жоқ. Рас ол мәселелер одақтас республикалар өкілдерінің кездесулерінде оқтың-оқтың талқыланады. Талқылау барсында кейбір проблемалар бойынша мәмлеге, бір шешімге табан тірей алмай тарайтын сәттер де кездеседі. Бұған, мысалы, келіссөз барысындағы Орталықтың орны мен рөлі, Одақтық Шартқа қатысушылар туралы мәселелерді жатқызуға болады. Сондай-ақ республикааралық пікір алмасулардың негізгі ұйымдастырушысы саналатын ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің басшылығы өкілдерінің деосы бағыттағы көзқарасы әлі толық айқындалып біптеген сияқты. Содан барып Орталық бірде үйлестірушінің рөлін иемденсе, енді бірде тең дәрежедегі әріптес рөлін атқарады, ал

Шартты даярлау жөніндегі келіссөзде жетекшінің жағдайында көрінеді.

Әрине, Орталықтың (Президент, ССРО Жоғарғы Советі) Одақтық Шартты даярлаудан шет қала алмайтыны түсінікті. Керек десеңіз, оның бұл орайдағы мүдделігі республикадан бірден кем емес. Орталық үшін Одақтық Шарт өмірлік мәселе. Ал республикалар Одақтық Шартты Орталықпен емес, өзара жасауға бейім. Жаппай мүдделік те осыдан туындайды.

Орталық республикаларды біртұтас Одаққа біріктірудің бүкілодақтық билік беделін ұйымдастыру ісінен басқа жерлерде де пайдалану мүмкіндіктерінің ұзақ жылдар бойы қалыптасқан тәжірибесіне ие. Федерациялық топтасудың қолда бар осынау артықшылығы белгілі бір шеңбер аясында жаңа Одақтық Шартты даярлап, қабылдауды қамтамасыз етуге оң ықпалын тигізе алады. Егер дер кезінде ескеріп, алдына алып отырмаса ол биліктің жоғарыдан бұйыратын күшке ұласып кетуі оп-оңай. Дегенмен, қалай болғанда да республикалардың Одақта қалыптасқан институттарға арқа сүйеп, жаңарған Одақты құруға солардың көмегін пайдаланғаны ақылға қонымды. Әрі Одақты жаңарту тәрізді ірі де ауқымды жұмыста оған қатысушылардың өз арасынан республикалар ерікті түрде мойындайтын, олардың сеніміне ие болған ұйымдастырушы шығуға тиіс десек, Одақтық Шартты даярлап, қабылдауда РСФСР-дың ең басты, ұйтқы күшке айналатынына күмән жоқ.

Әлі де ақырына дейін шешіліп бітпеген саяси маңызды зор мәселенің бірі – Одақтық Шартқа қатысушыларды анықтау болып табылады. Әңгіме одақтық федеративтік мемлекеттік құрайтын субъектілер туралы болып отыр.

Бұл мәселеге тарихи тұрғыдан қарасақ, ССРО Конституциясының 71-бабына сәйкес, Совет өкіметінің барлық кезеңдерінде федерацияны республикалар құрап келеді. Ал бүгінде Орталықтың және Одақтық органдардың ресми басшылары жүргізген саясаттың нәтижесінде аталған маңызды

мәселеде айқындық жоқ сияқты боп көрінеді бізге. Мысалы, ССР Одағының 1990 жылы мамыр айында қабылданған «ССР Одағы мен федерация субъектілері арасындағы өкілеттіліктердің аражігі ажырату туралы» Заңда автономиялық республикалар да одақтық республикалармен бір деңгейде Одақтық мемлекеттің субъектілері ретінде танылған. Осыған сәйкес, Одақтық Шартты әзірлеп оған қол қоюға барлық республикалар мен автономиялық құрылымдар (автономиялық облыстар, округтар) тең дәрежеде қатысады деген пікірлер айтылып жүр.

ССРО халық депутаттарының төртінші съезінде Ұлттар Советінің Одақтық Шартты даярлауға арналған баяндамасында да бұл ой-ниет одан әрі тереңдей дамытылып, қайсыбір республикада шоғарланып қоныстанған этникалық топтардың дафедерацияның субъектісіне кретіні айтылды.

Ал енді пікірлер тек одақтас республикалар ғана ССР Одағының субъектісін құрайды, демек, Одақтық Шартты әзірлеп, оған қол қою солардың жауапкершілігіне жүктелуге тиіс дегенге саяды. Мұндай пікірді жақтаушылар автономиялық республикалар ССРО Конституциясына сәйкес, одақтас республикалардың құрамына кіратын болғандықтан, Шартты әзірлеуге сол республика аясында да қатыса алады деп есептейді.

Одақтық Шарт жобасында осы мәселелер дәйекті шешімге ие болмаған. Мәселен, жобаның 1-бабында былай делінген: «Шартқа қатысушы республикалар Одаққа тікелей немесе басқа республикалардың құрамына кіреді, мұның өзі олардың правлоарына нұқсан келтірмейді және шарт бойынша алған міндеттемелерінен босатпайды». Ережеде нақтылық, айқындық жетіспейді, бұлыңғырлық басым. Оны әркімнің әртүрлі түсініп жүргені, бәлкім содан да шығар. Мұнан жоба авторларының бұл мәселені Одақтық Шартқа қатысушылардың ақылдасып, шешуіне кеңістік қалдырып отырғандай сынайы бары байқалады.

Ал біз жаңа одақтық федеративтік мемлекетті түзетін субъектілердің ауқымы туралы мәселеде неғұрлым нақты

тұжырымға тоқтайтын мерзім жетті деген ойдамыз. Ондай субъектілердің қатарына одақтас республикаларды жатқызуға болар еді және солай болуға тиіс те. Мұндай сапаға, егер оларды Конституциялық тәртіп бойынша одақтас республикалар қолдаса, бірқатар автономиялық республикалар да ие болуы әбден мүмкін.

Әйтпесе төменнен бастама келіп түсті меекен деп, немесе қандай да бір мақсатты көздегенпиғылмен еліміздің Конституцияда нақтыланған ұлттық-мемлекеттік құрылымын өзгерте берсек, мұның өзі қоғамның конституциялық саяси жүйесіне зор зиянын тигізуі кәдік. Қысқасы, барлығы да заң негізінде жүзеге аспаса, тәртіпсіздіктіңетек алатынын күнделікті тіршілктен байқап жүрміз.

Сонымен Одақтық шарт қандай болу керек? Біздің ойымызша, бұл орайда, ең алдымен, «республикалар – Орталық – республикалар» формуласы бойынша қарым-қатынас орнығуға тиіс. Басқаша айтқанда, бір жағынан, Федерациялық Одақ пен республикалардың заі шығару, атқару және сот билігі саласындағы өкілдіктерінің арақатынасын айқын межелее, екінші жағынан, олардың жауапкершілігі мен тепе-теңдігін қамтамасыз ететін тікелей және кері байланыс механизмін жасау қажет.

Аталған мәселелерге байланысты таяу уақытта мәмлеге қолжеткізе алмаған жағдайда, Одақтық Шартқа қол қойылғанға дейін соның негізіне біртіндеп жолашу үшін одақтас республикалар кезек күттірмес жалпыұлттық мәселелер бойынша, Одақтың, оның Орталық органдарының өкілдігі, міндеттері айқын белгіленген экономикалық байланыс, жалпыодақтық рыноктық кеңістік тәрізді салаларда өзара жекелеген келісімдер жасаса құба-құп.

Өзекті проблемалар кешенін бұлайша біртіндеп шешу, түптің түбінде, ерікті республикалардың жаңарған Одағын құру процесін ойдағыдай аяқтауға алып баратынына сенім мол.

// Қазақстан коммунисті. – 1991. – №3. – 19-24-бб.

СЫРТТАН КЕЛІП ҚОНЫСТАНУДЫҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ

Бүгінде қарап отырсаңыз, ел, қоғам өмірінде шын мәнінде революциялық ұлы өзгерістер болып жатқаны әмбеге аян. Жетпіс жыл бойы тоталитарлық жүйенің құрсауында келген қазақ халқы да өзгелер тәрізді бұлдыр елеспен бүркемеленген бодандық бұғауынан арылып, егемендікке жеттік деп бір серпілсе, өткен жылғы жлтоқсанның 16 жұлдызында тәуелсіздік туын көтеріп, өз алдына дербес мемлекет деген мәртебеге ие болды. Әрине, мұнымен барлық мәселе шешілді, халқымыздың 260 жыл бойы аңсаған арман-мұраты толығымен жүзеге асты деп айту әлі ертерек.

Бұл мәселенің қыр-сыры, себеп-салдары туралы жан-жақты айтылып та, жазылып та жүр. Сондықтан оның бәрін бірдей тәптіштеп жатуды мақсат тұтпадық. Соның ішінде өз жерімізде өзіміз өгейсіп, азшылық жағдайға ұшырауымыздың да, халқымыздың дарқан пейіліне даңдайсып, сырттан көз сүзіп, оңай олжаға белшесінен батуды көксеген келімсектер тасқыны тыйылмауының да әсер-ықпалы аз емес. Осы орайда соңғы кездері баспасөз беттерінде, алқалық жиындарда, республикалық басшы органдарына түсіп жатқан талап-тілектерде көші-қон (миграция) туралы заң қабылдаудың қажеттілігі, әсіресе республикаға сырттан келуді реттеу туралы мәселе өткір қойылып келеді. Мәселенің бұлай қойылуы, әділіне келсек, заңды да, негізді де.

Себебі, біріншіден, мемлекет егер ол шын мәнінде егеменді десек немесе өзінің егемендігін нығайтуға ұмтылған жағдайда оның тәуелсіздігін қамтамасыз етудің принципі шарттарының бірі өз байтағына үстемдік құқын иелену болып табылады. Демек, мұның өзі егеменді мемлекет болып отырған Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасынан кімдер және қанша адам қандай мақсатпен өтетініне, бұл елдің тұрақтылық жағдайы

мен қауіпсіздігіне, ондағы әлеуметтік және демографиялық тепе-теңдікке, сондай-ақ сыртқы қарым-қатынасқа қалай әсер ететініне немқұрайлы қарай алмайды деген сөз.

Екіншіден, Одақтың ыдырауы мен тәуелсіздік алған бірқатар бұрынғы одақтас республикалардағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың шиеленісе түсуі халықтың бір мемлекеттен екіншісіне бас-көзге қарамай қоныстанып, бей-берекет ағылуын үдетті. Бұл көш-қон процесі айналып келгенде қоғамның ең жанды, ең нәзік буыны ұлттық мәселеге қалайда өз әсерін тигізбей қоймайтыны тағы белгілі болды. Бұрынғы қай республикада болсын келіп қоныстанушылар мен босқындарды қабылдау, сондай-ақ республикадан тыс жерлерге қоныс аударушыларды реттеу мемлекеттік саясаттың маңызды ісіне айналды. Осы тұста республика астанасына тек 1986-1990 жылдары ғана өзге қалалардан 250 мың адам келіп тіркелгенін, оның ішінде басқа республикалардан келгендердің де молынан екенін айтсақ та жетіп жатыр.

Үшіншіден, республикадан қоныс аударушылар мен оған келушілерді реттеудегі жүйесіздік онсыз да бастан асып жатқан бейберекеттікті асқындырып қана қоймай, әлеуметтік дағдарыстың, халықтың наразылығының күшеюіне әкеп соқтыруы мүмкін. Тіпті сонымен қатар мұның өзі жоғарғы мемлекеттік органдар мен оның басшыларының республика ісін басқаруда қабылетіне күмән туғызары да кәміл. Ал мұндай жағдайдың әр жер-әр жерден болса да арагідік бой көрсетіп қалып жүргені де ойландырмай қоймайды.

Сонымен бірге көші-қон туралы Заң қабылдаудың айрықша сипатын және оның нақ бүгінгі таңда неге ерекше қажеттілігін айғақтайтын тағы бір маңызды жағдайды атап өтуіміз керек-ақ. Бұл – шет жұртта жүрген отбасылардың өзінің тарихи отаны республикамызға қайтып оралуының барған сайын кең құлаш жаюы. Олардың көпшілігі өткен патшалық дәуіріндегі орталық езгі саясаттың озбырлығы, Совет өкіметі кезіндегі мал-мүлік

тонау мен күштеп коллективтендіру, аштық пен жалаңаштық, жаппай жазалау салдарынан жан сауғалап, өздерінің ежелгі ата қонысын тастап кетуге мәжбүр болғандар. Тағдыр тәлкегімен әр тарапқа тарыдай шашырап, туған жерден көз жазып қалған мұндай отандастарын құшақ жая қарсы алып, оларды орналастыру қай республиканың болсын қасиетті парызы. Бірақ, өкінішке қарай, түсі бөлекке төрін ұсынып, құрақ ұшатын қасиетінен біздегілер қандастары келгенде жаңылып қалатын сияқты. Содан ба бірқатар жерлерде шын бауырмашылық танытып жатқанымен, негізін алғанда бұлшаруа көңілдегдей жүріп жатыр деп айтуға ауыз бармайды.

Өздерінің атамекендеріне аңсап оралған отандастар тағдырына бірқатар орталық және жергілікті органдар мен олардың басшылар тарапынан қамқорлықпен қарау орнына қайырымсыздық пен немқұрайлықтың бой көрсетуі біздің социализм дәуіріндегі 70 жылдық «тәрбиеміздің», мемлекеттік және ұлттық мәдениетіміздің қаншалықты төмен екендігінің сиқы болса керек. Бұл тұста көші-қон процесін реттеп отыратын заі мен белгіленген құқылық ереженің жоқтығы да елеулі рөл атқаратынын мойындамасқа ләж жоқ.

Міне, сондықтан республика Жоғарғы Кенесінің жетінші сессиясында (1991 жыл, желтоқсан) көші-қон туралы заң жобасын жасау жөніндегі комиссияның құрылуы да өмірдің өзінен туындады. Оны басқару маған жүктелген болатын. Бұл орайда көші-қон процестеріндегі алдын-ала айқындауға жататын мәселелердің қай саласын Заңмен реттеу, яғни бүгін таңда республика үшін қай «заң» анағұрлым қажет деген таңдау тұрды. Себебі халықтың көші-қоны туралы айтқанда оның көптеген қырлары мен салдары бар екенін ескеруге тиіспіз. Ал оның бір заң актісінде қамтылуы мүмкін емес, әрі техникалық тұрғыдан дақиын. Мұндай заң, шынтуайтына келгенде негізінен принциптері мен жалпы қағидаларын ғана қамтып, тікелей жұмыс әстейтін Заң болудан ауылы алшақ қалар еді. Ендеше іс жүзінде қабілетсіз ондай заңның кімге керегі бар?

Өйткені көші-қон туралы заң, мәніне үңілсек, бірнеше құрамды бөліктерден тұрады. Яғни, оның әрқайсысы жекелеген заңдармен реттеуге лайық мәселелер ауқымын қамтиды. Айталық, республикалардан сыртқа қоныс аудару және оған келу, жалпы алғанда шетелдіктердің, жекелей алғанда эмигранттардың құқылық статусы, саяси баспана беру тәртібі және басқалар өз алдына дербес-дербес мәселелер. Көптеген мемлекеттерде мұның әрқайсысы жекеленген заңдармен реттелген. Сондықтан да бізге оның ішінен Заңда бірінші кезекте реттелуге жататын ең актуальдісін реттеуімізге тура келеді. Әйтпесе бір мезгілде бірнеше заңды қабылдау тіпті де мүмкін емес. Солай етет қоялық деудің өзі тағы да алашапқын асығыстық пен шалағайлыққа ұрындыратыны сөзсіз.

Біз комиссия мүшелерінің бас қосуында осы жайларды саралай келіп, анағұрлым маңызды да бірнеше кезекті мәселе ретінде сырттан қоныс аударып келу (иммиграция) туралы Заң жобаын әзірлеу қажет деген тұжырымға тоқталдық. Мұны таңдауымыздың бірнеше себептері бар. Өйткені Жоғарғы Кеңеске соңғы кезде келіп түсіп жатқан хаттар мен талап-тілектердің барлығында дерлік негізінен республикамызға сырттан адам келудің реттелмегені, соңғы жылдары олардың саны шұғыл арта түскені туралы сөзқозғалып, алаңдаушылық білдіреді. Бір жағынан олардың ішінде ежелгі ата-қонысына келіп қоныс тепкенімен, көп ретте жаңа жерге орналасып, үйренісудің азабы мен михнатын тартып жүргендер де аз болмаса, екінші жағынан, халықтың көші-қонының бақылаудан тыс қалуы республикамызға оңай олжа іздеп, онсыз да қалың қалтасын онан сайын қампита түсуді көздеген келімсектердің ағылып келуін үдетіп жіберді. Мұның өзі республиканың тұрақты тұрғындары арасында реніш туғызып, өз игілігі өздеріне бұйырмайтын жағдайға дейін ұшыратты.

Расын айту керек, комиссия барынша өндіріп жұмыс істеді. Екі мерзім ішінде Заң жобасының төрт үлгісін жасап талқылады. Оның әрқайсысы жаңа талқылаулар кезеңі мен түсіп

жатқан сын-ескертпелерді ескертуден сұрыпталып шықты. Сөйтіп, үстіміздегі жылдың 15 қаңтарында Заң жобасы Жоғарғы Кеңес Президиумының мәжілісінде талқыланып, негізінен мақұлданды. Жоба пікір алмасу мақсатында Жоғарғы Кеңес комитеттері мен бірқатар орталық ведомстволарға жіберілді. Содан кейін ол Жоғарғы Кеңес Президиумында екінші рет 21 ақпанда талқыланып, көктемгі сессияның күн тәртібіне енгізу ұсынылды. Қазіргі кезде жобаның жекелеген құрылымдары мен қағидаларын мүдделі органдармен және ұйымдармен бәтуаласу мен айқындай түсу тұрғысында жұмыс жүргізілуде. Сонымен, Жоғарғы Кеңестің сәуірдің екінші жартысында басталатын 8-ші сессиясы сырттан келіп қоныстану туралы Заң жобасын талқылап, оны қабылдар деген үміттеміз.

II

Қысқасы, сырттан келіп қоныстану туралы Заң Қазақстан республикасының азаматы республика ішінде тұрғылықты жерін өзгертуге және басқа елге қоныс аударуға құқылы деген жалпы ережеден бастау алады. Көші-қон қозғалысы бір жақты болып табылмайды. Принципіне басқа елдің азаматы да Қазақстанға келіп қоныстануға болады. Десек те, Біріккен Ұлттар Ұйымының 1948 жылы қабылданған адам құқының жалпыға бірдей декларациясында баян етілген жалпы ережесі қалай және қандай формада жүзеге асырылатыны нақты мемлекеттің нақты жағдайларына байланысты болатынын ескеруіміз керек.

Сырттан келіп қоныстану туралы Заң халықтың республикаға көшіп келуін реттеудің, тәртіпке келтірудің және ұйымдастыру жағынан қамтамасыз етудің, босқындар үшін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына оралып, көшіп келушілер үшін жаңа жерде қажетті тұрмыстық жағдайлар жасаудың құқылық негізі болып табылады. Біздер заңды жасаушылар, мұнда басқа мемлекеттерден, оның ішінде бұрынғы одақтас республикалардан адамдардың Қазақстанға келіп қоныстануының тәртібі

иммигранттар статусы ғана емес, сонымен бірге өздеріне заңда белгіленген шаралар мен талаптарды жүзеге асыру жүктелген басқару органдарының, жергілікті әкімшілік пен ұйымдардың жауапкершілігі де көзделуге тиіс деп білеміз.

Заң жобасын жасаушылар әрбір жылға Республиканың қабылдау мүмкіндігіне қарай сырттан келіп қоныстанушылардың мөлшерлі санын, олардың келетін елдерін көрсете отырып белгілеудің қажеттігін де еске салады. Сондықтан ең бастысы қоныстанушыларды қабылдау үшін, олардың орналасуы мен сіңсуі үшін жоспарлар жасағанда алдына ала қажетті материалдық-финанстық ресурстардың негізін қалап, жан-жақты ескерілуге тиіс. Біздің пікірімізше, келушілер санын Министрлер Кабинетінің ұсынысы бойынша республика Президенті белгілейді де, ал оның финанстық бөлігі Жоғарғы Кеңестің алдағы жылға жоспарлайтын республика бюджетіне енуі керек.

Ашығын айту керек, өздерінің тарихи отанына оралатын босқындар мен қоныстанушылар үшін жыл сайынғы мөлшерлі санды (квотаны) белгілемеу туралы да пікір болды. Мұның өзі Қазақстан өзіне қоныстанушы қазақтарды олар отанына оралатындықтан қабылдауға міндетті екендігімен негізделген еді. Әйткенмен, мұндай жағдайда сырттан келіп қоныстанушы қазақтар саны шамадан тыс артып, мұның ақыры оларды жаңа жерге орналастыруда қосымша қиындықтар туғызып, жүйесіздікке жол берілуі, осыдан барып келеңсіз жағдайлар болуы да мүмкін. Сол себепті де бұл қолдау таппады. Онсыз да Президент пен республика үкіметі сырттан келіп қоныстанудың қалыптасқан жағдайларына орай қашан болсын егер қажет деп тапса жыл сайынғы мөлшерге өзгеріс енгізе алады.

Біз таяу жылдардағы сырттан келіп қоныстанушылардың негізгі бөлігін жаппай жазалау, күштеп жүргізілген саяси қуғын-сүргін кезеңдерінде өз отанын тастап кетуге мәжбүр болған, республикадан тыс жерлерге бас сауғалаған қазақтар құрайды

деген ойдамыз. Демек, бұл қандастарымызға босқындар мен репатрианттар статусы беріліп, олар тиісінше жеңілдіктерді де пайдалануға тиіс. Мұның өзі олар мен олардың ұрпақтары туған жерге оралудың сөзсіз құқын пайдаланып қана қоймай, өздерін қабылдайтын мемлекет тарапынан айрықша қамқорлыққа бөлінетінін де білдірмек.

Бұл тұста барлық өркениетті мемлекеттерде босқындарды – қоныстанушыларды қабылдауға тиісті назар аударатынын және өзінің тарихи отанына оралған адамдар айрықша қамқорлыққа бөлінетінін атап өткеніміз жөн. Айталық Израильде сырттан келіп қоныстанушы әрбір еврейдің орналасуы үшін 40-50 мың доллар бөлінсе, Германияда бұрынғы Совет Одағынан келіп қоныстанушы әрбір немістің отбасының мұқтажы үшін одан да көп қаржы беріледі екен. Тіпті Аргентина, Чили, Парагвай, Уругвай, Венесуэлла тәрізді елдер жуырда Шығыс Европа мен бұрынғы Совет Одағынан мыңдаған иммигранттарды қабылдауға әзір екендігі жөнінде мәлімдеме жасаған. Оның үстіне бұл елдер өздеріне келуші әрбір отбасына олардың орналасып, сіңсіп кетуі үшін 20 мың доллар мөлшерінде қаржы жұмсауды жоспарлап отыр. Олай болса болашақта өркениетті мемлекеттер қоғамдастығына енуді міндет етіп қойып отырған Қазақстан Республикасы да өз отандастарын мәртебелі түрде қабылдауға тиіс.

III

Нақты жағдайды айтсақ, сырттан келіп қоныстанушылар мәселесімен соңғы кезге дейін республика Еңбек министрлігінің құрамында бес қызметкері бар қоныстану бөлімі айналысты. Шынтуайына, бұл бөлімнің басқа да міндеттері мен шаруасы бастан асады. Атап айтқанда халықтың ішкі көші-қон мәселелерімен, ең бастысы жұмысшы күштерін қоныстандырумен, әрлі-берлі ауыстыруымен де шұғылданады. Ал енді республикамызға келген босқындарды қабылдаумен орналастыру мәселесі оның екінші кезекті ісі болып табылады.

Оны былай қойғанда, Министрліктің өзі де сырттан келушілерді республика бойынша бөліп, орналастыру құқына ие емес. Демек, бұласа маңызды мәселе ескерусіз, иесіз қалып келгенін көрсетеді.

Міне, осы тұрғыдан сырттан келіп қоныстанушылар туралы заң жобасы көші-қон істер жөнінде арнайы иммиграциялық қызметі бар беделді орган құруды көздейді. Бұл мәселе комиссия мәжілісінде Президента аппаратының, Еңбек, Ішкі істер, Сыртқы істер министрліктерінің жауапты қызметкерлері қатысуымен кеңінен талқыланды. Менің өз басым республиканың Еңбек, Әділет министрлерімен, Ішкі істер министрінің бірінші орынбасарымен тікелей кездесіп, көші-қон процестері мен иммиграциялық қызметті басқару органдарына байланысты мәселелерді олармен егжей-тегжейлі талқылап, пікір алмастым. Комиссия республика Министрлер Кабинеті жанынан көші-қон жөніндегі Бас басқарманы ашу туралы ұсыныс енгізуді дұрыс деп тапты. Мұндай ұсыныс сыртқы көші-қон проблемаларын мемлекеттік саясат дәрежесінде маңыз беру ниетінен туғанын айтуымыз керек.

Енді көп ұзамай-ақ тәуелсіз мемлекет статусын нығайту процесінде алдына ала болжамдар бойынша саны ондаған мыңға ұласатын «астыртын сырттан келушілер» туралы мәселе де республиканың алдынан шыққалы отыр. Олар бір республикалардан екіншісіне әртүрлі себеппен, соның ішінде неғұрлым жақсы тұрмыстың жолын іздеп шарқ ұрумен өз бетімен көшіп келетін адамдар болып табылады. Осы кезге дейін ондай келімсектер жергілікті органдар мен ұйымдардың желеп-жебеуімен ешбір кедергісіз келіп қоныстанып, жұмысқа орналасып, барша игілікті иемденіп, оның қожайыны мен меншік иесі болып жүргенін жұртшылық жақсы біледі. Онысымен де қоймай олар жергілікті шаруашылық мүддесіне қыруар залалын тигізіп те келеді. Қазақтың жаны ашымастың қасында басың ауырмасын» деуді де осындай-осындайдан туса керек.

Ал егеменді мемлекетте сырттан келіп қоныстану жайы оның барлық формаларында дазаң актілерімен реттеліп отырады. «Астыртын сырттан келушілер» дегеніңіз заңнан тыс саналып, мемлекеттің егеменді құқынбұзу болып есептеледі. Себебі бұған жол беруі мемлекетке әртүрлі жат пиғылды адамдардың, оның ішінде қылмыскерлер мен нашақорлардың да еніп кетуіне жол беру болып саналады. Сондықтан да басқа мемлекеттердегі тәрізді біздің республикада да тәртіп белгілі бір заңмен орнығуға тиіс. Бұл заңда «астыртын сырттан келушілердің» заңсыз енуінің жауапкершілігі, олардың меншіктік және әлеуметтік-саяси құқның шектеулі, тиісті органдардың мұндай келімсектердің республика байлығынан кетуін талап ету құқы көзделуі керек. Сондай-ақ мұндай заңсыз ағылып келушілерді жұмысқа алып жарылқаушыларға қарсы санкциялар қолдану, оларды тұруға тіркеген адамдар мен мекемелердің жауапкершілігін талап ету мәселелері және тағы басқа да шаралар қарастырылуы қажет.

Түптеп келгенде сырттан келіп қоныстанушылар жөніндегі Заң жобасы босқындарды, ата қонысына оралушыларды тіркеу мен қабылдауға, оларды жаңадан тұратын жерлеріне орналасуы мен сіңсуіне байланысты басқа да мәселелерді реттеп отырады. Қысқасы, заң қабылданған кезден бастап республиканың, оның жоғарғы органдары мен лауазымды адамдарының әсіресе өздерінің тарихи отанына оралушылар мен олардың отбасыларының елжұртымен ойдағыдай қауышуына деген қамқорлығы мен жауапкершілігін күшейте түспек. Біздің отандастарымыздың көңіліне үміт ұялатып, көптен күткені де осы.

// Ақиқат. – 1992. – №4. – 22-26-бб.

АБАЙ ҰЛЫ БИЛЕРДІҢ СОҢЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІТІМ-БИЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Билердің атасы аталған ертедегі Мөңке би, орта ғасырдағы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», бері келе «Жеті жарғы» аттарымен қазақ тарихына енген әдет-ғұрып ережелерін өнеге ұстаған, оларға дәуіріне сай кейбір құнды толықтырулар енгізген ХІХ ғасырдағы ірі тұлға – «Төле би» атанған ұлы Абай, Үш жүзге әйгілі Төле, Қазыбек, Әйтеке, келесі буын – Сырым, Есет, Саққұлақ сияқты әрі әділ, әрі әділетті бітім-биліктерімен, ел басқарумен, ел мүддесін қорғау тәсілдерімен қазақ топырағында ерекше орын алған іргелі тұлғалардың жолын ұстаған соңғы билердің бірден бірі, ғаламаты да Абай. Бұл мақаланы осы жөнінде айтылмай келген, зерттеуден түрлі себептермен сырт қадып жүрген Абайдың бір үлкен қыры – халқы үшін айтылған биліктер мен шешендігіне арнадым.

1909 жылы Петербургте жарық көрген, Құнанбай балалары даярлаған Абай өлеңдерінің басылымында: «20 жасында Абай халық ортасында Мөңкедей бас шешен болды... Қазақтың ескі заманы болса, бұрынғы қазақтың атақты биінің бір болмағы анық еді», – деп жазған.

Өз заманында Абай көзі көрген, құлақ естіген аумақта алдына жан салмаған дарынды әрі шешен, әрі әділ би атанған. Ру-ру, болыс-болыс арасындағы шиеленіскен, қиындыққа шапқан, елді күйзеліскен ұшыратқан, талайжыл бойы бітімге келмеген дау-таластарды шешу үшін ол жораға жүрген. «Абайға жүгінсе бар сақ – билігіне құлдық» деу әділдік, бітім іздегендердің арманы болыпты.

Ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, жол-жоба ережелеренің күші жойыла қоймаған ортада оларды қазақ халқының бірлігі, тыныштығы, болашағы үшін жаңаша көзқараспен мейлінше пайдалана білген ХІХ ғасырдың екінші

жартысында өмір сүрген ірі тұлғалардың алды – Абай. Оның шешен-би ретінде атқарған қызметі көшпелі қазақ халқының рухани өмірінің дамуына едәуір әсерін тигізді.

Абай күні бүгінге шейін ұлы ақын деп қарап келдік. Бұл орынды. Орынды болса да, жеткіліксіз. Ұлы ақын өлең сөзбен бейнелеген жүрек сырын, терең ойын тек арманы етіп қалдырмаған. Солүшін күрескен. Шешендік, бидік жолының халықтық сана-болымысты биіктеудегі негізгі құралы саналған. Абай – тұтас тұлға. Оның би атануы, биліктері – тұтас тұлғаның күрделі болмысының бір қыры.

Мөңке, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Қаражігіт, басқа да осылар сынды халқына оң жол сілтеген билердің жолын Абай да қуған. Айтайын дегеніміз: Абайдың ақындығын билік-шешендік өнерімен ұштастыра қарау міндет. Сонда ғана ұлы адамның ұлылығы сынаржақ болмайды. Абайдың өмірбаянын, тарихтағы орнын оның би болып атқарған қызметінен бөліп қарау біржақтылық екендігі айқын.

Солай бола тұрса да, өкінішке орай, бүгінге шейін Абайдың биліктері ол туралы әңгімеден сырт қалып келді. Оның себебі де бар. Қоғамды топқа емес, қарсылас тапқа бөліп, тап күресін уағыздаған идеологияның үстем болған кезеңінде «би» дегенді әшкерелеумен болдық. Оның көшпелі елдің өзіндік мекемесі екендігін, ғасырлар бойы ел тарихының арқауы болғанын біле тұра, оны ғылыми тұрғыдан зерттеуден бас тарттық. Енді өмір өзгерді. Қазақтың өз алдына тәуелсіз ел болуына байланысты ақтандақтарды жоюға мүмкіншіліктер туды. Абайдың жораға түсуі, биліктері ежелден қалған әдет-ғұрып ережелеріне сүйене отырып, заманына сай кейбір жаңалық енгізгені – зерттеуін күтіп жатқан Абай өмірбаянындағы ақтандақтар.

Көп дүниеден құр қалдық. Ел арасына кезінде кеңінен тараған Абайдың биліктері мен соған байланысты шешендік сөздеріне куә болған, болмаса, атадан ұрпаққа тарағанды жеткізер қариялар бүгінде жоқ. Академияның ғылыми

кітапханасының қолжазба қорында Абайдың биліктері жөнінде бірен-саран ғана мағлұматтар кездеседі. Халқымыздың ауыз әдебиетін зерттеушілердің, я болмаса, оған жанашыр әуесқой азаматтардың қойын қорында да кейбір ақпарлар әліде сақталуы мүмкін. 50-60-жылдары ел арасынан, соның ішінде Тобықты, онымен аралас-құралас көрші тайпалардың қарияларынан ауызша сақталған Абайдың билік үлгілерін әдейі жинағанмын. Ол кезде философия және право институтының директоры болуымды пайдаланып, іздену жұмысына көпті көрген, елдегі саусақпен санарлық сыйлы кісілердің бірі, Абайдың ағасы Құдайбердінің баласы Ақат, Тобықты топырағынан шыққан қариялар С. Қасбиманұлы, Әлғуат Қайнарбайұлы сияқты басқа да ақсақалдарды тарттым. Бірқатарын институттың уақытша қызметкерлері ретінде орналастырып, олардың жүріп-тұруына тиісті ақысын төлеп, мүмкіндік жасадым. Солармен бірге өзімнің қарауымда жасаушы Мұстафа Ысмағұлов, Рысбек Сарғожаұлы, Нұролла Өсерұлы, София Дәулетқызы, тағы басқалар да іздену, жинау ісіне өздерінің үлесін қосты. Осы зерттеуге байланысты Академияның кітапханасындағы қолжазба қорымен біркелкі таныстым. Абай туралы бұрын-соңды жарияланған еңбектер, әр түрлі пікірлер зерттелді, жинақталды. өкінішке орай, әр түрлі себептермен зерттеу жұмысы қорытынды таппады, тоқталып қалды. Енді міне, 40 жыл араға салып, жиналған құнды қолжазбаларымды көпшілікке ұсыну мақсатымен, сол еңбектерге қайта оралған жағдайым бар. Оған негізгі себеп болған әйгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтың осы жинақты әзірлеу үстіндегі ұсынысы болды. «Бидің» тарихы, би деп кімді атаған, оның көшпелі қауымының өміріндегі орны, XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі билердің ерекшелігі деген мәселелерге алдымен шолу жасағанды жөн көрдік.

Сәкен Сейфуллин «би» деген ұғымды былай деп түсіндіреді: «Елдің ескіліктен екшеліп келе жатқан жол-

жоба, салт, дәстүр, заң ережелерінің дәстүр жинақтарын, бұрынғылардың шежіресін, өнегелі, үлгілі сөздерін жадына көп тоқып, жатқа айтуға ұстарған, «билігі жүрген» ру басылардан көсем шыққан, өздері де тұрмыстан туған қортынды сөздерді әдемілеп жұтап, ұйқастырып айта алатындай болған шешендер – би атанған» (Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. – Қызыл-орда, 1932. – 34-б.). Ертеректе, көне заманда қоғамның, халықтың биге артар жүгі көп болған. «Биі жақсының елі жақсы» дейтін ел арасында тараған мәтел осыны аңғартады. «Батыр елін жауға бермейді, би елін дауға бермейді» деп, халықтың тыныштығын, бейбітшілік өмірін сақтаудағы бидің рөлін анықтаған.

Өткен ғасырдың басында қазақ сахарасында болған, көшпелі халықтың тұрмысымен қатар әдет-құрып салты, ережелерін өзінше зерттеген орыс, шетел оқығандары өткентарихта аты қалған ірі билердің мұрасы, үлгілі істері жергілікті халықтың санасында әлі де сақтаулы екендігін байқаған. Солардың бірі Д. Самоквасов 1820 жылы былай деп жазды: «Звание бия в сознании народом принадлежит тем немногим, которые с природным даром красноречия соединяют в себе глубокие познания в коренных обычаях народа и в исторических о них преданиях» (Самоквасов Д. Сборник обычного права Сибирских инородцев. Варшава, 1976. 46-б.).

* * *

Абай жасынан қарттардың қызықты әңгіме аңыздарына, сөз таластарына, ауыз әдебиетіне әуес болып өсті. Атақты ел басшыларының, билердің кеңесін тыңдауды әдет етті. Әкесі Құнанбайдың, басқа да Тобықты ішінде атағы шыққан үлкендердің ойлы сөз өнерін, ата-бабадан қалған атаулы жол-жоба, шешім, келісім, билік үлгілерін үйренді, жадына құйды. Абай ата жолын қуады деп оған Құнанбай сенім артты. Қартая келіп, Тобықты ұлысының тізгінін бұдан да былай ұстап тұру мақсатымен Құнанбай баласын Семейдегі Ахмет-Риза медресесіндегі оқуын бітірткізбей,

елге шақыртады да, би болып билік айтудың сырына баулайды. Оны қасына ертіп Қоянды жәрмеңкесіне, Қарқаралыға тағы басқа жерлерге апарды. Белгілі ақсақалдар, билер кеңесіне қосылады. Мұхтар Әуезов осы кезең туралы былайдеп жазады: «Отец вернул его в ауыл и начал постепенно приучать к разбирательству службных дел, к будущей административной деятельности главы рода. Вращаясь в кругу изошренных вдохновителей межродовой борьбы, Абай, наделенный от природы недюжинными способностями, постигает тончайшие приемы ведения словесных турниров, где оружием служили красноречие, остроумие и изворотливость. Так как тяжбы решались царским судом, а на основе веками существовавшего обычного права казахов, Абай должен был обратиться к сокровищам казахской народно-речевой культуры» (Ауэзов М. Жизнь и творчество Абая Кунанбаева // В сб.: Жизнь и творчество Абая. – Алма-Ата, 1954. 7-8-бб.).

Абайдың мұрасын зерттеушінің бірі М.С. Сильченко да осыны қуаттайды. Әкесі оны 13 жасынан бастап «стал привлекать к решению спорных дел и управлению родом» – дейді (Сильченко М.С. Творческая биография Абая. – Алма-Ата, 1957. 9-б.). Тағы бір еңбегінде: «незаурядные способности сына, его ораторские данные и знание поговорок, изречений биев и других видов популярным в среде окружавшей отца федално-родовой верхушки тобуктинского рода» (Абай классик казахской литературы. Стенограмма лекции. – Алма-Ата, 1949. 4-5-бб.).

Абайдың өскен заманында билер сан жағынан көп те, шын мағынадағы билер саусақпен санағандай болатын. Би атағын атап та беру, сатып та беру таған-ды. Ауыл басына кемінде бір биді ұлық тағайындады. Бұрынғы, ел бұзылмай тұрғандағы адал билердің салтын, өнерін, әділеттілігін, тапқырлығын, ойшылдығын сақтағандар сирек кездесетін еді. Соның бірі Абай болды. «Сұңқар дауысымен, тұлпар шабысымен» дегендей, Абайдың тапқырлығы, сөз қисыны мен ой қисынының ұштасуы, үлкендердің алдында қамықпай айтысқа түсе алатындығы

жасынан-ақ сезіледі. «Тегін емес» дарынды жас екендігі байқаудан өтеді. Ел арасында «Құнанбайдың Ыбырайы», кейде «Құнанбайдың Абайы» деген сүйсінген көтеріңкі ат кеңінен тарай бастайды. Әділби, шешен би аты көпке тарап, Абай тарихта өткен ұлы билердің қатарынан саналады.

Үлгі ретінде Абайдың бір-екі билік шешімдерін келтірейік. Академия кітапханасының қолжазба қорында Мұқатов Ғалымжан атты азаматтың ертеректе ел ішінен жинап, тапсырған дерегі жатыр. Қаракесекпен жапсарлас отыратын Қареке руының адамдары бір жылы ел жайлауға шыққанда Тобықты руының бес айғыр үйірі жылқысын барымталап алыпты. Дау шешімін таппайды, таласқа айналып, екі рудың арасындағы дауды бітіруге Тобықтыдан Құнанбай бастаған қырық кісі Қареке еліне келіпті. Қареке жағынан Камен би бастаған халық жиналып, екі ел бір төбенің басына отырыпты. Жол сырын аңғарғаннан кейін Камен би:

– Уа, Құнеке! Желілеген жылқы жалғыз сіздікі емес, желпінген тақым біздікі емес, көрген көз жоқ, қалған із жоқ, айып кімнен? – дейді. Сонда Құнанбай не айтар екен деп қасындағы баласына қарайды. Абай кідірместен:

– Рас айтасыз, би-еке! Желілеген жылқы жалғыз біздікі емес, желпінген тақым жалғыз сіздікі емес. Тай мініп, тайлақ жетектеген әр елде бар. Қара Үңгелдің бойымен жылқы қуып, қан сорпа қылған қай елде бар? Көрген Тобықты аз болса, құдай көрді, – депті. Камен би бала сөйлейді деп ойламаған, сасып қалыпты.

Сонда ол: – Япырмай-ай, Тобықтының үлкені тұрғанда, кіші сөйлеген екен-ау! – дейді. Абай оған: – Биеке, оның не ерсілігі бар? Үлкенім жол айтады, өзім дау айтамын. Ал сіз дауыңызды өзіңіз айтып отырсыз, жолыңызды кім айтады? – деп жауап қайтарады. Камен би сөзден ұтылып: – тіліңді тәңір кессін. Менің заманымның сұрқылтайы мынау екен, – дейді

де, орнынан ұшып тұрып, жігіттеріне қарап: – Тобықтының жылқылары біздің үйірге қосылғаны рас болса, қайырыңдар, – деп бұйрық береді. Сонымен Қарекелер барымтаға алынған жылқының барының көзін қайырып, жоғының төлеуін беріпті. Бұл даудың қансыз, қауіпсіз, жөнімен біткеніне қарекелердің өздері де қатты риза болып, Абайға алғыс айтады, Құнанбайға айыпқа қасқа тоғыз жол беріпті (Орталық ғылыми кітапхана, қолжазбалар қоры, №631, 23-24-бб.).

Абайдың жақын туысқанының бірі Оразғаді Мұхаметжанұлы естелігінде мынадай оқиғаны баяндайды. Құнанбайдың Тобықты, көршілес рулардың арасында дінді насихаттау жолында сіңірген еңбегі бөлекше болғаны мәлім. Ол Семейден өз ауылына бір имам-молданы шақырып, оған өз алдына үй тігіп, қонақ қылып күтеді. Дінге құлшылық белгісі ретінде «Имамның үйіне дәретсіз ешкім кірмесін» деп жарлық етеді. Бұл Абайдың Семей оқып жүрген кезі болатын. Ол ертеңгі шай үстінде имамның орналасқан үйіне кіріп келеді. Құнанбай баласының әрі дәрет алмай, әрі рұқсатсыз келгенін тәртіпсіздік деп санап, оған ұрсады. Әкесінің ренжуіне жауап ретінде: – Асығыс келуімнің себебі менің Имамнан түсінгім келетін сұрағым бар, рұқсат болса? – дейді.

Имам «сұра» депті.

Абай: – Біз құлшылықты кім үшін істейміз?

Имам: – Әрине, жаратушы бір құдай үшін.

Абай: – Тақсыр, ол жаратушы алла-тағала тыста ма, жоқ осы үйдің ғана ішінде ме? Біздің тысқарыда, өз үйімізде қалай болса солай жүруге ерікті болып, бұл үйге ғана дәретсіз кірмейтініміз қалай?

Сонда әкесі ашуланып баласын қуып шығыпты. Соңынан Имам: – Құнанбай мына балаң жанып тұрған от екен, келген жерінің қиынын-ай? – депті.

Абайдың кейбір мүлік-мұрасын 1932 жылға шейін қолында сақтап келген (тоғызқұмалағына шейін), қызы есебінде

болған келіні Камалияның айтуынша: Абай анасы Ұлжанның бауыры Сақтыбаймен, оның дәлелдеп айтатындығына сүйсініп, әңгімелескенді ұнататын. Бір күні Абай Сақтыбайға: – Біз: Тәңірберді, Ысқақ, Абай, Оспан төртеуіміз кедей болып сенің қолыңа барсақ, сен бізді қалай пайдаланар едің? – дейді. Сақтыбай ойланбай-ақ: – Тәңірбердіні жылқының қосағасы қылар ем, Абайды дауға, Оспанды саудаға, Ысқақты қонақ қылар едім, – депті. Мұны естігенде Абай қарқылдап күлетін (Орталық ғылыми кітапхана, қолжазбалар қоры, №628, 195-б.).

Абайдың өткір тілін, әсем сөзін, талай шиеленіскен дауларға түсіп айтқан ақылды биліктерін баяндайтын біраз естеліктер, материалдар бар-ды. Әділдігі, шешендігімен Абай жиырманьң үстіне жаңа шыққан кезінен-ақ үлкен беделге ие бола бастады. Оның атағы оязной түгел («уездный начальник»), Семей губернаторына жетті. Ел арасында «Аузымен құс тістеген» ақпа дәугер, алмас тілді – ақын, әділ билік иесі деген атақ та кеңінен тарады. Абайдың беделінің артқаны сонша, өзә ресми қызмет орнында болмаса да, болыс сайлау науқанында оның сөзі, ұсынысы жүріп отырған. Абай қолдаған үміткердің ісі оңынан туған.

* * *

Абайдың шын мәніндегі би болып қалыптасуына өскен ортасы әсерін тигізді. Жораға түсу, билік айту – Ырғызбай-Құнанбай әулетінде атадан-балаға тараған дәстүр. Арғынның ішіндегі Тобықтының аты Абайдың арғы аталарының бірі Ырғызбай (Ырғызбай шамамен 1750 жылдары туған) кезінде шыға бастады деген бар. Зерттеушілердің ақпарынша Ырғызбай беделді би болған.

«В памяти слышавших его надолго сохранились песни, скороговорки, пословицы» – дейді М.С. Сильченко. Мықты билердің қатарына кірмегенімен, оның өмірі өз руына жүрген. Ауыз әдебиетінде құнын ала алмаған дәугердің «мойын-басы

былқылдап, Ырғызбай жүрді араға» деген сөз кездеседі. Сірә, бір сөзді, бір түйінді басшы болмаған сияқты. Тобықтының қонысы көршілес рулармен теңеген, оның ықпалын күшейте түскен – әрі би, әрі көсемі Кеңгірбай. Ол қартая келе өзінен тараған ұрпақ ішінен беделге ие бола бастаған ағасының баласы Өскембайға (Бір мағлұматтарға қарағанда Өскембай 1778 жылы туып, 1850 жылы 72 жасында дүние салған) өз жолын өз қалауымен берген.

Болжауы дұрыс болған. Өскембай елге беделді, қазақтың жол-жоралары ережелерін әділдікке сүйене отырып қолданады. Тобықты ішінде сол кезде «Ісің адал болса, Өскембайға бар, арам болса, Ералыға бар» (Бұндағы Ералы – Кеңгірбайдың баласы) деген мәтел тараған (Мұқанов С. Абай туралы. Монографияның қолжазбасы. Орталық ғылыми кітапхана, қолжазба қоры. 620 іс, 38-б.). Өскембайдан туған Құнанбай ойшыл, сырлы, терең сөздің шебері, мінезі қатал, бірсөзді, ескі әдет-ғұрып салты мен дінді қатар ұстаған Тобықтының әрі биі, әрі басшысы. Өз әулетінің шеңберіне мәсе тұтпай, қарадан шықса да, Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып бекиді. Абай осындай ортада өсті. Өмірден өнеге алуға жастайынан талпынған бала аталарының шешендік, би болып, ел билеу үлгісінде тәрбиеленеді.

Абайдың өзі айтқандай «Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анасынан, ұстазынан, құрбысынан, әсіресе солардың қайсысы жақсы көрсе, содан көп жұғады» (Абайұлы Тұрағұл. Әкем туралы // Социалистік Қазақстан. – 1945. – 15 август).

Абайдың заманында билер қандай еді деген сұраққа өзі Қара өзеннің қойнауында шақырылған билер жиналысында (съезд биев) сөйлеген сөзінде былай жауап береді: «Бұл билік деген біздің қазақтың ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келе бермейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Өз Тәуке ханның Күлтөбенің басында күнде кеңес болғанда «Жеті Жарғысын» білмек керек, әм ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен өзгеріп, ескіріп, бұл жаңа заманға келмейтұғын болса, орнына татымды толық билік

шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді. Ондай кісі жоқ». Патшаның отарлау саясаты қазақ сахарасында талай өзгерістер енгізді. Солардың бірі – билерді үкімет тарапынан тағайындады. Олардың көбін оязной (уездный начальник) мен болыстар қолшоқпарына айналдырды.

Сөздің қоғамдық құны, аты-шулы билердің билік үлгілерінің (прецедент) кәдірі кете бастады. Бірақ та түгелдей жойыла қойған жоқ. Бұрынғы әділ, шешен, бұқара елдің қамын жоқтайтындардың сынықтары әлде де, бірен-саран болса да, кездесетін. Абай солардың ішіндегі көрнектілердің алды болды.

Арман әртүрлі. Атадан туып елдің азаматы, «көштің басы» болсам деп аңсаған жас жораға түсіп, шешен, тапқыр атанып көпшіліктің көзіне ілінсем деп армандаймын. Заманында Төле би «Тұман түбі – жұт, ақыл түбі – құт, елге бай құт емес, би құт» деп тегін айтпаған.

Дарын-талабына сай би болам, сөзімді жүргізем деген үмітті кісі көрнекті ата-бабаларының артына қалдырған түйінді, өрнек сөздерін, өсиет-мұраларын игеруі шарт! Оларды өзіне үлгі етеді. Осы жолда жетілуіне қарай өседі.

Абай ерте жетілді. Жас кезінен-ақ ел көзіне түсті. Оның тапқырлығы мен шешендігі, әдет-ғұрып ережелерін игергендігі, әділ де қисынды шешімдері көпшіліктің ойынан шықты, ел билеуге әзірлігін көрсетті.

Болжауы мол Құнанбай да Абайды түсінді. Ол әлі жиырмаға толар-толмас жас болса да, ел билеу жұмысына араласуын көздеді.

Семейдегі оқуынан алдырып, болыс сайлауына қатынастыру ойы да болды. Абайдың баласы Тұрағұлдың естелігінде: «Әкем әуелі Құдайберді болыс болып сайланғанда оның кандидаты (орынбасары) болып тағайындалды», – дейді. 1868 жылғы реформадан кейін ол Абайды өз болысына управителдікке ұсыну қимылын жасайды. Бір мағлұматтарға қарағанда Абай оған келісімін бермейді. Осының салдарынан

әке мен бала арасында үйлеспеушілік, іреніш туады. «30 жасында көршілес Қоңыр – көкше-тобықты болысына бірінші реет управитель болып, Абай әкімшілік жұмысын өзінің әділеттілігі мен жігерін ел басын біріктіруге, ұрлық-қорлыққа мейлінше тыйым салуға, оқу-білімнің пайдасын, надандықтың зиянын көпшілікке түсіндіруге пайдаланды» (Қазақ ССР Академиясының ғылыми кітапханасы, қолжазба қоры, №629 іс, 61-бет.). Абайдың өлеңдері мен өмірін терең зерттеушінің бірі Сәбит Мұқановтың жазуынша, «ол сол кезде елде белең алған ұрлық-қорлыққа, барымтаға, тағы сондай қиянаттарға қатты тию салған. Қиянатшыларға мейірім істемейтін қатал болған» (Мұқанов С. Абай туралы. Монография. Қолжазба – Қазақ ССР Академиясының ғылыми кітапханасы, қолжазба қоры, №620 іс, 59-бет.). Әсіресе сауатын ашқан, ия, аша бастаған сезімтал жастар арасынан Абайды жақтаушылардың көбеюімен бірге қарсыластары да бой көрсетті. Өз ата-бабасының, өз ауылының керітартпа ескі салтының шырмауынан шықпаған күндердің күңкілі көбейді. Абайдың оқығандығы, сезгіштігімен алға қарай көш бастауға ұмтылуы оларға үйренген надандық «тыныштығын» бұзатын өрескел іс болып көрінді. Патша ұлықтарының атына Абайдың үстінен арыз берушілер де табылды.

Араға үш жыл салып, Абай болыстық жұмысты тастады. Кейін ол жыл шамасы өткеннен соң, осы елге тағы бір болыс болады. Саналы кезінде қоғам өмірінен қол үзбеді. Округ, болыс бастығы сайлауларында өзінің туыстары ішінен ақылдыларының өтуіне көп күш жұмсады. Елді «түзетемін» деген ойына да күмән түсті.

Ілияс Жансүгіровтың ойынша, Абайдың «Ел бұзылды» атты өлеңінде түпкі сарын «басшыға, әсіресе, елді түзетем, бастаймын деген өзіне бағынбағандығын көп арман қылады» (Жансүгіров І. Абай. Толық жинақ. Кіріспе сөз. – Алматы, 1933. 1-бөлім. 24-б.).

Сол кезде орта жүздің әкімшілік орталығы болған қалалары Омск мен Семейге тоқталып, тұрақтап, қазақтардың әдет-ғұрпы ережелерімен шұғылданған орыс оқымыстылары жер ауып, ия болмаса, бостандық аңсап келіп оқыған жас орыс мамандары Абай ауылына соқпай, ақылдаспай кетпеген. Солардың ішінде П.Е. Маковецкийдің 1886 жылы жарық көрген қазақтың әдет-ғұрып заңдарына арналған кітабына Абайдың тікелей қатынасы бар. Оның Абаймен жақын, сырлас, тамыр-таныс болғаны мәлім. Апталап, айлап Жидебайға қонақ болып, келіп-кетіп жүрген. Абаймен тығыз аралас-құралас жүрген туысқандарының, шәкірттерінің айтуына қарағанда Абай өзінің қолжазбасын Маковецкийге берген, соның атымен шығарғанға келеді. 1909 жылы Петербургте басылған Абай өлеңдері жинағының алғысөзінде былай деп көрсетілген: «... Макаутскидың атына басылған қазақтың ескі әдет-ғұрпы деген кітапты жазып аламын деп жүрген Грус (Гросс – С.3.) ... әм Михаилэс Абайдікіне қонақ болыпкеліп кетіп жүрген» (Әуезов М. Абайдың туысы мен өмірі // Абай. Толық жинақ. – Қызылорда, 1933.361-б.). Гросстың еңбегінде Абайдың көмегі мен әсері мол болған. Мұхтар Әуезовтің ертеректе шыққан бір еңбегінде: «Гирос (Гросс – С.3.) айдалып келген соң қазақтың ескі жорасы бойынша айтылатын билік кесім сияқты ескі әдет заңдарын жиып, қарастыруға салынған, сонымен бұ да Абаймен араласып, қырға шығып, 3-4 айдай Абайдың ауылында жатып қайтқан» (Сода). Маковецкий мен Гросстың аттарымен шыққан қазақтың әдет-ғұрып жинақтарына, солардың ішіндегі Абайдың үлесіне талдау жасау арнайы зерттеудің міндеті. Бұл мәселеге кейін әдейлеп оралармыз.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов айтқандай, Абай ұлы ақын, ойшыл, кемеңгер халық ағартушысы, «соның барлығымен қатар Абайдың ел ішінің ең үлкен, ең іргелі биі болғанын да еске алу керек» (Көкпай әңгімелері // Абай Құнанбаев. Толық жинақ. 11- бөлім. - Алматы, 1940.-275-б.).

Абайдың биліктерінің бір қасиеті – олардың үлкен

тәрбиелік маңызы бар. Нақтылы дауға бітім шығарып, таласты тоқтатып, екі жақтың өзара наразылығына шек қою өз алдына, ауызбірлікке, бауырмалдыққа, сыйластыққа шақырады, шындықты, әділдікті уағыздайды, жәбір шеккендерге, теңсіздерге қайырымшылдықпен қарауды үйретеді. Абайдың өмірі өзгеше заманы басқа болғанмен, оның артына қалдырған мұралары, соның ішінде биліктері, адамгершіліктің қорына қосылған мол үлес. Абайдың өзі де нақыл сөздерінің бірінде: «Мен егер закон қуаты қолында бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деп тқжырым жасайды. Мұның өзі – қоғам өміріндегі ереже-заңға үлкен мән бергендігі.

Біздің қолымызда кезінде жиналған елуден асқан Абай биліктері, оның үстіне Төбе би болып ресми танылған кездегі оның басшылығымен жасалған ережелер де бар. Оларды ретке келтіріп жинақтау және зерттеу келесі міндеттеріміздің бірі. Осы мақалада Абайдың жер дауы және мал дауына қатысты бірқатар бітім-биліктеріне ғана талдау жасап, оқырмандарға ұсынып отырмын.

Осылардың өзінен де көп мағлұмат алуға болады, Абайдың қазақ халқы өміріндегі ақындығына қосымша ерекшелігі, іргелі тұлға екендігі байқалады.

Абай және жер дауы

Ежелден белгілі талас-тартыстың бірі – жер дауы. «Жер құдайдікі» деген заманның өзінде-ақ жайлау, шұрайлы қоныс үшін жаудасуға шейін барған мезгілдер болған-ды. Бірақ, жердің кеңдігі бір қонысты, ұнамаса, тастай беріп, екінші қонысқа ауысу мүмкіншілігі бар уақытта Жерге таластың көп өзгешеліктері болатын. Таластың көбі ұлыс, үлкен рулар арасында болатын да, жеке шаруа, ауыл арасында сирек кездесетін, рудың өз ішіндегі жанжалдар көбінесе сыртқа шықпай, ақсақал, билердің шешімдерімен бітетін. Сол себепті ұлыстың, рулардың ішкі

өміріндегі қайшылықтарға арналған әдет-ғұрып, жол-жоба тәртібінде жер дауы жайлы ережелер аз. Ертеде, дәлдеп айтсақ, XVIII ғасырдың ортасына шейін жерге жеке меншік деген бүгінгі мағынадағы ұғым көшпелі қазақ елінде болмады. Бұдан жер кімдікі болса, соныкі, иесіз жатты деу де қате. Ауыл-ауылдың, ру-рудың жайлауы, күздігі, қыстақ орындары бөлінгендігі белгілі, бірақ та тарлық болмайтын. Қоныстары ауысып отыратын. Малдары қосылып жайылатын, оларды айыратын заманда жер дауының үлкен қоғамдық маңызы болған жоқ.

Абай кезіндегі жағдай өзгеше. Қазақ қоғамының өміріне, соның ішінде жер қатынастарына да, үлкен өзгерістер енді. Жайлау – қоныстың тарылуы, ішкі әлеуметтік қайшылықтардың өсуі ру, ауыл ішіндегі «туыскандық» байланыстардың әлсіреуіне, бұрынғы көшпелі қауымның уақ-уақ болып бөлшектенуіне, жеке шаруа, я болмаса, әрбір ата баласының өз алдына бөлінуіне әкеліп соқты. Жер иеленуде жеке меншіктік өріс алды. Тек қыстаудың айналасындағы қыстық жер емес, жайылымы, су-бұлағы, шалғын сайы бар орындар ана ауылдікі, мына адамның жері болып бөлінді, белгіленді. Малды ауыл, малсыз ауыл, әлді-әлсіз ата баласы, бай-кедей болып жіктелу көбейгендіктен, қонысқа талас, күшпен басып алу жер дауын көбейтті.

Жораға түскен жер дауын шешуде ескі тәртіп, дәстүрмен қатар жаңа ережелер туды. Бұрын жер таласында қонысты, жерді қай ру, ауыл бірінші боп бұрын игерді, қазған құдығы, жер аттары, мола-мазарлары, тасқа ойған ру таңбалары дәлел ретінде бағаланды.

Соңғы уақытта жерді бөлуде, айыруда атпен жүріп тас тастау, меже салу, бақан тігу, шоқы-төбеге белгі салу өріс алды.

1. Абайдың өзінің інісі Оспанға тарттырған айыбы. Кенжесі ретінде Құнанбайдың қара шаңырағына ие болған Оспан содыр мінезді, даңдайсыған, сотқарлау болыпты.

Жазда Оспан жайлауға көшіп кеткенде, қыстаулар, қора-қопсы бағып қалған 12 үй жатақтар ой-ойдағы тың жерлерге

ағаш, соқаға сауын сиырларын жегіп, бірлесіп 20-25 десятина жерді жыртып, азды-көпті тапқан бидайларын, арпаларын шашып, егін егеді. Оны тұяқтыға таптатпай, тұмсықтыға мұқатпай, қорып өсіреді. Маңдай терлері зая кетпей, егіндері көбінесе бітік өседі, алқаракөк болып бұлжылы да толқып тұрады. Күш көлігінің, құрал-сайманның жетімсіздігінен кеш егілген егіс кеш пәсетінді. Дегенмен, жатақтар бала-шағасына көжелік, кеспелік астығын жинап алатын.

Бір жылы Оспан жайлаудан жылқысын айдатып көшіп келе жатқан кезінде жатақтардың жайқалып өскен егісін көріп жылқышыларына:

– Ой-ойдағы жатақтардың егініне жайыңдар! – деп әмір береді.

Жатақтардың егіндерін Оспанның жылқысы аузымен орып, тұяғымен таптап күйе жегендей етеді. Сорлы жатақтар зар жылап, күркелерінің түбінде жер шұқып, іштері күйіп өкінеді де қалады. Бұл кез Қоянды жәрмеңкесіне елдің жүрер қарсаңы екен. Қояндыда билердің төтенше съезі де тағайындалады. Абай осы съезге шақырылады. Ол Қояндыға бара жатып, жатақтардың үстімен жүреді. Жол-жөнекей әрбір ойпанда құрым жапқанолардың күркелерін көреді. «Сусын ішелік», – деп аттың басын бұрып, бір күркеге тіреледі. Алдынан бүкірейген бір шал шығады, сәлем бергеннен кейін, Абайды танып: «Қуыс үйден құр шықпа» деп, Абайды шал күркеге кіргізіп, сусын ұсынады. Сол жерде Абайға Оспанның егінді таптатқанын, соның салдарынан шиеттей бала-шағаның қатықсыз көжеге зәру болып қалғанын айтады.

Абай шалдың сөзін үндемей отырып тыңдайды да: – Ал ақсақал, қасыңа серік ерт те, қос атпен маған еріп жүр, мен ертең жолдағы Оспанның үйіне барамын, сонда осы әңгімені жалғастырайық, – дейді.

Шал: – Біздің 12 қос жатақтың аяқ ылау мінері жалғыз сабау бұт, жауыр дөненнен басқа біздің көлігіміз жоқ, – дейді. Бұдан

кейін Абай өзінің жеккен шеткі атын доғарып, шалға береді де: – Менің атыма біреуің, дөненге біреу мініп, ертең сәскеде, мен Оспанның үйіне барар кезімде келіндер, – деп тапсырады. Келесі күні түске таман шал, қасында тағы бір жатақ, Оспанның ауылына түсіп, Абайдың шақыруымен інісімен бас қосқан үйге кіреді. Болған оқиғаның растығына көз жеткеннен кейін Абай Оспанға: – Қазір өзің бар да, жылқыдан құнан-тайы, аты бар, маған 24 жылқы адап әкел, – дейді. Оспан аң-таң, қадала қарайды. Оспан үйден шығып, жылқыға кетеді.

Жылқыға бара жатып Оспан қиялданады: «Егер Абай осы жылқыны жатақтарға беріп, айдатса, қайтар жолына 3-4 жігіт жіберіп, жылқыны қайта үйіріне қосытрайын» деп, әдіс-айла құрады.

Оспанның үйден қитығып шыққанын жаратпаған Абай: «Бұл содыр, соқтықпа неме, жылқыны айдап үйіне бір әкелер, бірақ жатақтарды ауылына жеткізбей, өзінің сойылын соғатын көңілдерің жіберіп, «ана екі жатақтың жұлынын үз де, жылқыны айдапүйіріне қос» деп те әрекет жасар» деп іштей топшылайды. Оспан 12 ірі жылқы, 12 құнан-саяқтарды айдап келіп, Абайға: – Ал жылқы келді, тілегіңді орындадым, әкеңнің малыңқайда, неге жаратқан қзығына қарауға рұқсат етіңіз, – деп кекете сөйлейді.

Екі жатақтың қасына өзінің қасына еріп келе жатқан Қонды шабарманды қосып: – Мына 24 жылқыны айдасып, жатақтарға барып, 12 үйге, біріне де қиянат етпей, бір ірі, бір құнаннан бөліп бер. Бұл менің Оспаннан әперген әрі төлеуім, әрі айыбым, –деп айтыңыздар, қорықпай малдансын, қажетіне ұстасын, – дейді де, Оспанға: – Бері кел, «құлдық» де, деп бұйырады. Оспан ашуланып: – Тағы қандай әкеңнен қалған малға мырзалықетесің? Тек шаңырақты қорлама, – деп зіл айтады. Сонда Абай: – Әкеңнің шаңырағының қасиетін сақтасаң, көлеңкенде жүрген, жайлауға көшсең, қыстауыңды күзететін, әйелдері іркітінді-күрт, жүнді киіз, малыңның көңін-отын ететін жатақтарда әкеміздің құны кеткен жоқ, сен неге оларды қорлайсың? Алты ай жаз ауруға дем

салғандай етіп күтіп, бәйек болып өсірген 12 үй жатақтың егінін әкеңнің жылқысына неге жегіздің? «Жер ортақ-өсімінде мен-сенікі жоқ» деуің жатақ елінің табанының етін, маңдайының терін бағаламау, ел дәстүрінің ата заңында бар ма? Білмесең бар, ана Нұрсейіттен сұрап біл... жерді, суды сен жаратқан жоқсың, жер-су құдайдікі, соны кім пайдаланып, игілікке үлес қосса, соныкі. Сен жерге малынды жайып өсімін алсаң, жатақ күш-қуатын жұмсап, жерден өнім алуға тиіс. Әкеңнің дәулетінде менің де үлесім бар. Мен солөз үлесімнен емес, сенің үлесіңнен жатақтарға айып әпердім. Менің шешіміме қарсы болсаң, Қояндыда болатын билердің съезіне жүр. «Әдепсіз өскен ұл-қыз өлген ата-анасының сүйегіне тіл тигізеді» деген бар. Сен өзінді олардың қатарына жатқызбаудың амалын ойла, – депті (Абайдың бұл билігі 1960 жылы Жалғызтөбе селосының тұрғыны қарт Исақов Айыздың айтуынша жазылды, Сыбандармен құда, сүйегі – кіші жүз, Байбақты руы).

2. Абайдың туысы. Тәкеженның баласы Әзімбай күшіне, сүйемеліне сеніп, аз Жігітек руының егініне 30 жылқысын жіберіп, жайдырады. Бұны басынғандық деп санап, жылқыларды егін иелері ұстап алады.

Әзімбай ашуланып, 150 адам жинап, сойылдасады. Бірақ жылқыларын қайтара алмайды. Енді ол 300 қол жинап жатқанда оған қарсыласудың қиындығын білген Жігітектің бас адамдары Базаралы мен Дәркенбай түн ішінде Абайға кісі жібереді. Абай ертеңіне егін басында Әзімбайдың, Жігітектен Базаралының шағымдарын тыңдап келіп: – Желінген, тапталған егін үшін, сойылдасқаны үшін Жігітектердің қолында ұстауда тұрған 30 атты төлемге жатқызады. Әзімбай Семей қаласындағы орыс сотына шағым түсіреді. Сот Абайдың билігінен асып түсе алмапты. (Бұл оқиғаны 1962 жылы июль айында «Горный» совхозының тұрғыны Едіжанұлы Әбіштің айтуынша жазып алды, 82 жаста, туған жері Семей облысы, Шұбартау ауданы).

3. Оразбай мен Абай. «Ащы судың арғы жағы» деп аталатын Ертіске құлар жолдағы Уақтың жерін тобықты Оразбай Аққұлұлы «жылқысы Ертістен су ішкізуге бөгет болды» деп, 100 кісілік қол жіберіп, сойыласып басып алады. Осы тартыста Уақы руының жігіттері Оразбайдың 5 мықтысын түсіріп қалады. Семей оязының ресми сотына Оразбай арыз береді. Тергеу жүргізіп бітіре алмай, орыс әкімдері бұл істі Абайға жолдауды мақұлдайды. Ол үшін екі жақтың жүгініске отыруға келісімі керек. Біржағы, сүйегіміз бір ғой, деп келіссе, екінші жағы Абайдың әділдігіне сеніп келседі. Абай екі жағына да тартпай, жүгіністен соң «Қара қылды қақ жарып» мынадай бітім жасайды:

– Анау Ащы су кезінде Уақтікі болатын, оны әкем Құнанбай тартып алды, оның бергі жағы – Ащы судан Доғалаққа шейін Жиреншенің әкесі Шоқа тартып алды. Ащы суға шейінгі орынды Оразбайдың әкесі Аққұл тартып алды. Ащы судың арғы жағы Уаққа қалсын. Қолға түскен бес кісіні Уақтар тобықтыңа қайтарсын. Олардың мінген бес жылқысы (аты) жеріне рұқсатсыз кіргені үшін, сойылға бастап түскені үшін айыбы ретінде Уақта қалсын».

Оразбай бастаған тобықтылар Абай Уақтың сөзін сөйледі, оларға болысты деп қатты даурыққан. Бұл оқиғаны есінде сақтаған, көп білетін 82 жастағы қарт Әбіштің айтуына қарағанда Оразбайдың Абаймен өштесуі осы биліктен басталады. Жүгініс соңынан Оразбайлар «Аруақ атсын!» деп айқайлағанда, Абай:

– Мені ататын аруақ сен емес, – депті. Оразбай: – 3000 жылқыны осы жолға салдым, – деп істі қуатынын білдіреді. Сонда Абай: – Құнанбайда 7000 жылқы бар, жылқы сөйлейтін болса, сөйлетіп көр, оны да қосып көр, – депті. (1962 жылы жазылды. Айтушы Едіжанұлы Әбіш).

4. Әкенің салған белгісі, бітім сөздің желісі» деген бар. Бұл биліктің тарихы 1958 жылы, 73 жасқа келген Архамның айтуынша жазылды.

Ол Көктайдың баласы, Көктай Абайдың інісі Ысқақтың баласы.

Абай туып-өскен Шыңғыс болысымен іргелес – Қызылдыр болысына қарасты Мамай ішіндегі Еламан руынан Жамантайдың екі ұлы болады: Тезекбай, Көжекбай. Әкесі көзінің тірі кезінде оларға малын, жерін бөліп береді. Тезекбай кедей болып, бір сиыр, бір аттан артық бітпейді. Ер жеткен төрт ұлы бар. Көжекбай малды болып, байып, өзіне тиісті жерінің жайылым шөбі жетпей, ағасы Тезекбайдың жеріне ат майын, ұсақ мал болып, жыл сайын малын жаяды.

Байлықтың арқасында оның абыройлы өсіп, бес старшын Мамайдың басты адамдарының арасында ықпалы жүрді. Соларға сүйеніп ағасының жерін өзіне қаратып, меншіктеп алуды ойлап, Еламанның атқамінерлері Қосқан, Тұрарларды бірнеше рет қонақ қылып, ортаға жүргізеді. Олар Тезекбайды Көжекбайдың үйіне шақырып алып:

– Мына ағайынды екеуіңнің жерің бөлінбепті. Біздер ағайын болып, билік айтып, жерлерді бөліп берейік, – дейді. Тезекбай:

– Жерді әкем Жанатай өзі тірі кезінде бөліп берген. Қайта бөлуге рұқсатым жоқ. Жүгініске келісімім жоқ, – дейді. Тілімізді алмады деп ызаланған Қосқан мен Тұрар Еламанның бірталай кісілерін шақырып, жерді еріксіз бөліп, Тезекбайдың көп жерін Көжекбайдың меншігіне қаратып, меже салып, таспенен белгілейді.

Көжекбай алған жеріне малын жаяын десе, Тезекбай төрт баласымен бірге балта, шоқпар алып, жеріне жолатпайды. Дау өрши түседі. Қалайда болса Тезекбайды көндіру үшін бес старшын Мамайдың болыс-билерін, елубастарын шақырып, бір семіз тай сойып, Қосқан мен Тұрардың жерді бөлуін актілетіп, бекітіп алмақшы болады. Болыс-билер Тезекбайға: – Ақсақал, бір старшын Еламанның басты адамдары бөліп берген жеріне Көжекбайдың малын неге жайғызбайсың? Олай болса бізге

билетініз, біздер біржолата дауларыңызды аяқтайық, – дегенде Тезекбай:

– Мен билікке Абайды аламын. Абай алдына барып жүгінелік, – дейді. Болыс-билер:

– Абай бөтен болыстың адамы, ал біздер болсақ туысқан, бірі болыстікіміз. Бізге неге сенімсіздік туғызасың? Біз шешкелі жиналды, – деп бір сөзділігін білдіреді. Тезекбай:

– Төрт балам мен өзімді қырып тастамасандар, берер жерім жоқ, жүгінетін жүгінісім де жоқ, – деп көнбейді. Оның қарсылығына қарамастан Қосқан мен Тұрардың биліктерін бекітіп, мөрлерін басады. Бұдан кейін де Тезекбай төрт баласымен Көжекбайдың малын өз жеріне жайдыртпайды. Төбелес-тартысқа бара алмай, Көжекбай Абайдың алдына барудың айласын ойлайды. Қосқан мен Тұрарға:

– Мына Тезекбай төрт баласы мен өзі өлмей тұрып, жерді беретін емес. Енді өзі қалап отырған Абайына барып, сілесін біржолата қатырып алсақ қайтеді... Сондықтан Абайға жақындасуға сіздердің қандай мүмкіншіліктеріңіз бар – деп сұрайды. Сонда Тұрар:

– Мен Абайдың ең жақсы көретін баласы Мағауиямен жақсы едім. Сен малыңды аямасаң, мен Мағауияға барып, Абайды бұрғызудың амалын ойлайын. Көжекбай: – Малымның ішіндегі екі жыл мінілмей, құр жүрген бурылала атым бар, соны Мағауияға беріп, неғыласыңдар да, осы жерді алып беріңдер, – деп Тұрарға жалынғандай болады. Тұрар бурылала атты жетектеп, Мағауияға барып істің жайын баяндайды.

– Бір болыс Мамайдың билігін бекіттіріп беруге көмектес, әкенді көндірі, – дейді. Сонда Мағауия күледі де: – Ақсақал, менің әкем пара алып, билігіңді теріс айт дегеніме көне ме? Бірақ та өзім үш күннен кейін Ақшоқыдан Жидебайдағы әкеме барғалы отырмын. Бұл сөздің мәнін айтайын. Ылайықты бітім табар, мына бурылала атыңды өзің алып кет, – деп жауап беріпті.

Тұрар Мағауияға сөзім өтпеді деуді ар көреді де, Көжекбайға бұрып айтады: – Мағауия үш күннен кейін Абайға барып, біздің тілегімізді орындап бермек болды. «Атты содан соң алғызып мінермін» деп менімен кейін қайырды», – дейді. Бұған Көжекбай сеніп, Тезекбайға: – Үш күннен кейін Абай алдына барып жүгінелік. Бірақ осы дауды қайталамау үшін әкеміздің атын атап, Абай айтатын шешімге ризамын деп ант ішсін, – деп хабар береді. Тезекбай: – Менің қолым Абайға жетсе болғаны. Абай бар жерімді Көжекбайға алып берсе де ризамын. Ата-бабам Мамайдың, әкем Жамантайдың аруағы атсын», – деп ант етіп, өз сөзінің байлауын айтып, жауап қайырады.

Енді Көжекбай бес старшын Мамайдың бес басты кісісімен, Қосқан мен Тұрарды ертіп, айтылған күні Абай ауылына аттанады. Тезекбай да бір баласын ертіп, о да Абай ауылына жүреді.

Жүгініс кезінде Көжекбай:

– Әкем өлгеннен кейін, маған тиісті жерге мына Тезекбай қора салып алып, баласының көптігін, бәрінің ержеткендігін істеп, малымды жайғызбай қойған соң, Еламанның ақсақалдарын, басшыларын шақырып, билік жүргіздірген едім. Оған да Тезекбай тоқтамағасын, бір болыс Мамайдың болысын, биін, мынау отырған жақсы адамдарын жинап, актілеп, бөлген жерді бекіттіріп алған едім.

Тезекбай оған да көнбей, өлермендік қылып, сіздің алдыңызға билікке келіп отыр. Мен де бір болыс Мамайдың игі жақсы басшыларының сөзін аяққа баспас деп сізге келдім-ді айтып, сөзінің аяғын жұмбақтатып кетеді.

Абай:

– Тезекбай, сен барлық Еламанның, бір болыс Мамайдың бөлуіне, айтқан билігіне неге көнбейсің? дегенде Тезекбай: – Әкем Жамантай тірі кезінде Көжекбай екеуміздің жерімізді бөліп меже салып, тас қойып белгілеп беріп кеткен еді. Бүгінде Көжекбайдың малы көбейіп, абыройы өсіп, менің жерімді зорлық

етіп алғысы келеді. Еламанның басшылары Қосқан мен Тұрар ат пен астың билігін айтады, өзге Мамай адамдарды ақша мен ру партиясының билігін айтады. Сондықтан әділетті билік естісем бе деп Сізге келіп отырмын. Нендей билік айтсаңыз да менің бұлтарарым жоқ, көндім, – депті. Екі жақсы тыңдай келіп Абай: – Көжекбай, сен мына Тезекбайға бір семіз жылқы, үш семіз қой соғым бер. Қыстай барлық малыңды Тезекбайдың жеріне жайып шық. Ал, Тезекбай, сен жаз шыққанша, Көжекбайдың малын жеріңнен қайтарма. Қар кетіп, жер қарайған соң өзім барамын. Бұдан жиырма жыл бұрын әкелерің Жамантайдың екеуіңе жерін бөліп беріп жатқанын көргенім бар еді. Сондағы белгілерді тауып, орталарыңды тыңдап қайтамын. Сонда Көжекбай: – Абай, сіздің бүгін жүруіңізді сұраймын. Бір болыс елдің жақсыларының билік актісінде әкеміздің бөлген жерлері көрсетілген. Сол кезде салған белгілерді көрмесеңіз де болады, – деп ұсынады.

Оған Абай: – Ай, Көжекбай, ісің ақ болса, актілерің хақ болса, бурылала атты Мағауияға неге бердің? Әкең Жамантайдың бөлігін, билігін мен екі ете алмаймын, – деп билігін қорытындылайды. Бұны естігенде Тезекбай орнынан ұшып тұрып: – Билігіңізге ризамын. Құлдық етемін. Бұл Сары Сайтан (Көжекбай) Сіздің де қолтығыңызға кірем деген екен-ау, – деп, ырзалық білдіреді.

Жаз шыға Абай өзі барып, Көжекбай мен тезекбайға жер бөлгендегі әкесінің салған межесін, белгі тасын тауып, жерді Жамантай бөлгендей етіп бөліп, екі ағайын арасындағы созылған дауды тындырарлық етіп шешіпті.

5. XIX ғасырдың соңғы жылдары Көтібақ руы Айқынбай деген кісінің бәйбіше, тоқал – екі әйелі болады. Оның әр қайсысының екі-екіден төрт бала болады. Бұлар әкесі Айқынбай өлгеннен кейін жер еншісін бөліскенде өзді-өзді келіспей, бәйбәшеден туған Кәріпбай бір анадан туған інісі Оспанбаймен жер бөлу туралы жанжалдасып, төбелесіп, Оспанбайға айып

тарттырмақшы, мұқату ойымен төбелес кезінде өзінің шекесін өзі пышақпен тіліп жіберіпті. Бұдан кейін көлденең ағайындар Оспанбайға екі ат-шапан айып кесіп, билік айтады.

Осыған орай Оспанбай сары бурасын және бір атын айыпқа төлейді, бірақ риза болмайды. Бөлінбеген жерге тоқалдың балалары да үміттеніп қалады, «біздің де үлесіміз бар» деп, жер таласы қайта қозғалады. Ауыл ақсақалдарының кеңесімен Ақынбай балалары Абайға жүгініске барады. Жора үстінде Кәріпбайдың өз шекесін өзі кескені анықталады. Абайдың билігі бойынша көлденең ағайындарының Оспанбайға кескен ат-шапан айыбы өзгертіледі, оның берген малын Кәріпбай қайтаратын болады. «Жер бәйбішеге екі есе, тоқалға бір есе есебімен бөлінеді». Бәйбішеден туған Кәріпбай мен Оспанбай екі есе жерді екеуі тең бөліп алсын. Ал тоқалдан туған екі ұл – Иманбай мен Жаманбай бір есе жер алып, тілектеріне сай, өзді-өзді бөліспей, риза болсын» – Абайдың билігімен жер дауы біткен-ді (Айтушы – Архам Көктайұлы Ысқақов. Одан Көтібай руынан Базарбай Науанбайұлы жазып алған. 1958 жылы ол 68 жаста).

6. Абайдың Еркежанды жүгініске отырғызуы. Абайдың інісі Оспан өзімен аралас-құралас жүрген әрі сенімді құрдасы Көтібайға (Керей руының тобықтыға сіңген Құнанбай кезіндегі бір бөлігі): – Менің көзімнің тірісінде Көтібай, сен меннен енші алып, бөлек шықшы, – деп оның еншісіне бір сиыр, бір бие, бір түйе, 10 қозылы саулық, оның үстіне әкесі «Құнанбайдың шиі» аталатын қорықтан Майтүбек дейтін жерді шабындыққа бөліп беріпті.

Оспан өлгесін, үш жылдан кейін, ел бауырға, яғни күзгі жайлауға көшіп келіп, шабылған шөпті қораға тасу басталғанда шаруаны аралап жүрген Еркежанның (бұл кезде Абайға атастырылған) көзіне Майтүбекте үйулі-үйулі шөмелелер түседі де:

– Мына шөпті неге қалдырдыңдар? – деп, тасушыларға сұрау салады.

– Бұл шөп – Көтібайдың шөбі. Көтібай ешқандай шөпті арқалап әкелген жоқ. Шөпті қораға тасындар, – деп Еркежан бұйырыпты.

Көтібай баталмай жүріп-жүріп, Абайға барады. Сөз де айта алмай, үнсіз отырып кетейін деп тұра бергенде, Көтібайдың көзінен сорғалап аққан жасты Абай сезіп қалады да:

– Әй Көтібай, бері келші, отыршы, сен неге жыладың?

– Әншейін.

– Әншейін емес, бері кел, сенің көзіңнің жасында бір сыр бар. Үш түрлі жылас бар: шын жылас, біреуді мадақтап жылау, сонсоң біреуді алдап жылау... Сенің көзінің жасы – шын жыластың жасы.

Сырынды айтшы, неге жыладың? – деп Абай тежеген соң Көтібай: – Кенже Оспан есіме түсіп кетті, – дей салады. Сонда Абай: – Әкем бір, шешем бір, ең жақсы көретін Кенже бауырым Оспанға бұл күнде мен жыламағанда, сен жылайтын себебің не? – дейді.

– Өзіңіз білесіз, Оспан маған енші беріп еді. Сонда маған шабындыққа Майтүбекті ұсынған. Биыл шауып қойған шөбімді Еркежан бәйбәше қораға тасыттырып, үйіп алыпты.

– Шөп сенікі екенін біле ме?

Далада шаруашылықпен жүрген Еркежанды Абай өзінен жоғары, ең төрге отырғызыпты. Оған Абай:

– Кәдімгідей жүгініп отыр, – дейді.

– Болды емес пе?

– Енді екі қолыңды салалап, тізеңнің үстіне сал. – Бәрін орындағаннан кейін Абай Еркежанға:

– Мына Көтібайға сенің қыздай алған байың Оспан марқұм, менің туған інім кезінде шабындық берген, оны өзің білесің. Сонша тарлық жасап, сол шабындықта үйген шөбін қораға неге тасытып алдың? Осының артың аңғардың ба? Көрген-білген әділдікті Абай алдымен үйінде орнатып алсын деп көзімізге шұқып, жүзімізге таңба салмай ма? – деген Абай

сұрауына Еркежан тіл қатпай, үндемей, өң-түсі қашып отырып қалады. Көтібай бұның бәрін тыңдап, үнсіз отырады.

Шөп тасушыларды Абай шақырып алып: – Көтібайдың шапқан жерінен қанша шөп тасып алдыңдар? Енді сол қораға тасыған шөпті, Көтібайдың шөбінен екі есе артық етіп, оның қорасына тасып, үйіп беріңіздер, – деп билігін айтыпты. Бұл билікті естіген Еркежан үнсіз жүгініп отыра беріпті (Айтушы: Қасен Балғабайұлы, Абай ауданы, 1958 жыл).

Абай және жесір дауы

Жесір дауы қазақ қоғамында көп тараған даулардың бірі. Салт-дәстүрдің мейлінше мықты ұстаған, ру тәртібінің әлі қаймағы шайқалмаған ерте кезеңдерде жесір дауы аз кездесетін. Абайдың заманында, яғни, XIX ғасырдың екінші жарымында көшпелі қазақ елінің шаруашылығына да, әлеуметтік-саяси жағдайына да, тұрмысына да, санасына да бірталай өзгерістер енді. Жесір дауы көбейді. Оның жаңа түрлері шықты. Ел басына талай алуан қиыншылық туған кезде жесір дауы халықтың күйзелісін күшейте түсті, іштей ыдырай беруіне себептің біріне айналды.

Ресей патшасының отарлау саясатымен бірге қазақ халқына Европа мәдениетінің рухани байлығының лебі келе бастады, Адам теңдігі, жыныс теңдігі сияқты жаңа ұғымдар қазақ сақарасында, әсіресе оқыған, сезімтал жастар арасында тарады. Ескі салт-дәстүрді, әдет-ғұрып заңдарын бұзбай ұстауды көксеген топтар құрылды. Бұлардың ескінің адамдары деуге болады. Жаңадан бой көрсете бастаған топтардың пікірі – қазақ қыз-әйелдерінің ауыр хәлін жеңілдету, олардың бас бостандығы мен теңдігіне мән беру, осы арада әдет-ғұрып заңдарын ақылмен пайдалану. Бұл ағым Европа мәдениетінен хабары бар, алдағы көзқарасты орыс, татар интеллигенциясымен аралас-құралас жүрген халықты оқу, білімге, ағартушылыққа шақырған қазақ

азаматтарының арасында болды, осындай жаңа ағымның ірі өкілінің бірі Абай еді.

Қазақ салт-дәстүрінде, әдет-ғұрып заңында әйел мәселесіне, жесір дауына арналған ережелер көп-ақ. Олар «Құда болып құрмаласудан» бастап «қалың мал», «шымылдық байғазы» «бет ашар», «Ақ баталы жесір», «ақ некелі әйел», «әмеңгерлік» сияқты қыз-әйелдердің өміріндегі орнын қамтиды. Осыларға байланысты дау-таласты шешу ретін баян етеді. Әйел нәсілінің теңсіздігі мен қоғам өміріндегі әйел орнын кемітетін ескі әдет-ғұрыптар, заң ретінде жүрмесе де, әсерлі әлі де жоқ емес еді. Оған «Құдалық қырқынан шыққан ұл-қызға жүре бастайды» атты салт куә. Әйел, жесір туралы қағида-ережелер әдет-ғұрып заңында ерекше де мол орын алған. Олар қысқаша тұжырымды нақыл сөз өрнектерімен берілген. «Әйел құны —ердің жарты құны», әмеңгерлік — «ерден кетсе де — елден кетпейді», айыпқа «қыз бастаған тоғыз» беру, қызды бітім құралы ретінде ұстау, «қатын малиесі емес», «қатын қайратты болса, қазан қайнатуға ғана жарайды», тағы осылар сияқты қағидалар күшін әлі жоймаған.

1. Абай өзінің беделін, білімін әдет-ғұрпын заңдарына жетіктігін, би атағын қуғын, жәбір көрген, азды-көпті бас бостандығын тілеген қыз-әйелдерге көмекке жұмсады. Абайдың туысқан-тумаларының жазып қалдырған естеліктерінде осы туралы бірталай деректер бар. «Әкем жесір әйелге, жетім балаға қатты қарайласатын», — дейді келіні Камалия. Оның айтуынша, бір күні Әліман деген жас әйел «әкеме қарсы қарап отырып, көзінің жасын моншақтатып жіберді де, ауыр күрсініп: «Менің күйеуімнің (аты Шөте) өлгеніне жыл толып еді. Жасым 23-те, жалғыз еркек балам бар. Туысқандар, мені бірімізге тиесің деп тыныштық бермей жатыр. Мен байға тимеймін, маған көз қырыңызды салыңыз, басымды талқыға түсірмеңіз. Ағажан алдыңызға арыз айта келдім», — деп көз жасын тимай жылайды. Біраз әңгімелесіп, қал-жағдайын сұрасып болып, Абай осы

жесір әйелдің ауылы – Топай руының басты адамдарына хат жазып берді де: – Енді ешкім тимейді, үйіңе қайт, баланды тәрбиелеп өсір, шаруаңа ие бол, – деп ақылын айтып шығарып салды». Ақбордақ дейтін жесір жеңгесін (Мамай руынан, кедейдің қызы) қайынінісі (Құнанбай ауылына жақын адам) әменгерлікпен алам деп зорлық істеп, қараңғы үйге қамап қойыпты. Әйел қамаудан қашып шығып, Абайға келеді.

Өтініш бойынша, бұл әйелді барлық мүлкімен өзінің әкесінің үйіне Абай жеткіздіріп салыпты.

2. Жас кезінен өнерге үйір, домбыра тартумен бірге скрипканы да Абайдың қолдауымен игере бастаған, ақынның шәкірттерінің баласы – Мұқа Семейге қарасты бір дуан елдің болысының, баласы өлгеннен кейін, оның Батиха атты келінін алып қашады. Әдет-ғұрып тәртібі бойынша «ақ баталы жесір» өлген күйеуінің туыстарының біреуіне шығуға тиісті. Қашып кеткенге жаза да, айып та үлкен. «Жаным қалса, Абай арқылы қалады» деп, Мұқа сүйенімен Абайдың ауылына барып паналайды. Іс дауға айналып, Абайға сөз тие бастайды. Дауды өршітпеу мақсатымен Абай өзі барып кезедсіп, шешендігімен, беделін салып оқыған Әлімқан болысты тоқтатады.

Келініне ол бостандық беруге көнеді. Бұл жерде Абаймен силастығы да қымбат болған сияқты. Кейін Мұқа мен Батиханы Абай өзінің қарауына алыпты. Олар Семейдегі «Народный дом»-да қазақ халқының әні мен күйінен концерт беруге қатынасқан (Жаздырған: Ақметқали Жанбосынұлы, 60 жаста, сүйегі уақ, Семей қаласы, 1962 жыл).

3. «Өз жесірін өзі алса – бітім жақын» деген, Абай атымен аталатын, қағидаға айналған шешімнің шығу тарихына тоқталалық.

Семей уезіне қарасты Көкен болысынан Нүрке Шыңғысұлы мен Абай әрі замандас, әрі дос екен. Достықтың аяғын құдалықпен жалғастырмақ боп Нүркенің қызын Абай Мағауия деген баласына айттырады. Қазақ ғұрпымен

мал алысып, Мағауия Нүркенің қызына жасырын күйеу болып келіп, қызбен жолығады. «Қолұстау» деген, күйеудің малымен, жыртыспен баратын, белгілі тойы болмақ болып, Абай Мағауияны «Нүркенің қызын алмаймын, күйеу болып бармаймын», – деп, көнбейді. Абай баласына зорлық қылмайды. Ойлансын, жастық қылмасын, Нүрке мен менің достығымды айырмасын деп Мағауияға ойланарлық сөздер айтады. Кейінге қалдырады. Бұл хабар Нүркенің ауылдарына да естіліп, қыздың құлағына да шалынды.

Осындай күндер өтіп жатқанда Нүркенің қызы әкесімен де, Абаймен де аралас, оларды қатты силаушы үйге келіп, кетіп жүретін Көкше – Тобықты, Белағаш болысында тұратын Айтқазы Жексенбайұлы деген жігітпен кездеседі де, басындағы қиын жағдайын айтып келіп: – Сізді сыртыңыздан естуші едім адал, намыскер жігіт деп, енді өзіңіз кез болдыңыз. Абай баласының жесірі болған соң, сыртқы көзге басым байлаулы. Сөзіңе тұрсаңыз ерлік қылып мені алып қаш, жар қылмай, күң қылсаң да ризамын, жалғыз-ақ Мағауияның мазағынан құтқарсаңыз болады, – деп қыз Айтқазыға жабысады. Айтқазы үйіне қайтып, қызға уәде байласқан күні түнде 10 жігітпен келіп қызды алып қашады. Нүрке қызының қашып кеткенін білген соң Абайдан ұялып, не қыларын біле алмай сасды да, Абайға хат жазып кісі жібереді. «Өзіңіз Семейге келіңіз, сол жерде ақылдасайық» – депті.

Хатпен танысқаннан соң Абай: Нүрке қызын өз қолынан берген жоқ шығар. Айтқазы екеумізбен де дос еді. Бүгін оған аттана шауып жаулық іздемейік. Бір айдан кейін өзім Семейге барамын, сонда бір ақылы болар деп жауап қайтарады.

Нүрке Абайдың сөзін күтіп жата береді. Айтқазыға кісі жібермейді. Айтқан мерзімде Абай Семейге келеді. Нүрке Абайға бұрынғы достық қалпында амандасып, сөйлесіп отырады. Қайтатын мезгілі болғанда Нүрке сөз бастайды: – Абай, екеуміз әуелден дос болып едік. Тобымызды сүйек айырсын деп, құда

болып, екібаланы қостық, кінә сіздің баладан да болды. Менің балам шыдамсыздық қып қашып кетіп, мені Сізге қарабет қылды. Сізден қатты ұялдым. Ендігі ақылын өзіңіз табыңыз, – дейді.

Сонда Абай:

– Әй, Нүрке, сөзіңнің бәрі рас, бірақ өз басың таза, көңілің ақ болған соң ұялуың жөн емес. Тентектік екеуміздің баламызда да болды деп өзің айтып отырсың. Ендігі менің тапқан ақылым өзіміздің бұрынғы достығымызды айырмай айырмай жүре беру, Айтқазы Тобықтының баласы, алса, өз жесірін өзі алды, зорлықпен алған жоқ шығар. Қыз мұңын шаққан соң, ерлік мінезі ұстаған шығар, мен оны да кінәлап қумаймын. Осы кездесуімізбен аяқталсан, басқа ақылым жоқ, – депті.

Бұл сөзден кейін Нүркенің көңілі тынып үйіне қайтады.

Өзі жасырын Семейге келіп, осы әңгіменің бәрін естіген Айтқазы Абайдың жатқан пәтеріне келіп, үйге кірмей, есік алдында тұрып бір жолдасын Абайға жібереді:

– Барып, Абайға менің сәлем беруге келіп, есік алдында тұрғанымды айт, – дейді. Абайдың рұқсатымен үйге кіріп, төмен келіп отырады. Сонда Абай:

– Әй, Айтқазы, бұрынғылар айтқан «досың да ер болсын, дұшпаның да ер болсын» деп, бір жағы сен менің інім, бір жағы досым едің, ерлік бетінді мен қайырамын ба?» Бұрынғы орныңа отыра бер, – дейді.

Айтқазы:

– Абай аға, өзіңіз ерке қып өсірген соң өлерімді білмей өрге шауыппын. Сіздің менің ісімді кек көріп айдатып, байлатқаныңыздан «өз тентегім» деп кешірім қылатыныңыз ауыр болды. Өлімнен ұят күшті деген осы екен, кінәлі болғанымды біліп, өзіңізге келдім, – дейді.

Абай:

– Мен басымнан кешкем, енді шын кештім, – дейді де, басқа әңгімеге көшеді.

Кейін бұл іс күтпеген жерден үлкен шиеленіске айналды. Абаймен басы араз, бір жақ елге басшы болып жүрген Оразбай Жалпақ деген жерде болған Семейге қарасты 4 үйездің төтенше билер съезінде Абай мен Нүркенің келмегенін пайдаланып, Тобықтыдан келген билердің басын қосып:

– Бұл Нүрке аяқ астында отырған аз ауыл Уақ еді. Тобықтының алалығын пайдаланып Абайдың жесірін басқа біреуге беріп жіберді. Оған Абай кектеніп жауласуға маған сенбеді. Нүрке Оразбайға қосылып кетер деп қорықты. Сондықтан Нүрке мал да, айып та бермей кетті. Біз түбі бір Тобықтының баласымыз. Абаймен араздығым үшін ел намысын сатпаймын. Осы съезде Нүркеден жесір даулап, берген қалың малымызды айыбымен қайтар деп съезге арыз түсірейік, – дегеніне бірқатар Тобықтының билері еріп:

– «Абай кешсе де, біз кешпейміз, жесір көптің жұмысы» деп желігіп, Абайдың жақыны Қазыбек дейтіннен арыз түсіреді. Нүркені съезге шақырады, бірақ ол келмейді. Арызды қараушы билер «Нүрке съезден қашты» деп қортындылап, сыртынан Қазыбекке «15 түйе қалың мал төлесін, 10 ат айып төлесін» деп билік айтады.

Нүрке Тобықтының бұл билігін кек көріп, Көкен болысының басшыларын жинап, Тобықтыдан жер даулатпақ болып үш уәкілдің атынан үйезге арыз түсіреді. Аямай шашқан ақшаның арқасында Семейден землер барып, Шығыстың Сарша, Ақжол, Білде, Жылыөзек деген бірталай қоныстарын Көкенге береді. Бірақ көрші отырған Абайдың қонысына тимейді. Жері кеткен Оразбай, басқа да Тобықтылар амалы жоқ Абайға барып:

– Біз Нүркемен жауласпай, жерімізді кумай отыра алмаймыз. Сен өз жеріме тимеді деп Уаққа бар ағайынның жерін тонатып қоясың ба? Жоқ, Тобықты аруағын жоқтайсың ба? – дейді.

Сонда Абай:

– Ей, ағайын, тыныш жатқан Нүркеге өздерің тидіңдер. Мен Нүркеде жесірім кетті, соны даулап алып беріңдер деп сендерге

айттым ба? Екінші осы жер бөлігінде Нүрке мен менің қатысым болды ма? Қонысымды өзіме сұрадым ба? Енді келіп тыныш жатқан Нүркемен жаулас-даулас дегендерің жөн бе? Меннен басқа да Тобықты баласы Уақпен жауласуға жетерсіңдер! Жәй жатамын, тынышыма қойыңдар, – деп, іске кіріспейді.

Жері кеткен ел Абайға өкпелеп Оразбайдың айналасына топтанады.

Екі болыстың, Көкен мен Шыңғыстың арасында бірін-бірі қаралап түскен арыздар көбейіп, жанжал күшейе түседі. Арқат деген жерде үйез әкімінің өзі қатысқан билердің төтенше съезінде Нүрке жақ басым болып, Тобықтының ұрыларды сүйейтін адамдарына мал кескізіп, абақтыға жабу үкімін шығара бастайды. Нүрке мен үйез басшылары сөздес болған соң оларға қарсы тұрып, қайрат қыларлық Тобықты адамы болмайды. Тобықты мықтылары сасқан соң үйінде жатқан Абайға тағы да кісі жіберіп: – Нүрке уйезге өзінің сөзін сөйлетіп, Тобықтыдан мал мен бас алып жатыр. Бір тоқтау қылмаса, Тобықты елдіктен кетті. Әншейінде қәдірін білмейді екенбіз. Енді бізді туысқан дейтін болса келсін, - деп шақырады. Абай көптің сұрағына шыдай ал-май, Нүркеге хат жазып кісі жібереді. Абайдың хатын оқыған соң Нүрке уйез әкіміне барып тобықтымен қазақшылап өзінің бітіспек болғанын айтып, съезді тарқатады. Ақыры Тобықтыда ақым бар деген Уақтың кісілерін Нүрке Абайға жүгініске жібереді.

Екі жағы да Абайдың шешімін барына мал, жоғына күмән алып тоқтасады. Тобықты мен Уақтың қарым-қатынасы бұрынғы си-лас-көршілес қалпына қайта келеді. Ел аузында бұл оқиға «өз жесірін өзі алса – бітім жақын» деген Абай билігі ретінде сақталды (Ғылыми Кітапхана, қолжазба қоры. «Абай туралы материалдар», № 628 іс, 160-163 беттер).

3. Абайдың інісі Ысқақ Мұқыр елінде болыс. 1870 жылдардың аяғы. Құнанбай қартайып, қажылық жолына түсіп, ел билеу-ден қалған кез.

Ысқақ болыс Есболат пен Жуантаяқ деген елдердің ортасынан үй тіккізіп, билер съезін ашады. Бұндайда әр уақытта басшылықты Абайға берген. Бұл жолы да солай болды. Билер кеңесінде қаралған көп даудың бірі – қыз Қадишаның арызы. Оның тарихы: Тоқалдан туған шешесі ерте өліп, жетім қалған қызы Қадишаны әкесі Пазыл (Жуантаяқ ата баласы) Есболатқа құда болып, бір жігітіне атастырады. Қадиша оны менсінбейді. Бошан – Ақбота елінен Олжабай деген жігітпен көңіл қосып, серт байласып, кетпекші болады. Бұрында Қадишаға сөз айтып жүрген жігіттер барды. Оларға көнбейтін. Олардың бесеуі бірігіп, аңдып жүріп Олжабай мен Қадишаны ұстап алып, Олжабайды сабап, екеуінің аяғына кісен салып, Абай басқарған билердің съезіне алып барып, жазалауын сұрайды. Жүгініске отырар алдында Абай аяқ-қолдарын кісеннен босатады. Қадиша өзінің сөзін өлеңмен айтады:

Қадиша менің атым, әкем Пазыл,
Жастықта жараспай ма құрған әзіл.
Айдалып бұл съезге келіп тұрмын,
Бетіме айдай таңба түсіп әжім.
Алдыңа келіп тұрмын Абай-аға,
Бар шығар Сіздерде де мендей бала,
Айдаған кісен салып жиын топқа.
Бар ма еді, бұрынғыдан қалған мұра?

Қыздың әкесі Пазыл жағын, оның құдасы Есболат адамдарын, кісендеген бес жігітті тыңдағаннан кейін Абай тұжырымын жариялайды: – Мына Қадишаның басы бос болсын, өзі сүйген Олжабайға барсын. Пазыл жағы Есболаттан алған қалың малдарын қайырып берсін. Бес жігіт кінәлі болса да кінәсіз, олар әдет-ғұрып салтына сүйенген, олардың пайдасына Олжабайдан бір түйе айып кестім. Осымен бітісіңдер. Сонда Есболат жағы: – Абайжан, Пазылда мал жоқ, келініміз кетсе де, малымызды кетірмеңіз, – депті. Бұл сөзге Абай: – Олай болса, мына Олжабай мен Қадишаны жазықсыз ұрып, кісен салған бес жігіт сендердің малдарыңды төлесін, – деп кеседі.

Бұндай әділ билікті бұрын естімеген, мүмкін депте ойламаған Олжабай мен Қадиша бостандық алғанына ризалығын білдіріп, қуанғаннан көздеріне жас алып, Абай ағасының алдына тәжім етіп жүріп кетеді. (Бұл биліктің желісі мазмұны жағынан бірдей, үш жерден алдынды: Ғылыми кітапхана, қолжазба қоры № 631 іс, 25-27 беттер: Абайдың әдеби-мемориалдық музейі, «Абай туралы естеліктер», Кәрім Ақбергенұлының материалы. Кеңгірбай ұрпағы Ахметбек Мұртаза ұлының айтуынша 1958 жылы жазып алдық).

4. Сыбанның қызы Зылиқаны Керейдің Шақантай деген жігітіне айттырады. Қалыңдық ойнап жүргенде күйеу бала қайтыс болады.

Жасы алпысқа келген Сабатыр әменгерімді жібермеймін деп Зылиқаны тоқалдыққа алмақ болады. Қыз қарсы, көнбейді.

Сыбандықтар қызын Сабатырға бергісі жоқ. Қыздың қалың малы әуелде 200 қара болып тағайындалған-ды. Екі атаның арасында екі жылға созылған жанжал ұлғайып, барымталап жылқы шауып алу өріс алады. Соның біреуінде Керей жақ Сыбанның 170 жылқысын барымталайды. Бірнеше рет биліктен өтеді, бірақ та бітіске келмейді.

Қарқаралы уйезі мен Семей уйезінің бас қосып Аягөзде шақырған съезінде бұл дауды бітірсе, Абай бітіреді деген қортынды жасап, екі жақтың келісімін алып, Абайды Төбе би сайлайды. Абайдың сұрауы бойынша, оған көмекке Ысқақ пен Шәкәрімді, Жиренше мен Оразбайды береді. Тергеу үстінде бұлардың өздерінің арасында пікір талас туады, көпшілігі қызды Керей шалына тоқалдыққа беруді жақтайды. Абай өзінің билігімен Зылиқаға бас бостандығын береді. Оның тумалары Керейден алған қалың малын қайтарады.

Барымтаның білінгендері толық есепке алынып, білінбей күмән ретінде қалғандары «сырымта» болып есептен шыққан. Дау бітіп, елдің өзара тыныштығы орнаған. (Айтушы: Зылиқаның тумаларынан естіген Бірім ақсақал, Семей облысы,

Покровка ауданы, Қарасуда тұрады, сүйегі Уақ, 1961 жыл).

5. Мұқыр болысына қарасты Көкше руынан бай Шоламбайдың 23 жастағы жалғыз баласы Әзімқан қайтыс болады. Жетісіне жетпей жасы 70 тен асқанда өзі де дүние салады. Екі жас әйел жесір қалады.

Әзімқанның әйелі Батырбай, 22 жаста, ұл баласы Балтақай 2 жаста, Шоламбайдың тоқалы Аналық, 25 жаста, Ырғызбайдың нәсілінен, өзі сұлу, ақылды, «ұжымақтың қор қызындай» деп аталған. Қаралы жыл өткен соң сырт ағайын, Көкшенің басшылары жиналып екі жесірге орын белгілейді. Әмеңгер көп. Тек Шоламбайдың әкесі Бозамбайдың 10 баласының тұқымдары бар. Ақсақалдар алдыменен Аналықтың дағдырын шешті. Өйткені ол байдың әйелі, оның үстіне – Ырғызбайдың нәсілінен, «разы болмаса Көкшенің күлін көкке ұшырады» деп сескенді. Аналықты маңдай алды жігіттердің бірі Нұрымбайға (Бозамбайдың үлкен баласы Сатының ұрпағы) тигізуге байлау қылды. Екі жағы да риза болып еншісіне тиген 100 жылқы, 150 қой, жасау-жабдығымен Нұрымбай ауылына көшіріліп берілді.

Екінші жесір Батырбайға Бозамбайлықтардың арасында талас ұлғая түсті. Кенжеғұлдың баласы Алтынқан рет менікі, «мен аламға» салды:

«Қатынды алам, ал маған бұйырмайды екенсіңдер, малдың жарымын алам. Саты тұқымы үлкен марқалығынан бір қатынды алды. Мен Кенженің тұқымы бола тұрып қалайша қатыннан құр қалам? Егер айтқаным дәл келмесе өлемін, я біреуді өлтіремін, бірге айдалам», – деп жерді қамшымен сарт-сарт еткізіп, жапырылып жатқан көкорай шалғынды бытшыт қып шаңын шығарады. Оны Батырбай ұнатпайды.

Көпшілік те ұйғармады. Алтынқан тоқтамға көнбеді. Жиын-жиылыс бірнеше күнге созылды. Ақырында жесірді Бозамбайдың екінші баласының тұқымы Шыңғайға тигізуді байлау жасады. Батырбай ырза болмады, неке оқытамыз дегенде неке суын ұрттамай, ойбай салып үйден шыға жөнелді.

Шыңғайды үйіне кіргізбейді. Аузы дуалы ақсақалдар жесірге де, Алтынқанға да ақылын, сөздерін алдыра алмайды. Алтынқанға: «150 жылқы, 100 қой енші берелік, тоқта шырағым» десе де, «Батырбайды мен аламын» деуін қоймады.

Жиылыс сайын Бозамбайлар көпшілік алдында керілдесе, боқтаса келіп, жұдырық жұмсап таяқтасып кетеді. Бас жарылады, қол сынады.

Жесір Батырбай мен оған әменгерлікке ұйғарған Шыңғайдың арасы шиеленісе түсті. Жазған күйеуі оны көндіремін деп төбелесуге шейін барды. Батырбай көнбеді, кейде Шыңғайды көтеріп соғып тепкілеп тастайды, ауыл адамдары айырып алады. Шыңғай зорлықпен үйге кірем десе, қолындағы қарыс пышағын жалақтатып, бір қолына баласын ұстаған бойында, кәне келіп көріңізші, қайнаға, құдай біледі жарып тастаймын, нең бар менде, мен байға тимеймін деп ойбай салады. Осылай күндер өтіп жатты...

Алтынқан бүлік салуын әлі де тоқтатпады. «Батырбайды қайтсем де мен аламын» деуін қоймады. Әсіресе ел жайлауға шыққанда қонысы Шығай ауылымен қатарлас келсе, екі жақ болып қолдарына сойыл-шоқпарын ұстап төбелесулерін қоймады. Қызыл жүсе болды, бас жарылды, қол сынды, төбелеске қатындары да араласты. Көшіп келе жатқан бейбіт елдің түйесі үркіп, жүгі аударылып, қазан-аяғы қирады.

Бүлік асқынып, насырға шапқасын тағы да көпшілік жиналды. Бұл жолы сырт ағайындары – Тобықты мен Мұқырдың бірқатар жақсылары бас қосты. Олар Батырбайды Шыңғайға көндірмек болып еді нәтиже шықпады. Алтынқанға да бұрынғы жоба мен сыбағанды ал да, әуреленбей-ақ қой, – деп еді, өршіп түсті. «Қатынды алам, басымды тіктім» деп отырып алды. Шығайғада: «көнбеген, разы емес қатынды қайтесің, еншінді берелік» десе о да көнбеді. «Билік екеу ме, мені мазақтайсыңдар ма? Батырбай некелі қатыным, кенбесе төрт аяғына төрт қазық қағып тұрып керіп көндіремін» деп

бураша шабынады. Ақсақалдар айтқан ақылын алғыза алмай өздері де қиналды, әуреде түсті. Ақырында Олжай ақсақалдың пікірі қабылданады. Оның ұсынысы: Бұрын талай тазды емдеп едік, ауымыздың дуасы кеткен екен. Біздің шын ұшығымыз Бозамбайларға – бай балаларына даритын емес. Менің ойымша бұларға Абайдан басқаның емі қонбайды, құдай біледі, Абайдың алдында біздің алдымыздағыдай бұлар тұра жүгіріп, төбелесіп кетпейді. Тіпті даурыға да алмас деп ойлаймын, Абайдың салауаты басып кетер, – деп еді, оны көпшілік мақұл көрді. Ауыз керісіп отырған, ала көз болып алған Бозамбайларды шақырып, ақсақалдар өз байлауларын естіртіп еді, олар: қайда айдасандар да барамыз, би таңдамаймыз, – деп мақұл алыпты. Сонымен көпшілік Абайды шақыртпақ болды. Болған істің жағдайын айтып хат жазылды.

Абай Мұқыр елінің болыс, басшыларын, тілмаш, стражниктерін де қатыстырып, Тасқұдық дейтін Бозамбай ауылдарының жерінде билер мәжілісін шақырады. Бұрыннан Абай келген жиынға адам көп келетіні мәлім. Бұнда да солай болды. Тікелей жұмыстары болмаса да, Абай келді деген хабарды ести сала атпен ерте шығып кештетіп жететін қоныстардағы адамдар жиналады. Олар Абай сөзін тыңдағысы, есіткісі келеді, көрмегендер оны көріп қайтады. Жиын басталады. Абай сөзін көпшілікке, ақсақалдарға арнап былай бастапты. – Қазақ әдетінде әке дәулеті, жер, су, мал-мүлік еркек баласына мирас. Әкенің мирасқоры еркек баласы. Жетімге, жесірге болысу ата-баба, мұсылмандықтың белгісі. «Жетім жыласа – жер-көк тітірейді» деген үлгі сөз бар. Енді болыс, тілмәш, стражниктерге қарап: – Қоластарыңыздағы елде екі жас - жарым-жетімнің малын талап алып үлесіп, сүймеген жесірді еріксіз ұрып соғып, көндіргісі келеді.

Күш қолдарында емес пе? Болыстық ұзын найза, жүйрік ат сықылды емес пе? Не шаппай, не шанышпай тентекке бір сөйлесіп, есекке бір сөйлесіп, ұрыға бір сөйлесіп, құрыға бір

сөйлесіп, көлеңдеп көзден тайып, тасалап, доң асып көрінбей жүргендерің мақұл ма?

Протокол жазып, қол қойғызып жоғары ұлыққа бермейсіздер ме?

Абайдың бұл сөздері жиналғандарға, соның ішінде Бозамбай тұқымдарына әсерін тигізді.

...Бұдан кейін Абай үйді шамалы уақыт оңашалап, болыс, басшылармен сөйлесіп алып, жесір әйел Батырбайға таласқандарды бір-бірлеп шақыра бастады. Алдымен түгін сыртына тепкен Алтынқан келді. Абай оған жиылыста отырған басшыларды атады: волостной Управитель Әбен Бітімбайұлы, волостной писарь Алексей Познаков, ақсақалдардың ішінде Олжай Сапақұлы, тағы басқалар, – деп келіп сөзді өзіне арнады. Абай: – Бұладамдарсіздердің асқынып кеткен жанжалдарыңызды әділетпен жайғастыруға, ұғындыруға жиналып отыр. Егер бұл жанжал бұл топтың басынан асып ұлғайып кететін болса, бастығы сіз болып жанжал иелері тиісті орындағы жоғары ұлық алдында (орыс әкімдері) жауапқа барарсыздар. Сол үшін өзіңізді Хакім алдында есептеп, тымағыңызды қолыңызға алып, қамшыңызды тастап, төрге қарай жүгініп отырыңыз. Енді жете алмай жүрген арманыңызды ашусыз айта беріңіз, – дейді. Алтынқан бозарып, өзгеріп, бұрын малдың жарымын аламын деп жүрген, енді: – Маған үлкен үйдің малының керегі жоқ, қатынның қара басын алсам, іргеден шығарып алсам деймін - арманым сол, – деп бітіреді.

Абай: – Бұл қатынды алған адам іргеден шығарып алмайды, кім болса да байдың үйіне кіреді, дәулетін өсіремін, өшірмеймін, өз басым ішіп жемеймін деп, ант етіп, уәде береді. «Дос жылата, дұшпан күлдіре айтады» деген, Сіздің байдың үйіне кіріп қатын алуыңыздың тіпті орайы жоқ, қыдырлы табалдырықтан аттайын дегеніңіз өзіңізді өзіңіз білмеушілік, – деп айта келіп, көпшілік бұған айтарыңыз бар ма? дегенде ақсақалдар: бұрыннан осыны айта-айта жағымыз қарысты, – деп бірауыздан сөйлейді. Алтынқан

көнбейді: – Атқа мінгеннен басқа қандайлық тентек мінезім бар? Бір де біреуге бұрын ұмтылып көрген жан емеспін. Алыс жол барымтаға барғанда Тобықтыдан лақ азық алмай кететінімді ақсақалдар анықтайтын шығар, – деп қарсыласады. Абай талай кездегі өзінің, көрген Алтынқанның бұзақылық істерін мойнына салады. «Сіз ұрлығыңызбен тұрмайсыз, әліңіз келетін адамды, аз атаның баласын алып ұрып тепкілейсіз, қәдірлі ақсақалдардың айтқан ақылын алмайсыз! – деп Абай біраз қысады. Алтынқанның көнбеске ылажы қылмайды. Аяғында: – Абай-аға, міне құдайға шын пейілім – қатынды қойдым ақсақалдар бұйырған енші малымды беріңдер, – дейді де қағазға қол қояды.

Шыңғай шақырылды. Абай мен Шыңғай арасында болған айтысты келтірейік. Абай: – Шыңғай-аға, Сізге жесір келініңіз теліген екен, келініңіз Сізге разы болмапты деседі. Үйіне Сізді жуытпай байбалам салғандықтан, жанжалдан жанжал туып ұлғайып асқынып кетіпті.

Бүгін бұл жұмысты бітіріп, мүлдем тоқтатуға бастығы болыс боп, тілмәш боп, ақсақалдар келіп отырмыз. Келініңіз разы болмаса да, алғаным алған дейсіз-бе? Қысқаша ғана жауап беріңіз. Шыңғай: – Абайжан, қатын алайын деген ойымда жоқ еді. Жоқ жерден ақсақалдар маған тигізді, некемізді қиғызды, мал сойып тойшық та жасадық. Неке екеу емес біреу, алған қатыным алған деймін. Абай: – Шыңғай-аға, азырақ сөз тыңдаңыз. Адам баласының өмір жүзінде екі-ақ досы болады. Бірінші – әке мен шеше баласы үшін жанын қияды, жылы жүрегі бір суымайды. Екінші – алған қатыны. Өзі бөтен елдің әлпештеп өсірген қызы болса да құдалық жүргенде, көп естіп жүрген болса да күйеуін көргенше сағынып, тісі қышиды да жүреді.

Ұрын келген күні жеңгелері апарып тапсырғанша құмартқан жүрегін баса алмай өңі құбылып, аузына дәм салуды да ескермейді. Еркектен әйелдің құмарлығы күшті. Аты көп бірбеткей жаралған, қара қайраты аз болғанмен жігер, намыс, ар-ұяты еркектен әлде қайда жоғары...

Бірін бірі сүймеген әйел мен еркектен бала тумайды. Туа қалса, көбі жарымес, мылқау я мүшесі кем болады. Келініңіз Сізді ұнатпайды екен. Өзіңізді ұнатпаған, пейіл бермеген безер жесір әйелді алғанда қандайлық рақат көрем деп ойлайсыз «Жалақты мінген жауызды бағады, соқырды мінген ақсақты қағады» дегенді бұрынғы өшкен ақылды аталарымыз айтқан. Ұрып-соғып күшпен көндірмекші көрінесіз. Ойлап қараңыз, Шыңғай-аға заңда әйелді зорлау қылмыстың ең жоғарғысы саналатынын есіткен шығарсыз. Разы болмаса да келініңізді алғаным алған десеңіз, Шыңғай-аға, ақсақалдардың сізге айтқаны айтқан, байлауы байлау көрінеді.

Бетіңізден қайтпайтын болсаңыз жетім баланың малын есепке алып санап, қолыңыздан Законға лайық қолқағаз (расписка) аламыз датарқаймыз. Ескеріңіз, ақыл ойы жетпеген жетім малы қазына малы есебінде ғой, ішпей-жемей ол малды өсіресіз, Балтақай (2 жасар баланың аты) оң-сол қолын танығанша сізден уақыт-уақыт есеп алып тұратын нанымды адамнан үш кісі сайланады. Ойланып айтасыз ба, жоқ қазір айтасыз ба? жауап беріңіз.

Шыңғай: – Абайжан, разы емес қатынды қайтесің деген көпшілікке көнбеп едім. Өмірімде алдынан кесе өтпеген, атын атамаған Ол жекемнің де (Олжай ақсақал алғашқы байлауды жариялаған) тілін алмап едім. Алтынқанмен, осындағы тағы да бұзғыштармен көрісейін деп едім. Басымды байлаған да едім.

Сіздің бүгінгі сөзіңізден, қарағым Абай, зәрем ұшып кетті, сен өтірік айтпайсыңғой. Мен шықтым. Келін разы болған күнде де байдың үйін баға алмаспын. Құдайшылыққа араз ашуым жоқ, жесірді біреуіне тигізе беріңіз.

Бұдан кейін ақсақалдар, отырған қауым Абайға қарап, қарағым өзің осында бір Бозамбайға жіп тақ, айтқаның айтқан болсын. Біз бата берейік, шеберлігіңізге разымыз, тәңірі жарылқасын айтамыз, өртті өшіруге айналдың, ендігісін де өзің жайғастыр – депті. Осыдан кейін Бозамбайдың қартайғанда

алған тоқалынан туған Мырзақанды, таласқа түсіп жүрген басқаларды да шақырып, оларды пиғылдарынан қайтарады.

Жесір Батырбай кіреді. Сүт пісірімдей жауап қатпай, Абайдың алдында жылайды. Абай Батырбайға: – Сөзді өзіңе қалдырдық. «Өзі қылған өкінбейді» деген бар. Кімнің болса да етегінен ұстайтын күнің бүгін нақ осы сағат екенін есіңе алып, жауап бер. Мүмкін бүгінге шейін ақсақалдардың аузына ілінбей келген Бозамбайдың біреуіне бейіл берген шығарсың. Енді ақсақалдардың қарсылығы жоқ, ойыңды айт, ұялма, дегенде Батырбай жалмажан жылауын қойып бір қызарып, қуарып, жанындағы Құнбазарға ақырын-ақырын күбірлеп еді. Атағаны Садықан екен. Ол Уақбайдың ортаншы баласы.

Абай Садықанға шамалы уақыт насихат айтып, жетім балаға рахым көзбен қарап, жақсы тәрбие беріп, сегіз жасқа толған соң оқуға бер деп, уәдесін алып, жақсы өмір сүрулеріне тілектес екендігін білдіріпті.

Барлық Көкше және Мұқыр елі болып, Абайдың шеберлікпен жанжалды басып, тоқтау салғанына рахмет айтып, разы болыпты.

Кейінірек Садықан Мұқыр елінің болысына сайланыпты. Оған Абайдың көмегі де болыпты. (Бұл естелік ретінде жазылған. Оның авторы Малдыбайұлы Берікбол 1939-40 жылы Ғылыми кітапханаға тапсырған. Әңгіме Әзімқан өлгенде «Мұқыр болысында көкшеде едім» деп басталады. Қолжазба қоры, № 1450 іс, 21- 22 беттер).

Абай және мал дауы

1909 жылы Петербургте жарық көрген Абайдың өлеңдер жинағында, осыны баспаға даярлаған жақын туыстары алғы сөзінде былай деп жазған: «Абай 30 жасында барша халық ортасында атағы жайылып белгілі болды. Бөтен елдің басшы адамдары құда-тамыр болып жақындық қылып, араздық, жаулық

қылмай жүрді. Ұрылық қылған кісіге, зорлық қылғандарға жазаны аямай салып, қатты қысымшылық көрсетуші еді. Ұры аулының маңынан жүре алмаушы еді».

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ қоғамының ішкі қайшылықтарының бұрынғыдан да гөрі шиленіскен кезеңі. Ресей патшасының Қазақстанды отарлау саясаты тамырын кеңінен жая бастады. 1822-1824 жылдары хандықтарды жойып, олардың орнына үкімет әмірімен тағайындалған әкімдер, билер арқылы тікелей басқару жүйесі енгізілді. 60-70 жылдары Қазақ сақарасын басқарудың жаңа тәртібі орнатылды. Жоғарғы өкімет билігі түгелдей патшаның өз адамдарының қолына, губернатор, уездің әкімі (уездный начальник - «оязной») қарамағына көшті. Ел болыстарға, болыс старшина, ауылдарға бөлінді. Жергілікті халықтың уәкілдерінің шағын өкіметі осы араға ғана жүрді. Қылмыстық істер жаңадан құрылған патша сотына – «орыс сотына» берілді. Билер соты «жергілікті» азаматтық талас-дауларды ғана қарайтын. Бұндай саяси биліктегі өзгерістер халықтар қарсылығын, қозғалысын туғызады.

Шаруашылық күйзелісі, ғасырлар бойы қалыптасқан ел басқару тәртібінің бұзылуы, билердің сайланып-қойылуы ұрлық-зорлықты көбейтті. Елдің тыныштығын алды, бұрын да айтарлықтай болмаған халықтың бірлігіне кеп зияны тиді. Абайдың өз сөзімен айтқанда «ел басына қиындық пен әуре туды, күйзеліс әкелді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан әні алып кетті, міне алып кетті» деп кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді».

Жалпы мүлік ұрлығы емес, мал ұрлығы көшпелі Қазақ ұлыстарында басқа қылмыс түрлеріне қарағанда бұрын да кеп тараған. Оның бірталай себептері бар. Солардың ішінде, әсіресе, еске алатындары:

а) халықтың шаруашылық, тұрмыс негізі мал, «байлық малда», «Малы бардың асы бар, асы бардың малы бар» – өмір сипаты еді. Ұрлықпен айналысып күн көрушілер әр уақытта, әр

жерде болмақ. Оның үстіне, Россияның отарлау, қанау саясатының салдарынан, құнды жайлауынан қуыла бастаған қазақ халқы шаруашылық күйзелісіне ұшырады. Кедейлік көбейді, сонымен бірге ұрлық өсті; б) бітпеген дау, алынбаған айып, төленбеген құн, осылардың арты бармытаға әкеліп соқты. Ертеде барымта орындалмаған бітім мен билікке жауап ретінде қолданылса, кейін мал шапқынына айналды; в) Ру-руға, ру жіктеріне бөлініп, натуральды шаруашылығы басым, бірлігі аз елде шапқыншылық, зомбылық, әлсізге әлдінің әмірі етек алады.

Халықтың тыныштығына тікелей қауіп төнгенде, «жау жағадан алғанда» ғана «бірлік», «ынтымақ», «бас қосу» ұрандары естіледі; г) табиғилығы басым қарапайым елде кеткен кек, қорланған намыс, бітпеген бітім, кейде ғасырлар бойы арадағы тұтанар өрттің шоғына айналған; ә) қоныстары алшақ елдің малдарын түнделетіп айдап кету, малшыларын байлап кету ертеректе жастардың, ұландардың жігіттігін әсерлесе, енді ұрлыққа айналды.

«Хан менен төре қайда? Би менен бай қайда? Олар өріс алған ұрлық-зорлықпен неге табанды күреспеді?» дегенге келсек, көшпелі қазақ елінде басқару тәсілі әр уақытта осал болды. Бытыраған рулардың, ру бөлімдерінің өз алдына ханы я болмаса төресі, биі барды.

Олардың қарамағында, хандық дәуірдің өзінде де, бағынышты, жарлығын орындайтын арнайы жасақталған тұрақты (аппараты) тобы болған емес. Атшы, қосшы, қабаршы, шабарман сияқтыларды ұстады. Олар ең алдымен мырзалардың қосшысы, жеке дәулетін қорушы ретінде жүрді. Төре-билердің арасында билікке, қонысқа таласушылық күнделік әдетке айналғанды. Халықтың, ұлттың тұтастық бірлік сезімі ел басына қауіп туғанда ғана, жау жағадан ала бастағанда ғана оянатын. Осындай жағдай Қазақ қоғамының әлеуметтік, шаруашылық өзгешелігінің, саяси құрылысы, дәуірінің өзіндік ерекшелігінің туындысы.

Құнанбай – Абай заманында, елдің, бүкіл ұлттың болашағы мен дағдыры таразыға түскенде өріс алып бара жатқан ұрлық үлкен-кіші ұлыс көлемінде ауыр кеселге айналды. Бұны түсінген де бар, түсінбеген де бар. Көзі ашықтар, оқығандар, бірен-саран орыс – Европа мәдениетінен нәр алғандар жастар арасында оқу-білім пайдасын уағыздаумен бірге, ұрлық-зорлықтың қиянатын тереңірек түсінді, онымен күреске шақырды. Құнанбай, Абай сияқты ел басшылары ұрлықпен қатты арпалысты. Олардың күрестері өздерінің әулеті, ру көлемінде табыссыз да болған жоқ. Дегенмен де, ұрлықтың тамырына балта шабылмады. Ұрлықпен күрескерлер тым аз еді. Көп жерде ру, ауыл басшыларының өздері ұрлыққа дағдыланып, ұрылардың сүйенішіне, қолдаушысына айналғанды.

Абай өзінің беделін, Кеңгірбай – Құнанбай әулетінің беделін ұрлықпен күресуге салды. Сөздің кәдірі жүрген жерде шешендігін пайдаланды, жораға түскенде әдет-ғұрып, өнеге болып қалған ережелер жөніндегі білімділігіне сүйенді. Жүгініске отырғызып, билігін айтты. Осындай батыл да қатал істерімен Абай ұрлық-зорлыққа біраз тыйым салды, шек қойды. Оның ұрлықпен, тағы басқа да қылмыстық істермен нәтижелі күресі аты мен беделін бұрынғыдан да асырды. Абай әділ, кемеңгер би атанды.

Халықтың, ұлттың қамқоршысы ретінде танылған, тарихта аты қалған Мөңке, Төле би, қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Қаражігіт, Есет сияқты аты шулы билердің, ел басшыларының жолын Абай қуды. Әділдікті ұран қылып ұстады. «Әділ бидің туғаны жоқ» дегенді паш етті.

Абайға жүгініске келген даугерлер үш топқа бөлінетін. Біреулері – ұрыларды жазалайды деп, олардың басшыларынан қанағат, жәрдем көрмей, ұрланған малын қайтару мақсатымен талапкер ретінде келетін. Екіншілер – жақ болып таласып, дау шиеленісіп, сүйек дағына айналып, елді аздыра бастағанда өзара бітімге келе алмай Абайдың билігіне құлдық деп келетіндер

болатын. Үшіншілері – басқа билердің шешімін мойындамай, қайта қарауды талап ететін.

Абайдың ұрлық жөніндегі биліктері – әділдік, шындық жолындағы күресін айқындайды, көпшілік санасына сіңген әдет-ғұрып заңдарының ізгі тәртібін ретті пайдалана білгенін көрсетеді. Баласы Тұрағұлдың «әкем іздеп кеп жүгінгенге аз да болса салмағын досына сала айтатұғын секілді еді, тумаға тартуды ол әдет қылмады, ұры сүйегіш адамға ризалығы жоқ еді» дегендері осыған айғақ.

1. Абайдың төмендегі билігі үлгі, мұра болып «бір дауда екі сыбаға тимейді» деген атпен қазақтың жол-жоба ережелеріне енген. «Абай былай шешкен» екен деген тәртіп басқа билерге сүйемел болған. Абай билігінің осы үлгісі туралы хабар бірінші рет 1945 жылы республикалық газетте жарияланды. Екінші ретте – 1962 жылы Семей облысы Абай ауданының тұрғыны Жандабаев Рахымның аузынан жазып алынды. Бұл биліктің екі вариантының мазмұн жағынан айырмашылығы жоқ та, кейбір кісі аттарында азды-көпті өзгешеліктер бар. Енді оның шығу себебіне келелік.

Мамай руынан Елеман ұрланған құнанын Сарбас руы ішіндегі Құлжабайдан көреді. Екі жақ келісе алмай тартысқа түсіп, ақыры Абайға жүгініске баруға келіседі. Екеуін де тыңдағаннан кейін бірден бітімін айтпай, «өзара келісерсіңдер» деп екі- бесіндіге шейін үзіліс жасайды. Сол уақыттың ішінде Абай өз адамдары арқылы қосымша хабар алып, іштей шешімге келеді. Абай жауапкер Құлжабайға: – Құнанын қайтар, – дейді. Елеман, әлде ризалылығынан ба, әлде көпсөзділігінен бе «айтарым бар тағы да» деп, сөз алып, ұрлықтың мәнісін қайталап ұзақ баяндайды. Абай намазшамға шейін - үндемей отырып тыңдайды.

Абай: – Сөйлеп болдың ба, Елеман? болсаң, – дейді де Құлжабайға қарап: - Енді сен құнанды берме – деп кесім шығарған. Елеман: – Бұл не дегенің, Абай? Абай: – Құнан саған

тиген еді. Оны сөзге айырбастадың. Құнанның орнына сөз алдың, «Саған бір дауда екі сыбаға тимейді», – деп соңғы бітім шығарған. Соңынан Абайдың бұл билігіне «атымыз шықты» деп, екі жағы да риза бопты.

2. Ел аузына ілігіп, ұрпақ қуалаған Абайдың бір билігі «шынын айтқан шығынсыз құтылар» деп аталды. Ережелерге Абай қосқан үлгі ретінде саналған. Бұл да өзара байланысы жоқ екі адамның аузынан 1958-1962 жылдары жазып алынды. Айтушылар: Бекшойын Алпысұлы, Абай ауданының тұрғыны, аудандық заготскоттың Ақшидегі базасында темірші-ұста (1958 жыл), Жақсыбек Кәпірбайұлы, Семей облысы, Аягөз ауданы, жасы 95-те (1962 жыл).

Биліктің айтылуы былай:

Найман руынан Тана дейтін кісінің бәйгеге түсіп, жүлде алып жүрген «Қаракөз» деген аты болыпты. Сол атты Танадан Абай кісі жіберіп сұрапты. Оған Тана: – Мұрын елінде былтыр сауын айтқан бәйге бар еді. «Қаракөзді» соған арнап жаратқанмын. Бүрсікүні жүргелі отырмын. Бәйгіден кейін ат Абайдікі деп жауап беріпті. Келесі күні кермесінде байлаулы тұрған «Қаракөзді» ұры алып кетеді. Тана Абайға кісі жіберіп: - Екеумізге ортақ «Қаракөз» ұрланды. Қолым жеткен жерге сұрау салдым. Ізі табылмады. Абайдың абыройы бар, тапсын да алсын, - деп хабарлапты.

Сол жылы Абайдың бір баласы қайтыс болып, Ескененің кісілері Абайдікіне бата оқу үшін келеді. Олар қайта бастағанда Абай: - Олардың ішінде Балақазы дейтін болуы керек, соны шақыршы маған, – деп, зайыбы Еркежанды жұмсайды. Еркежан аттанып жатқан көпшіліктен: – Сіздердің іштерінде Балақазы дейтін кісі бар ма екен? – дегенінде біреу – я, мен Балақазы, - дейді.

Сізді мырза шақырады.

Балақазы «Абай ұрыны жек көреді» дегеніне қанық, «Абайдың алдында жаныңды сауғаласаң, шыныңды айт»

сияқты сөздерді құлағы естіген, қатты үрейленіп «опырмай, ажалым жеткен екен» деген оймен Абайдың үйіне кіріп келеді.

Абай: – Балақазы деген кісі сенбісің?

Балақазы: – Я, менмін.

Абай: – Еркежан, үйдің жанында кісі бар ма?

– Жоқ.

– Ендеше өзің де үйден шығып тұр, біздің әңгіmemіз бар, - дегенде Балақазы «өлетін жерім келген екен» деп ойға батып, өңі бозарып іштей шындығын айтуға көшеді. Абай: – Әй, Балақазы! Есінде ме өткен жылы найман Тананың «Қаракөз» атын ұры әкетті. Көрген-білген, естіген жерің бар ма? - дегеннің өзінде-ақ Балақазы іштей шошып, «Абай біліп қойған екен, өзім айтпасам болмас» деген оймен: - өзім кетерде ауылдың сыртындағы сайға арқандатып кетіп едім, - дейді.

Абай: – Сайға арқандатып кеткенің рас па?

Балақазы: – Рас. Абай-аға, шындығымды екі рет айттырдыңыз.

Бірінші рет үйіңізге кіргенде іштей айттым. Екінші рет – алдыңызда.

Абай: – Жарайды, шындықты мойындадың.

Жаратылысың ұрлықтың құлы емес, шындықтың құлы екен. Егерде өтірік айтқан болсаң, аямайтын едім. Келісімге келелік: Сол атты саған бұйырдым. Бұдан былай ұрлығыңды тый егер де екінші рет ұрлық қылсаң аяу күтпе, – деп қайтарыпты. Осыдан кейін ол ұрлығын мүлдем қойып, Абайдың сырттан силасы болып кетіпті. Бұл шешім ел ішіне тез тарап, «Абайдың алдына барсаң, шыныңды айт» деген аңызға айналыпты.

3. Абайдың ел арасына кең тараған билігінің бірі «Найман Төлеу».

1958 жылы руы Қаракесек, туған жері Семей облысы Абыралы ауданы, Дегелең Қаратұмсық орны Шахаман совхозының тұрғыны Үйсінбайұлы Ғабдрахманнан (65 жаста) жазып алынды. 1880 жылдары Шар өзенінің бойында Қара

Молада шақырылған билердің төтенше (чрезвычайный) съезінде Абай Төбе би болып сайланды.

Сонда Найман руынан талапкер ретінде Борсықбай, Торсықбай, Сасай деген билерінің Тобықты, Уақ, Керей руларының адамдары мынадай малымызды барымталады, ұрлады және кісі өлімі болды деген шағымы олардың бір топ билерінің қатысуымен қаралады.

Жауапкер жағы Найманның билеріне: – Не дауларың бар? Не талап етесіздер? Ұрланған малдарының белгісі бар ма? Ұрыны ұстадыңдар ма? Сайға құлап өлген адамдарыңның да құнын сұрайсыздар ма? депті. Найманның билері Борсықбай мен Торсықбай кезек-кезек сөйлеп, түйіні: – Бүгінге шейін бұл рулардың басшыларына сөзіміз өтпеді, қолымыз жетпеді, малымызға төлеу, кісімізге құн ала алмадық. Енді Абайдың алдынан ағын тілеп отырмыз деп, шығындарын баяндайды. Бірақ та талас сөзде Найманның «кісіміз сайға түсіп өлді» дегені дәлелді, ұтымды болып шықпайды. Сол кезде Сасай би артынан сөз алады:

Әй, Тобықты, Уақ, Керей! Айқайлап жылқымды алмасаң, ел шауып қиқуды салмасаң, жатқан төсектен сасып тұрып, артыңыздан қумаса, жыра мен сайға жығылып кісім өлмес еді. Нақақтан кісім өлмесе, жалған жала жабар ма едім?

Сақалыммен бұнда келерме едім? Уа, Абай мырза, билігіңе құлдық, кеміне де артығына көндік: дауласа-дауласа шаршадық, – депті.

Абай орнынан қозғала түсіп: – Уа, бұл сөйлеген кім еді? - деп сұраулы.

– Найманның Сасай деген биі - осы кісі, – депті біреу.

Абай билігінде: – Уа, ала жіпті аттамайтын Сасай би жүгініске келсе, мынау сөзді Сасай би айтса, Тобықты, Уақ, Керей, Найманға «аз беріп, көп жарылқар» деп кесім айтыпты. Бұған түсініп, екі жақ та көніпті.

Төлеу беріп, бітім малын алғанда: Ер құнына нар беріпті, түйеге тайлақ, атқа тай, қойға қозы, сиырға бұзау беріпті. «Аз

беріп, көп жарылқардың» менісі осы екен. Абайдың бұл айтқан билігі «Найман Төлеу» аталып, қариялардың айтуынша, осы күнге шейін мақал болып келеді. «Ұры сүйегіш адамдарға ризалығы жоқ еді» дегендеріне осы айғақ.

4. Бір күні үйде отырғанда – Найман Кәріпжан қажы келіп тұр, – деп тыстан біреу хабар берген соң Абай мәсісін, бешпетін киіп, көрпе салғызып, келгенді үйге кіргізеді.

Абай: – Е, қажы неғып жүрсіз? - деп сұрайды.

Қажы: – 7-8 жылқы алғызып, соны қуып келіп қалып едім.

Абай: – Қажы-ай, 7-8 жылқыны өзің қуып келгенің не қылғаның бір бала-шағаны жіберсеңіз де Тобықтының ұрысы әкелген болса алып бермеуші ме едім? деп ренжиді.

Қажы: – Бір ашумен шығып кетіп едім, – деп ұялып қалыпты.

Абайдың тексеруінен кейін күмән Шодыр баласы Смағұлға түседі.

Абай оны жүгініске шақырады. Тұрағұлдың айтуынша, Кәріпжан Қажы Абай үйінде түстеніп отырғанда ағасы Тәңірберді Смағұлды ерте келеді. Абай Тәңірбердіге: – Сіз нағып жүрсіз? Тәңірберді:

– Оспанның сұрауымен мына Смағұлды саған билікке ертіп келдім. Соның жағынан мен де жүгініске қатысу ойым бар. Айыбы жоқ сияқты.

Абай: – Сіз атшабар болғаныңыз ба? Ісіңіз жемісті болсын, – деп жақтырмай, қаталдана сөйлейді. Абайдың бұл сөзіне Тәңірберді өкпелеп, көп уақыт араласпай қояды. Артынан оларды татуластыру үшін Оспанның үйінде үлкендердің жиыны болды. Сол жиында мен де қатынастым дейді Тұрағұл.

5. Қазақ халқының әдет-ғұрып, жол-жоба ережелері бойынша дауларды қарау, шешімге келу істің қисыны мен қайшылықтарын ажыратуға да байланысты, бидің (төбе бидің) жораға түсуіне де байланысты. Шешендігі үлкен іргелі би сұрақты сүйегіне тиетін етіп беріп, арына артып қадай беріп, кейде жұмбақтап, даугерлердің сырын алады, жауабынан сезеді.

Мұндайда іс тез бітеді. Арқатта болатын билердің төтенше съезінде Абай Төбе би болғанда Қытай жерінде тұратын он екі Абақ Қаракерейдің бір айғыр үйірін шектес Найман ауылдары айдап кетіп, бермей қояды. Оязнойдың шақыртуы бойынша съезге Найманның уәкілі ретінде бір қажысы келеді.

Жүгініс кезінде Абай оған: – Қажы, анауыңыз не? Мынауыңыз не? – деп жұмбақтап сұрайды. Қажы бұндай сұрақ береді деп ойламаған, әзірлеген бұрма жауабын ұмытып, жұмбағына жұмбақпен шынын айтуға мәжбүр болады. Қажы:

– Анауым әкірет үшін, мынауым дүние үшін, – депті. Куасыз ұрлықты мойындағанын түсініп, Абай сол бойда билігін жариялапты, Керейдің ұрланған малын тұяғын-тұяқтай қайтарыпты.

Бұндағы Абайдың сұрағы мен Қажының жауабының шешімі:

Абайдың «Анауың не? Мынауың не? – дегені: Не үшін қажыға бардыңыз? Қажы бола тұрып ұрлық істеттеруіңіз қалай? дегені.

Қажының жауабы: «Анауым әкірет үшін» – дегені тәнімнің болашақта тазалығы үшін Мекеге қажылыққа бардым, «мынау дүние үшін» дегені – бұл ісім өмірдегі күн көріске керек болды деген ойды білдіргені.

6. «Әкем Нұғыман Абайдың алдына жүгініске барғанмын» деп өзі айтып отырушы еді, – дейді оның баласы Сәбит. Нұғыманның жалғыз атын кісенін ашып Діндібай, Қарала дейтін ағайынды екеуінің балалары ұрлап алып кетеді. Олар бұрын да ұрлықты кәсіп жасаған.

Атын сұрап барған Нұғыманды ұры ауылының үлкендері тыңдайды, шешім айтпайды, аяқсыз қалдырады. Азар дегенде 3 сом ақша жинап Абайға барыпты. Кіріп барған Нұғыманға Абай шаншыла қарайды. Абай: – Не жұмыспен келдіңіз?

Нұғыман: – Атымды Діндібай - Қарала дейтіндердің ұрылары алған еді. Сұрап ала алмаған соң сізге 5 сом таба

алмай, 3 сом ғана тауып әкелдім, атымды алып берер ме екен деп. Абай онан әрі шаншыла қарайды: – Әй, Нүке-ай, ана бір жылдары Найман елінің дауына барған уақытымда Найманның бір байы менің сөзімді сөйлесін деп 80 сом ақшаны шытқа орап жібергенінде, оны алсам, үш үйез бас қосқан съезде әлгі байдың сөзін сөйлесем, Абай ғәділетті 80 сомға сатты демей ме? Пара жеді десе сүйегіме таңба емес пе? Ел қарғысының астында қалмайын деп қайтарғанмын. Ал бүгін сен 3 сом беремін деп отырсың. Шіркін сол үш сомды ал дегеніңіз үшін үш күн басағада кісен салып отырғызар ма еді?! Қайыр-қайыр, анау Белағаштағы Айтқазы болыстан алған үлгің ғой! Сол болыстар сықылды ғәділетті ақшаға айырбастамаймын. Ертең атыңды алған ұрыны шақыртып, атыңды алып беремін. Ана 3 сомыңды үй керегіне жұмса, – депті.

Айтқанындай Нұғыманның ұрланған аты қайтарылыпты. (Айтушы: Нұғманов Сәбит, Абай ауданы, «Заготскот», 15 июль 1962 жыл).

7. Абайдың алысқа я үлкен думандарға барғанда мінетін атын «Ақерін» депті. Қарамолада төтенше съезд болатын жылы Найманның ішіндегі Қыржы ата баласынан шыққан атақты ұры Аюбай Тобықтыдан барымта ретінде алған жылқыларының ішінде «Ақерін» кетеді. Абайдың шағым сұрауы бойынша сол съезде Найманның белгілі билерінің бірі Жұмақан (Қисық баласы) «Ақерінді» қайтару ісін қарайды. Жүгініске шақырылған Аюбай Абайдан да, Жұмақаннан да кешігіп келеді. Жұмақан Аюбайға:

– Неге кешіктің Аюбай? Жұмақан Ыбраймен (Абаймен) құда дедің бе? (Абайдың баласы Ақылбай Жұмақанның қызын алған) «Құдалыққа құн кешпейді» деген бар емес пе? Мен ел аруағын сатам ба? Абайдың «Ақерін» атын алғаның рас па? Аюбай: – Алғаным рас, барымтаның ішінде екен. Бірақ, оның көзі жоғалды, – дейді.

Жұмақан Абайға қарап: – «Ақерін» атыңызға «екі бесті» кесемін, – деген.

Абай: – Сен Жұмақан болсаң, мен Абай болсам, «Ақерін» мен мінетін атым болса, «екі бесті» «Ақеріннің» орны емес, бірақ өкпем жоқ, төлемін алмаймын. «Ақерін» Аюбайға кетсін, сонымен бұл дау бітсін, – дегенде қатысқандар Абайдың ақылы мен ел тыныштығын жоғары санайтындығына риза болған (Айтушы: Кәріпбайұлы Жақанбек, 95 жаста, Семей облысы, Аягөз ауданы, август, 1962 жылы).

Осы келтірілген Абай биліктері мен билік шешімдерінен қазақ әдет-ғұрып ережелерінің сыр-сипаты, қасиеттері туралы, шешендігі үлкен іргелі билердің үлгісін, тәртібін ұстаған Абай сияқты сырлы асыл сөздің иесі атанған, әділдігі мен адалдығы арқасында, ел намысын жоғары ұстаған жеке адамдардың – билердің тұлғасы көз алдымызда елестейді. Қаймағы бұзылмай тұрған ерікті, ерлікті, адам басын сиялатын ерте замандағы қазақ әдет- ғұрып заңдарының қоғам өміріндегі алған орнын сипаттайды.

*Айтеке би /Сост. Г. Бельгер, М. Акдаулетұлы.
– Алматы: Атамұра, 1998. – 224 с. – 116-154-бб.*

ҚАЗАҚТЫҢ АТА ЗАҢДАРЫ

Қазіргі Қазақстан терриотриясын мекендеген халықтар өмірінде көптеген ғасырлар бойы астаң-кестең оқиғалар мен өзгерістер болды. Осындай қилы тарих шырмауынан қазақтар екі мәңгі құндылықты сақтап қалды, ол – Сөз Құдіреті мен Заң Құдіреті. Қазақ құқығы өзінің реттеушілік мәнін ХІХ ғасырға дейін, кейбір жағдайларда ХХ ғасырдың басына дейін жоғалтпай сақтап келді. Қазақ құқығының бұлай ұзақ өмір сүруінің екі негізгі жағдаймен түсіндіруге болады: біріншіден, көшпелі өркениеттің шаруашылық-тұрмыстық, дүниетанымдық негіздері қазақтың кең даласында жаңа дәуірге

дейін сақталды. Екіншіден, қазақ құқығы халықтың тыныс-тіршілігінің өзегімен қисындас болатын, халықтың өзіне жақын-тәндес, жалпы адам баласының мәңгілік рухани бітім-болымысына, талабына сай болатын.

Қазақ құқығы – қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихымен, ерекшелігімен, адам еркіндігін сүйемелдеген сипаттарымен әлем көзіне ілінді. Ұлы Далада, көшпелі цивилизацияның негізін құраған қыпшақтар үстемдігінің ерте құлдырауы, тиісінше, қазақтың құқықтық мәдениетінің беделі мен рөлінің құлдырауына соқтырмағандығы таң қаларлық жағдай. Бұлқайшылықты Қазақ ата заңының аумағы кең даладай «еркіндік» қабылетінің сақталуымен, «оқшау» орналасуымен түсіндіруге болады. Дегенмен де, ортағасырдағы қазақ даласындағы мәдени-шаруашылық тоқыраудың белең алуы, басқа елдерден көшқұрым артта қалуы қоғам дамуына да әсерін тигізбей қоймады. Ұлан-байтақ Орталық-Азия аумағы тарих сахнасының соңғы шебіне ысырылып тасталды да, ұзақ уақыт бойына ұмыт қалды. Жат елдердің көшпелілер даласын отарлау саясатының іске асуымен байланысты қазақ қоғамы тарих бетіне қайта шыға бастады. Бұл өзгерістер қазақ құқығының кейінгі таңдырында да және оған баға беруден де көрініс тапты.

I

Ортағасырлық шығыс, оның ішінде түркі, қытай және моңғол жазбаларында, сондай-ақ кейбір батыс және орыс жаһангерлерінің, зерттеушілерінің және жаңа замандағы жергілікті қайраткерлердің еңбектерінде біз Қазақстанда «Алтын ғасыр» дәуірі болды» деген құжаттарды жиі ұшаратамыз. Олар халықтың жадында өткен өмірдің сағымы ретінде қазіргі заманға дейін сақталып келді. Ол жоқтан бар етіп, біреулердің ойдан шығара салған қиялы емес. Өз мәні бойынша ол қазақ даласын отарлап алғысы келгендер мен оның еркіндігін аңсағандардың

арасында болған үздіксіз күресті көрсеткен тарихи шындықты сипаттады. Ұрпақтардың арманына айналған бұл аңсаудың негізінде әділ төреші, ақыл мен арды тең ұстаған, әрі шешен, әрі тарихи тұлға «бидің» атымен байланыстырылатын «әділетті тәртіп» идеясы жатыр. Би қазақ даласында хан болған жоқ. Бірақ ол өзінің жеке қасиеттері мен әлеуметтік межелер биігінде ханнан да жоғары тұрды. Сондықтан дахалықарасында «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары, білімі бар» деген түсінік қалыптасқан.

Аса ірі зерттеулері үшін тірі күнінде «Қазақ халқының Герадоты» атанған орыстың көрнекті шығыстанушы-ғалымы А.И. Левшин XIX ғасырдың басында былайдеп жазған еді: «Кіші Орда қырғыздарының (қазақтарының – С.З.) көрнекті ақыл иелері қазақхалқының да тыныш, бейбіт өмір сүрген, заңдар мен әділсөз мерейі үстемдік құрған уақыттары болған деп үнемі айтып отыратын». Автор ол кезенді «халық аңсап» еске алатын «Алтын ғасыр» деп атайды (Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1831.ч. III. - с. 169-170.). Қазақ халқының арасында көп жұмыс істеген және қазақ тілін жете меңгерген тағы бір орыс зерттеушісі А.Е. Алекторов өз бастауын көне заманнан алатын, бірақ XIX ғасырға дейін сақталған билер сотын таңдана суреттейді. Сот әділдігінің көне дәстүрлерін сақтаған билер, оның айтуынша, ежелгі демократия үлгілерін жүзеге асырған. Ол «Істі қарастыру кезінде би және ақсақал дауласушыларға асқан әділдік танытуды өзінің қасиетті парызы санайды. Ол екі жақтың да дәлелдемедерін әбден тыңдап болған соң ғана өзінің әділ шешім міндетті түрде орындалған», – деп жазады (Алекторов А.Е. Киргизская степная газета. – 1890. – №2.).

Ш.Уәлиханов «билердің беделі Еуропадағы ақындар, ғалымдар мен адвокаттар сияқты өздерінің жеке бастарының қасиеттеріне байланысты болған». Зерттеушінің пікірінше, Шекспир мен Гетенің ұлылығы үкімет декреттерінен тумаған,

өздерінің дарындылығынан туған. Сол сияқты билер беделдері де реттелген (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-ти томах. Том 4. А-А., 1985. с. 77.).

Қазақ құқығының қалыптасып, жүйелі түрде дамуына алғы-шарт болған үш факторды баса айтып өткен жөн. Олар: біріншіден, қазақтар және олардың ата-бабалары мекендеген Еуразиялық контингенттегі жердің кеңдігі. Қазақ Республикасы бүгінгі күні территориясы бойынша әлемде 9-орында, 2,72 млн. кв.км., ал 200-300 жыл бұрын бұдан да үлкен – 1,5-2,0 есе аумақ алып жатыр. Екіншіден, көбінесе Шығыстан Батысқа қарай дүниені дүрліктіре ауысқан көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдар мен бірлестіктердің жүздеген жылдарға созылған жолдары, осы Еуразиялық дала арқылы өткен немесе одан басталған. Осы ұлы көш барысында, сонымен бірге Орта Азия мемлекеттік құрылымдарының ауысуы және ыдырауы барысында, олардың бөлшектері осы «Қазақия» деп аталатын «еркін» аймақты мекендейді. Олар өзіндік мәдени демократиялық, әдеттік-құқықтық дәстүрлердің өзін ала келді. Үшіншіден, осы ұлан-байтақ кең далада соғыстар мен жаугершілік рухы бейбітшілік өмірге ертерек ауысты. Жаулап алушылық, жорықтар этномәдени шеңберінде қорғау және өзін-өзі нығайту идеяларына ұласты. Қазақ даласындағы бытыраңқылықтың, өзара араздастықтың бірте-бірте бірігушілік идеяларына қарай ойысуы елдегі қоғамдық қатынастардың бір қалыпқа түсуіне және еркіндік, бейбітшілік, ел бірлігі рухынан нәр алған құқықтық ережелердің рөлін арттыра түсті. Көптеген мыңжылдықтар бойына қазақ сахарасында ауысып отырған ірілі-ұсақты мемлекеттік құрылымдар, әсіресе түркілер мен түркіленген одақтар ұлан-ғайыр далада өздерінің қалпыстасқан түрдегі «әділеттік», «бостандық», «еркіндік» идеяларын мұра етіп, артына қалдырды.

II

Ортағасырлық қазақ қоғамының бүкіл құқықтық әлемінде негізгі билік «Дала заңының» билігі болды. Ал оның қорының сақтаушысы, реформаторы және жүзеге асырушы күші – билер болды.

Би, ең алдымен – сот (судья). Бидің өзінің де, билігінің де түп-тамыры халықтың тарихына байланысты. Сол себепті ол беделді, дәстүрлі билік татарында болды. Ал хан билігін көпшілік бұқара «әкім билігі» деп таныды. Қазақтың көрнекті мәдениет қайраткерлерінің бірі жазғандай «Мықты билер, тілін алмаған хандарды бір кезде тақтарынан қуыршақша алып тастап отырған (Сейфуллин С. Шығармалар. 6 томдық. 1994. – 265 с.).

Би халықтың сана-сезімінде ақиқаттың ақ туын көтеруші ретінде сипатталады. Оған дәлел ретінде билердің мына кәсіптік ұрандарын келтіреді: «Шыннан өзге құдай жоқ», «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы». Билердің негізгі қағидасына айналған бұл ұрандар бойынша адам үшін оның ар-ожданы мен намысын, адамгершілік, әділдік тұрғыдан қорғауды ең жоғарғы қадір-қасиет деп санаған. Бұл моральдық құндылықтар әділ сот мәселесіне тікелей қатысты «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген нақты ережеден көрініс тапты.

Қазақ даласында би болу оңайға түспеген. Оған күрделі талаптар қойылды. Тек «Құдайдың сүйген құлдары ғана» би бола алады. «Би боламын» деген адам тек жеке қасиеттерімен танылып қана қоймай, бірқатар сатылардан тұратын сыннан сүрінбей өтуі керек болған. Далада әділеттің ақ туын желбіретер биге табиғат берген қасиеттерден басқа шешендік, сөзуарлық, ақыл-парасат, қызыл-тілде ешкімге дес бермеу және де «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», «Өз Тәукенің Жеті жарғысында» көрініс тапқан «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгілі сөзінен нәр алу секілді негізгі талаптар

қойылатын. Әрине, билік шеңбері жағынан билердің елдегі беделі мен ықпалы бірдей болған жоқ, шағын ауыл, шағын ру бірлестігінен бастап жүзге, ұлысқа, тіпті бүкіл қазақ еліне жүрген билер болған. Міне, осыған сәйкес билерге қойылатын талаптардың да түр-сипаты, «қаталдығы» да өзгеріп отырған.

Баласының табиғи дарынын байқаған ата-анасы оған би болу жолында дұрыс тәрбие беруше тырысқан. Ең алдымен отбасында оған қазақтың айшықты сөзөнерін, әдеттік-құқықтық дәстүрлері мен ережелерін үйреткен, логикалық мәселелерді шешуді, яғни соттық қызмет барысында кездесетін сан қилы өмірлік мәселенің түпкі негізін табуыды үйренуіне көмектескен, қисынды сөзбен қиюластырған жұмбақ сөздің астарын табуға баулыған. Бұл қызметті ата-анасы үйреткен, аулына белгілі, танымал, көпті көрген, өзінің білген-түйгені мен өмірлік тәжірибесі бар ауыл ақсақалдарынан тәлім алған. Мұндай жас жеткіншектің ерте бастан белгілі билердің алдын көріп, оларға атқосшылыққа жүріп, «далалық» сот ісін жүргізудің қыр-сырын жас күннен бастап игеруі өте маңызды шарт болып есептелген. Ұстаз рөліндегі бұл билер шәкірттеріне кейде билер сотында қарастырылатын даулы істер бойынша шығаруға қатысты өзінің көзқарасын білдіру мүмкіншілігін беріп, оның қабілетін сынап отырған. Кейініректе қазақ халқының ұлы ақыны, әрі Орта жүздің ғана емес, бүкіл қазақтың «Төбе биі» атанған Абайдың әкесі Құнанбай осы екі жолдан таймаған. Құнанбай баласын 6 жасынан бастап Қазақдаласындағы атақты Қоянды жәрмеңкесіне алып баратын. Оның әкімшілік орталығы – Қарқаралыда билердің, ақсақалдардың, шешендердің қатысуымен соттар, жиналыстар болып тұратын. Тобықты руының өзінде де тәжірибесі мол ақсақалдар көп болған. Абай солардың мектебінен өткен. Зерттеушілердің айтуынша, 13 жасында Абай өзінің соттық шешімдерін шығара бастаған. Абай өмірін зерттеуші М.Әуезов бұл туралы былай деп жазған еді: «Руаралық күрестің дем берушінің арасында жүріп, табиғатынан дарынды Абай қаруы – шешендік, ақыл-парасат болған сөз сайысын жүргізудің санқилы тәсілдерін

жете меңгереді. Даулар патша сотында емес, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ әдет-ғұрып құқығы негізінде шешілгендіктен, Абай қазақтың халықтық сөз өнерінің інжу-маржандарын жетік білуі қажет еді» (Әуезов М. Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы // Абайдың өмірі мен шығармашылығы. – А., 1934. 7-8-бб.).

Зерттеушілердің мәліметтері бойынша Әйтеке би де (1666-1722 жж.) дәл осындай жолдан өткен. Оған «оның ерекше талантына қауым мен ауыл ақсақалдары 5-6 жасында көңіл бөлген» (Есламғалиұлы М. Әйтеке би. – Алматы: Жеті Жарғы, 1988. 91-б.). «Болар бала боғынан» дегендей, Орта жүзден шыққан атақты Шорман 13 жасында, кейінірек Сырдария (Кіші жүз) алқабындағы азаттық қозғалысты бастаған Есет (Көтібардың баласы) әк жасында атақты би болды. Толыққанды би атану үшін жеке қасиеттері мен «Далалық заңның» ережелерін білгеннен басқа «жетілгендік» белгісі деп аталатын екі жоғарғы сыннан өту қажет болды. Біріншіден, ол атақты билер мен ойшылдардың «философиялық» сұрақтарына жауап беріп, өзінің ақыл-парасаты мен таным логикасының жеткілікті дәрежеде дамығандығын дәлелдеуі қажет болды. Екіншіден, данышпан ақсақалдардың батасын алуы керек. Сондықтан халық: «Бабаменен ер көгерер, жауынменен жер көгерер» деген. Неғұрлым мықты би боламын деген адам, соғұрлым атақты да, шешен бидің батасын алуға тырысқан.

Мұндай жолдан «билер атасы» атанған атақты Төле би де (1663-1756) өткен. Төленің әкесі Әлібек сол рудағы ең атақты би болған. Әкесі оны «дала заңдарының» қыр-сырын меңгерген деп даулы істерді шешуге бірге алып жүретін. Төле 9 жасынан соттық істерге араласа бастады. Ал 15 жасында атақты би болды. Ол 90 жастағы дана қария Жетес бидің, жүзжастағы атақты Әнет бабаның батасын алды.

Қазақ даласының атақты биіне айналған Әйтекенің де (1666-1722) Кіші жүздің атақты данышпаны Қосуақ бидің

өзінен бата алғандығы туралы аңыз бар. Ол: «Кәрі тозады, жас озады. Ендігі жерде үйде де, түзде де билік тізгінін өзің ұста!» – деп бата берген екен.

Әлі қоғамның мойындауында ие болмаған, би болам деуші адамды да сынау әртүрлі себептерге сай жүргізілген: жас күнінде оның қабілетінің бар-жоғын тексеру үшін, есейген шағында бидің дарындылығының деңгейін тексеру үшін ел аузына ілініп жүрген билер де басқа ел арасында «сенімділік» сынағынан өткен. Топ алдында, билер айтысында я, ел, төре-әкім алдында өзін көрсете білу тәсілі қолданылған. Мәселенки, Үргеніштің ханы атағы шыққан Сырым бимен кездескенде оған төрт сұрақ қояды: «Дау мұраты не? Сауда мұраты не? Қыз мұраты не? Жол мұраты не?». Сырым би жауабы: «Дау мұраты – біту, сауда мұраты – ұту, қыз мұраты – кету, жол мұраты – жету» дегенде хан ұшып тұрып, құшақтап, қанағасын беріп, ат мінгізіп шығарып салыпты.

Бидің нормативтік-құқықтық білімі мен ойлау үрдісінің ерекшелігі қашан да бірінші саптағы критерийі болған. Егер соттық процестің және сотқа дейінгі процестің сайысушылығын, ашық, жария сипатын ескерсек, онда олардың зор мәнінің болғанын еске түсіреді. Әрине, таным біртіндеп келеді және өмірлік тәжірибе барысында жылдар бойы жинақталады. Бірақ би болам деген адамның өзіндік өнері жаскөзінен бастап-ақ байқалуы қажет.

Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесінің түрлі ғасырлар үнімен әуендестігін баса айтпаса болмайды. Бір жағынан алғанда, оның консервативтік сипаты, екінші жағынан, көшпелі өркениет ауданында әркез қозғалыста, дамуда болғандығы сезіледі. Би қазақтың құқықтық, дәстүрлерінің сақтаушысы. Бұл оның кәсіптік қызметінің міндетті қыры болып табылады. Сонымен қатар, би – Ұлы Дала құқығын еркін талқылаушы, әрі оның нормаларын қоғам өзгеруіне сай қолданушы.

Қазақ құқығы өз бастауын XIII ғ. өмір сүрген, қазақтың көне «үйсін» руынан шыққан, Шыңғыс ханның (1155-1227)

«Орда би» атанған, Майқы биден алатындығы шүбә келтірмейді. Сондықтан қазақ құқығында «Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би» деген даналы сөз қылған. Қазақ құқығының жүйеленген қайнар көзі болып «Қасым ханның қасқа жолы» (Қасым хан билігі – 1511-1532 ж.), «Есім ханның ескі жолы» (Есім хан билігі – 1598-1623 ж.) және Тәуке ханның «Жеті Жарғы» атты ережелер жинағы есептеледі. Билердің және билер сотының құқық-байлығына тек дістүрлі «хан жарлықтары» ғана емес, сонымен қатар атақты билердің жалпы жұртқа тараған бітім, шешім, жүгініс үлгілері де жатады.

Ортағасырлық қазақ даласында, тіпті жақын арадағы жаңа заманға дейін сөз құдіретінің беделі де күшті болғандығы сонша, сөз өнерін жете меңгерген жазтаңдай би алдында ерешкелігі қазақ құқығында нық орын алды. «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірер би», «Өнер алды – қызыл тіл» дей келе қазақи құқық сот әділдігінің мақсаты «Тіл жүйрік емес, билікте шын –жүйрік» деген тұжырымды нықтап бекітті.

III

Қазақ құқығының ерекшелігі ол көшпелі өркениет шеңберінде туып, сол дәуірдің ең құнды сипатын иеленді. Бұл тұрғыдан ол тарихи маңызы бар құқықтық жүйелер әлемнен заңды түрде өз орнын ала алады, алуы тиісті де.

Қазақ құқығының мәні мен ерекшелігі оның тарихтағы белгілі бір жүйелі – институционалды құрылым екендігінде емес. Барлық халықтар өз тарихының бастапқы сатысында ондай әдет-ғұрыпқа негізделген құқықтық реттеудің үстемдік етуі дәуірін басынан өткерді. Бірақ мұндай кезең көптеген халықтардың тұрақсыз, әрі қысқа мерзім ішіндегі өтпелі дәуір болды. Оларда құқық жүйесі билік үшін династиялық күрес, көшпелі және жартылай көшпелі одақтардың жаңа жерлерді іздеп, көшуі сияқты ортағасырлық идеологияға сай қалыптасты. Қазақ құқығының ерекшелігі оның «еркіндік» лебі өріс алуынан

кең аумақта қалыптасып өркендеуінде, көшпелі өркениеттің бейбіт, табиғи тұрақты қағидаларына негізделе дамығандығында. Бұл тұрғыдан ол өзінің мазмұны бойынша өзі қалыптасқан дәуірді айқындайды және оның шеңберінен асып түсті.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінде бидің мәні мен мәртебесін анықтайтын бірқатар қағидалар мен нормалар бар. Олар халық санасынан берік орын алып, көбінесе оның дәстүрлі менталитетінің мазмұнын құрады. Олар қысқа да, мәнді нақыл сөздерден көрінеді: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Туғанына бұрғаны – бидің құдай ұрғаны», «таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ».

Шындықпен әділдікке жету қазақ құқығының оған негізделген, билердің соттық шешімдерінің түпкі негізі, түпкі мақсаты саналған. Оған мына төмендегі әрі моральдық, әрі құқықтық күші бар ереже-мәтелдер дәлел: «Атаңның құлы айтса да, әділдікке бас и», «Әдет – әдет емес, жөн – әдет», «Тіл жүйрік емес, шын жүйрік», «Әділсіз болса – би оңбас, әйелсіз болса – үй оңбас», «Би төрттің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік», «Елге байқұт емес, би – құт», «Батыр дегенді екі қатынның бірі табады, би дегенді ілулі біреуі табады».

Дауды қарастырудағы қарапайымдылық, сот әділдігі мен дәлелдеу бостандығының ұамтамасыз етілуі, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және соттық шешімдердің тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де қоғамның алдындағы әділеттігі мен логика заңдарына сайболуын қамтамасыз ету билер сотының формасы мен мазмұнын құрады. Ақырғы соттық шешім шығару жауапкершілігін иеленген би жасына, жастығына қарамастан ертедегі, өз дәуіріндегі данышпан қарияларға ұқсап бақты.

Соттық функцияны атқарған бидің өз пікірін білдіруінде және іс әрекеттерінде еркіндік көп болды. Бірақ оны халық жіті қадағалап отырды.

Сот жүргізудің тәртібімен сот құрамын белгілеуде екі нәрсеге көңіл бөлінді: оған қатысатын тараптардың ықыласы мен істің күрделілігі. Дауды бір би жеке дара өзі шешуі де мүмкін еді. Бұл, сот ісін жүргізудің ең қарапайым, әрі кең тараған түрі. Ол көбінесе биге бір ауылдың адамдарының, жақын руластардың немесе тараптардың өздері – талапкер мен жауапкер – ерікті түрде өздауларын шешуді сұрап жүтінгенде қолданылады. Егер жәбірленушінің немесе өкпелі адамның шағымы бимен туыстық байланысы бар адамдарға қатысты болса, соған қарамастан іс бидің ынтасымен басталып, қарастырылуы да мүмкін. Бұл жағдайда би жауапкершілігі арта түседі, керекті адамдарды жүгініске өзі шақырады, алжауапкер бұдан тарта алмайды. Оның келмеуі туыстары үшін барып тұрған ұят болып саналады. Егер би әрі атақты, әрі дана, әрі әділетті болса, оның шешіміне құлдық ұрған және оның алдына алыс рулардан жүгініске келушілер легі бір мезет те тоқтамаған.

Әртүрлі рулық қауымдардың арасындағы аса шиеленіскен дау-шарларды, әрі күрделі істерді билер соты алқалы түрде қарастырады. Олардың ішінде біреуі Төбе би, яғни негізгі би болып сайланады да, оның пікірі сот шешімін шығаруда басымдылық мәнге ие болады.

Билер соты – сайысушылық процесс. Әрбір тарап сотқа өзінің биімен, кейде тіпті руласының мүддесін қорғайтын бірнеше бимен қатысады. Билер сотында кездейсоқ сырттан келіп бір тарапты жақтауға рұқсат етілмеді. Сот ісін жүргізу ханның отыратын жерінде, алаңында, бидің үйінде немесе белгіленген жерлерде, көбінесе рулардың көшпелі мекендерінде өтті.

Қазақ құқығында өлім жазасы, түрмелер мен зындандар (қамауға арналған жер асты орындары), бас бостандығынан айыру, денеге зақым келтіру түрлері, қылмыстық жазалар болған жоқ. Барлық даулар және ең күрделі қақтығыстар азаматтық-құқықтық сипатқа ие болды және олар үшін мүліктік,

мүліктік емес, ұялатын, масқаралайтын, бітімгершілік және өзге де жазалау нысандары қолданылды.

Жазалаудың, жауапкершілікке тартудың үш негізгі түрі бар: «құн төлеу» (кісі өлтіру үшін немесе кісі өлтіруге теңестірілген қылмыстар үшін төленетін төлем), «тоғыз» – (тоғыз санына теңестірілген мүліктік жауапкершілік), «айып» (кешірім айыбын төлеу). Бұлардың барлығы мал, әсіресе, жылқы басынан тұратын заттық сипатта болған. Әрбір жазада тараптардың өзара бітімге келу шарты сақталынады, кейде тіпті дау-тартыс, жауапкершілік некелік мәмілелерімен бітискен. «Құнның»да (кісі өлтіргені үшін), «өнер өкны» (өлген кісінің өнердегі білімі мен қабілеті үшін), «ар құны» (ар-намысқа тигені үшін). Жазаның мөлшері өлген адамның әлеуметтік жағдайына да байланысты болды.

Біздің есептеуімізше, жаза түріндегі қолданылатын «тоғыздың» 30-дан астам түрі бар. Ол – төменгі «тоғыздан» ат немесе түйе бастатқан «тоғызға» немесе қыз бастаған «тоғызға» барған. «Айып» көбінесе «ат-тон, шапанмен» шектелген.

Қазақтар құқығындағы жауапкершілік пен жаза түрлері аса бай, әрі көптүрлі болды. Олардың түрлерінің көптігі соттардың әрекеттерінің кеңістігін қамтамасыз етті. Сонымен қатар бұл билерге өз шешімінің логикалық, адамгершілік негізділігі үшін жауапкершілік жүктейді. Дәл осы жерде істің мән-жайынан кем бағаланбайтын судьяның жеке қасиеттері мен ақыл-парасаты қажет.

IV

Еуразиялық кеңістіктің ұланбайтақ Орталық Азиялық бөлігінде көне заманнан қазіргі күнге дейін негізінен Қыпшақтар деген жалпы атқа ие болған түркі тілде этностар мен халықтар өмір сүріп келеді.

Тарихтағы глобальды мәніне қарай Қыпшақ Даласын екі: оңтүстік және солтүстік аумаққа бөлуге болады. Ираннан Қытайға, Үндістаннан Қазақстанның қазіргі оңтүстік аудандарына дейінгі ұланғайып «Оңтүстік аумақ» Еуропамен

Азияны дәнекелестірген тоғыз жолдың торабы және белгілі бір дәрежеде дамыған қала шаруашылығы, саудасы, мемлекеттік құрылымы бар жартылай көшпелі және жартылай отырықшы елдердің өмір сүру аймағы болып табылады. Дәл осы аумақ ортағасырлардың бастапқы кезеңдерінде әлемдік тарихқа елеулі әсер еткен Орталық Азия халықтары мен олардың ата-балаларының күшті саяси одақтарының қалыптасуының алтын бесігі болды. Әлемді дүр сілкіндірген, біздің ғасырымызға аяқ басқан шақта түркі тілді көшпелілер – ғұндардың Батысқа қарай көшуі, әскери негізінен түркілерден құралған Шыңғыс ханның (XII ғасыр), Ақсақ Темірдің (XIV ғ. екінші жартысы – XV ғ. басы) жаулап алушылық жорықтары дәл осы аумақта басталған. Дәл осы жерде ірілі-ұсақты, негізінен түркі тілді мемлекеттер бірінен соң бірі пайда болып, өзара текетірестің, сыртқы күштердің және уақытша алушылардың әсерінен жойылып кетіп отырды.

Бір сөзбен айтқанда, Орталық Азияның «Оңтүстік аумағы» саяси-әлеуметтік толқыныстар мен әр қилы оқиғаларға толы болды.

«Оңтүстік аумаққа» қарағанда одан да көлемді кеңсітікті алып жатқан «Солтүстік аумақ», яғни Балқаш пен Аралдан, Сібір Алтайына дейінгі, Еділ өзенінен Ертіс өзені, Тарбағатай тауларына дейінгі жерлер көшпелі өркениеттің қанат жайып орнығуы үшін мейлінше ыңғайлы бейбітшілікке бет алған «еркін аймақ» қатарында саналады. Бұл өлкені мекендеген өзінің байырғы тұрғындары – түркі текті халықтан басқа ауыр зұлматты оқиғалардан, өзгерістерден ыққан халықтардың екінші демін алар тұрағына айналды. Әсері күшті ислам орталықтарынан алыс орналасқан Орталық Азияның бұл бөлігінде қоғам өмірінің барлық салаларына, сондай-ақ құқықтық мәдениетке де әсер еткен «еркіндік» ырғағы, зиялы өмір қалпы орнады.

Ерте ортағасырларда құрлықтың Еуроазиялық төскейінде түріктердің этногенетикалық тамырын, қазіргі қазақтардың

негізін құраған, көшпелілердің саяси тұтастығы қалыптасты. Қазақ даласы өзінің оңтүстіктегі иеліктеріне ықпалын арттыра отырып бүкіл Түркістан аумағын қолтығының астына алуға тырысты. Қазақстан тарихын зерттеушілердің бірі Манап Қозыбаев былай деп жазған еді: «Қорыта айтқанда қыпшақ атауымен халық болып танылған қазақ барша түрік әулетінің қара шаңырағы болды. Еуроазияның қос құрылымында тарихтың күдіретті төріне бірақ шықты» (Қозыбаев М. Ата тарих туралы сыр // Егемен Қазақстан. – 1999. – 30 сәуір.)

Мағжан Жұмабаевтың:

«Түркістан екі дүние есігі ғой,

Түркістан ер түріктің бесігі ғой», – деп айтқан сөздері тарихи хроникалық ақиқатты сипаттайды. Қазіргі күні бұл сөздер Түркия астанасы Анкара қаласының шағын демалыс алаңында жазылған. Бұл кейінгі ұрпаққа Қазақ елі – Қазақстанның түркі халықтарының негізгі бастауларының бірі екендігін, дәл осыжерден түркі тілді этнотарихи және құқықтық мәдениеттер әлеміне апаратын жолдардың бастау алатындығын білдіреді.

Қазақтар, олардың ата-бабалары бастапқыда жартылай көшпелі бірлестіктердің өмір сүру жағдайларына сай көбінесе табиғи жолмен қалыптасқан әдет-құқық жүйесін қабылдап, едәуір дәрежесін көтеріп, дамытып, жетілдірді. Олардың нормативтік мазмұны мен құрылымында негізінен түркі емес халықтардың одақтары мен мемлекеттік құрылымдары өз ізін қалдырды. Олардың бір бөлігі Орталық Азияның көшпелі және жартылай көшпелі әлеміне сәйкестігі дәрежесіне қарай «Дала заңында» бекітіліп, бейімделіп, оны байыта түсті. Демек, қазақтың ата заңдары, бір жағынан, түп тамырымен байырғы жергілікті, локальды режимдерге кететін құқықтық мәдениет ретінде көрінсе, екінші жағынан Қазақ елінің өміріне сай қоғамдық құрылымдар мен негізінен түркі және өзге де халықтардың пайдалы құқықтық үлгілерін өз бойына жинақтаған жүйе ретінде болды.

Қазақ мемлекетінің пайда болуын тарихшылар XV-XVI ғасырларға жатқызады. Ал «Қазақ құқығының» пайда болуы одан әрі де, тереңде жатыр, ол, қазақхалқының этникалық тұтастауынан бұрын қалыптасқан. Қазақтың көне құқығы ежелгі түркі-қазақ тайпалық, мемлекеттік құрылымдардан құралған. Ауысып отырған көптеген көшпелі және жартылай көшпелі бірлестіктердің құқықтық дүниетанымы мен нормаитивтік активтері негізінде қалыптасты.

V

Негізгі қайнар көзі Ұлы даланың әдет-ғұрып жүйесі, мәдени дәстүрлері болып табылатын қазақтың ата-заңы қаншама ғасырлар бойы тікелей және жанама түрде әртүрлі мемлекеттер тарапынан қысым көріп, олардың идеологиясының әсерін сезінсе де өзінің таңқаларлық өміршеңдігінен көрсетті. Әрине қазақ қоғамы осындай күштердің әсерінен елеулі түрде өзгеріске ұшырап отырған, ал бірақ оның құқықтық мәдениеті мен тіл мәдениетін ешікм, ешбір күш тіпті өзгерте алмады. Олар бұндай қиын-қыстау жағдайларда да тек өзін-өзі сақтап қана қоймай, іштей күшке ие болып, нығайды да.

Ұлан-байтақ қазақ даласында болған өзгерістер мен төңкерістерге қарамастан сақталып, өзінің бастапқы «мәйегін» жоғалтпаған қазаққұқығының өміршеңдігін, оның негізі, құрылымының өзегі болған табиғи еркіндік, әділдік, өнегелік идеялармен үндестікте болуымен түсіндіруге болады.

Патшалық (ресейлік) өкімет XVIII ғасырдың бірінші тоқсанында баталған, дала өлкесін отарлау саясатын белсенді түрде жүзеге асырса да, ғасырлар бойы Қазақияда қалыптасқан дәстүрлі құқықтық режимнің түбегейлі жүйе екендігін және оны бір ұрпақтың өмірі ішінде орыстың құқық жүйесімен күштеп немесе «бейбіт жолмен» алмастырудың мүмкін еместігін күн өткен сайын көздері жете бастады. Өз халқының тарихы мен болымысын жақсы білетін жазушы әрі ғалым, академик Сәбит

Мұқанов былай деп жазған еді: «Киіз туырлықты қазақ аталатын бұл елдің өмір тарихы, тұрмыс салты, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы айна-қатесіз бірдей... осыншама тұрақтылық, тұтастық Октябрь революциясына дейін тұтас мемлекет болмаған елде сақтаулы таңқаларлық құбылыс» (Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 16 томдық. 15 том. – Алматы, 1979. 37-б.).

Қазақ ата заңдарының мәнін тек қана Қазақияның этномәдени шекарасындағы өзіндік нормативтік рөлімен түсіндіруге, шектеуге болмайды. Онда біз аясы кең қазақ құқығын белгілі қысандықтың бұғауында қалдырамыз хақ. Ол бір мезгілде бірнеше функция (қызмет) атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық және адамгершілік. Ол кең мағынада алғанда заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегеліктің қайнар көзі де, рухани құндылықта болды. Осындай өзіне тән, тұрақты сипаттарының арқасында «Көне қазақ заңдарын» құрастырған ережелер адуыны мықты мұсылман құқығының, көшпелілік сипаты бір болған монғол құқығының, тегеуіріні мықты орыс заңының ықпалында кетпей өзінің бет-бейнесін сақтап қалды. Көршілес елдердің құқық жүйелерінің қазақ құқығына әсері болса да оны жоятын күшке ұласа алмады. Қазақ құқығының түбегейлі құрылымы кешегі Жаңа заман дәуіріне дейін қоғамдағы ықпалын жоймайды. XIX ғасырдың ортасында Шоқан Уәлиханов атап айтқандай: «Билер соты, 50 жыл бойғы орыс саясатының әсеріне қарамастан, бізге дейінгі жүздеген, бәлікім, мыңдаған жылдар бұрын қандай болса, сол қалпында қалды» (Уәлиханов Ш. Ескі халықтықүлгідегі билер соты // «Этнография бөлімі бойынша» орыс географиялық қоғамының жазбалары. 29-т. 1904. 164-б.).

*// Ана тілі. – 2001. – 1 наурыз. – №9,
8 наурыз. – №10, 15 наурыз. – №11.*

ҚАЗАҚТЫҢ «ЖАРҒЫ» ЗАҢДАРЫ - ӘЛЕМДІК МАҢЫЗЫ БАР ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ

Әлемде, оның мәдени арналарда тарихи өлшем бойынша айтарлықтай маңызды, бірақ соған қарамастан адамзат үшін әлі де жұмбақ болып қалып отырған, лайықты деңгейде бағаланбаған құнды құбылыстар көп. Олар көбіне-көп тарих қойнауының шырғалаң қатпарларында шырмалып, өркениет дамуының сарабдал жолдарынан түрлі себептермен тыс қалып қойды. Қазақтың «жарғы» құқығы (бұдан былай – қазақ құқығы) осындай тарих қойнауында шырмалып қалған мәдени құндылықтардың бірі.

Көшпелі өркениет адамзат тарихында болған десек, онда оның өзіндік ерекшеліктерімен толастай түскен байтақ аймағы Ұлы дала аталатын жер шарының Орталық-Азиялық бөлігі саналмақ. Сол кездегі осы аймақтағы елдердің этникалық құрамын негізінен түркі тектес халықтар құрады. Сондықтан да, бұл даланы мәдени-этникалық мағынада Түркістан, Тұран деп атаған. Қазақ құқығы – ұлан-ғайыр «еркін» аймақта орналасқан түркі тілді көшпелі өркениеттің төл туындысы, әрі мідени жемісі, әрі мұрасы.

Қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген халықтар өмірінде көптеген ғасырлар бойы астан-кестен оқиғалар және өзгерістер болды. Осындай қилы тарих шырғауынан көне дәуірдің мұрасы ретінде ұрпақтар үшін қазақтар екі мәңгі құндылықты сақтап қалды. Ол – Сөз құдіреті мен Заң құдіреті. Қазақстан Республикасының алғашқы Мемлекеттік Әнұранында жазылғандай:

Жаралған намыстан қаһарман халықпыз.
Азаттық жолында жалындап жаныппыз.
Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен,
Аман-сау қалыппыз, аман-сау қалыппыз.

Қайырмасы

Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты – халықта.
Халықтың қуаты – бірлікте!

Әдеттік-құқықтық жүйенің мәдени және демократиялық дәстүрлеріне негізделген Қазақ құқығы өзінің реттеушілік мәнін ХІХ ғасырға дейін, кейбір жағдайларда ХХ ғасырдың басына дейін жоғалтпай сақтап келді. Қазақ құқығының бұлай ұзақ өмір сүруін екі негізгі жағдаймен түсіндіруге болады: біріншіден, көшпелі өркениеттің шаруашылық, тұрмыстық, дүниетанымдық негіздері қазақтың кең даласында жаңа дәуірге дейін сақталды. Екіншіден, қазақ құқығы халықтың тыныс тіршілігінің өзегімен қисындас болатын, халықтың өзіне жақын, тәндес, жалпы адам баласының мәңгілік рухани бітім-болымысына, талабына сай болатын.

Қазақ құқығы – қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлағы. Ол мыңжылдық тарихы мен ерекшелігі және өміршеңдігімен адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен әлем назарына ілінді. Ұлы далада көшпелі өркениеттің негізін құраған қыпшақтар даңқының үстемдігінің ерте құлдырауы тиісінше қазақтың құқықтық мәдениетінің беделі мен рөлінің құлдырауына соқтырмағандығы таңғаларлық жағдай. Бұлқайшылықты Қазақ ата заңының аумағы кең даланың «еркіндік» қабілеттің сақталуымен, «оқшау» орналасуымен түсіндіруге болады.

Дегенмен ортағасырлардағы қазақдаласындағы мәдени-шаруашылық тоқыраудың белең алуы, өркендеп өскен басқа елдерден көш-құрым артта қалуы қоғам дамуына да әсерін тигізбей қоймайды. Ұлан-байтақ Орталық Азия аумағы тарих сахнасының соңғы шебіне ысырылып тасталдыда, ұзақ уақыт бойына ұмыт қалды. Жат елдердің көшпелілер даласын отарлау

саясатының іске асуымен байланысты қазақ қоғамы тарих бетіне ене бастады. Бұл өзгерістер қазақ құқығының кейінгі тағдырына да және оған баға беруден де көрініс тапты.

Қазақтың «жарғы» заңдары әлемге дамыған күйінде XVII-XVIII ғасырларда жеткенімен, әлі күнге дейін, ғасырлар өтсе де толғандырады және мәдениеттің мәңгі құндылығы ретінде халық санасында сақталады. Ғасырдан-ғасырға өткен оның руханилығы мен мақсаттарының мәңгіліктілігі сонша, бүгінгі күні де заманның өзгергендігіне қарамастан «далалық құқықтық» рухы мен үлгісін жандандыруға, оның жекелеген институттарының игеріп, ұлттық құқықтық мәдениетті байытуға тырысулары жасалуда. Тарихта сирек кездесетін бұл құбылыстың құпиясы қазақтың «Жарғы» құқығының бірегейлігінде, әрі оның көбіне-көп қазіргі заманғы өркениеттің идеалының рухы мен қағидаларымен үндестігінде құқықтық рузанилығы мен халықтық сипаты ондағы соттық биліктің ерекшеліктері, сондай-ақ батырлық рух ортағасырлық көшпелі қазақ қоғамындағы реттеушілік жүйенің негізін құрайды. Бұлар қоғам дамуының барлық кезеңдерінің жалпы адамгершілік құндылықтары болып қала бермек.

Қазақтың «Жарғы» заңдарындағы «Алтын ғасырдың» ашылуы тарихы жайлы

Ортағасырлық жазушылар шығыстық көшпелі қыпшақтар атаған, тарихта өздерінің батырлығымен әрі еркіндік сүйгіштігімен белгілі болған ұлан-ғайыр аумақты алып жатқан Қазақстанның саяси-құқықтық тарихын зерттеу өте кеш басталды және ол Ресейдің отарлау саясатымен тұспа-тұс келді, Бұған негізгі себептік фактор – бұл аймақ Азия – Еуропа – Азия деген негізгі жолдардан оқшау жатыр. Қазақ қоғамының

ортағасырлық саяси-құқықтық тарихына қатысты заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» туралы пікірді алғаш ауызға алған – орыс зерттеушілері. Бұл орайда А.И. Левшин бірінші болып жазған еді. Ол – Ресей империясының адал қызмет еткен мемлекеттік қайраткері және Петербург пен Мәскеудің азиялық мұрағатында Қазақ даласын басқару жөніндегі аймақтық ведомстволарда еңбек ете жүріп халықтың «қаймағымен» етене жақын араласқан ірі шығыстанушы ғалымының бірі. Оның 1832 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей» деп аталатын үш томдық еңбегі ортаазиялық алып аймақты танытуға жол ашқан, өзін әлемге танытқан және оған Ресей Ғылым академиясының құрметті мүшелігін алып берген еңбек болып табылады. Империялық Ресей үшін А.И. Левшиннің еңбегі ең алдымен саяси тұрғыдан – азиялық аймақтың кең байтақ бөлігін қарқынды отарлау тактикасын жасау тұрғысынан құндырақ еді. А.И. Левшин өздерін көшпелі қыпшақ немесе Дешті-Қыпшақ деп әлі де болса атайтын қазақтардың ортасында олардың қоғамдық-саяси құрылымдарын зерттеумен шұғылданып жүріп, қазақ тарихында «ерекше кезеңнің» өткендігіне көңіл аударады. Өз еңбегінде «Было время, шоворят благоразумнейшие из киргизов (казахов – С.З.) Меньшей орды, когда и наш народ жил покое, было время, когда и у нас существовал порядок, были законы и правосудие. Сей золотой век, о котрорм вспоминают они со вздохами, есть царствование знаменитого хана Тявки (Тауке), который если вернуть преданиям, былдействительно в своем роде гений, ав влетописях казачьих должен стоят наряду с Солонами и Ликургами. Киргизы (казахи – С.З.) Большой и Средней орд утверждают, что народные законы их гораздо древнее хана Тявки». А.И. Левшиннің бұл пікірлерінің құндылығы, біріншіден, оның халықтың өзінен тікелей жазылып алынған деректер болып табылатындығында. Екіншіден, оларды жазып

отырған дала жұртында жүрген сауда керуеннің басшысы немесе шытырман оқиға желісімен жүрген саяхатшы емес. Шығыс елін тану саласында түбегейлі білімі бар тәжірибелі ғалым, халықтың қоғамдық және өнегелік тұрмысын зерттеу мен мелекеттік қызметті қатар атқарған қайраткер болып табылатындығында. Үшіншіден, қазақ тарихының «Алтын ғасыры» соғыстармен және олардағы жеңістермен немесе көшпелі халық үшін маңызды болып табылатын көші-қонды кеңейтумен байланыстырылмайды. Керісінше, қазақ тарихындағы «Алтын ғасыр» заңдылық пен әділ соттың беделімен сипатталады. Қоғамдық-басқарушылық өмірдің ішінде барлық кезеңдер мен дәуірлерде оның мызғымас адами мәні болған заңдылық пен әділ сот саласы ерекше бөлініп көрсетіледі. Төртіншіден, заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырлы» қазақ даласының Кіші, Орта және Ұлы болып бөлінетін үш кеңістігінде де ортақ тарихи тағдыр, оның бәр сәті – Тәуке ханның басқарған уақытын (XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XVIII ғасырдың басы) сәйкес келіп жатса, кейде оған дейінгі кезеңдерде де кездесіп қалады. Мұндай «Жаңа тәртіпті» енгізіп, бекіткен адамдарды автор «Солон. Ликурттермен» қатар қояды.

Сол кездегі Ресей астанасы Петербургтен шыққан орыс зерттеушісі А.И. Левшиннің ізін басқа қазақ даласының кемеңгер ойшылы, әрі ғалым Шоқан Уәлиханов та дәл осы тұста осындай соттың «Алтын ғасырының» жаңғырығы туралы естіп, жазып қана қойған жоқ, сонымен қатар «Алтын ғасырдың» шынайы бейнесін дәлме-дәл бере білді. Ол әділ сот пен өнегеліктің куәсі ғана емес, оның тірі кейіп-күйі де бола білді.

Қазақ әділ сотын ол «шешендік пен соттық дәстүрлердегі» білімі терең судья-билер бастаған «көне халықтың нысандағы сот» деп атайды. Оның айтуына қарағанда, бұл судья – билер атағы әлемге деректермен, сайлаумен емес, жеке еңбегімен мәшһүр болған Гетенің және Шекспирдің аттарымен теңестіріледі.

Қазақтарда көне заманда, ортағасырларда көптеген басқа көшпелі далалық қоғамдар мен мемлекеттерге қарағанда өз Солондары, Ликургтері, Шекспирі мен Гетесі, «көне халықтық нысандағы соты», халық арасында әділдігі мен ақыл-парасаты үшін беделге ие болған, соттық функцияларды атқарған шешен-билері болғандығын Шоқан Уәлиханов өзінше түсіндіреді. Ол: «Біздің халықтың халықтың бай поэтикалық әдебиеті шығыстық шығармаларға қарағанда өзгешелеу, үнді-германдық эпосқа жақындау келеді. Сондай-ақ біздің қоғамдық дамуымыздың нысандары да жоғары мәдени дамудың нәтижесін көрсетеді».

Қазақ әділ сотын терең де, әділетті сипаттаманы XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ойшыл, ақын, әрі көне қазақ құқығының білгірі Абай Құнанбаев та беріп кетті. Оның айтуынша көшпелі қазақтар өздерінің сауаты, мәдениеті және тұрмыс-тіршілігі жөнінен өз заманынан әлдеқайда артта қалса да, қазақтардың басқалардан екі айырмашылығы бар екендігін Абай төмендегідей тұжырымдайды:

«Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болмаған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – заманда ел басы, топ басы леген кісілер болады екен. Көш қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылар қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмен болмайды екен. Екіншісі – намысқор келеді екен. Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе араздыққа қарамайды екен. Бұларда арлылық, намыстық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды. Ендігілердің достығы – бейіл емес, не күнестік, не тыныш отыра алмадық».

Қазақтың «Жарғы» заңдарының қалыптасу ерекшеліктері туралы

Қазақ құқығы дүниесі мен құқықтық дүниетанымы қазақтар мен олардың ата-балалары өмір сүрген орталық Азия мен Еуразия кеңістігінде сан алуан империялар мен әлеуметтік-саяси режимдер бірін-бірі толассыз ауыстырып отырған ғасырлар қойнауында кетеді. Қазақтар мен олардың ата-балалары жер шарының осы бөлігінде шешуші, басты орынға ие болған көшпелі малшылар конференциясына кірді. Мұның өзі барлық көшпелі қоғамға тән жалпы жағдай болатын. Қазақтың көшпелі қоғамы аясында оның құқықтық дүниетанымы өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Адамгершілік құндылықтарға негізделген дала демократиясының институттары кең құлаш жайған көшпелі қоғамда пікірталас қисындылығының құрамы ретінде әділ сот пен шешендік ділмарлықтың рөлі өте жоғары қойылып, өзін-өзі басқару еркіндігіне деген ұмтылыс айқын сезілді. Бұл қырынан қазақ қоғамы өзі қалыптасқан көшпелі дадалық негізін әлдеқайда басып озды. Егер әлемде көшпелі өркениет түсінгі тапқан деп болжасақ, шын мәнінде көшпелі өркениет түсінгі өміршең десек, менің пікірімше, көшпелі өркениеттің ең дамыған нысаны Қазақстан аумағына тән болған. Бұл қандай да бір субъективті ой шеңберінде көшпелі аймақтардың бірін жоғарлату, асыра мақтауға бағытталған зерттеу елесінің нәтижесі емес. Мұның сырын – жағрапиялық, әлеуметтік-саяси, адами құндылықтармен астасып жатқан үш фактордан іздеген жөн.

Бірінші фактор – Орталық Азияны мекендеген халықтардың басым бөлігі үшін ортағасырлық тарихи жағдайда өмір сүрудің бірден-бір негізін құраған мал шаруашылығын дамытуға барлық жағынан қолайлы болып келген халық сирек қоныстанған ірі табиғи кеңістіктердің болуы. Көшпелілер осы шөбі құнарлы, суаттары мол, жайылымдық-шабындық

алқаптар, орманды аймақтар, кең далалық кеңістік кіретін – солтүстікте Ертіс – Енисей аймағынан бастап, оңтүстікте Балқаш көлі мен Сырдария өзеніне дейін, батыста Орал, Еділ-Жайық алқабынан Қарақұм, Мойынқұм құмдарына дейін, шығыста Жетісудың қайнар көздеріне, Жоңғар қақпасына дейін жүз мыңдаған шаршы километр жерді алып жатқан, «Жаннат бұрышы» деп аталған ұлан-ғайыр жер сілемін қоныстанады. Осы кең аумақ Қыпшақ даласы аталып, әдебиетке «Шығыс дешті Қыпшақ» ретінде енді. Шыңғысхан өз заманында осы жерді ірі әрі маңызды аймақ атауымен өзінің үлкен ұлы Жошыға берген еді. Кейіннен осы жердің ірі бөлігінде өзге ордалардан айырмашылығы мол «Ақ Орда» құрылды.

Екінші фактор – осы ұлан ғайыр жерде еркін психологияға ие көшпенділер бірлестіктерінің өмір сүруі. Оның қайнар көзі мен негізін мыналар құрады: а) көшпелі өмір үрдісі еркіндігі мен оның дәстүрлі мәдениетін қызу қолдаушылар; ә) ғұн, қыпшақ, монғол және Темір әулеті империясы қол астындағылардан түрлі себептермен бөлінген қоныс аударушылар. Осы империялар билеушілері үздіксіз қажытқан жорықтар жасады. «Қоныс аударушылар» үшін бұрынғы келген орнында қысымға ұшырау, сондай-ақ үйреншікті дүниеге көзқарас және көшпелі халықтар дүниетанымына қайшы келетін жаңа ережелерді, оның ішінде клерикалды-діни, миоитаристік мекмелер ережелерін күштеп қабылдатуға ұмтылу айтарлықтай рөл атқарды; б) жайылымдық-көшпелі жерлерді және өзін-өзі басқару еркіндігін іздеушілер Қыпшақ даласы көшпелі халықтардың дүниетанымы негізінен өз базасы шеңберінде өзінің көп ғасырлық тұрақты даму барысында қалыптасты.

Үшінші фактор – Қыпшақ даласы (Шығыс Дешті Қыпшақ) деп аталған кең байтақ аймақ – көшпелі өркениет пен еркін көшпелілердің көп жағдайда жалпы адами құндылықтармен үндес мәдениетін бойына сіңірді. Қоғамда Сөз күдіреті мен Заң күдіреті өмірлік күшке ие болды. Ол бай мен кедей, ақсүйек пен

бағыныштыларға бөлінген әлеуметтік теңсіздікке негізделген қоғамның өзінде де жеке санада бастапқы күшке ие болды.

Қазақ құқығы («Жарғы») – Шығыс Дешті Қыпшақта (Қыпшақ даласында) көшпелі қоғам дамуының жалпы және ерекше жолын көрсететін селективті құқық. Ол Орталық Қазақстан тарихында көптеген ғасырлар бойында бірін-бірі аласырған көшпелі бірлестіктердің құқықтық массивтерінің табиғи іріктелуі болып табылады. Әрине, онда ғұндар мен түрік қағанаттарының қыпшақ мен Монғол империясының іздері бар.

Ескертілуі тиіс жайт, қазақ құқығы («Жарғы») қазақ хандығында басты рөл ойнағанымен, бүкіл хандық көлемінде жалпы мемлекеттік құқық болып саналған жоқ. Бұл мемлекеттің көшпелі халқына қатысты еді, әрі отырықшы халық құқығы мен қалалық құқық пен егіншілік құқықтан айтарлықтай бөлек өмір сүрді. Бұл олардың арасында өзара байланыс болмады дегенді білдірмейді, бәріне бірдей ортақ құқықтық нормалардың барлығын жоққа шығармайды. «Дала құқығына» ішкі тұрақтылық пен ұстамдылық көбірек тән еді. Отырықшы орталықтар мен тығыз байланыста бола тұрып, ол өзіндік тұрғысы мен құрылымын өзгерткен жоқ, керісінше, оның негізі – көшпелі қоғам нығая түсуімен бірге далалық құқық та күшейе түсті. Көшпелі бірлестіктер үнемі Орталық Азия хандары мен ордаларының экономикалық тұрақтылығы мен әскерт қуатының негізі және тірегі болды. Қалалар мен отырықшы орталықтар жиі үздіксіз жүргізілген өзара тартыс пен соғыс жылдарында талан-таражға ұшырады, қирады. Ал, көшпелі бірлестіктер өмір-күйінің ширақтығына, бейімділігіне байланысты осындай ауыр сынақтарға аз ұшырады. Егер де мұндай жағдай орын алса, көшпелілердің басына түсе қалса, олар өздерінің өмірге икемдігі арқасында ежелгі қалпына тезірек оралады. Көшпелі қазақ қоғамының тұрақтылығы мен бекемдігіне рулық құрылыммен қатар, «Дала заңдары» да айтарлықтай ұйтқы күш болды. Керісінше, ежелгі құқықтық мекемелер мен заңдардың өз күші

сақталса, көшпелі қоғамның талай қиын кездерден өтуіне, ішкі бірлестігінің сақталуына зор жәрдемін тигізді. Осы тұрғыдан алғанда көшпелі қоғамды оның ішкі заңдарынан бөліп қарау ретсіз.

Қазақ құқығы («жарғы») кең-байтақ қыпшақ даласында еркіндік пен бостандық саясында, көшпелілердің дүниетанымы өзіндік теңдік, өзін-өзі басқару ұйымдарының негізінде қалыптасып, дамыды. Ру ішіндегі, ру аралық байланыстарда, сондай-ақ басқару қатынастарында шыншылдық, әділдік және адалдық сияқты моральдық құндылықтарды тәрбиелеп, бекітуге ерекше көңіл бөлінді. Бұлар қоғамдық идеология деңгейіне дейін көтерілді және қоғамдағы игіліктің, құқықтық тәртіп пен бейбітшіліктің күшіне айналды. «Ар» түсінігі адамдық қадір-қасиет ұғымынан даулікен ұғым, адамның рухани негізін білдірген қоғам мен қазақтың «жарғы» құқығынан көрініс тауып, жоғары бағаланады. «Ар» ұғымына адами мазмұн берілді. Оның мазмұны мен салмағын келесідей нормативтік және сондай-ақ моральдік қағидалардан көрінеді. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Өлімнен ар күшті», «Жігіттің құны – жүз жылқы, ардың құны – мың жылқы».

Қазақтың «Жарғы» құқығының бірегейлі оның көшпелі өркениет шеңберінде туындап, солдәуірдің арман-мақсаты мен көптеген құндылық белгілерін қамтуда. Бұл орайда ол әлемдегі тарихи маңызы бар құқықтық жүйелер арасында өзінің лайықты орнын иелене алады және иеленуі тиіс те.

Билер соты – қазақтың «жарғы» құқығының белгісі

Қазақстан тарихындағы құқықтық тәртіптің «Алтын ғасырында» қоғамның басты, маңызды құрылымын арнайы дайындығы бар, дала құқығын жақсы меңгерген және мінсіз

жеке өнегелік қасиеттері бар билер бастағана сот құрды. Олар дана ақсақалдар алдында және халықтың алдында сынақтан өтуі тиіс еді және өтті де. Билер соты көшпелі қазақ қоғамының да және әділ соттының да белгісі болды.

I

«Би–халықтың тірішежіресі, заңгері, әрі заңшығарушысы» – бұл анықтаманы (Ақмола қаласындағы) отарлау әкімшілігінде қызмет еткен ерекше тапсырмалар жөніндегі Ресей чиновнигі И. Козловтың 1882 жылы қазақтардың әдеттік-құқықтық нормалары мен құқықтық құрылымдарын арнайы зерттеу негізінде жарияланған еңбегінен алынды. Автор сонымен қатар, билердің «мүлтіксіз әділдігімен табиғи дарынын» ұштастыра білгенін де жазды. Аталмыш анықтама ХІХ ғасырдың өзінде Ұлы Дала бірен-саран кездесіп қалатын, «Алтын ғасырдың» соттық дәстүріне қатысты болып қала береді. Олардың кейбіреулері тіпті «көне нысандағы» қазақ тіл сотының атағын жаңғыртуға да тырысты. Қазақтардың соттық-құқықтық жүйесін жақсы білгендердің барлығы осы пікірде болды. «Киргизский народный суд» деп аталатын 60 баспа табақтан астам көлемді мақаланы дайындаған зерттеуші А. Зувевтың пікірі бойынша, қазақ билерінің «дана да, парасатты» болғандығы сонша, олардың соты «көне заманның шуақты күндері» болған, олардың «патриархалды өмірінің қзі сияқты таза күйінде болған». Келесі бір беделді автор Б.Н. Дельвиг қазақ билерін «әдет құқықығының жалпы сақтаушылары» деп атайды. Ал А.Краханевтың пікірінше, «қырғыздардың (қазақтардың) сот әділдігіне қатысты көзқарасы өте қатал. Әділдіктің болуы – ең маңызды талап».

Қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінде билердің мазмұны мен мәртебесіне қатысты, халықтың құқықтық санасына мықтап енген және дәстүрлі мениалитеттің мазмұнын құраған бірқатар қағидалар мен нормалар бар. Олар қысқа да нұсқа

нақыл сөздерден көрініс тапқан: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Туғанына бұрғаны – биді құдай ұрғаны», «таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ». Әділдік пен ақиқат, оларға жетуге тырысу қазақ құқығы нормаларына негізделген сот ісін жүргізуге және билердің соттық шешімдерінің іргелі негізі болған, яғни «Атаның құлы айтса да, әділдікке басыңды и», «Тіл жүйрік емес, шын жүйрік».

«Көне нысандағы» қазақ сотын қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында өткерген көшпелі өркениет шеңберінде пайдаболып дамыған құбылыс ретінде түсіне және зерделей алады. Қазақтың көрнекті тарихшысы Манап Қозыбаев дәл айтқандай, «қазақ шын мәнісінде дала перзенті еді...». Қазақтар өздерін және өз мемлекеттелігін «Киіз туырлықты қазақ хандығы» деп атаған. «Көне нысандағы» бұл сот әрі халық соты, әрі төрелігі бола білген. Ол әмбебап сипаттағы дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар институттарының нормативтік құрылымдарына, сондай-ақ таптық, топтық, касталық, жергілікті бөлінушілерден бердес биліктік нормативтік ережелеріне негізделген үнемі даму үстіндегі құқықтық кеңістікке іске асырылады.

Жалпыэтникалық мүдделер әдет-ғұрыпқұқығы нормаларынан жоғары қойылды. Бұл «әдет әдет емес, жөн - әдет» деген ережеден көрініс тапты. Сот рудың, аумақтың немесе аймақтың атынан емес, тәуелсіз бидің, әділдіктің атынан шығарылды, қазақ құқығында қысқа да нұсқа ережелерден көрініс тапқан билердің билігінің моральдық және императивтік күші болды, оның негізі нормасы келесідей ережелерден көрініс тапты «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Туғанына бұрғаны – биді құдай ұрғаны». Қазақтардағы билер сотының келесі бір маңызды ерекшелігі – біріншіден, қарастырылатын даулы істің материалдық-пәндік мазмұнына қарағанда рухани мазмұнына көбірек көңіл бөлінді, екіншіден – «әділеттілік» пен моральдық қағидаларды басшылыққа алу. Халықтың сананысында үнемі «Ханда қырық кісінің ақылы бар,

биде қырық кісінің білімі мен ары бар», «Бай мал сақтайды, би ары сақтайды» деген сөздер жаңғырып тұрады.

Осындай моральдық-нормативтік қағидалар әділ соттың «Алтын ғасыры» кезеңінде бидің санасында сайрап тұрады. Бұл орайда атақты Әйтеке би (1682-1766) ұрпақтарына келесідей сөздерін қалдырған еді: «Менің өмірім - өзгенікі, өлім ғана өзімдікі болды».

Қазақ соты дауласушы тараптарды келісімге келтіруге тырысып істі шешетін, сондай-ақ дауды шешу барысында жекежәне қоғамдық сипаттағы теріс әрекеттерді жоюға тырысты. Осындай қиын мақсаттарды шешу үшін билер далалық даналық мектебінде (кітаптар бойынша емес, өмір мектебінен) оқып, данагөй ақсақалдардың алдында сыннан өтіп, өткір ойлы шешен тілді болуы, сондай-ақ қазақ құқығының білгірлері болуы міндетті еді. Тек осылай болғанда ғана билер соты өзайналасында Ұлы даладағы әділдік пен құқықтық тәртіптің «Алтын ғасырын» орната алады.

II

Қазақтың билері өздерінің атқаратын функциялары мен заңдық қадір-қасиеті бойынша Орталық Азия хандарындағы билерден, бегібектерден елеулі түрде өзгешеленеді. Қазақ билерінің жалпы әлеуметтік топтан, сондай-ақ үстем таптан кең байтақ түркі тілді кеңістікте бөлініп шығуына қазақ-қыпшақ көшпелі өркениеті жағдайы әсер етті. Орталық Азияның тарихи қалыптасуының қыпшақтардың Ұлы Даласында билердің дамуы Орталық Азиялық аймақтың басқа бөліктеріне қарағанда басқа жолмен өрбіді. Қазақ билері негізінен соттық функциялар атқарса, көрші түркі халықтарындағы билер әкімшілік және басқарушының қасында кеңесшілік қызметтер атқарды. Қазақ билері көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдағы соттық-құқықтық басқару саласындағы аталар даналығы мен білімін меңгерген топ ретінде қалыптасты.

Әдет құқығының нормативтік байлығын меңгеру және оны өмірде қолдана білу, шешендік пен әділдікті қатар ұстай білуі – билердің «аттестациясының» басты шарты болды. 1820 жылдың өзінде қазақ құқығының атақты зерттеушілерінің бірі орыстың және Еуропаның соттық жүйесін жақсы білген Д.Самоковасов «Халық санасындағы би атағы әдет құқығының білгірлері әрі оның тарихының білгірлері болып табылатын адамдарға берілді»деп жазды. Қазақтың ұлттық мәдениетінің ірі қайраткері С.Сейфуллин ХІХ және ХХ ғасырлар аралығында өмір сүре отырып, Далалық дәстүр рухында тәрбиеленіп, билердің тұлғасы туралы келесідей жазған еді: «Елдің ескіліктен екшелеп келе жатқан жол-жоба, салт, дәстүр, заң ережелерінің дәстүр жинақтарын, бұрынғылардың шежіресін өнегелі, үлгілі сөздерін жадына көп тоқып, жатқа айтуға ұстанған «билігі жүрген» рубасылардан көсем шыққан, өздері де тұрмыстан туған қорытынды сөздерді әдемілеп жұптап, ұйқастырып айта алатындай болған шешендер би атанған».

«Көне нысандағы» қазақ билерінің рөлі мен орны қысқа да нұсқа ережелерден көрініс тапты. «Биі жақсының елі жақсы», «батыр елін жауға бермейді, би елін дауға бермейді».

Қазақтардың халық ауыз шығармашылығын зерттеушілердің барлығы қазақтардың Ұлы Даласында «би» және «шешен» ұғымдары бір мағыналы синонимдер емес. Көп жағдайда шешенді би деп таныған, ал егер шешен ақылды болса, ол биге айналған. Қазақтардағы соттық «шешендік өнер» тексөздік байлық емес, дәлелдемелік және мазмұндық, күшке де ие болды, ол мынадай нақыл сөзден көрініс тапты: «Сөз тапқанға қолқа жоқ». ХVІІІ ғасырдағы атақты билердің бірі Қазыбек би туралы «Ағын судай әйгілі шешен» деген қанатты сөз бекітілген. Атақты зерттеушілердің бірі Б.Адамбаевтың пікірінше, «шешен би» түсінігі қазақтардың сөздік қорынан Жиренше шешеннің (шамамен ХV-ХVІ ғғ.) заманынан бері бөлініп айтылып кетеді. Ол «Би мен шешен» деген атаулар

тіпті революцияға дейін қатар қолданылып, кейде бірінен-бірі ауыстырып келгені кездейсоқ емес», – дейді.

Қазақ оұқығында шешендік, сөз қисынын таба білу дәлелдеу және сендірудің құралы болды. Орта ғасырдағы қазақтарда сөз құдіреті тіпті жаңа заманға дейін аса жоғары болғанды. Бұл Ұлы даладағы келесідей қағидалардан көрініс тапты. «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірер би», «Өнер алды – қызыл тіл», «тіл жүйрік емес, биліктешын жүйрік». Заманымыздың заңғар жазушыларының бірі әрқашан қарапайым жазғанымен, Қазақстанның өткен тарихындағы соттық билік туралы келесідей жазған еді: «Атақты билер өз шешімдерін шығарған кезде біздің заманымыздың судьяларына қарағанда әділдік, қадір-қасиет, ар-ождан қағидаларына негізделген».

Арнайы әдебиетте «би» сөзі көне түркі сөзі, ол шығыс билеушілері – хан, сұлтандар кезінде ол маңызды халықтарында әртүрлі тарихи кезеңдерде әртүрлі аталды – «бек», «бегі», «би». Бірақ барлық жерде бұл ұғым «билік», «билеу» деген мағынаны білдірді және бұл атақты жоғарғы билеушінің қасындағы кеңесшілер ерекше құзырлы адамдар, идеологтар иеленді.

Қазақтың «би» сөзі түріктің «билік» элементі бар жалпы атауынан шыққан. Ол терминологиялық белгі мағынасын сақтап қалған. Ал арнайы ұғым ретінде ол басқа синонимдерден өзгешеленді. Қазақ ордаларында, хандықтарында, жүздерінде және руларында, сондай-ақ Орталық Азия қазақ-қыпшақ жерлері аталатын Ұлы даласында «би» ұғымы өзгеше болды, яғни ол көбінесе соттық қызметтерді атқаратын адамға қатысты айтылды.

Билер қызметі әділ сотпен тығыз байланысты адамдардың ерекше тобына жатты. Тарихи далалық жағдайда соттық биліктің мағынасы болды – дауларды қарастыру және құқық түзушілік. Қазақ билері жерлер мен рулардың әкімшіліктерінен бөлек, тек қана әділ билер мен заңгерлер қызметін ғана атқарды. Бұл қазақ билерінің алыс жақын түркі тілді елдердегі бек-билерден

айырмашылығы. Бидің құқықтық қызметі жеңіл болған жоқ. Би тарихи құқықтық біліммен қатар Ұлы Дала қолданылатын құқық жүйесін де жетік меңгеру тиіс еді. Ал бұл оңай емес еді.

Қазақ құқығының нормативтік жүйесі үш сатыдан құралады: а) қысқа да нұсқа ережелерден көрініс тапқан негізгі әдеттік құқықтық институттар мен нормативтік қағидалар; ә) қазақ аталатын ірілі-ұсақты нормативтік құқықтық жинақтар. Ол «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «жеті жарғы»; в) соттық прецеденттер – көбінесе «атадан қалған үлгі», «биден қалған жол өнеге жоралғы сөз» деп аталатын атакты билердің биліктері. Олардың әрқайсысы қысқа да нұсқа билік, нақыл сөздерден құралған.

Қазақстандағы билердің соттық биліктері қалалық және жерөңдеушілік мәдениетке негізделген құқықтық нормалары мен ислам құқығының нормалары қолданылатын жекелеген орталық-азиялық жерлер мен елдерге қарағанда зайырлы, әрі менталды болды және мемлекеттік билікке көп әсер етті. Қазақхалқының тарихи тағдыры мен мемлекеттілігінде тұтастай бір дәуірді құраған заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» соттық-құқықтық қатынастар өздамуында жалпы ұлттық құндылық деңгейіне көтерілген қоғамының қалыпты жағдайын сипаттайды.

Қазақ құқығының маңызы Қазақияның этномәдени шекараларындағы өзінің реттеушілік нормативтік шеңберінен шығып кетті. Ол бір уақытта бірнеше қызмет атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық және адамгершіліктік. Ол кең мағынада алғанда заңда билік те қоғамдық болымыспен өнегеліктің қайнар көзі де, өнер де, рухани құндылық та болды. Сірә, қазақ құқығының дәл осы белгілеріне сәйкес оның өміршеңдігі мен әртүрлі құқық жүйелеріне – мұсылман құқығына монғол құқығына орыс заңдарына мойынсұнбауын түсінуге болады. Ол көбінесе қоғамның үстем табына олардың жекеленген топтарына әсер

етті. Қазақтың «Жарғы» құқығының реттеушілік қасиеті мен дамуы жаңа заманға дейін сақталған еді. XIX ғасырдың ортасында Шоқан Уәлиханов жазғандай «Билер соты 50 жылдық орыс ықпалына қарамастан бізге дейінгі жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар бұрын қандай болса, сол күйін сақтап қалды».

Қазақтың «Жарғы» құқығының таңғаларлық өміршеңдігі оның тарихтағы жүйелі-институттық құрылым ретіндегі ерекшелігінде емес, барлық халықтар өз тарихының ерте кезеңінде белгілі бір нысанда – қоғамдық және басқарушылық қатынастарды құқықтық реттеудегі әдеттік-құқықтық, соттық прецеденттердің үстемдік кезеңін бастан өткерген. Көптеген халықтарда мұндай кезең тұрақсыздығымен өтпелілігімен ерекшеленеді және ұзаққа созылған жоқ. Және орта ғасырлар дәуірі шеңберін ғана қамтиды. Қазақ құқығы өзінің негізінде әдеттік-құқықтық ережелер мен институттар бола отырып моральдық құндылықтар мен еркін аймақта қалыптасып дамығандықтан онда көшпелі өркениеттің бейбіт, жақсы қағидалары шоғырланды.

// Қазақтың ата заңдары-Древний мир права казахов: 10 томдық. Құжаттар, деректер және зерттеулер. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – Т.5. – 23-34-бб.

ТЕРЕҢ ТАМЫР

Қазақтардың құқық әлемі мен құқықтық дүниетанымы тереңде жатыр. Қазақтар және олардың ата-бабалары өмір сүрген Орталық Азия мен Евразия кеңістігінде сан империялар мен әлеуметтік-саяси жүйелер бірін-бірі толассыз алмастырумен болды. Қазақтар мен олардың ата-бабалары жер шарының осы бөлігінде шешуші, басты орынға ие болған көшпелі-мал

өсірушілердің конфедерациясына кіреді. Мұның өзі барлық көшпелі қоғамға тән жалпы жағдай болатын. Қазақтың көшпелі қоғамы аясында, оның құқықтық дүниетанымы өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Адамгершілік құндылықтарға негізделген дала демократиясының институттары кең құлаш жайған көшпелі қоғамда пікірталас қисындылығының құралы ретінде әділ сот пен шешендік ділмарлықтың рөлі өте жоғары қойылып, өзін-өзі басқару еркіндігіне деген ұмтылыс айқын сезлді. Бұл қырынан қазақ қоғамы, өзі қалыптасқан көшпелі далалық негізін әлдеқайда басып озды. Егер әлемде көшпелі өркениет болған және әр жерде өзінше көрініс тапқан деп болжасақ, шын мәнінде көшпелі өркениет түсінігі өміршең десек, менің пікірімше, көшпелі өркениеттің ең дамыған нысаны Қазақстан аумағына тән болған. Бұл қандай да бір субъективті ой шеңберінде көшпелі аймақтардың бірін жоғарылату, асыра мақтауға бағытталған зерттеу елесінің нәтижесі емес. Бұның сырын жағрапиялық, әлеуметтік-саяси, адами құндылықтармен астасып жатқан үш фактордан іздеген жөн.

1. ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫ МЕН ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ ЖАРҒЫ

Бірінші фактор – Орталық Азияны мекендеген тұрғындарының басым бөлігі үшін ортағасырлық тарихи жағдайда өмір сүрудің бірден-бір негізін құраған мал шаруашылығын дамытуға барлық жағынан қолайлы болып келген, халқы сирек қоныстанған ірі табиғи кеңістіктің болуы. Көшпелілер осы шөбі бітік, суаттары мол, жайылымдық-шабындық алқаптар, орманды аймақтар, кең далалық кеңістік кіретін – солтүстікте Ертіс – Енисей аймағынан бастап, оңтүстікте Балқаш көлі мен Сырдария өзеніне дейін, батыста Орал Еділ Жайық алқабынан Қарақұм, Мойынқұм құмдарына дейін, шығыста Жетісудың қайнар көздеріне, Жоңғар қақпасына

дейін жүз мыңдаған шаршы километр жерді алып жатқан, «Жұмбақ бұрышы» деп аталған ұлан-ғайыр жер сілемін қоныстанды. Осы кең аумақ Қыпшақ даласы аталып, әдебиетке «Шығыс Дешті Қыпшақ» реніде енді. Шыңғыс өз заманындағы осы кең байтақәрі маңызды аймақты өзінің үлкен ұлы Жошыға берген еді. Кейіннен осы аумақтың ірі бөлігінде өзге ордалардан ерекшеленетін «Ақ Орда» құрылды.

Екінші фактор – осы ұлан-ғайыр жерде еркін психологияға ие көшпелілер бірлестіктерінің өмір сүруі. Оның қайнар көзі мен негізін мыналар құрады: а) көшпелі өмір үрдісі еркіндігі мен оның дәстүрлі мәдениетін қызу қолдаушылар; ә) ғұн, қыпшақ, монғол және тимуридтер империясы сол түрлі себептермен бөлінген қоныс аударушылар. Осы империя билеушілері үздіксіз қажытқан жорықтар жасады. «Қоныс аударушылар» үшін бұрынғы келген орнында қысымға ұшырау, сондай-ақ үйреншікті дүниеге көзқарас және көшпелі тұрғындар дүниетанымына қайшы келетін жаңа ережелерді, оның ішінде клерикалды-діни, милитаристік мекемелер ережелерін күшпен қабылдануға ұмтылу айтарлықтай рөл ойнады; б) жайылымдық-көшпелі жерлерді және өзін-өзі басқару еркіндігін іздеушілер. Қыпшақ даласы көшпелі тұрғындарының дүниетанымы негізінен өз базасы шеңберінде өзінің көп ғасырлық тұрақты даму барысында қалыптасты.

Үшінші фактор – Қыпшақ даласы (Шығыс Дешті Қыпшақ) деп аталған кең байтақ аймақ – көшпелі өркениет пен еркін көшпелілердің көп жағдайларда жалпы адами құндылықтарымен үндес мәдениетін бойына сіңірді. Қоғамда Сөз Әділ сот құдіреті мен сот құдіреті өмірлік күшке ие болды. Ол бай мен кедей, ақсүйек пен бағыныштыларға бөлінген, әлеуметтік теңсіздікке негізделген қоғамның өзінде де жеке санада бастаулы күшке ие болды.

Қазақ құқығы («Жарғы») – Шығыс Дешті Қыпшақта (Қыпшақ даласында) көшпелі қоғам дамуының жалпы және ерекше жолын көрсететін селективті құқық. Ол Орталық

қазақстан тарихында көптеген ғасырлар бойында бірін-бірі алмастырған көшпелі бірлестіктердің құқықтық массивтерінің табиғи іріктелуі болып табылады. Әрине, онда ғұндар мен түрік қағанаттарының, қыпшақтар мен Моңғол империясының іздері бар. Еске алатын жайт, қазақ құқығы («Жарғы») қазақ хандығында басты рөл ойнағанымен, бүкіл хандық көлемінде жалпы мемлекеттік құқық болып саналмады. Бұл мемлекеттің көшпелі халқына қатысты еді, әрі отырықшы халық құқығымен қалалық құқық пен егіншілік құқықтан айтарлықтай бөлек өмір сүрді. Бұл олардың арасында өзара байланыс болмады дегенді білдірмейді, бәріне бірдей ортақ құқықтық нормалардың барлығын жоққа шығармайды. «Дала құқығына», ішкі тұрақтылық пен ұстамдылық көбірек тән еді. Отырықшы орталықтар мен тығыз байланыста бола тұрып, ол өзіндік тұрғысы мен құрылымын өзгерткен жоқ, керісінше, оның негізі – көшпелі қоғам нығая түсуімен бірге далалық құқық та кшейе түсті. Көшпелі бірлестіктер үнемі Орталық Азия хандары мен ордаларының экономикалық тұрақтылығы мен әскери қуатының негізі және тірегі болды. Қалалар мен отырықшы орталықтар жиі үздіксіз жүргізілген өзара тартыс пен соғыс жылдарында талан-таражға ұшырады, қирады. Ал, көшпелі бірлестіктер өмір-күйінің ширақтығына, бейімділігіне байланысты осындай ауыр сынақтарға аз ұшырады. Егер де мұндай жағдай орын алса, көшпелілердің басына түсе қалса, олар өздерінің өмірге икемдігі арқасында ежелгі қалпына тезірек оралады. Көшпелі қазақ қоғамының тұрақтылығы мен бекімділігіне рулық құрылыммен қатар, «Дала заңдары» да айтарлықтай ұйытқы күш болды. Көшпелі қоғам өз қалпында, өз негізінде қаншалықты сақталса, оған тән «Дала заңдарының» қоғамдағы алатын орны да соншалықты мықты болды. Керісінше, ежелгі құқықтық мекемелер мен заңдардың өз күші сақталса, көшпелі қоғамның талай қиын кездерден өтуіне, ішкі бірлестігінің сақталуына зор жәрдемін тигізді. Осы тұрғыдан алғанда көшпелі қоғамды оның ішкі заңдарынан бөліп қарау ретсіз.

Қазақ құқығы («Жарғы») кең байтақ қыпшақ даласында еркіндік пен бостандық саясында көшпелілердің дүниетанымы, өзіндік теңдік, өзін-өзі басақру ұғымдарының негізінде қалыптасып, дамыды. Бұл оның Орталық Азияны мекендеген басқа көшпелілерден ерекшелуге мүмкіндік береді және оның мәні осында. Көшпелі қазақ қоғамында реттеуші нормалардың рөлі басым болды және олар әдеттегі, дәстүрлі жүріс-тұрыстың басым бөлігіне тарады. Халық санасында оларды «әдет заңдары», «дала заңдары», «билер заңдары» деп атады. Олардың нормалары әрі қисынды-ұтымды, әрі ықшам мәні терең, бір естігенде есте қаларлықтай үйлесімді. VIII-IX ғасырлардағы түркі тіліндегі жазба ескерткіштердегі бір қағанның (ханның) үндеуінде мынадай сөздер бар: «Ей, түрік! Жоғарыдағы аспан құламай, төмендегі жер тесілмей сенің мемлекетіңді, әдетіңді кім жоя алады». Қасым хан тұсында «Хан болсын, ханға лайық заң болсын» деген ұран да таратылды.

Қазақ құқығының (жарғы) негізгі қайнар көзіне: көшпелі қоғамның талаптарына бейімделген әдет-ғұрыптар, қоғам мен мемлекет өмірінің ішкі және сыртқы жағдайлардың әсерінен тез өзгеріп отыратын әдет-ғұрып нормаларын толықтырып, әрі үйлестіріп отыратын бидің үлгілі билігі (прецеденттері), хан заңнамасы.

Қазақ хандығы тарихында Қасым хан заңдары, Есім хан заңдары және Тәуке хан заңдары деген атпен енген заңдар белгілі. Олардың әрқайсысы халық берген өзіндік атауға ие. Осы атауларда, сондай-ақ осы актілердің ерекшелігі, мәні, бағыты қамтылған, көрініс тапқан. Бұндай халықтық сын көзі әсіресе, қазақтардың көшпелі қоғамында айқын байқалады. Онда ауызша шешендік, ойдың кеңдігі, айқындылығы, қысқалығы және оны сақтау ыңғайлылығы ерекше орын алды.

Бұл мақалада бүгін біз Қасым ханның заңдарын қарастырмақшымыз. Келер жолдары Есім хан мен Тәуке ханның жарғыларын әңгімелейтін боламыз.

2. ҚАСЫМ ХАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЗАҢДАРЫ

Қасым ханның (XV ғ. соңғы ширегі мен XVI ғ. бірінші ширегі) есімімен «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталған кешенді заң жинағы – қазақ тарихындасүбелі орны бар маңызды құқықтық құжат. Заңның мазмұны, бағдары, мақсаты Қасым ханның мемлекеттік саясатымен тығыз байланыста құрылып, өзара үндестікте өрілген.

2.1 ҚАСЫМ ХАННЫҢ САЯСАТЫ ЖӘНЕ КӨЗҚАРАСЫ

Қазақстан тарихында Қасым ханның алатын орны ерекше. Хан тағына отырған кезде қазақ хандығының құрылғанына әлі жарты ғасыр да өтпеген еді. Ол жер көлемі аз, бытыраңқылық сипаты басым? Ортақ мемлекеттік билік әлі қалыптаса қоймаған ұлыстардың басын біріктіріп, өзінен кейінгі ұрпаққа сол кездегі жер көлемі ең үлкен бірлігі мықты мемлекетті қалдырып кетті.

Шын мәнінде мұндай жетістік оның хан тағында болған ресми он жылдың (1510-1521) көлемінде атқарылған шаруа емес. Бұл жетістік Қасымның әлі хандық мәртебеге ие болмай тұрғанда, Бұрындық хан тұсында «екінші хан» есебінде жүріп, ел басқарған кезеңдерінен бастау алатын 50 жыл ішіндегі қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Ел ішінде әлі хандық мәртебеге бола қомаған Қасым сұлтанның беделінің артуы, ел басқарушылық қабілетінің айқын танылуымен Бұрындық ханның халық алындағы салмағы төмендей түсті. Дей тұрғанымен қазақ мемлекетінің шекарасы мен аумағын кеңейтуге қосқан хан Бұрындықтың да үлесін жоққа шығаруға болмайды. Уақыт өткен сайын Қасым сұлтанмен екі арадағы келіспеушілі өрши түсті, сонымен бірге кешегі Бұрындық хан қол асытндағы рубасылардың бірқатары Қасым сұлтан жағына шығып кетуі Бұрындықтың Қыпшақ даласындағы хандық билікті тастап, Самарқанд қаласындағы

туыстық-некелік байланыстағы Шыңғыс тұқымынан тарайтын жақындарына кетіп қалуына себепкер болды.

Қасым сұлтан Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Жәнібек ханның үшінші ұлы еді. Шыңғыс тектілердің билік құру жүйесінде үлкенді тану қағидасықатаң ұсталды. Сол себепті Жәнібек ханмен қатарлас ел билеген Керей хан өзінің тегі, жасы және қол астындағы ұлысының көлемі бойынша да, билігі жөнінде де Жәнібек ханнан жоғары тұрды. Керей хан өлгеннен кейін билікке оның ұлы Бұрындық келді. Бұрындықтың Жәнібек ханға қарағанда таққа мұралығы лайықты деп есептелді. Бұрындықтың ресми хан тағында отыруы Қасым сұлтанның күн санап өсіп келе жатқан беделіне, оның мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаттарына шешуші ықпал етуіне кедергі келтірмеді. Алғашқыда Бұрындық хан Қасым сұлтанмен мақсат-мүдделері бір болғандықтан тату қарым-қатынас ұстады. Ал кейіннен Қасым сұлтанның бедел-абыройының күшейе түсуіне байланысты ара қатынастары суи берді.

XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың алғашқы ширегінде – Бұрындық ханмен Қасым сұлтанның қатарлас хандығы кезінде, әсіресе Қасым сұлтанның билікті өз қолына алғаннан кейінгі дәуірде қазақ хандығы бытыраған қазақ көшпелілерінің жерлерін біріктіретін орталыққа айналды. Қазіргі Қазақстан аумағында тең, ал ханлықтың қаласына көшкен Ертістің солтүстік аймағында орналасқан «орман халықтарын» қосқанда одан да көлемді жерге қазақ хандығы ие болды. Бұл сол кездегі қазақ мемлекеті дамуының нақты көрінісі еді.

Қазақ хандарының мемлекет аумағын кеңейтудегі әскери және бейбіт жолмен жүргізген шараларымен қатар, маңызды рөл атқарған тағы бір құбылысты атауға болады. Ол («Қазақ» деген сөздің) әлеуметтік-саяси, этнонимдік мағынаға ие болуы және көшпелілер бірлестігінің ұранына айналды. Белгілі

шығыстанушы В.П. Юдин өз еңбектерінің бірін «Қазақ» деген ұғымның этимологиясына арнап, сол еңбегінде былай деп жазды: «Қазақ этнонимінің этимологиясына қатысты айтар болсақ, XV-XVI ғасырларда «қазақ» деп әртүрлі себептермен өз ортасынан бөлініп кеткен біртұтас ұжымдарды атаған» деп көрсетеді. Мұның әртүрлі себептері болды: тұрған орталығында қысым, жәбір көру, қоныс тарлығы, көшпелілердің ішкі ара тартыстары, ұзаққа созылған жорық-соғыстардың әсері.

Алғашқыда Өзбек хандығынан Керей мен Жәнібек сұлтандардың бөлініп, Моғолстан (Жетісуда) жеріне орналасуы және оларға өзгеде үлкенді-кішілі көшпелі рулардың келіп қосылуының сыры, қазіргі тілмен айтар болсақ, көшпелілердің еркіндікте, азаттықта өмір сүруді қалағандығында жатыр. Бұл жолда көшпенділерге көптеген қиындықтарды бастарынан кешіруге тура келді. Еркін өмір сүруге деген ұмтылыс олардың ерлігі мен төзімділігін күшейтті. В.П. Юдин жазғандай «қазақ» деген атау батырлықтың, өжеттіліктің, төзімділіктің көрінісіне айналды, ал кейбіреулерге тіпті үрей де тудырды. Зерттеушінің пікірінше «Осының барлығы олар (қазақтар) туралы аңыздардың пайда болуына әсер етті және олардың өмірі өлең-жырға айналды».

Белгілі бір ұлттың (халықтың) атауын білдіретін «қазақ» ұғымымен қатар, көшпелі қауымның әлеуметтік атауын беретін «қазақ» ұғымының арасында тығыз байланыстың болмауымен бірге, өзіндік ерекшеліктері де бар. Ұлт ретіндегі қазақ ұғымы көшпелілердің саяси бірлесуінің көрінісі болса, ал әлеуметтік атауға ие болған «қазақ» термині сайын даланың төсінде еркін мекендейтін, бостандықты аңсаған, шашырап жүрген көшпенділердің бірлестіктерін суреттейді. Тарихи деректерге қарағанда «қазақ» деген әлеуметтік атау қазақ хандығы құрылмай тұрып, IX ғасырлардан бастап белгілі болды. Оның қатарына еркіндік аңсап қоныс аударған, орталықтан «қашып шыққан» ер жүрек ру бөлшектерін жатқызды. Қазақ хандығы бір

жағынан осы тұрғыдағы бірлесіп мемлекет құруының көрінісі болса, екінші жағынан қазақтардың ұлт деңгейіне көтерілуіне бірден-бір себеп, әрі айтарлықтай күш болды.

2.2 ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ІРІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ БІРІНЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН БІРІКТІРУ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛДЫ

Қасым ханның Қазақстан тарихындағы орны оныңдана да, дарынды, өз отанына берілген басшы ретіндегі бейнесімен ерекшеленеді. Оның жартығасырлық уақытта атқарған мемлекеттік, саяси және дипломатиялық қызметі мен ұстанған саясатын бір сөзбен түйгенде қазақ халқы мен жерін біріктіру орталығына айналдырды десек артық айтқандық емес. Қасым ханның қызметі мен жеткен жетістігі осылай бағаланғаны абзал.

Алғашқыда Қаратал мен Шу өзенінің аңғарған мекендеген Қазақ хандары Керей мен Жәнібектің қол астында кейбір мәліметтерге қарағанда 10 мыңдай халық болған. Арада бір ұрпақ ауысар мезгілде Қасым хан билігін мойындаған халық саны 1,2-2 млн. адамға жеткен. Сондай-ақ Орта Азия аумағында қазақ хандығы жер көлемі үлкен, ықпалды бес мемлекеттің бірі болып танылды. Бұған негізінен екі түрлі маңызды фактор әсер етті. Біріншісі – қазақ хандығы тонау мен соғыс, жерге талас пен ірілі-ұсақты билеушілердің қысымдарынан зардап шеккен көшпелілер үшін еркіндік аймағы ретінде танылса, екіншіден – бұл Қасым ханның тарих сахнасында ел сенімін арқалаған мықты қолбасшы, дарынды ел басқарушы, ірі дипломат және реформатор ретіндегі атақ-абыройы еді. Кезінде Әмір Темірдің жаулауынан кейін құлаған, күш-қуаты әлемге мәшһүр болған Ақ Орданың (Алтын Орда) даңқымен теңесерліктей жағдайға енген қазақ хандығы Қасым хан тұсында ірі мемлекетке айналды.

Қасым хан Бұрындық ханның тұсында оның келісімімен, ал өзі дебес хан болған кезінде өз еркімен Өзбек хандығы,

Моғолстан және Норғай ордасына жорықтар жасап, жорықтары сәтті аяқтап отырды. Жорықтардың сәтті аяқталуының себебі Қасым ханның ішкі саясатты сол кездегі елдің мүддесіне сай жүргізе білінуінде еді.

Оның ұстанған саясаты көрші көшпелі халықтардың бірігуге деген қызығушылығын арттырды. Жүргізілген саясаттың жасампаздығы да сонда, оның халық жиналысының, рубасылар мен билер сотының, көшпелі қоғамның әдеттік-құқықтық арналарының қуаты мен күшін билік жүргізуге ұдайы қатыстырып отырғанында жатыр.

Көшпелілер мекендеген Қыпшақ даласында әскери жорықтардың сәтті өтуіне Қасым хан қатты көңіл бөлді. Күн санап өсіп келе жатқан сарбаздар саны, олардың жауынгерлік борышқа адалболуын талап етті. Ол «Хан борышы жорықта ту көтеру, сарбаз борышы ханға еріп жан беру» ұранын халық санасына енгізді, соған негізделген әскери тәртіп қалыптастырды. Әрбір жорық алдында халық кеңесін тыңдап, көпшілік мақұлдауын әдетке айналдырды. Бұл қағида «батыр болсын, жорық болсын, жорық болсын мақұл болсын» деген мазмұнда нұсқа сөзбен әдіптелді. Сол кезеңнің жылнамашысы Қазақ хандығын бұрынғы Шыңғыс хан иелігіндегі аумақта атақ-даңқы жаңғырған ірі мемлекетке теңейді. Оның айтуынша бұл өңірде «қайсарлығымен және күшімен бүкіл әлемге мәшһүр қазақтар» тұрды. Бұрындық хан мен Қасым ханның сарбаздары қаһары жағынан да, саны жағынан да, саны жағынан да аса қауіпті күшке айналғанын тілге тиек етеді. Қазақ басшысының бұйрығы шығысымен-ақ «сол сәтте әрқайсысы он батырдың күші бар төрт жүз мың сарбаз топтаса қалатын», – деп суреттеледі.

Сондай-ақ тағы бір маңызды мәселеге тоқталған жөн. Қазақ хандығы құрылмай тұрған кезеңде дала өңірінде өздерін «қазақпыз» деп атайтын түркі тілдес көшпелі ру-тайпалары көрініс бере бастады. Олардың көбі өз биліктерін сонымен бірге еркіндікпен, кең жайлауды аңсаған көшпелілер еді. Қазақ хандығының аумағының кеңейе түсуіне бұл құбылыс та өзінің

оңды әсерін тигізді. Еріктілер мекендеген аумақтар қазақ мемлекетінің шекарасын кеңейте түсті.

Қасым хан ірі билеуші ретінде таныла отырып, бір орталыққа бірігу бағытындағы стратегиялық жоспарын тек қол астындағы қазақ жерлері мен ұлыстарына ғана емес, сонымен қатар көршілес түркі тілдес хандықтармен, ордаларға да қолдана бастады. Орта жүздегі Жошы хан кесенесі Кеңгір өзенінің бойына аты аңызға айналған Алаша ханға арнап күмбез-ескерткіш орнатуы Қасым ханның тікелей қатысуының нәтижесі болуы мүмкін. Көпшілік санасында Алаш хан Орта Азияны мекендеген түркі тілдес халықтардың ортақ беделі ханы саналғаны мәлім. «Алты алаштың баласы», «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда» деген ұрандар Қасым ханның көзқарсы және ұстанған саясатымен біте қайнасып, бірін-бірі толықтырып отырды. Басқа назар аударатын бір ерекшелік, ол түркі тілдес Алаш ұрпақтары арасында қазақтың үлкендігін және маңызды біріктіруші орталық тетік күшке айнала бастағанын мойындату еді. Осы саясат «Қазақбайдың баласымыз, алты алаштың ағасымыз» деген ұранға ұласты.

Қасым хан көршілес мемлекеттерде болып жатқан өзгерістер мен оқиғаларды жіті бақылап отырды. Ондағы болып жатқан қайшылықтарды, ру-тайпалардың көңіл күйін, қазақ хандығына және өзіне деген көзқарас – ұстанымын өз мүддесіне, хандықтың аумақтық шекарасын кеңейтуге тиімді пайдалана білді.

XVI ғасырда қазақ хандығының шекарасы бейбіт жолмен Түркістан қаласына және оған жақын орналасқан оңтүстіктен Сайрам тағы басқа қалаларға дейін, Алатау, Жетісу өңіріне дейін кеңейтілді. Өзбек сұлтандары 1514 жылы Түркістан қаласын Қазақ хандығының жері деп тануға мәжбүр болды. Қасым хан жоспарында Ташкентті басып алу, иемдену басты назарда болды. Қазақ хандығының батыстағы шекарасы әлсіреген Ноғай ордасын ығыстыра отырып Жайықта орналасқан Сарайшық қаласына қазақ хандығының үстемдігін ұайта орнатты. Қасым

хан бірінші болып Еділ (Волга) өзенінің бойына өз әскерлерімен ат басын тіреді. Көршілес мемлекеттер қазақ хандығын халықаралық қатынастың маңызды субъектісі ретінде бағалап, онымен тату қарым-қатынас орнатуға тырысты.

1514 жылы Өзбек хандығының ұсынысымен Қазақ хандығы арасында, Мауаранахрда (Сырдың орта ағысы) орналасқан севефивтер мемлекетіне қарсы олақ құру туралы келіссөз жүргізілді. Бұл келісім XVI ғасырдың 20 жылдарға дейін сақталды. Өзбек ханы Ұбайдулахтың өтініші бойынша Қасым хан өз қыздарының бірін оған әйелдікке берді. Ұзатылған қыз хан сарайында «қазақ ханым» деген атқа ие болады. Өз кезегінде Қасым ханның ағасы Әдік сұлтан да шейбанидтер (өзбектер) басшы Күшкінші ханның ұлына үлкен қызын ұзатады. Бұл қыз «Аман бике ханым» деп аталып, Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленген. Осы кезеңдегі Өзбек және Қазақ хандығы арасындағы мұндай дипломатиялық және некелік-туыстық қарым-қатынас, олардың күштерін біріктіріп қарсыластарымен бірге күресетін күшті одаққа айналуына әсер етті.

XV-XVI ғасырлардағы қазақ хандығының тарихын зерттеп жүрген зерттеуші Н.А. Атығаевтың еңбегінде былай делінген: «XVI ғасырдың 30-жылдарының басында Қазақ хандығы Орталық Азияның ірі және мықты мемлекеттерінің біріне айналды. Ол кездері оның билігі оңтүстік-шығыстағы Жетісудың біраз бөлігін, Қаратал және Аягөз өзендерінің аймақтарын қамтыды, солтүстік-батыста Волга өзеніне тірелді, солтүстікте және солтүстік-шығыста Ұлытау таулары мен Балқаш көлі арқылы өтті, оңтүстікте Түркістан қалаларының отырықшы аймақтарын қамтып жатты. Қасым ханның билік құрған жылдарында Қазақ хандығының құрамына Қазақ халқының бүкілдерлік этникалық аумағы кірді. Ол жылдардағы мемлекеттің халық саны 1 млн. адамнан асты. Жоғарғы биліктің беделі де өте жоғары болды».

// Қазақ. – 2006. – 2 маусым. №11 (276).

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТІМІЗДЕГІ ӘДІЛ СОТ ПЕН БИЛЕР БЕЙНЕСІ

Қазақ әдебиеті творчестволық қызметтің дербес саласы ретінде негізінен Ресейде Кеңес өкіметі жылдарында, яғни коммунистік идеология үстемдік құрған кезде дамыды. Бұл идеологияның ерекшелігі оның мемлекеттік, яғни үстемдылығы бар, өктемдігі бар идеология болғандығында. Кеңестік, партиялық шындықты жазу және мадақтау бүкіл саяси аппарат пен қаржы материалды құралдар тарапынан қолдау тауып отырды. Үстемдік еткен «таптық көзқарас» барлық әдеби шығармалардан көрініс тапты. Яғни өткен өмірді сипаттаған кезде ондағы қоғамның бір тобының екінші тобына қанаушы байлар мен қаналушы кедейлердің арасындағы мәңгілік қарама-қарсылығын көрсету мақсаты қойылғандығын білдіреді. Сонымен қатар, бұл күресте жоғарылық «төменгі таптың» өкілдері жағында болуы тиіс еді. Бұл әрі ереже, әрі ресми қағида да болды. Одан бас тарту ресми құрылымдардың саясатын ескермеу ретінде бағаланды да, мемлекеттік және жеке сипаттағы авторды қылмыстық қудалауға дейін соқтырды,

Нақты жағдай келесідей еді: а) ұлттық республикалардағы Кеңестік мемлекеттің және оның органдарының ұлттық мәселедегі саясатын анықтаған ресми идеология революция (1917 жылғы большевиктік революция) алдындағы тарихты таптық күрес тұрғысынан, яғни өткен заманның барлық қоғамдықжәне саяси қайраткерлерге теріс көзқарас тұрғысынан қарастыруды міндеттеді. Билер олар жүргізген тәуелсіз әділсот олардың қазақ қоғамындағы рөлі қанаушылық жүйенің институттары болып, яғни халыққа қарсы болып есептелді: ә) идеологияға айналған тарихи тұжырымдамаға сәйкес Орталық Азия халықтары ХХ ғасырдың басына дейін патриархалды-феодалдық қатынастар сатысында, кейін қалушылық пен далалық жағдайда өмір сүрді, озық ойлылық пен шынайы

демократиялық қоғамдық-саяси идеалдар мен институттар болған жоқ деген пікір үстем болды. Дегенмен де тарихи зерттеулер мен жұмыстарға ешкім тура тыйым салған жоқ.

50-жылдардың ортасынан бастап (Сталин қайтыс болғаннан кейін) Республикадағы творчестволық қызмет бостандығы, әсіресе әдеби шығармашылық саласында кеңейе түсті. Жазушы қауым арасында жылдар бойы сақталып, шаң баса бастаған ойлар мен фрагменттер жарияланған шығармалардан көріне бастады. Дәл осы ойлар мен фрагменттер «Қазақ ата заңдары» атты еңбектің екінші томының, екінші бөлімінен көрініс тапты.

КСРО-ның мемлекеттік идеологиясында болған идеялар ол ыдырап кеткеннен кейін де тұтастай қазақтың әдеби шығармасынан, дәлірек айтсақ, «көне нысандағы» қазақ әділсотының режимі мен билердің өнегелік образдарынан тікелей көрініс тауып отырды.

Атақты жазушы-ойшыл, ғалым, қазақ тарихы мен мәдениетінің асқан білгірі М.О. Әуезов өзінің трилогия-романын XX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ірі ақын, ойшыл әрі ағартушы Абай Құнанбайұлына арнады, бірақ кеңес өкіметі жылдарындағы идеологиялық бұғаудың салдарынан көптеген мәселенің басын ашып айтқан жоқ. Бұл, әсіресе, Абайдың би ретіндегі тұлғасының оның, Төле би қазақ даласындағы жоғарғы судья ретіндегі рөлінің толық сипатталмай қалғандығынан ерекше айқын көрінеді. Абай тірі күнінде қыпшақтардың Ұлы Даласының ұлы билерінің демократиялық дәстүрлері мен ойларының жалғастырушысы болып есептелген.

Өткен ғасырлар қойнауын сипаттайтын тарихи тақырыптар қазақ әдеби шығармаларында көбейе бастады. Оған халық тарапынан сұраныс та көбейді. Атақты жазушылардың шығармашылығында қазіргі заман тақырыптары, күрделі әрі қарама-қайшылықты өмір, әртүрлі детективтер енді қызығушылық тудырмайтын болды. Бұл жанрларды партиялық

басқарма талап еткен болатын. Оны келесідегі себептермен түсіндіруге болады:

а) Кеңестік дәір жағдайында болған олқылықтар туралы әдеби шығармаларда жазбай кету мүмкін емес еді, бірақ олар туралы ашық түрде айтуға да болмайтын;

ә) Қазақ халқының өзін-өзі тануындағы қажеттілік міндетті түрде Ұлы Дала тарихына, оның өнегелілік бастауларына алып келді;

б) өнегелілік идеалдар мен тарихи құндылықтар халықтың есінде сақталған.

Қазақтардың тарихи әдеби шығармаға құштарлығы ерекше болды және ғасырлар бойғы дәстүрге негізделді.

Өз шығармаларында өткен ғасырларды сипаттайтын көптеген жазушылар сол тарихи оқиғалар болған дәуірді, оның әлеуметтік рухани ерекшеліктерін, онымен бірге халықтың тарихи санасын түбегейлі зерттеуге ден қойған. Олардың кейбіреулері зерттеушілер деңгейіне көтеріліп, қазақ мемлекетінің ерте және ортағасырлық тарихына байланысты ғылымы еңбектерін жариялады.

Қазақтардың «көне нысандағы» әділсоты туралы пікір көп уақытқа дейін олардың рухани болмысында өз күшін сақтады, ол әсіресе ұлттық зиялы қауымның көзқарастарында көрініс тапты. Жазушылардың тарихи тақырыптарға арналған және соңғы он жыл ішінде жарияланған шығармаларында билердің әлеуметтік рөлі мен тұлғасы басқа әдеби кейіпкерлердің арасында жетекші орын алады. Әдеби шығармаларда адамгершілік пен әділеттілік, адамның қадір-қасиеті мен парасаты сияқты өнегеліктің жоғары қағидаларын көрсету қажет болғанда, жазушылар әділ (сатылмайтын) билер образдары мен билердің соттық процесі ұұрылымын қолданатын.

Мысалы, М.О. Әуезов өзінің Кеңес өкіметі кезінде, яғни идеологиялық шектеу жағдайында жарияланған «Абай жолы» роман-эпопеясында дала демократиясының дәстүрлі

нысанында сақталған екі соттық процесс сипатталған. Уақыты жағынан олар қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси жағдайда көптеген көптеген өзгерістер және ондағы отарлаушы билік құрылымдары мен жергілікті «авторитеттердің» әсері елеулі болған, яғни бір кездегі әділ, сатылмайтын биліктің мазмұны өзгерген кезеңде, XIX ғасырдың екінші жартысына жатады.

Бір жағдайда соттық процестің тараптары: жауапкер саны аз, жағдайы нашар «Жігітек» аулы және оның басшысы Базаралыда, талапкер, беделді, әрі ауқатты Құнанбай әулетінен шыққан – Тәкежан және оның соттағы өкілі Шұбар. Соттағы тараптардан екеуі де ұзақ уақыт бойы руаралық тартыста өмір сүрген Орта жүздің «Тобықты» руына жатады. Істің мәні жауапкер – «Жігітек» ауылының 40 адамы Құнанбай әулеті тарапынан қысым көріп, кек алу мақсатында 800 жылқысын айдап әкеткен. Бұл соттық процестің басты ерекшелігі мұнда судьялар құрамы басқа рулардан құралды және оған Құнанбай әулетін жақтайтын отарлаушы биліктің өкілі болыстық бастық қатысты. Екінші жағдайда соттық процестің тараптары: жауапкер – Құнанбай ауылынан шыққан барымташы, әккі және талапкер – ұрланған жылқыларын даулап алыс ауылдардан келген басқа рудың адамдары. Бұл соттық процестің ерекшелігі – сөздеріне қарағанда әділ биді іздеген талапкерлер күдікті жауапкердің тәкелей туысы болып табылатын.

Құнанбайдың баласы – Абайдың билік айтуға тандап алады.

Бұл соттық процестерде қабылданған шешімдерге қарамастан, оған келесідей маңызды ерекшеліктер тән:

а) тараптарды нөкілдері болып, ең алдымен қызыл тілдің иелері тандап алынды;

ә) дала шешендерінің образдылыққа толы соттық сөздрей келтіріеді;

б) соттық процестің тараптары – кінәлары және кінәлі еместер – ең жоғарғы «әделттілік» қағидасына жүгінеді және

сот шешімі дауласушылар үшін қандай болса да мойындап, орындауға дайын екендігін білдіреді;

2) билер үшін тәуелсіздік бұрындары қасиетті болған, бірақ қазіргі күні күдікті де, шартты ғана болып отыр деген идея жүргізілген. Бірінші жағдайда да, екінші жағдай да соттық процесс автор сипаттағандай, мал ұрлау фактісі дауланбағанмен күн ұзаққа жүргізілген. Соттық процесте фактісін дәлелдеумен қатар, фактінің себептерін дәлелдеу және ойды жеткізе білу өнері маңызды орын алған.

Жауапкер Базаралының сотта сөйлеген сөздерінің кейбір бөліктерін келтірілдік. Роман авторының сипаттамасына Базаралы «үнсіз отырған үй-ішін өзіне еріксіз жалт қаратты».

« – Ойдағы – ұлық, қырдағы – қазақ болып, бас қосқан келелі жиының екен. Ағайын! Көбіңнің түсінді танымасам да атағыңды, тегінді білуші едім...дауға келіп отырған менің мырзаларым, – мынау Құнанбайлар болады. Мұның қарсысында мал-пұлы жоқ, әрі құны да жоқ, бір шөкім кедейатынан мен кеп отырмын. Құнанбай баласына қайратпен, байлықпен, бақталаспен, не басқа тайталаспен тең келермін дейтін мен емеспін... «Ұзын арқау, кең тұсау» бұнда болғанда, «Қысқа жіп күрмеуге келмес» – менмін.

– Құнанбай балаларының өздеріңдей жақсыларға беріп жатқан асы мен сыйы мол ғой. Ал, түтім жоқ болса да ойлап, барлап қарасаңдар, менің сендерге беріп жатқан парам, сыйым осылардың сый сыбағасынан сонауғұрлым көп екен. Сендердің елдерің болсын, өздерің бол, бұл күнге шейін осы дуанда Құнанбайдан жуанды көрдің бе? Көрмедің! Бұған кәр өтеді, бұларға қарсы адам баласы басады деп білдің бе? Білмедің! Ойламадық. Бұлар Құнанбайдан туды ма, тіпті Құдайдан туды ма – дегендей көруші ек. Сенің сендерге берген парам ол – дәл сол Құнанбай баласы да өзіміздей адам баласы екенін таныттым. Ұрсақ оған да таяқ өтетін, жұлқысаң оның да жыртылатын жағасы барын таныттым. Тіпті, одан әрі батыл, бекем ұра

берсең, тікейіп тұра бере алмай омақата жағылып, өлуге де бар бар екенін таныттым. Біле білсеңдер, менің осындай сый бергенім бар! – деп сылқ-сылқ күлді.

Ағам – Балағаз осының адатуымен өлді. Інім – Оралбай, осылар шырмаған кесірдің салдарынан елден безіп жүріп, кудала, қу медиенде көмусіз қалды. Тәкежен бар істі істеген менің өзім. Оны істеткен менің баскегім. Дәл өз басымның кегі. Елден кума, өзімнен қу! Өлтіріп тынасың ба?! Тірідей қара жерге көміп тынасың ба?! Есебімді айырғанда, бір өзімнен ғана айырасың! – деген».

Шығарманың авторы сипаттағандай базаралының қорғау сөзі процестің қатысушыларына қатты әсер етті.

Күнұзаққа созылған соттық жарыссөз – Құнанбай баласы Тәкеженның пайдасына Жігітек ауылының адамдарының барлығынан айдап әкетілген малды үшесе көлемде қайтару туралы билердің шешім шығарумен аяқталды.

Халықтың болжамдап күткені де осы болатын. Құнанбай әулетінде өткен екінші билер соты біріншісіне мүлдем қарама-қарсы. Бірінші жағдайда билер алдын-ала сатылған болатын, екінші жағдайда дала әділсоты «Көне нысанда» көрсетілген, яғни би тәуелсіз, ал оның шешімі әділеттілік қағидасына негізделген еді. Атақты Абай Құнанбайұлының баласы Әбіш өз әкесі Абайдың кінәлі тарап (жауапкер) болып табылатын туыстары мен жақындарына, ауылдастарына әділетті түрде үкім айтқандығын өз көзімен көргендігін сипаттап жазды. Абай би ретінде өзінің қандас-туыстарына қатал болды, атақты қазақ билерінің «бүкіл халыққа және әрбір адамға «тән» қызмет етуді» өсиет еткен үлгілі сөздерінен ауытқыған емес. Абайға, оның үкімін есту үшін алыс ауылдардан, рулардан келетін. Бірде Абай «өз елінің» барымташы-ұрысына үкім айтқан еді. Жауапкер-ұрының психологиялық айыптаудың үзіндісін келтірсек:

«Абай біраз тоқтап, қарсы алдындағы кесек денелі ұрыға көп қадалып қарады. Бір уақыт, сәл мысқылдап күліп қойып, Әбішке (өз баласына) бұрылды.

– Қарашы! Тағдырдың ызалы мазағындай, бұл тынымсыз ұрының аты да, ары да баласына мысқыл сияқты. Мұның аты – Мыңжасар! Не деген сорлы ата-ана қойған масқаралылық ат! Өлмесе екен деп тіледі ғой. Сондағы адал қасиетті тілек неменеге айналған? Оң тілектің сұмдық масқара тілекке айналғаны, адам қауымына бір қорлық жаза ғой деді.

– Қазақтың атақты жазушысы Ә.К. Кекілбаевтың «Үркер» романында XVII ғасырдың басындағы қазақ қоғамының нақты саяси-әлеуметтік өмірі шығармашылық образдарда берілген. Бұл кезең халық үшін және оның басшылары үшін ауыр сын, қазақ мемлекеті мен қоғамы үшін шешуші уақыт болды. Романның басты кейіпкерлері үлкен саясат деңгейіне дейін көтерілген билерге жетекші рөл берілген.

– Автор Қазақиядағы хандық билікті ұйымдастырудың дәстүрлі сатысын келтіреді.

«...Шартарапты өзіне шақырып тұрған шаршы төбенің шырқау басында шақырайған зор кілемнің үстінде алтын тақта алшайып алтын тәжді хан отырар-ды. Тақтың екі жағында қос қанатта тізе қосып ұлыс бегі төрелер мен сұлтандар тізілер-ді. Тақтан сәл төмен, хан алдында қолдарына үш арыстың қамшысын ұстап үш жүздің төбе билері мен батырлары отырар-ды».

Романда Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты атақты билердің даналығы философиялық ойлаудың тереңдігі сипатталған және қоғамның өмір жолының заңдары мен болжамдары берілген. Бұл үш бидің халықтың қойған сұрақтарына берген жауаптарынан айқын көрініс тапқан.

«... Осы жолы да Әз Тәукені күллі қазаққа ортақ хан сайлап, Сұлу Әжіні күллі қазаққа пір сайлап, Жеті Жарғының жосығын қабылдаған ұлы жиын аяқталғасын да жиылған жұрт «Ертең елге барғанда айта баралық. Үш би бізге не дейді екен? Соны естіп кеткіміз келеді», – деп тырп етпей тұрып алған-ды.

Сонда үш биден не сұрайсыңдар? – деген-ді хан Тәуке.

Үш би ең әуелі заман құлқыны жөнінде үш аңыз сөз айтсын, – десек жұрт.

Сонда төбенің басына қамшысын ұстап Төле шыққан-ды.

– О, әлеумет, қалай осы, жылқы біткен көп кісінеп кеткен жоқ па? Әйел біткен көп кісімсініп кеткен жоқ па? – деп қайта түсіп кеткен-ді.

Одан кейін төбеге Қазыбек көтеріліп, мұнартқан көкжиекке қарап тұрып:

– Жылқы біткен көп кісінесе, ел шетіне бір дүбір жетейін деп жүргені болмасын, әйелдер көп кісімсінсе, қадірлеріңнің өтейін деп жүргені болмасын! – деп топқа қайта қосылған-ды.

Әйтеке қамшысын көкке көтеріп:

– Ел шетінде дүбір жетсе, атыңның жалы панаң болар, көксауытың – қатын, көк найзаң – балаң болар! – деген-ді.

– Қарақұрым халық үн-түнсіз бастарын шұлғыған-ды.

– Енді не сұрайсыңдар? – деген хан Тәуке.

– Енді үш би бізге кәрілік пен жастық қақында не маслихат қосады екен? – деген жиылған көп.

– Үй сыртында төбең болса – ерттеулі тұрған атың ғой, ішінде кәрияң болса – жазулы тұрған хатың ғой – деген-ді Төле.

– Жалтылайды екен деп жастықты сөкпе – бәрінің шыққан тегің сол: қалтылдайды екен деп қарттықты сөкпе – ертеңгі жетер шегің сол! – деген Қазыбек.

– Ар сатып алған атақтан, тер сатып алған мал артық, сақалын тосқан кәріден еңбегін тосқан бала артық! – деген Әйтеке.

– Тағы не білгілерің келді? – деген Тәуке.

– Енді бізге үш би: жомарттықтың қандайы жаман, сарандықтың қандайы жақсы – оны айтсын – деп өңештеген бір шұнақ құлақ, қу сақал.

– Жомарттықта суайттың куәге жомарттығы, молданың дуаға жомартығы жаман, – дейді Төле.

– Жомарттықтың және бір жаман түрі: еркектің жетекке көңілшектігі, ұрғашының етекке көңілшектігі, – деді Қазыбек.

– Дуаға жомарт молда малынан қағылар, куәге жомарт суайт абырой-арынан қағылар, жігіттің көңілшектігі – атының

соры, әйелдің көңілшектігі – соры, ең жаман жомарттық – уәдеге жомарттық, – деді Әйтеке.

– Ең жақсы сараңдық: қасың сұрағанда «барға» сараңдық, досың сұрағанда «жоққа сараңдық» – деді Төле қамшысын қолына қайта алып.

– Көрсен қызардың алдында жаныңа сараңдық لازم, – деді Қазыбек көп алдына қайта шығып.

– Тамыр мен тамырдың арасында боқшаға сараңдық, дос пен достың арасында топсаға сараңдық, – деді Әйтеке би екі бидің соңын ала сөйлеп.

Жұрт бұл жолы бір-біріне бас изесіп желпінісіп қалысты.

– Тағы қояр сұрақтарың бар ма? – деді Тәуке.

– Енді үш би бізге ұл мен қызқақында не айтар екен? – деді көпшілік.

– Ұл өссе – ұрпак, қыз өссе – өріс, – деді Төле.

– Ұл бала аптыққаннан өлсін, қыз бала тұншыққаннан өлсін, – деді Қазыбек.

– Дәулетіңнің қадірін ұлың өскенде білерсің, абыройыңның қадірін қызың өскенде білерсің, – деді Әйтеке.

– Енді үш жорға ерлі-зайыпты екеуі туралы бірдеңе айтсын, – деді біреу жиылған жұртты ду күлдіріп.

– Жарақтыдан құтқарса – атың мұра, жалғыздықтан құтқарса – қатын мұра, – деді Төле.

– Төсекте қызық көрмеген, тамұқта жаны шошымас, жар құшып бауыры күймеген, ұл сүйіп ерні тұщымас, – деді Қазыбек.

– Азынаған айғырды үйірінде көр, аңқылдаған жігітті үйінде көр, – деді Әйтеке.

Қарақұрым халық тағы да гу-гулей жөнелді.

– Енді не, сұрақтарың бар ма? – деген хан Тәуке.

– Үш бидің бізге енді адам құлқынан үш ауыз сөз айтсын! – деген жиылған жұрт сол тырп етпеген қалпы.

Қамшысын алып Төле би қайта ортаға шығып:

– Биікке шықсаң – көңілің ашылар, жақсымен тілдесең – зейінің ашылар, – деген.

Қазыбек қамшысын ұстап тұрып:

– Аты жаманның арманы кетер, баласы жаманның дәрмені кетер, – деді.

Әйтеке жұртқа қарап:

– Ниеті жаманның имамы кетер, әйелі жаманның мейманы кетер, Алланың сүйгені – азан, халықтың сүйгені – қазан. Күлтөбеге жақын ауыл біздікі екен. Жиналған көп әлеумет, жүріп дәм татындар, – деді...».

Бұл атақты билердің даналық пен көрегенділікке өзіндік бір жарысы болды.

Әдеби шығармалардан келтірілген үзінділерде «көне нысандағы» қазақ құқығы, оның институты – билер соты және бастауын орта ғасырлардағы Ұлы Даланың демократиялық еркін аймағынан бастау алатын соттық биліктіңиелері көркем әдебиет шындығында бейнеленген.

// Қазақ. – 2007. – 30 наурыз. №13 (318).

ҮШ ЗАҢҒЕР – ҮШ АҢЫЗ

Қазақтың құқық жүйесінің негізгі қозғаушы күші, алтын дінгегі – ерекше әлеуметтік категория «билер» болған. «Би» өз бойына саяси-құқықтық өмірдің бірнеше ерекшеліктерін, қырын жиыстыра білген жан. Ол – дала төсіндегі әділдіктің басты жаршысы, қара қылды қақ жарған төреші (сот), үлгілі жол-жоралғы түзе білген заң шығарушы, өрелі сөзді өрнектеген ақын, қызыл тілдің көркінен ыстық тезімен талайды пәтуәға келтірген шешен, қысыл-таяң тұста тіл қаруы мен найзасын қолына қатар ұстаған батыр. «Сегіз қырлы, бір сырлы» әмбебап тұлға. Жоғарыда айтқанымыздай бұл бөлімге ұлы үш би Төле, Қазыбек, Әйтекелер туралы мәліметтер топтастырылған. Олар туралы нақты құжаттар аз. Бірақ та олардың өнегелі істерін, үлгілі биліктерін, өсиет сөздерін паш ететін ауыз әдебиетінің

мұралары жетерлік. Олар туралы материалдар өткен ғасырда одан да көп сақталған болатын. Бірақ кейінгі кездегі ел басына түскен ашаршылық, зұлмат жылдары бұл бай мұра үлгілері тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп көбісі жоғалып кетті.

Қазақтың құқықтық мәдениеті туралы нақты деректердің, құжаттардың әлі де болса қолымызға түспеуі елдің дәстүрлі құқықтық мәдениетінің ұлы мұра екендігіне шүбә келтірмеуі қажет. Өйткені қазақ халқы ауыз әдебиет үлгілеріне, шежірелеріне, тарихқа бай халық. Қазақ халқының психологиясын жақсы білген Г.Бельгер өз зерттеулерінде: «Қазақ халқының тарихты есте сақтап, атадан балаға қалдырып отыруы қазіргі күні де таңғаларлық жағдай» деп қазақтың бойындағы бұл ерекше қасиетіне өзінің танданысын білдіреді. Сондықтан да оның бастауларын қазақтың өткен тарихындағы ауызша сөйлеу мәдениетінің бізге жеткен үлгілерінен іздеуіміз керек. Осылай қазақ әдет-ғұрып құқығын тануды әр қырлы жолмен байыта отырып, біз оның толыққанды бет бейнесін сомдауға белгілі қадамдар жасай аламыз.

Қазақтың ұлы даласының әр түрлі кезеңдерінде әділдігімен ерекшеленген көптеген билер болған. Қазақ даласының тарихының толайым бір кезеңін атақты үш би – Төле, Қазыбек, Әйтекенің атымен байланыстыруға болады. Төле би өзінің балаларына: «Мен болсам халық үшін жүрген адаммын» десе, Әйтеке би өз өмірі туралы: «Өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі» деген екен. Бұл сол кездегі билердің билік жүргізу идеологиясының негізін құраған қағида болатын.

«Үш бидің» өмірі қазақ тарихының ең ауыр да, күрделі кезімен тұспа-тұс келді. Жоңғар қалмақтарының шабуылы, қазақ елінің өміріндегі шешуші тарихтың ұрымтал кезеңін тудырған болатын. Бұл кезең тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен белгілі. Дәл осы кезде қоғам күшті мемлекет қайраткерлерін қажетсінді. Төле, Қазыбек, Әйтеке билер – дәл осы кезде билік құрған. Қазақ жері мен елінің тұтас

бірлігін сақтап, сүттей ұйып күн кешуі үшін аянбай тер төккен маркасқалар. Сондықтан да олар қазақ тарихында «Атақты үш би», «Үш пайғамбар» деген атқа ие болды.

Қазақ билерінің көшбастаушысы, түгел сөздің түбін түсірген бидің бірегейі дала жұртына билік жүргізудің символына айналған тұлға ол – Майқы би. Майқы би – бүкіл қазақ билерінің пірі. Қазақта кейін мақалға айналған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген қағидадан Майқы бидің беделінің сайын далада қаншалықты асқақ, жоғары болғандығын көре аламыз. Кейінгі билер билік құрғанда сөздерінің салмағын арттыру үшін «Майқы биден қалған сөз», «Майқы би кесімі солай болған» деп міндетті түрде Майқы би беделіне сүйену билердің шешімдерінің ықпалын арттырған даугерлердің екі жағының да бітімге келуіне негіз болған.

Майқы би ұзақ өмір сүрген деседі (1105-1225) және ол халықтың айтуы бойынша үйсін тайпасынан шыққан ортағасырлық кейбір араб-парсы, түрік және монғол деректеріне сүйенсек, Майқы би Шыңғысхан және оның ұрпақтары билік құрған тұста өмір сүріп, қызмет еткен. Тарихи мәлімет бойынша Майқы би Шыңғысханның ең жақын кеңесшісі және «Төле би» болған көрінеді. Майқы би Шыңғысханнан бастап, оның балалары тоғыз монғол ханының сайлану рәсіміне қатысқан. Нақтылай түссек көне түрік әдет-ғұрпы бойынша Шыңғысханның баласы Жошы ханды Ұлытауда ақ киізге отырғызып хан көтергенде қасында болған. Майқы би – бірнеше тіл білген, өз заманында әділеттіліктің қорғаушысы, көшпенділер бостандығының идеологіне айналған тұлға.

Қазақ тарихындағы билік жүргізу үрдісінде қалыптасқан негізгі заң қағидалар кезінде Майқы би айтқан үлгілі сөздерден құралғандай. Солардың бірі: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Әділ қара қылды қақ жарған». Майқы би өз өмірінің көп бөлігін осы далада өткізген екен.

Төле. Қазыбек, Әйтеке – қазақтың үш жүзінен шыққан ұлы билері. Билігі бүкіл қазақ жеріне бірдей болған Тәуке хан

Түркістан қаласына жақын жерде болған жиналыста оларды өз жүздерінің басқарушысы деп жариялаған. Ол кезеңде билерді әрбір жүздің басшысы етіп бекіту, сол уақытқа дейінгі ел билеу үрдісін өзгертуге батыл қадам жасау, әрбір басқарушының батылы бара бермейтін іс. Өйткені әрбір жүзде басқарушы болғысы келген Шыңғыс тұқымдары – сұлтандар да жеткілікті еді. Бірақ аталған билердің мысы басым түскендіктен сұлтандар олардың беделін амалсыз мойындауға мәжбүр болды.

Төле би Ұлы жүз ішінде үйсін, үйсін ішінде Дулаттан шыққан. Әр түрлі деректерден бізге Төле бидің Ташкент қаласына жақын жерде туып, қайтыс болғандығы мәлім. Оның шежіресі өз бастауын атақты Майқы биден, одан қалды «Сөз бастап кетсе, шешен, ел бастап кетсе көсем» деп халық сипаттайтын Бахтияр биден алады.

Төле әкесінің айтуымен бес жасынан оқу жолына түседі. Бастапқыда әкесімен бірге ел аралайды, кейін беделді билердің қасында «қосшылыққа» жүреді. Олойлы, сөзге жүйрік бала болып өседі, тоғыз жасынан билік құрып, еліне танылады. 15 жасынан бастап өзінің жеке билік жолын бастайды. Ақсақалдар сынынан сүрінбей өтіп, олардың батасын алады. Деректерге сүйенсек, Төле би Әнет бабаның сынынан өтіп, батасын алған екен. Ол кезде би болу үшін елге танымал дуалы ауыз билердің батасын алу міндетті рәсім болып табылатын. Белгілі зерттеуші Н. Төрекұловтың айтуы бойынша Әнет бабаға Төле би өзінің өмірлік ұстанымын (кредосын) былай деп жеткізген екен: «Саяқ жүрген таяқ жейді», «Ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды».

Өсе келе Төле би: «Хан көзі жетпес қайғыны қашықта жатып көремін. Екі ел егер болғанда ел басын қосар төремін» деген сияқты ел бірлігіне меңзеген аталы сөздермен танылып абыройы арта түседі. Төле би Ұлы жүздің «Төбе биі» болуымен қатар, батырлық қырымен танылған тұлға. Төле би бір кездері Ташкент қаласын он жылдан артық уақыт басқарған. Сол кездегі

ресми деректердің бірінде Төле би Ташкент қаласында «Ханнан да беделді болды» деп көрсетілген. Төле би жасы жағынан да, жолы жағынан да үш бидің үлкені. Ол туралы халық арасында: «Бүтін билікке Төле би, бүкіл халыққа Есім хан жеткен» деген мақал сақталған.

Қазыбек би – арғын руының қаракесегінен шыққан және Қазақстан тарихында XVII және XVIII ғ. халықты ауыр жағдайдан алып шығуға ат салысқан «үш заңгердің» бірі. Аңыз бойынша Қазыбектің анасы ол туғанда: «Адал болар нәсібің, тіліңнен болар кәсібің» деп болжаған екен. Кітаптың осы бөлімінде Қазыбек би мен Төле бидің кездесуі, Қазыбектің Төледен бата сұрауы беріледі. Бұл кездесу желісі төмендегідей болған еді: Бірде Төле би Қазыбекке: «Шырағым, бір бала әкесінен өтіп туады, бір бала әкесіне жетіп туады, енді бір бала кері кетіп туады. Сен соның қайсысың?» дегенде, Қазыбек би:

– Әкеме жете туған баласы болармын, – дегенде, Төле би:

– Өзім де солай шамалап отыр едім, – дейді. Кейін Қазыбек би Төле биге сұрақтар қояды:

– Аға алысыңыз қандай? – дегенде, би:

– Алысым жақын болды.

– Тәттіңіз қандай?

– Тәттім сиреп барады, шырын болды.

– Несиеніз өне ме?

– Шүкір, несием өніп жатыр, – депті.

Бұл әңгімесін Қазыбектің қасындағылар бірден түсінбейді. Сонда Қазыбек әкесі Келдібекке бұл кездесуді өзі баяндайды:

– «Алысың қандай?» – деп, қос жанарын сұрадым.

– Ол «Алысым жақын» деп, жақыннан көретінін, жанарының тая бастағанын айтты. Мен: «Тәттіңіз қандай?» деп, ұйқысын білмек болып едім. Ол кісі: «Тәттім сиреп барады» деп, ұйқысының қашқанын білдірді. Мен: «Несиеніз өне ме?» деп, балаларының қалай күтіп қарайтынын сұрап едім. Ол кісі: «Шүкір, несием өніп жатыр» деп, балаларының жақсы күтіп

қарайтынын білдірді. Қазыбек бисіз Орта жүздің ел тізгінін ұстаған игі дақсылары маңызды бір іс шешпейтін болған. Оның пікірімен кезінде атақты Әбілмәмбет, Абылай хандар да санасқан.

Алшын Әйтеке бидің беделі Кіші жүз аумағынан асып кеткені тарихтан мәлім. Оның туылған, қайтыс болған жылдары туралы нақты мәлімет жоқ, бірақ ол 56 жыл өмір сүріпті деген болжам бар. М.Есламғалиевтің зерттеулері бойынша ол Самарқанд қаласындағы Нұрата тауының маңында жерленген. Оның есімі Төле, Қазыбек билермен қатар аталады. Деректерге жүгінсек, ол жас жағынан Төле би мен Қазыбек биден кіші болған көрінеді.

Тарихи әдебиеттерде Әйтеке би өз өмірінің көп бөлігін сырдария мен Өмудария өзендерінің арасындағы қазақ даласында өткізгенге ұқсайды.

Әйтеке бидің тікелей аталары да атақ-даңқтан кенде болмаған. Мысалы, оның аталарының бірі Ораз би (1299-1385) Тұран мемлекетінің негізін қалаған Өмір Темір мен Ұлықбектен кейінгі үшінші атақты басқарушысы Жалаңтөс Әйтеке бидің аталары болып табылады.

Әйтеке би өз заманында жоғары білім алып, атақты Ұлықбек медресесінде оқып, оны жақсы аяқтаған, бірнеше шығыс тілдерін – араб, парсы, түрік тілдерін жете меңгерген. Бес жасынан атақты билердің мектебінен өткен.

Нәтижесінде Әйтеке би білімді, білікті би болды. Оғанхалық алыстан да, жақыннан да ақыл-кеңес, дау бітімін сұрап ағылып келіп жататын.

Әйтеке бидің идеялық ұстанымдары мен өмірлік мақсаты Төле би мен Қазыбек бидікі сияқты. Яғни бұл үш би де ең алдымен әділетті болып, халыққа қызмет етуді мақсат етті. Үшеуі де халықпен бірге қуанып, қайғырды. Әйтеке бидің «Халықтың көз жасын күннің шуағы да кептіре алмайды», «Өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі» деген сөздері аңызға айналған үш бидің өмірінің мағынасы болған.

Әйтеке би Төле бимен, Қазыбек бимен бірігіп, Тәуке ханға халық басына қиын күн туған кезде сүйеніш, ақылшы болған. Түркістан қаласына жақын жерде өткен Құрылтайда қабылданған ірі заң актісі – «Жеті Жарғыға» үш бидің – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің қосқан үлесі зор.

Төле, Қазыбек және Әйтеке би Түркістан қаласы маңында өткізілген Құрылтайда талай шүйіркелесе отырып ел бірлігін сақтау, әділдік, заңдылық орнату жолында талай үлкен-үлкен маңызды шаруалар тындырған. Сондықтан да олардың есімдері жер бетінде қазақ деген халық тұрғанда, оның көк аспанда шоқ жұлдыздай қалықтай бермек.

// Қазақ. – 2009. – 6-13 наурыз. – №10-11 (419-420).

ЕЖЕЛГІ БИЛЕР СОТЫ ТӨРЕЛІГІНІҢ ОН ҮЛГІСІ

Би – көшпелі қазақ қоғамындағы сот ісінің басты тұлғасы. Тіпті істі басқа жолымен шешу қисындырақ болса да, халық бәрібір билерге, билердің кесіміне жүгінуді жөн санаған. Бұқара санасында тарих пен жұрттың жадына терең бойлаған соттық істер мен дала заңының тасымалшысы және сақшысы ретінде қалыптасқан би-қазылар дауласушы жақтардың дәнекершісі боп есептелетін. XIX ғасырда Қазақстанды отарлаған орыс әкімшіліктері органдарында қызмет етіп, көнекөз билер қауымының соңғы тұяқтарын көріп-білген орыс шенеуніктерінің өзі мұны мойындаған. Бұған тарихтан белгілі И.Козлов, А.Леонтьев, Г.Загражский, В.Григорьев сияқты орыс ғалымдарының айтқан пікірлері дәлел. Төменде осы төреліктердің типтік үлгілері қарастырылады. Даулы істерде көбіне үш нәрсе басымдық танытатынын айта кеткен жөн: жылқы, әйел тағдыры және ер адамның қазасы.

1. «**Бота дауысы**» немесе кейін күллі Орта жүзге танылып, әйгілі би атанған, ал ол кезде жиырма жастағы Төле бидің

тәжірибелі би шеше алмаған күрмеуі қиын істі қалай шешкені туралы. Даудың мәні мынадай еді. Көршілес көшпелі қауымның екі тұрғыны аруанадан туған ботаны бөлісе алмай, дауласып қалады. Және екеуінің де айтқан уәждері мен дәлелдері сырттай қисынды боп көрінеді. Сөйтіп, олар дау-дамаймен тәжірибелі Әлібек бидің алдына барады. Төленің әкеіс Әлібек би жүгіне келгендерді қарсы алып, шағымдарын тыңдап болған соң, екі-үш күн ауылына қонақтауларын өтініп, қзіне мұрсат сұрайды. Ұлын сот істеріне баулып жүрген әкесі баласына жолын беріп, даулы жақтардың алдынан өтеді. Билер соты алаңында шолпан жұлдыздай жарқырап келе жатқан Төленің беделіне қанық дауласушылар бұған қарсы болмайды. Төле би дәстүрлі ережелерді ұстана отырып, соларды сотқа шақырады. Ботаға таласушы екі жақ кезегімен уәждерін ортаға салып, ботаның иесі екендіктерін дәлелдеуге тырысады. Бота өте бағалы, көшпелі қоғамда аңызға айналған бір өркешті, әдемі, әлді, сымбатты аруанадан туғандықтан, дау-дамай қыза түседі. Талапкер өз құқықын былайша қорғайды: Әдетте буаз малдар туар алдында оңаша қалғанды қалайды, оның да буаз аруанасы туатын күні жақындағанда табыннан бөлініп, дала кезіп кетеді. Бір апта бойы іздеумен болған иесі ботасын аңсап, мазалы күй кешкен інгенін тау бөктерінен әрең табады. Көзі жасқа, дауысы қайғыға толы аруана дегбірсізденіп, даланы кезіп жүр екен. Егер оның ботасы шала туылған болса немесе қасқырларға жем болса, інген сол арадан кетпес еді, қайта солжерде айналшықтап, қан тамған орындарды иіскелеумен болар еді. Бірақ ондай нақты орын байқалмағандықтан, талапкер ботаның ұрланғанын түсініпті. Енді, міне, бірнеше айдан соң жоғалтқан ботасын жауапкердің табынынан табады. Асыл тұқымдыларға тән ерекшелігіне, енесіне ұқсас көзқарасы мен дауысына қарап, өз ботасын жазбай таныпты. Бірақ талапкер бейбіт түрде ботасын қайырып беруді өтінгенде, жауапкер үзілді-кесілді бас тартқан. Ал, жауапты адамның айтуынша, оның да аруанасы

жуырда туыпты, сондықтан ботаға таласудың еш қисыны жоқ. Оның үстіне бота енесінің қасынан шықпайды, түйеде оны шеттетпейді, қайта бауырына басады екен. Жауапкер еріп келген түйеші де осыны растап отыр. Сөйтіп, екі жақ та ботаға деген құқығынан айырылғысы келмей, отырып алады.

Төле би жайғана кесім емес, дауласушы екіжақ та еріксіз мойындайтын, ақиқатпен ұшталған әділ төрелік айтуы тиіс еді. Сот процесінің негізгі қатысушылары мен олардың жақтаушыларының куә сөздері сенімді шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болды. Оның үстіне екі жақтың айтқан сөздерінің салмағы бірдей болғандықтан, жағдай қиындай түсті. Бағалы жануарды ешқайсысы да қолдан шығарғысы келмейді. Төле би сот өтіп жатқан жерге бота мен еккі енесін алдырады. Жас бидің төрелігін тыңдау үшін көрші ауылдардан даағылған жұрт тына қалған. Төле би қасындағы көмекшілеріне шөккен ботаның артқы сирақ-санын қыл арқанмен қатты қыса байлауларын өтінеді. Осыны ауырсынған бота бақыра бастағанда інгендердің бірінің көзінен жас парлап, ботаға қарай жүгіре жөнеледі, ал екіншісі бей-жайлық танытады. Төле би қазы ботаның табиғи түйсікке еоіп, жан дауысы шыққан ұрпағын қорғауға ұмтылған түйеге тиесілі екендігін, ал оның иесі – талапкер екендігін жария етеді. Жиналғандар Төле бидің кесімін бір ауыздан қолдайды. Ал жауапкер асыл тұқымды ботаға қатты қызыққандықтан төлінен айырылған өз түйесіне ертіп жібергенін мойындаған. Осыдан кейін Төле бидің атағы асқақтай түскен екен.

2. «Сөз атасы кім? Анасы кім?». Ой мен қисынды жаттықтыратын осы тектес сауалдарды талқылап, пікірталас тудыру әрекеттері қазақ қоғамында жиі көрініс тауып, әдетке айналған.

Кейде мұндай сауалдардың салдарынан дау-жанжал да туындап кететін. Осындай бір оқиға бірде Қазыбек бидің ауылының маңында бір сауда керуені аялдады. Ондағы сауадгерлер өзара келісе алмай жанжалдасқан сайын аралары шиеленісіп келе жатыр еді. Өлгі ауылда әйгілі Қаз дауысты

Қазыбек би тұратынын білген олар екі топқа жарған дауларын айтып, бидің алдына баруға бел буады. Бір топты негізінен өзбектер құраса, екінші топта қазақтардың саны басым екен. Олар «сөздің атасы кім, анасы кім?» деген сауал төңірегінде таласып келе жатқан. Өзбектер тобы бірде сөздің атасы – ислам, анасы – исламға деген сенім екендігін айтса, енді бірде сөз пайда табудың көзі болғандықтан, оның атасы – манат, яғни ақша, ал анасы – сол ақшаны табу амалы екендігін дәлелдемек болады. Ал қазақтар сөз атасы – би, анасы шешендік, яғни қызыл тіл екендігін дәлелдеп бағады. Бұл дау сауда керуенінің бірлігіне қауіп төндіріп қана қоймай, екі жақты ұанды қақтығыстарға итермелеп тұрған еді. Осы оқиғаны баяндаушылардың айтуынша, Қазыбек би қалың ойға батып, жауабын кешіктіре былай деген: «Сөздің атасы – бірлік, сөздің анасы – шындық». Даулы жақтар Қазыбек бидің жауабына тәнті болып, араз боп кірген үйден достасып шығады.

3. «Бір әйелге екі еркектігін таласы». Бұл оқиғаны Дала аймағының батыс бөлігінде күнелткен қазақтардың аузынан орыс шенеушігі И.Крафт жазып алған: «Көп жылдар бұрын би алдына бір әйелді ерткен екі еркек жүгінеді. Еркектердің біреуі сол уақыттың өлшеміне сай сауатты екен, ал кезіндегі сауаттылар өзін молда санап, ру әміршісінің қасында хатшылық және Бұқара мен Ресей елшілері келгенде, аудармашылық қызметін атқаратын. Ал екіншісі – біреудің босағасында жүрген сауатсыз малай екен. Сондарынан еріп келген сымбатты, жалғызбасты әйел де әміршінің сарайында қызмет ететін көрінеді. Өлгі екі еркек осы нәзік жандыға таласып жүр екен. Бұл орайда, олар сұлудың қалауын сұрамастан, би сотына бас ұрады. Билер сотының ережесіне сәйкес, алдымен екі жақ та қызының келісімен сөзсіз көнетіндерін, бекітетін жоралғыларды орындайды. Сосын кезектесе, әйелдің тек өзіне тиесілі екендігін растайтын айғақтары мен дәлелдемелерін ортаға салады. Би екідақты да мұқият таңдаған соң, әйелді қалдырып, үш күннен

кейін келулерін өтінеді. Еркектер кеткен соң би үй шаруасымен айналысып жүрген әйелдің жүріс-тұрысын аңдып, тамақ әзірлеу әдісі мен дастархан жаю мәнеріне назар салады. Және оның жазу құралдарын жақсы жинай білетінін, отырықшылардың өміріне тән астарды даярлауға ұмтылып, «мәдениеттірек» еркекке ұнағысы келетінін байқайды. Осыдан-ақ би әйелдің көшпелі емес ортаның тұрмысына бейімделген сауатты еркек үйінде жиі болатынын түсінеді. Үш күндік мерзімнен кейін қазы түсініктеме бере отырып, өз кесімін айтады, дауласушы екі жақ та қисынды шешімнің әділін мойындайды».

4. **«Жорға дауы».** XVIII ғасырда өмір сүрген Кіші жүздегі Сырым би өзінің байқағыштығымен танылып, көптеген күрделі сот процестерінің Төбе биі болып сайланған. Бірде оның алдына екі адам келеді: бірі – бидің руласы, әрі жақын туысы, ал екіншісі – алыстағы басқа рудан шыққан би. Жауапкердің жақын туысы екендігін білседе, талапкер кедейлікке ұышпаған жергілікті би Сырым биге жүгінуді ұсынады. Себебі, билер сотының ерекшелігі сол, әсіресе, биік деңгейдегі Сырым сияқты билер «Тура биде туған жоқ» деген қағиданы қатты ұстанатын. Даулы мәселенің мәні: Талапкер-бидің айтуы бойынша, жергілікті бір қайраткерді еске алу мақсатында ұйымдастырылған ат жарыста бас бәйгені жеңіп алған оның жорғасын атақты атбегілер аса жоғары бағалап, болашағы зор асыл тұқымды ат екендігін болжапты. Бұл жорғаның табынан бөлек жайылып, түнгі қотанға кейде келіп, кейде жайылымда қалатын әдеті бар екен. Бірде ол үйірге мүлдем қосылмай, ізім-қайым жоғалады. Екі жыл өткен соң, шағымданушы би шалғай жердегі Әлімұлы руларының жайлауындағы үлкен тойға қонақ боп барған екен. Осы меркеге орай өткізілген ат жарыста ол шабысын, артқы аяғын сілтейтін әдеті мен сыртқы жабу-түгіне қарап, бұрынғы жорғасын жазбай таниды. Бірақ жорғаның жаңа иесі жануарды қайтарудан бас тарады. Жауапкер шындықты жасырмастан, өз түсініктемесін береді: ол талапкер-бидің ауылынан алыс жерде табыннан

ажырап, қасырлардың талауына түскен атты табады. Оның сұлу мүсіні мен отты көзіне тәнті болып, бағып-қағады. Жылқы жазылған соң нағыз жорға екені білінеді. Жауапкер жануарға деген құқығын ежелгі қыпшақ-қазақтардың «Жұртта қалған жұрттыкі» деген заңымен бекіте түседі. Табыннан тыс жайылатын жорғаның жоғалуына жануарын үйір ішінде жүруге үйретпеген талапкердің өзі айыпты. Және жоға өзге тайпаның жайлауынан, яғни жауапкердің руы жайлаған өрістен табылған. Сондықтан «Адасқан малдың түбі – екі жыл» деген қағида да аяқ асынан олжалы болған адамның құқығын қорғап тұр. Осылайша жауапкер куә беру барысында «Жарғы» заңдар жинағына сүйеніп, жорғаны қылжақ қожайынына қайтаруға міндетті емес екендігін дәлелдеп бақты. Ал сот қазысы – Сырым би қазақтың «Жарғысын» тереңірек білгендіктен, «тапқан куанады, таныған алады» немесе «Тапқан ие, таныған – иесі» деген құқықтық нормаларды келтіре отырып, ұзақ-сонар сөзін айтады. Бұл нормалардың күші қалған қағидаларға қарағанда басым еді, бірақ даулы жақтардың жауапкершілік деңгейі жеке-дара қаралатын. Сырым би де осыны ескере отырып, балама шешім қабылдайды:

А) жауапкер жорғаны бұрынғы қожайынына қайтаруы тиіс, ал талапкер екі жыл бойы әлгі атты емдеп, баптап, бәйгеге қосқаны үшін материалдық шығынын және жылқыға бауыр басып қалған жауапкердің жан күйзелісі үшін моральдық төлемақысын төлеуге міндетті;

Ә) өтемақыны көлемі бір жылдың ішінде екі рет өтетін ат жарыстарда берілетін төрт бәйгелік жүлдені, яғни жиырма құнанның құнын құрауы қажет (бір бәйгелік жүлде – бес жылқының құны). Бидің пайымына сай, егер жорға аман болса, екі жылда төрт жүлдені қанжығаға байлатар еді;

Б) немесе жорға жауапкерде қалып, ол бұрынғы қожайынына екі жүлдені – он құнанның құнын төлеуі тиіс.

Жорғаның бұрынғы иесі кейінгі кезде кедейлік күнін кешкендіктен және жануарды баптап, бәйгеге қайта қосу үшін

тағы да уақыт өткізіп, шығындалатынын ойлап, би-қазы айтқан талапқа сай тұлпарды жауапкерге қалдыруды ұйғарады. Оның бұл шешіміне жиналған қауым куә болады. Ал Сырым би төрелігін халық әділ, әрі дөп кесім ретінде қабылдайды.

5. «Таңбалы ат тұяғынан». Халық арасында бұл соттық кесімді әртүрлі билердің меншігіне жатқызады, алайда барлығының мағынасы бір. Би жануарды танудың үш кезеңін өткізеді. Атты өзі тектес бірнеше жылқының қасына қойып, дауласушылардан өз жүйрігін көрсетуін өтінеді. Екі жақ та даулы атты нұсқайды. Ендігі кезекте би әлгі жануарлардың бәрін жабулап тастап, жанжалдасқан еркектерден атты аяғына қарап тануларын ұсынады. Бұл жолғы сынақтан да олар сүрінбейді. Ақыры би таласушылардан аттардың қасына жақындап, өз жануарларын жүгенінен ұстауын сұрайды. Осы әрекеттердің бәрін жіті бақылап тұрған би-қазы еркектердің бірі аттың нағыз қожайыны екенін жария етіп, ал жалған сөйлеген екінші даугерге теріс пиғылы үшін айыппұл салады. Мұндай шешімге би мынадай қисынмен келген еді: алғашқы екі кезеңде ол даулы жануардың екі ер адамның біріне сәл серпіліс танытқанын байқайды, бірақ нақты шешім шығару үшін бұл жеткіліксіз еді. Үшіншіден, даулы жақтар жылқыға жақындап, жүгенін ұстаған шақта, ат иесін анық танып, жылы қабылдап бір тұяғын көтере түскен. Өзінің байқағыштық қабілетімен би дұрыс шешім қабылдаған еді.

Аты-жөні анық сақталмаған қазының лсы бір соттық оқиғасы «Таңбалы ат тұяғынан» деген атаумен ел есінде қалды.

6. «Елін тапқан нар дауы». Аталмыш сот ісі Әйтеке бидің атағы асқақтап тұрған XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы аруана-нарлардың өсіріп-өрбітетін әлде біреу бір түйесін шалғайдағы Түркмения тұрғынына сатады. Араға екі жыл салып, әлгі жануар бір апталық жолды, сулы тосқауылы бар бес жүз шақырымдық жерді басып өтіп, бұрынғы қожайынына қайтып келеді. Бұл оралудың астарында талай сыр жатыр еді. Қазақтың көшпенді-малшылары осындай асыл тұқымды

нарлардың қасиет-киесін жақсы білетін. Әсіресе, бұл тұқымның аруаналары өздері туған қотан мен қожайындарына бауыр басатындары соншалық, бөтен жерге біразға дейін бейімделе алмай, кейде тіпті бұрынғы ауылдарын аңсап, қашып кетеді екен, халықтың айтуынша, туған жерінде өлгенді қалайтын көрінеді. Бөткен елге сатылған әлгі аруана да осының кебін тартады: оның қасіретті күйін байқаған жаңа қожайынын алғашқы жылы-ақ буаз болған малын әрдайым күзеттіріп қояды. Бұл тұқымдас түйелер буаз кездерінде алысқа ұзамайтын және ботасына сондай үйір келетін. Бір күні туған қорасын аңсаған аруана біраз өсіп, қатайған ботасын ертіп, туған жеріне қарай қашып шығады. Сондарынан қуғыншы келіп, ботаның мойнына құрық салғанда, ботақан қатты қышқыра бастайды, ал енесі салтатты қуғыншыны таптап, босап шыққан ботасын ертіп кете барады. Жолда оларды үлкен өзен күтіп тұрған еді. Алайда ботақан суға түскенімен, дарияның терең жеріне келгенде, қорқыныштан жағаға қайта шығады. Аруана ботасының жанына қайта оралғанда, көмескі дыбыстардан қуғыншылардың жақындағанын сезіп, төлін өзеннен жүзіп өтуге міжбүрлемек болады. Бірақ мұнысынан түк шықпаған соң, ботақанын бір теуіп құлатып, қуғыншылардың тұзағына түспесін деген оймен таптап өлтіреді, ал өзі арғы жағаға жүзіп өтіп, туған жеріне жетеді. Бұл оқиға көршілес қазақтар мен түрікмендердің қарым-қатынасын шиеленістіріп жібереді. Түрікмендер қазақтардан аруананы қайтарып берулерін және мерт болған қуғыншының құнын өтеп, ботаның да орнын толтыруларын талап етеді, себебі аталмыш қайғылы оқиғалар қазақ жерінде орын алған, оның үстіне мұның бәрі Отанына оралуды аңсаған аруананың ісі, сондықтан «оның Отаны» жауапқа тартылуға тиіс. Қазақтар өздерінің наразылықтарын білдіріп, түрікмендердің талаптарын орындаудан бас тартады. Бұл даудың өрши түскені соншалық, тіпті түрікмендер мен қазақ рулары арасында «соғыс» басталу қаупі туындайды. Әйтсе де, екі жақты қанағаттандыратын

шешім табыла қоймайды. Ақыры соңында олар Қазақстанның Оңтүстік-Батысында ғана емес, басқа да көршілес аймақтарда атағы шыға бастаған Әйтеке биді Төбе би қып сайлайды.

Әйтеке би даурыққан бұқараны басу үшін екі жақтың өкілдеріне, алдымен олардың мүддесін қорғаушы аға биерге, кейін аруананың бұрынғы және жаңа иелеріне, сосын жиналғандарға назар сала, мынадай сауалдарға жауап берулерін сұрайды:

А) Ұрлық жоқ, зорлық жоқ, қорлық жоқ жерде қандай айып түрлері болады?

Ә) Еліне қайтқан ерге кім борышты? Жеріне сағынышпен қайтқан нарға кім борышты?

Б) «Нар тәуекел» басында үлгі болып нардан қалды ма, адамнан қалды ма?

В) Ұрпағын жауға қимай, өлімге қиса, кім жауапты?

Әйтеке би қалың бұқараның басын қосқан сот процесінің қатысушылары мен жалпы жиналған қауымға жасаған үндеуі арқылы даулы екі жақ арасындағы қатты кернеуді босатып ғана қоймай, басты мақсатына да жеткен болатын. Ол жиналғандардың өз ботасының жанын пида ету арқылы туған жеріне оралған жануарға деген аяушылық сезімін тудырып, жандандыра түседі. Бұқараның түсінік пайымы мен дауласушы жақтардың жауап сөздерін мұқият тыңдасымен, Әйтеке би екі жақтың аға билерінің қолдауымен өз төрелігін ортаға салады:

А) аруананың алғашқы қожайыны түйені өзіне қалдырып, түркімен жағына ақшасын қайтарады;

Ә) ботасын жоғалтқан аруананың жаралы жанын емдеп, жүдеу түрін бұрынғы қалпына келтіру шараларына жұмсалатын шығынның орнын толтыруға түрікмендерге төленетін ақынның жартысын алады;

Б) құлазыған даладағы қуғыншы өлімі мен асыл тұқымды анасының аяғында мерт болған ботаның зауалы – тағдырдың жазғаны. Әйтеке би өз шешімін мына мазмұндас сөздермен бекіткен екен: аруана өзі аңсағандай өмір сүруге лайық және

олөзінің осы бір жанкештілігімен туысқан халықтардың арасын жақындата түсті. Бидің осындай кесімі ұзаққа созылған дау-дамайға нүкте қойды.

7. **«Құланнан туған бесті жүйрік ат дауы».** Бұл оқиғаның мазмұны мынадай: жылқы үйірінің айғыры табыннан бір байталды бөліп, айдалаға қалдырып кетеді. Дала кезіп жүрген әлгі байтал жабайы жылқы-құландардың табынына қосылып, келер жылы құлындайды. Дәулетті адамның малын бағып жүрген бір жылқышы далада еркін күн кешкен құландардың арасынан құлынды биені байқап қалады. Жылқышы мен оның табынынан үріккен құлындар қаша жөнеледі, олармен бірге әлгі бие де кете барады, ал қатты шабысқа қатайып үлгермеген құлыны соңынан қалып қояды. Табыншы әкелген құлыншақты бай қожайын дәстүрлі түрде бір биеге теліп жібереді. Сөйтіп, есейген құлын бесті болған шағында талай ат жарыстың бас бәйгесін қанжығаға байлатады. Осындай жарыстардың бірінде тұлпардың иесіне бір адам келіп былай дейді: «Мынау – менің жылқымнан шыққан ат. Мұның менікі екендігін сүйегінен таныдым. Атты қайдан алдың?». Сонда жүйріктің қожайыны: «Өз жылқымның баласы. Өз биемнен туған. Ел біледі», – деп жауап береді. Екі жақ та егесіп, өз дегендерінен қайтпай, бестіге таласып отырып алады. Іс насырға шаба бастағандықтан, дауласушылар әділдік іздеп, солаймақта атағы жайылған Ақтайлақ бидің алдына барады. Екі жақтың айтқандарын тыңдаған би дәлел-айғақтары бір-бірінен асып түскендіктен, «мамыр айында қой қоздағанда келіндер, сонда өз кесімімді айтамын» деп әлгілерді шығарып салады. Көктемде екі жақ Ақтайлақ бидің ауылында қайта бас қосады. Енелерін күткен жүздеген қозы қорада қамалып тұрған еді. Қошақанын емізу үшін өрістен қайтып келе жатқан қойлардың бірін нұсқап, Ақтайлақ би бестіні даулаған адамға былай дейді: «Қамауда тұрған төлдердің ішінен мына қойдың қошақанын тауып ал да, енесіне әкеп қос». Талапкер қойдың өзіне тән ерекшеліктері мен

белгілерін жіті бақылап болған соң, қошақандарды сұрыптауға кіріседі, сосын көп қозының ішінен біреуін тандап алып, қойдың қасына әкеледі. Сөйткенше болған жоқ, жанағы қой өз төлін тандап, иіскелеп, емізе бастады. Сол мезетте Ақтайлақ би істі талапкердің пайдасына шешіп, мынадай төрелік айтады: «Бұл ат иесі енесінен қалған жас құлынды биесіне теліп, өлтірмей мал қылып асырап, қазір міне бәйгеге ат болды. Мұның еңбегі зор. Сондықтан асыл аттың басын бестіге кесем. Аттың иесі – сен, аттың жарым бағасын төле де атыңды ал, болмаса атты иемденіп жүрген кісіден жарым басын ал да, сонымен бітісіңдер». Жиналғандар Ақтайлақ бидің шешімін толығымен қолдап, әділдік орнағанын айтысты.

8. **«Бала дауы»**. Сот ісін шебер жүргізу шеберлігімен атағы шыққан Қазыбек биге бір балаға таласқан екі әйел жүгінеді. Олардың бірі бұрын сәбиін жоғалтып алып, енді мына әйелдің үйінен тапқанын, бірақ баласын қайтара алмай жүргенін жеткізеді. Екінші әйел бұл баланы өзі туғанын айтумен болады. Екі жақтың да не куәгері, не айнымас айғағы жоқ. Біраз толғанған Қазыбек би баланы екі әйелдің ортасына қойып, қолдарынан ұстатқан соң, өткір дауыспен:

– Егер сіздер өз еркітеріңізбен баланың нағыз анасының кім екенін мойындамасаңыздар, мен баланы екіге бөліп тастаймын. Сонда екеуің де баланың мәңгілік бейнесіне ие болып, ауылдарыңның қасында көміліп жатқан балабейітіне барып тұрасыңдар, – деп қылышын қынабынан суырып алады. Осы мезетте баланы жоғалттым деген әйел жан ұшыра айғағйлап, жылап жібереді:

– Ойбай би, баланы жармаңыз, мен одан бас тартамын, әйтеуір қайда жүрсе де, аман болсы, – деп ол баланы өз денесімен қалқалап, бидің семсерінен қорғамақ болады. Ал екінші әйел:

– Ең болмағанда баланың жартысы менікі болсын, – деп қарап тұрады. Қазыбек би аяғының астындажалынып тұрған әйелді тұрғызып, өз орнына барады да, кесімін жария етеді:

–Ешқандай ана өзінің туған баласын өлімге қимайды. Сондықтан мына бала «тірі жүрсін, жармандар» деп зар жылаған әйелдікі екені сөзсіз.

9. **«Ұрғашы түлкі дауы».** Әйтеке бидің алдына түлкіге таласқан екі аңшы келеді. «Балам біздің дауымызды шешіп берші. Мен мына түлкінің терісін алмақ оймен жаздың басынан бері жүнінің жылтырап өскенін күтіп, інін аңдып жүр едім. Терінің тамаша қалыпқа енуіне бір айдай уақыт қажет. Алайда мына адам інінен жырақ жүрген кезінде атып алыпты», – дейді алғашқы сөйлеген даугер. Ал екіншісі: «Мен оның ізіне түсіп, дала кезіп жүрген жерінен атып алдым, сондықтан түлкі менікі», – деп ақталады. Ол мәселенің мәніне терең үңіліп, бүге-шүгесіне көз жеткізген соң, түлкінің өлігін қарап шығып, өз кесімін айтады:

– Егер түлкі еркек жынысты болса, атып алған аңшының олжасы болар еді, себебі еркек аң қаңғыма өмірді қалайды. Бірақ түлкі ұрғашы болғандықтан, олжа інді аңдып жүрген адамға тиесілі, себебі ұрғашы аң алысқа ұзамай, інін күзетумен болады.

Бидің қисынды шешіміне ел ғана емес, аңшылардың өзі тәнті болып, ризашылығын білдіріпті.

10. **«Шідер ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды».** Төле бидің алдына иесінің киіз үйінің алдында жайылып жүрген аттың аяғындағы шідерін шешіп алмақшы болған ұрыны әкеліп, ата-баба заңы бойынша жазалауын сұрайды. Ұры мен куәгердің сөздерін мұқият тыңдаған Төле би, деректерде жазылғандай, «қарапайым болып көрінетін істің шешімін ойлап ұзақ отырады». Сосын өзкесімін жария етеді: Ұрлық жасауға ұмтылған адам шідерді үш жылқының артқы бір-бір аяғына кигізіп, үшеуін үш жаққа айдауы тиіс. Егер шідер үзіліп, жылқылдардың ең болмағанда біреуі босап шықса, айыпталушы жауапкершіліктен мүлде боастылатын болады. Бірақ шідердің мықтылығы сондай, үш атты да ұстап тұрады. Сондықтан

Төле би «Шідер ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды» деген даналыққа сүйеніп, ұрыға шідердің қызметтің құнына сай айыппұл салады. Осы ұстаным мен шідердің беріктігін сынау тәжірибесін ескере отырып, би «бұл шідер – үш ер» деп түйін жасайды. Төле бидің осы төрелігі мен берілген жазаның қисынды дәйектемесі жиналғандарды бей-жай қалдырмады.

Би-қазылар лауазымы, қызмет дәрежесі, яғни қоғамдық беделінің деңгейіне қарай бөлінеді. Төле би – сот құрылымындағы жоғары саты. Әдетте, жан қуаттарының құндылығына үйір көшпелі қазақтардың кезеңінде бұл атақ бедел мен кәсіптік деңгейдің белгісі болып табылатын. Өз жүзінде, белгілі бір аймақтар мен ірі рулық қауымдарда үлкен құрметке ие болған Төбе би аталатын. Олардың лауазымы шыққан аймағы мен ықпалы өтімді өңірлердің атауымен қоса айтылатын. Мысалы, XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың басында өмір сүрген Төле би – Ұлы жүздің Төбе биі, Қазыбек би – Орта жүздің Төбе биі, Әйтеке би – Кіші жүздің Төбе биі болып есептелген. Өз кезінде дауласушы жақтардың қаоауымен күрделі істерге талай рет Төбе би болып сайланған билер бұл атаққа тұрақты түрде ие болған. Олардың алдына әділдік іздеп басқа жүз бен рулардың өкілдері де келе беретін.

Осы орайда, сот ісінің мәні мен түпкі мақсатын айқындайтын нұсқаулар мен қағидалар жүйесі болғандығын және билер сотында осы мақсатқа жетудің өзіндік әдістері мен негіздері қолданылғанын айта кетейік. Аталымшы қағидалар қысқа-нұсқа және еске оңай сақталатын ұйқас түрінде айтылған. Кез келген дәрежедегі би-қазы осы заңдылықтарды біліп қана қоймай, оларды ұтымды пайдаланып, қажет болса, қаралып жатқан жайтқа сәйкес қисынды мазмұны мен бағларына сай түсініктеме беруі тиіс. Кейде мәнерлі және ұйқасты болуы үшін қағидалардың негізгі ойына басқа бір саланың нұсқаулығын қосады. Мәселен, «Дау мұраты – біткен, қыз мұраты – кеткен» деген нұсқауда бұл анық көрінеді, яғни алғашқы негізгі ойды

кейінгісі үстемелеп тұр. «Дау түбі – бітім» деп қысқа қайыруға болады. Билер сотында «екі жақтың келістіре» отырып, қоғамдағы, жалпы халықтың ынтымақтастығын нығайту – басты мақсатпен міндет болып табылады. Әйгілі Қазыбек бидің «Сөз атасы – бірлік, Сөз анасы – шындық» деген даналығы да билер сотындағы пікір-таластың мақсаты шындық пен әділдікке негізделген халық бірлігін бекіту екендігін меңзеп тұр.

// Қазақ. – 2009. – 4-11 қыркүйек. №36-37 (445-446).



ЕСТЕЛІКТЕР/МАҚАЛАЛАР



САЛЫҚ ЗИМАНОВ

1920 жылдың 20 августінде Қазақ АССР-ін құру туралы Бүкілодақтық Орталық Атқару комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің декреті қабылданды. Оған ұлы көсеміміз В.И. Ленин мен М.И. Калинин жолдастар қол қойды. Сол жылы Орынбор қаласында шақырылған Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезінде Қазақ АССР-і құрылды деп жарияланды. Сөйтіп, халқымыздың көп ғасырлық тарихында тұңғыш рет біртұтас мемлекетіміз құрылды.

Ол кез – жалпы біздің елдің жаңа жаңа сәулетті өмірге енді ғана қадам басқан шағы еді ғой. Ұлы елдің бір мүшесі. Қазақ республикасы да өзінің мемлекеттік құрылысын жетілдіріп, правосын қорғап, заңын жасауға тиіс болды. Қоғамдық ғылымдардың мемлекет, право мен заң сияқты жаңа жас салалардың пайда болуына өз-өзінен қажеттілік туындады. Соның нәтижесінде туған топырағымыздан озық ойлы, алғыр білімді оқымыстылар тәрбиеленіп шықты. Солардың бірі – қазақ арасынан шыққан тұңғыш право профессоры, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Салық Зиманов еді.

Академик Зиманов!... Ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, заң ғылымының докторы!... Осы бір абырой-атақ пен бедел-дәреже өмірдің тауқыметті жолдарын, ғылымның қиямет, соқпақтарын көз алдына елестеткендей. Данқ өздігінен келмесі белгілі. Академиктің тұнық та ойлы жанары, салмақты жүзін торлай бастаған әжім сызықтары – сол бір үлкен де өнегелі өмірдің кейбір кездерінен сыр шерткендей...

1921 жыл. Ақпан айының 19 күні. Гурьев қаласы. Дәл осы күні совет қызметкерлері Зиманның семьясында Салық дүниеге келіпті. Жас нәрестеге «Салық» деп есім беруде де бір сыр жатқан сияқты. Салық – араб сөзі, қазақшалағанда шығшыл, әділ, адал деген мағына береді. Ол кісілердің бұл есімді нендей мақсатпен

қойғанын кім білсін, әйтеуір әділдік пен шыншылдық, әсіресе, заң адамдарына лайық екені даусыз. Бәлкім, ғұмыр бойы әділдік пен ақиқатты аңсап өткен қайран туыстар нәрестенің сондай болуын арман етіп, осы есімді әдейі қойған шығар?

Нәрсіз жерде өсімдік, елсіз жерде өмір өркендемейді деді халық даналығы. Зиялы ой мен парасатты ақыл иесі академик Зимановтың да туған топырағы нәрлі, өскен ортасы мәнді болғаны сөзсіз. Жалаң аяқ, жалаң бас, көбелек қуып жүрген, бал топырағында аунаған соң бір Нарын даласында (қазыргы Қызылқоға ауданы) кезінде Исатай мен Махамбет қол жинапты. Қос батырдың қалың сабаздарына ақ батасын берген Нарын елі, кек сапарына осы жерден аттандырыпты деседі. Осы киелі топырақта С.Бабажанов (1830-1870), М.Бекмұхамбетов (1832-1909) сынды аяулы азаматтар, қазақ халқының алғашқы оқымыстылары да өмір сүріп, еңбек етті.

Салықтың өз әкесі – Зиғали (ел ішінде Зиман аталып кеткен) Жарылғасынов та (1895-1938) гимназия бітірген, сауатты адам болған. Болашақ академиктің ой-өрісінің қалыптасуына әке тәрбиесінің де үлкен маңызы бар.

Салық Гурьев қаласында Жамбыл атындағы орта мектепті 1938 жылы үздік бітіреді. Қолында кәмелеттік куәлігі бар оған қайсыбір жоғары оқу орнына жол ашық еді. Бірақ семьядағы ауыр қаза – әкесінің қайтысу болуы Салыққа үлкен соққы болып тиді. Жеті баламен жесір қалған шеше мойнына барлық ауыртпалық түскен. Оқуды қоя тұрып, Салық семьясына көмектесті. Алдымен мұғалімдер дайындайтын екі айлық курсты тәмамдады. Сосын мектепте физика мен математикадан сабақ беріп, семьясын асырады. Бір жылдан астам ұстаздық еткен Салықты 1940 жылы қаңтар айында міндетті әскери қатарына шақырады. Бұл – совет-фин майданының қызып тұрған шағы еді... Ұлы Отан соғысы басталды.

Сухими қаласындағы әскери училищені ойдағыдай бітірген жас лейтенант Зиманов взвод командирі болып

училище қабырғасында қалды. Қызыл Армияның болашақ офицерлерін дайындау ісіне қатысады. Алайда, соғыс жағдайында қалуларына байланысты 1942 жылдың мамыр айынан бастап Кавказдағы көптеген әскери училищелер таратыла бастаған еді. Ал сол училищелердің курсанттарынан ерекше бөлімдер мен отрядтар құрылып жатты. Лейтенант Зиманов осындай бір отрядтың миномет взводының командирі болып тағайындалады. Зимановтардың отряды Бас Кавказ жотасындағы Наур асуын қорғап, жауды өткізуге тиіс еді. Міне, лейтенант қан-төгіс нағыз ұрысқа осы тұста кірді. Асуға бекініп алған неміс-итальян әскерлерінің бір тобымен қиян-кескі шайқасқа отырып, оларды қуып шықты. Фашистердің Кавказ майданы үшін әдейі дайындаған «Эдельвейс» атты баскесерлері асудан өтпек болып талай әрекет жасады. Отряд жаудың бар шабуылына тойтарыс беріп, Баку мұнайына жанталасып баққан басқыншылардың бірде-бірін өткізбеді. Совет солдаттарының Кавказ тауларындағы ұлы ерлігі Ұлы Отан соғысы тарихында алтын әріптермен жазылып қалды.

Өзінің жауынгерлік жолын Кавказдан бастаған Салық Кубань, Воронеж, Харьков, Кировоград, Кременчук қалаларын азат етуге, Данциг, Кенигсберг, Нейштад қалаларын алуға қатысады. Нелер бір қантөгіс шайқаспен Днепр, Буг, Одер сияқты өзендерден өтеді. Ең ақыры Берлин операциясына да қатысады. Соғыс кімді болмасын ерте есейтті ғой. Кешегі қатардағы қарапайым жауынгер соғысты тәжірибелі офицер, ақыл тоқтатқан азамат, полк штабының бастығы дәрежесінде аяұтады. Жеңіспен еліне қайтқан гвардия майоры Зимановтың төсінде ((Отан соғысының І-ші дәрежелі», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен қоса көптеген жауынгерлік медальдар жарқырады.

Соғыс кімге болмасын орны толмас қасірет әкелді. Туған екі інісі – Сапар мен Отар майдан даласынан қайтпай қалды.

Академиктік жауынгерлік жолын тәмпіштеп жазуымыздың да үлкен мәні бар. Соғыс пен Бейбітшілік!... Бостандық, теңдік,

тәуелсіздік!... Сайып келгенде, болашақ мамандық таңдауда бұл ұғымдар жас Салыққа зор ықпалын тигізген сияқты. Сөйтіп...

1948 жыл. Көктем айы. Қазақ ССР Ғылым Академиясы үйін аспирантураға қабылдау емтиханы жүріп жатты. Тілек білдіруші арасында Зиманов та бар еді. Өндірістен қол ізбей Бүкілодақтық юристік институттың (ВЗЮИ) әуелі Қазан, кейін Алматы филиалдарында сырттай оқып, оны екі жылда үздік дипломмен бітірген Салықты Мемлекеттік емтихан комиссиясы аспирантураға ұсынған болатын.

Салық аспирантураға «өте жақсы» деген бағамен өтті. Институттан кепілдеме қағазбен келген жігіт бұл жерде де өзінің жан-жақты білімділігін, кең көзқарасты зерделілігін таныта білген еді. Сол жылы ол право мамандығы бойынша аспирант атанды.

Зиманов әуелі Алматыда, Қазақ ССР Ғылым академиясының право секторында, кейін Москвада, СССР Ғылым академиясының Мемлекет және право институтында аспирантурадан өтті. Аспирант Зимановқа сол жылдары берілген мінездеме былай деп жазылған: «Ол өзіне тапсырылған оқулық жоспарды жүйелі меңгеріп, ойдағыдай орындап жүр. Кандидаттық емтихандардың барлығын да өте жақсы бағаларға тапсырды. Қазір «Бөкей ордасының қоғамдық-саяси құрылысы (1801-1847)» деген тақырыпта диссертация жазып жатыр. Зиманов жолдас – өте қабілетті, талантты аспирант. Ғылыми жұмысқа жанын салатын, аса ыждағатты адам...».

Заң институтын екі-ақ жылда тәмамдаған Салық бұл жолы да сөйтті. Өзінің еңбекқорлығы, зор қабілеті арқасында екі жылда аспирантураны бітіріп, 1950 жылғы 3 ноябрьде Москвада диссертациясын қорғайды. Заңы ғылымының кандидаты деген ғылыми дәрежемен Алматыға оралады. 1950 жылдың декабрінен бастап Қазақ ССР Ғылым академиясының Право секторында ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Мұнан кейін ол Алматы заң институтының директоры, С.М. Киров атындағы университетінің жаңадан ашылған заң факультетінің деканы, Қазақ ССР Ғылым

академиясының право секторының меңгерушісі, философия және право институтының директоры сияқты жауапты қызметтерді атқарады. Мейлі, ол қандай жауапты жұмыста жүрмесін – ғылыми-зерттеу ісінен әсте қол үзген емес. Жан-жақты зерттеп, докторлық диссертациясын жазды.

Зиманов докторлық диссертациясын да Москвада, СССР Ғылым Академиясы Мемлекет және право институтының ғылыми кеңесінде қорғаған еді. Бұл – 1961 жылдың қаңтары болатын. Ғылыми кеңесте «Қазақстанның XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың жартысындағы қоғамдық және саяси құрылысы» атты бұл диссертация да жоғары бағаға ие болды. Диссертанттың табанды еңбегін жемісін заң ғылымына қосылған елеулі үлес деп, қошамет көрсетті. Осы уақытқа дейін Қазақстанның XVIII-XIX ғасырлардағы саяси-әлеуметтік және қоғамдық құрылысы жан-жақты зерттелмеген еді, көлемді ғылыми еңбек жоқ болатын. Бар дүниенің өзі ауызекі жорамал мен пайымдаулар дәрежесінде қалған-ды.

Осы жылы Зиманов заң ғылымының докторы атанды. Ал, бір жарым жылдан кейін профессор атағын алды. Сөйтіп, ол қазақ арасынан тұңғыш рет право профессоры атағына ие болған еді.

1967 жылдың февраль айында өткен Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі етіп сайлады. Бұл да ғылым үшін жан кешкен асыл азаматтың ерен еңбегіне деген зор баға, ілтипатты құрмет еді.

46 жаста – академик! Әрине, адам өмірі үшін аз жас емес, ал, академик болу үшін көп те емес...

Тынымсыз ізденіс, толассыз еңбектің нәтижесінде өмірге үлкен-үлкен жеті монография, алпыстан астам ғылыми-проблемалық мақалалар мен кітапшалар келіпті. «Қазақтардың XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қоғамдық құрылысы» (1958), «Пролетариат диктатурасы тұсындағы мемлекеттен – бүкілхалықтық мемлекетке» (1964), «Ш.Уәлихановтың

саяси көзқарастары» (1965), «В.И. Ленин және Қазақстандағы советтік ұлттық мемдекет» (1970), «Бұхара мен Хиуадағы азаттық идеялардан – Советтік мемлекетке» (1976) сияқты құнды еңбектерін Қазақстан мен Орта Азия тарихына қосылған елеулі үлес деп білеміз.

1976 жылы С.Зиманов Қазақ ССР Ғылым академиясының Бас ғылыми секретары болып сайланды. Бұл – қазақстандық ғалымдардың оған көрсеткен зор сенімі-тін.

Академик – алдымен өз елінің азаматы. Осы бір игі қасиет, әсіресе, Зимановтың мінезіне тән сияқты. Қарапайым. Үлкенге – ілтипатты, ініге – ақыл қосар аға, шебер ұйымдастырушы. Жас ғалымдардың жақсы тәрбиешісі әрі қамқоршысы. Оның ғылыми жетекшілігі арқасында он бір адам ғылым кандидаты атанды, ал біреу ғылым докторы болды. Бұл әзірге ғана. Әлі аспирант шәкірттері қаншама?!

Туған халқы бүгінде үлкен сенім артып отырған қарапайым бір адамның өмір жолы, міне, осындай!

// Білім және еңбек. – 1978. - №6. 6-7-бб.

Ғ. САПАРҒАЛИЕВ

ТАҒДЫРЫН ӨЗІ ТАҢДАҒАН

Салық Зиманұлы туралы жазу ол кісіні білген адамға оңай сияқты көрінуі мүмкін. Себебі, тұңғыш кездескеннен бастап-ақ өзінің жайдарлылығымен, аңқылдаған ақ көңілімен, тек өзіне тән сұңқардай саңқылдаған күлкісімен бірден адамды үйіріп әкетеді. Неғұрлым Салық ағамен тығыз байланыста жүрсең, соғұрлым тұңғыш алғаш әсерің тараңдей түсетіндей. Бірақ, бұл айтылғандар ол кісінің тәңір берген сырт қасиеттері сияқты. Сәкеңнің ішкі дүниесі қырық қырлы, қырық сырлы десекасыра айтылғандық болмас деп ойлаймын.

Ол кісі туралы қиялдаудың, меніңше қажеті жоқ. Салық Зиманұлы өз заманының азаматы. Мұндай бағаны кез келген адамға, әрине, беруге болмайды. Заманының азаматы болу үшін оның барлық қиын қыстау кезеңдерінен, тар жол, тайғақ кешулерінен шаршамай, сүрінбей өту азшылық етеді. Әр заманның соқтықпалы, соқпақсыз асулары болады. Сондай асулардан өткенде көптің бірі емес, көш басында аға болу – әр адамның қолынан келе бермейді. Тек тағдыр таңдаған, басына бақыт құсы қонған, елім деп еңіреген, халқым деп қайғырған, қысылғанда ақыл беретін, жау шапқанда қорғаны болатын, ізгілікке бастайтын адам ғана елге аға бола алады. Салық Зиманұлы осындай азаматтардың алдыңғысы.

Салық ағаны мен қырық жылдан астам уақыт білемін. Осы жылдар бойы ғылым саласында бірге қызметтес болып келеміз. Осы кісі туралы айтар сөздер де, ортаға салатын ойлар да аз емес. Бірақ соларды қысқаша түйіндей келе, ол кісінің кейбір қасиеттеріне ғана тоқталсам ба деймін.

Ол – заң білімін ұйымдастырушы, 50 жылдардың ортасында Салық Зиманұлы заң институтының директоры болып тұрғанда ғылыми дәрежесі бар адамдар некен-саяқ болатын. Сол институтты үздік бітірген бір топ қазақ жастарын таңдап алып, Москваға аспирантураға оқуға жіберді. Кейбір Москва университетінің, қайсы бірі КСРО Ғылым академиясы заң институтының аспирантурасын дер кезінде бітіріп, ғылыми дәрежеге ие болып, Алматы заң институтының белді ұстаздары қатарында республикамызға мыңдаған жоғары білімді заңгерлер даярлады. Олардың көбі осы күнге дейін профессор, доцент деген құрметті атаққа ие болып, егемен еліне шаршамай-талмай қызмет істеуде.

Салық Зиманұлы жаңғырған мемлекетімізде заңгер мамандарды даярлау ісіне қайтадан оралып, жаңадан өзі ұйымдастырған академиялық деңгейде заң білімін беретін институтты басқарып отыр.

Ол – заң ғылымын ұйымдастырушы, зерттеуші. 1957 жылы Салық Зиманұлы Қазақ Ғылым академиясының құқық бөлімін басқаруға шақырылып, содан бергі қырық жыл өмірін Қазақстанда заң ғылымын ұйымдастыруға, қалыптастыруға және дамытуға арнап, орасан зор қызмет істеп келеді.

1958 жылы құқық бөлімі Философия және құқық институтына айналып, соның тұңғыш директоры ретінде 70-жылға дейін қызмет атқарды. Осы мерзім ішінде Салық Зиманұлының тікелей басшылық етуі арқасында республикамызда толыққанды заң ғылымы қалыптасты, жоғары дәрежелі білімі бар ондағын заңгер-оқымыстылар даярланды. Философия және құқық институты заң ғылымының докторларын, кандидаттарын даярлайтын орталыққа айналды. Қазақстанның заң саласындағы ғылымдары бүкіл Кеңес Одағына танымал болды. Ресей және Украина ғалымдарынан кейін Қазақстан Республикасының заңгер-ғалымдары және заң ғылымы өзінің лайықты орнын алды десек қателеспейміз.

Ол – мемлекет қайраткері. Тадыр таңдаса молынан береді және беретін адамын біледі. Еліміз жеке-дара тәуелсіз мемлекет болып құрылғанда Салық Зиманұлының үлесіне халықтың таңдауы бойынша ең жоғары мемлекет органы – Жоғарғы Кеңестен құрметті орын тиді. Атағы бүкіл елге әйгілі заңгер академик енді өзінің барлық білімін, өмірлік тәжірибесін заң шығаратын орган арқылы халықтың игілігіне жұмсауға мүмкіндік алды. Бір емес Жоғарғы Кеңестің екі құрамына сайланған академик ағамыз енді заң шығару саласында да өзін ең биік деңгейден көрсетіп, еліміздің жаңа заңдар жүйесін қалыптастыруға шексіз үлес қосты. Басқасын айтпағанда, тұңғыш жеке мемлекет болып қалыптасудың құқықтық негізі болған Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы заң жобасын жасауды басқарып, ол туралы Жоғарғы Кеңестің тарихи мәжілісінде баяндама жасағанын айтса да жеткілікті.

Қорыта айтсақ, Салық Зиманұлы өз халқының игілігі, көркейіп, ел болуы үшін барлық білімін, талантын, жігерін

аямай еңбек етіп отырған Нар тұлғалы азамат десек, әділ баға болатыны сөзсіз.

// Заң газеті. – 1996. – 14 ақпан.

С. БАЛМҰХАНОВ

СӘКЕҢНІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ немесе «Ұлық болсаң, кішік бол» дегендей

Екінші дүниежүзілік соғыс біткен жылдары Алматыда Академия құрылып, сонда жұмыс істейтін Қаныш Имантайұлының бөлмесіне омыраулары орденге толып майданнан оралған жас офицерлер жиі-жиі жиналушы еді. Сол көптің бірі Сәкең еді. Ол сол күндердің өзінде-ақ баршадан ерекше болатын. Ақыл-ойының артықшылығы ма, әлде келбеттілігі ме? Бұл жағын анық айта алмаймын. Дегенмен қыз мінезді соқталдай сұлу жігіт жұмсақ түрімен күлімсіреп қол беріп амандасқанда күтпеген олжаға батқандай қуаныш кернейтін кез-келген адамның жүрегін. Ажырасқысы келмей әрдайым бір болуды аңсайтын еді құрбы-достары онымен.

Бабына жеткен жүйріктей тез уақытта Сәкең арамыздан озып шықты: бір-екі жылда кандидаттық, тағы бір-екі жылға жетпей құқық ғылымының докторы атағына ие болып шыға келді.

Әлі есімде, 1957 жылдың ақпан айында Салық екеуміз Академияның толық мүшелігіне бір сайлауда өттік.

Төменгі ернін сәл дүрдиткен күйі Қанекең (иманды болғыр Қаныш Сәтпаев шөкім насыбайын ернінің астына салғанда төменгі ерні сәл бұлтиып тұратын, оны көпшілік аңғара қоймайды) сайысқа түскен әр ғалымның өмір-жайын, ғылымға келтірген табыстарын шолып өтті. Салыққа келгенде Қанекеңнің шешендігі өз алдына енді көсемдігімен танысқандай болдық. Тыңдап отырмыз. Кавказдың қар басқан асуларын фашистерден қорғап қалуға қатысқан Салық... Ал ғылыми жетістіктеріне көз

салсақ оның істеген істері, ғылыми тұжырымдары келешекте Қазақстанның мемлекет болуына, оның басқа жұртпен қатар қаз тұруына жол ашатын құқықтық жобаның нағыз өзі. Байыптап қарасақ, осы күнгі біөдің егемендігімізді болжап кеткен екенкемеңгер Қанекен! Тәуелсіздікке жаңа аяқ басқан кезеңде Салық Зимановтің қыруар еңбек сіңіретінін күні бұрын білгенге ұқсайды сол кездің өзінде-ақ. «Салық Зиманов Қазақстандағы құқық ғылымдарының негізін қалаушы» – деп бітірді сөзін қадірменді Қанекен сонда. Қанекеннің ілтипатына бөленген Салық Зиманұлы солжолы мүше-корреспонденттік сатыға тоқтамай бірден Қазақ ССР Ғылым Академиясының толық мүшесі (академик) болып сайланып кетті...

«Батыр аңқау, ер күдік» демекші, біздер қатар жүріп Сәкеннің аңқаулығын, бала сияқты айтқанға көне қоятын мінезін талай рет байқадық.

Арқадағы Әуілдек көлдің жағасы ну қамыс, қаз-үйрегі жыртылып айырылады. Сол қасиетті жерге бола жігіттік шағымызда дем айдап санаттап барған күндеріміз көп болды. Кейде оқ тиген құс алыстанқырап барып, қалың қамыстың ішіне түседі. Оны тауып алу машақат. Сондай кезде отыра қалып Сәкенді мадақтаймыз: «Біздің арамыздағы ең күштіміз де, ең ептіміз де Сәкен ғой» – деп күбірлесеміз. Баладай аңқау адал Сәкен, біздің құлқымызды біледі, қулығымызды сезеді, бірақ көңілімізді қалдырмайын дейтін шығар, бір кезде «Ал мен кеттім» деп ұшып тұрып, сырт киімін тастай сала, бүкшендеп қалың қамысқа еніп кетеді. Қамыс болғанда қандай! Бір біреуі білектей әрі биік, қалыңдығынан ортасы, түбі көрінбейді. Қамысты сындыра – жығып жол салуға күш Сәкеннің бойында бар. Біраздан соң буы бұрқырап, нарттай қызарып, көзі ойнақтай күлімдеп құсты арқалап Сәкен шығады жыраққа...

Міне, достыққа берік, ғұлама ғалым, сегіз қырлы бір сырлы біздің Сәкеннің елден ерек кейбір қырлары осындай.

// Заң газеті. – 1996. – 14 ақпан.

*академик М. КОЗЫБАЕВ,
академик К. САГАДИЕВ*

ГРАЖДАНИН, УЧЕНЫЙ, РЕФОРМАТОР

Научные труды С.Зиманова широко известны с 50-х годов, некоторые из них не потеряли актуальности в наши дни. Современные же научные изыскания юбиляра по вопросам государственного и конституционного строительства в Казахстане закладывают новую страницу истории республики как суверенного и независимого государства. Он известен как незаурядный публицист и оратор, основоположник казахстанского парламентаризма, основатель академической школы казахстанского государственоведения, мудрый наставник для студентов и преподавателей. Его деятельность непосредственным образом повлияла на глубокие изменения в национальном самосознании казахского народа.

На протяжении всей своей жизни С.Зиманов занимает активную жизненную позицию, целеустремленно преодолевая препятствия, внедряет в общественное сознание своих соотечественников фундаментальные ценности правового государства. Одаренный умом и талантом, он обладает способностью привлекать к себе людей самых различных положений и взглядов. Во многом этому способствуют его вечные поиски истины и справедливости. Он один из тех ведущих правоведов, для кого понятия морали, законности заключают в себе не прагматический, а глубокий человеческий смысл.

Новаторские, порой парадоксальные взгляды Салыка Зиманова не всегда признавались даже его единомышленниками, поскольку неординарно мыслящий ученый чаще всего опережает свое время. Будучи далеко не конформистом, Зиманов всегда выбирает свой собственный путь. Исповедуя принцип независимости, он не принадлежит ни к каким партиям или политическим группировкам.

Вместе с тем его на полном основании можно отнести к той плеяде реформаторов из школы академика К.Сатпаева, которые еще задолго до обретения Казахстаном независимости, уже в первые годы суверенитета заложили краеугольные камни реальной государственности. Он продолжил и творчески развил идеи казахской интеллигенции начала XX столетия от мифологемы национально-культурной автономии в составе империи до жизнеспособной, научно обоснованной доктрины неотъемлемого права казахского народа на национальную государственность.

В качестве депутата Верховного Совета республики 12-го и 13-го созывов вел широкую информационно-разъяснительную деятельность. Как председатель и член Президиума Верховного Совета, затем Координационного совета республики двух созывов принимал активное участие в обсуждениях актуальных проблем казахской государственности. Он был руководителем экспертной группы по проекту новой Конституции и членом Конституционной комиссии (1992-1993 гг.), председателем рабочих групп по подготовке проекта Декларации о государственном суверенитете Казахстана и проекта республиканской концепции о Союзном договоре, участвовал в формах уполномоченных представителей союзных республик по подготовке, доработке и согласованию Союзного договора. В составе официальной делегации республики принимал участие в подготовке и подписании Договора о взаимоотношениях и сотрудничестве между Россией и Казахстаном, который был первый межгосударственным соглашением такого типа, заключенным нашей страной после обретения суверенитета.

С.Зиманов был членом законодательного органа в сложное время – на пересечении двух эпох, когда социалистические устои мирно уступали место новым веяниям, оставляя довольно влиятельными, а «свободное общество», опутанное ортодоксальными привычками. С большими осложнениями входило в жизнь. Парламент, нередко

раздираемый внутренними противоречиями, учился работать в новых условиях. Набирал опыт, и на этом этапе становления парламентаризма, в классическом его понимании, на древней казахской земле Салык Зиманович был одной из ведущих ключевых фигур. Не только носителем новых идей, но и творцом основополагающих законодательных актов, включая символы новой государственности.

Академик Зиманов выступает ярким выразителем идеологии сильной, самодостаточной государственности, основанной на демократических началах, где каждый член общества выступает с равными и неотчужденными правами, возникающими из предопределения жить в обществе, ориентированном на социальную справедливость. 80 лет для человека, устремленного в будущее – пора всесторонней реализации своего потенциала. Есть все основания ожидать от этого выдающегося ученого и просветителя новых шагов и свежих идей на пути формирования гражданского порядка.

*Гражданин и выдающийся ученый, академик
Зиманов Салык Зиманович (Юбилейный сборник).
– Алматы: Атамұра, 2001. – 300 с. 8-10-бб.*

З. КЕНЖАЛИЕВ
заң ғылымдарының докторы

ҰСТАЗ ЖӘЙЛІ ҮЗІК-ҮЗІК СЫРЛАР

Ұлттың аппақ ары,
Халықтық рухтың – салтанатты сәні.
Заң ғылымы мен білімінің символы.
Ұстаздық ұлағаттылықтың таусылмас нәрі.

Өмірмен егіз жан, өмірге ғашық жан, өмір Еркесі. Сәкең жәйлі ең бірінші ойға оралар теңдеулер мен үшін осылар. Өмірді мейлінше беріле сүйіп, оған ағынан ақтарыла жарылып, жан-тәнімен құлай да құлшына сырын ашып және өмір сырын да барынша бойына мол сіңіре алған, оның құпиясына бойлай алған жан болса сол сіздің Сәкең дер едім. Сондықтан да болар ол әр кез бойын тік ұстап, көркем де әсем қалпынан таймай, жанары жарқылға толы, нұрлы да шуақты бейнесімен өмірдің бір биігінен бір биігіне самғап келеді. Иә, солай, самғап келеді (өмір сүріп, «күн көріп» немесе «уақыт өткізіп емес»).

* * *

Өзімнің де, жұрттың да талай байқаған Сәкеңе ғана тән бір қасиет бар. Ол оның өз айналасына жиналған, өзін қоршаған жандарды демнің арасында «рухтандырып», өмірге деген құлшынысын еселеп, ойыңа ой, бойыңа қуат, қиялыңа шабыт, ісіңе өріс беріп жіберер құдірет «не айтар екен» деп алдына абыржыңқырап келіп, нұрланып, шуақтанып шыққан талай азаматтардың рухани түрленуінің куәсі болдым.

* * *

Сәкеңнің ғылымдағы орыны жәйлі мәселе ол кісінің юбилейлері кезінде ғана көтеріліп, «Қазақстандағы заң ғылымының негізін салушылардың бірі емес бірегейі», «заң ғылымының заңғары», «юриспруденция патриархы» деп әділ бағаланып жүр. Дегенмен, бұл арнайы қарап, әдейі зерттеуді қажет ететін проблема екендігі белгілі. Бұл мәселені дұрыс қойып, шешу үшін ол кісінің заң ғылыми ой саласында, керек десеңіз тұтастай ой әлемі аумағында атқарған бүкіл іс-әрекеті толық қамтылуы тиіс. Тек жарық көрген ғылыми еңбектері ғана емес, сонымен бірге газет-журнал беттеріндегі ғылыми-публицистикалық жазбаларын, небір конференциялар мен ғылыми кеңестердегі, жиындардағы сөйлеген сөздері мен айтқан ой-идеялары, ұсыныстары, пікір-таластары ғылыми айналымға түскені жөн.

Менің пайымдауымша, Салық Зиманұлы әлемдік деңгейдегі ойшыл (мыслитель). Ой әлемінің майталманы және қайраткері. Ол кісінің заң ғылымы саласында атқарған еңбегі де оның ойшыл тұлға ретіндегі келбетінің бір көрінісі ғана. Яғни, оның ойшылдық болымысын тек ғылыммен, оның ішінде заң ғылымымен шектеуге болмайды. Өйткені, Сәкеңнің шын тұлғасын тани алмай, оның қатардағы заңгер-тарихшы немесе заңгер-теоретик деген жасанды схемалар аясымен өлшеп-пішуге, «ұшақтап-бөлшектеуге» тура келеді. (Ондай топтаушылар пайда да болуда). Сонау есте жоқ ежелгі ойшылдық және ойшылар үрдісінің (Анахарс, Фараби, Майқы бастап Абай, Мұхтармен жалғасқан) жаңа замандағы жарқын өкілі – біздің Салық Зиманұлы.

Егер Сәкеңнің тұлға тұтастығының негізі – оның ойшылдық қасиетін аша алсақ, онда ол кісінің бүкіл өмірінің құпиясына кілт тапқан болар едік. Неге десеңіз, тіптен Салық Зиманұлының ерен ұйымдастырушылық қабілетінің негізгі де оның осы ойшылдық табиғатына барып тіреледі. Сәкең ұйымдастырушылық қызметте, тіптен олқай салада болса да (әскери, ғылым, білім, мемлекеттік) немесе талантына ешкім шүбә келтіре алмас еді. Алдын ала көре білу, діттеген мақсатқа асықпай-шалдықпай, шаршамай, абыроймен жету – бәрі-бәрі ол кісінің қатардағы коллектив лидері – үздігі емес, қоғамдық-мемлекеттік деңгейдегі жаңа тыныстағы көсем екендігінің көрініс және белгілері.

Ал ол кісінің еңбексүйгіштігі (еңбекқорлығы емес) – өз алдына бір әңгіме. Жұмыстың (қай жұмыстың болса да – ғылыми, білім саласы, қоғамдық-мемлекеттік қызмет) ретін білу, лоған қалай келу және барынша, жан-тәнімен беріле істеу, әрі сол жұмыстың мейлінше мол нәтижелігін, сонымен бірге, сәнділігі мен салтанаттылығын қамтамасыз ете білу – ол кісінің еңбек жасаудағы қолтаңбасының айрықша белгілері.

Сәкен арналған шумақтардан

Әрине, Сәкен туралы өлеңмен айтқан, өлеңмен жазған дұрыс. Өйткені, ол кісінің бойындағы қуатының қызуы, ой ауқымы мен тереңдігінің тұңғиығы, мақсат-мүддесі мен іс-әрекетінің тұнығы жәй баяндауға, қарадүрсін әңгімелеуге көне бермейді. Баяндамалық әдіс ол кісінің адамға әсер ету қабілетінің бар қыр-сырын жеріне жете ашып беруге әлі келмей жатады. Сұлтан Сартаевтың, Сәкен Өзбекұлының ол кісі туралы өлеңдер жазуының сыры да осында жатыр ма деп ойлаймын. Сондықтан академикпен болған кейбір сәттерді мен де өлеңге жақын шумақтармен келтіре кеткенді жөн көріп отырмын.

Қазақ Академиялық университетін (мемлекеттік емес оқу орны, ректоры Зиманов С.З.) ашқан алғашқы жылдары тексерулер көп болып, әсіресе салық инспекторлары кабинеттен шықпай, Салық Зиманұлының оларды жақтырмай, кейде кейінірек жүргенін көрдім. Сосын көңілін көтеріп, бір жағы күлкі болсын деп бір шумақ жаздым да кабинетіне кіріп өзіне оқып бердім. Іште Сапарғалиев Ғайрат аға да отыр екен. Сондағы жазғаным мынау:

Фашисті жеңген батырым,
Ғылымды жазған жапырып,
Нарық пенен налогтан,
«Қашып» жүр енді шарқ ұрып.

Сәкен әуелі күлді де, сосын: «Зайлағи, мен нарықтан, налогтан қорықсам, өстіп университет ашып, жаңа іс бастап жүрер ме едім, жазсаң дұрыстап жаз», – деді.

Күлдіремін деп бүлдіріп алғанымды сездім. Шынында да ол кісі нарықты қасқайып тұрып қарсы алған саналы азаматтардың бірі болатын. Егемендік орнаған алғашқы жылдары республиканың жоғарғы кеңесіне депутат болу мүмкіндігін қанша үміткерлер арасынан екі рет жеңіп алды. Белді, беделді, білгір әрі батыр депутат болды. Ел, ұлт мүддесі

қозғалған еңбір күрделі мәселелерді (тәуелсіздік, егемендік, тіл т.б.) талқылау барысында озық ойлар айтып, айтып қана қоймай оларға байланысты заңдардың концепцияларын, жобаларын жасап жоғарғы кеңесте өткізуге ат салысқан майталман халық қамқоршысы болды.

Күлкіге жақын боламын деп шындықтан алыс кеткіенімді білдім де, лсы өлеңді басқаша жазып, бір сәті келгенде мейрамды күндердің бірінде өзіне қайта оқып бердім.

Фашисті жеңген батырым,
Ғылымды жазған жапырып.
Нарық пенен салық па?
Қарсы алды оны қасқып!

Депутат болды беделді,
Шындыққа халқы кенелді,
Жаңа оқу орнынын
Жастар деп ашты, кел енді.

Ұлылықтың үлгісіндей,
Ғалымдықтың үрдісіндей.
Талант, Еңбек, қажыр-ұайрат
Өн бойына өрілгендей.

Маң-маң басқан жүрісі-ай,
Сақ-сақ күлген күлкісі-ай!
Жеңіс күні болғанында,
«Жүз грамды» ішісі-ай.

Пайғамбары кісіліктің
Пір-киесі іріліктің.
Өлең жаздым Сізге арнап,
Ізетімен ініліктің.

Сәкеңе арнап кейін де әзіл шумақтар, нақты ситуацияларға байланысты өлеңдер жазып жүрдім. Солардың ішінен тағы

біреуін тандап алып отырмын. Бұл өлең Сәкең өзі ашып, өзі басқарып отырған Қазақ Академиялық университетінің (көп жұрт бұрынғы «Парасат» атымен атайды) алғашқы түлектері оқу бітіріп, диплом алған салтанатына арналған еді. Салық аға бұл кешке көп қонақтар шақырып, өзі бір жағы қуанып, шабыттанып, екінші жағынан толқып жүрді. Маған сөз кезегі тиген кезде мен осы өлеңді Сәкеңе, университеттің алғашқы түлектеріне арнап оқып бердім.

Ата-анаға қымбат әр кез тұңғышы,
Алғаш рет көрген сәби-ұл, қызы.
Қарашығы көзінің ол, жүрегiнiң лүпiлi,
Сағындырған өмiрдегi көктемiнiң жыл-құсы.

Ата-анаға – тұңғыш сәби, тұңғыш түлек – ұстазға,
Бұдан артық ұстаз үшін шалқыр, толқыр күн бар ма!
Өз таланты, асқақ бойы, еңбегінің жемісі.
Тұңғыш түлек, сенің жолың болсын енді, тарт алға!

Заңгер аты кім-кімге де үлкен сын,
Өз пайданды күттей берме, халқың үшін өмір сүр.
Егеменді мемлекетің, ерік алған елің бар
Ар заңының қорғаны бол, сол жолменен тура жүр.

Шындық жолдан қияс кетсең басыңа
Әңгір таяқ ойнататын ақыра,
Ұлы ұстаздың, енді міне Ұлы әкең,
Академик Зиманов тұр деп ойла сен қасымда.

Салық аға – Шәрбану апа

Салық Зиманұлы туралы сөз қозғағанда оның жұбайы – қазақ халқының аяулы қыздарының бірі, Республиканың Ұлттық Ғылым академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор Шәрбану Батталқызы Батталова жәйлі да айтпай кету мүмкін емес. Өте мейірімді, әділ, аса бір салауатты, өз ойын бүкпестен ашық айтатын, әрі турашыл жан еді.

1921 жылы Қарағанды облысының Шет ауданындағы 10-ауылда дүниеге келген Шәрбану Батталқызы 1948 жылы Мәскеудегі М.В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінен кейін 1952-60 жылдар аралығында ҚР ҰҒА-ның Химия институтында аға ғылыми қызметкер болып істеді. Ал 1968 жылы «Қазақстанның кейбір бентониттерінің катализдік және ағартқыштық қасиеттері» деген тақырыпқа докторлық диссертациясын абыроймен қорғап шықты. Мұнда алюмосиликаттардың катализдік әсерінің механизмі, олардың мұнайды крекингілеуге, шараптарды тазартуға әсері туралы терең зерттелген пайымдаулар жасалды. Шәрбану Батталқызының осындай ғылыми еңбегінің нәтижесінде мұнайдың ауыр фракцияларын өңдеуге пайдаланудың әдістері табылып, өндіріске енгізілді.

Ол қырықтан астам ғылыми еңбектің авторы. Өзінің таза, адал еңбегінің, ғылыми жұмыстарының нәтижесінде Шәрбану Батталқызы 1991 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі болып сайланды.

Салық Зиманұлының 75 жылдық мерейтойына орай Шәрбану жеңгемізбен сұхбаттасып, ағамыз туралы жазып беруін өтінгенім бар.

– Өздерің жаза берсеңдерші, – деп сыпайы жымыды ғалым апамыз. – Мен ағаларың туралы жазсам тек сынап жазамын, сондықтан ол «не скромно» болып шығады. Ел мақтап жатады, ал мен мақтайтын жағын көре алмай жүрмін. Егер ағаларыңды

жақсы көрмесем бірге тұрмас едім ғой, – деп балаша мәз боп күлді.

* * *

Тағы бірде:

– Шәрбану Батталовна! Салық ағамыздың елге танымал ғалым болуына, халыққа белгілі қайраткер дәрежесіне көтерілуіне Сіздің еңбегіңіз зор деп ойлаймын. Өйткені, сіз ол кісінің қас-қабағына қарап, ыстық-суығына күйіп, творчестволық бабынан таймауына жағдай жасадыңыз, – дедім.

– Айтуың дұрыс қой, – деді ол кісі. – Бірақ ағанның ғылымдағы, ресми қызметтегі жетістіктері – оның өз еңбегі. Осыны ұмытпаңдар, – деді.

* * *

Есімде қалған мына бір жәйтті де айтып кетсем деймін. Марқұм Нағашыбай Шәйкенов Қазақ Мемлекеттік Заң университетіне (қазір Академия) ректор болып келген жыл болатын. Бір себептермен Сәкеңнің үйіне кіріп шығу керек болып, бірге барайық деді. Үйге кірсек, Салық Зиманұлы далаға газет алуға шығып кетіпті де, бізді Шәрбану Батталов қарсы алды. Амандық-саулық сұрасып, жайласып отырғаннан кейін, сөзден-сөз шығып кетіп, бір кезде Шәрбану Батталқызы Нәкеңе дүрсе қоя берді.

– Осы сен, қазақ тіліне қарсы шығып жүр деді ғой, оның не? – деді.

Нәкең мұндай сұрақты күтпеген болуы керек. Абдырап, қызараңдап қалды. Содан кейін – олай емес, мені бұрмалаушылар көп, солардың ісі ғой, – деп Нәкең өз ойын айта бастады.

– Жер мен тіл – халықтың басты қасиетті ұғымдары мен құндылықтары. Оларға тисуге болмайды, ардақтап, әлпештеп ұстау керек, – деп Шәрбану апамыз Нәкеңнің жауабына қанағаттанғанын сездіріп, түсін жұмсартып, арқасынан қағып

қойды. Сөйткенше Салық ағамыз ішке кіріп, әңгіме арнасы басқа мәселелерге ауысты.

*Гражданин и выдающийся ученый, академик
Зиманов Салык Зиманович (Юбилейный сборник).
– Алматы: Атамұра, 2001. – 300 с.198-205-бб.*

К. НҰРПЕЙІС
ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті,
тарих ғылымдарының докторы

АБЫЗ

Аса көрнекті заңгер-ғалым, ғылыми жұмыстардың шебер ұйымдастырушысы, ұлағатты ұстаз, белгілі саясаткер һәм қоғам қайраткері, халқымыздың біртуар Салық Зиманов 80 жасқа толды.

Ол бүкіл саналы өмірінде қайсар қайсарлықпен әрі үлкен мақсаткерлік ізденіспен еңбек етуі нәтижесінде өзінің замандастарымен бірге сан қилы күрес пен жеңістер жолынан өтті. Оның жалындаған жастық шағы 1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғыс кезеңіне тұспа-тұс келді. Соғыстан оралған соң ол бірден сол кездегі Қазақ КСР-ы Ғылым академиясының (қазіргі ҚР Ұлттық Ғылым академиясы) аспирантурасына түсті. Сол кезден бүгінгі күнге дейін немесе жарты ғасырдан астам да жетерлік ғылыми зерттеушілік және ғылыми-ұйымдастырушылық еңбекпен үздіксіз айналысуда.

Салық Зиманұлы – ең алдымен аса көрнекті қоғамтанушы ғалым. Ол қоғамтану ғылымдарының бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірін табиғи түрде толықтыратын екі саласының – заң ғылымы мен тарих ғылымының – тек Қазақстан ғана емес, сонымен қатар алыс-жақын елдерге барынша танымал ірі өкілдерінің бірі.

Зиманов Салықтың заң ғылымы мен тарих саласында қалам тартқан, пікір айтқан, концептуалдық тұжырымдар

жасаған мәселелерін санап шығудың өзі ол шұғылданған ғылыми-зерттеу жұмыстары аясының қаншалықты кең әрі маңызды екендігін айқын аңғартады.

Ғалым еңбектері қорытындылап айтқанда Қазақстанның арғы-бергі тарихындағы оның қоғамдық және құқық тарихы мен теориясын, ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін, еліміздің саяси және құқықтық тарихын, халқымыздың саяси-құқықтық ой-пікірі қайраткерлерінің өмірі мен қызметін, Қазақстан мен Орталық Азиядағы азаттық идеяларының пайда болуы мен даму эволюциясының, қазақ халқының әдет-ғұрып заңдары мен ел өмірінде билер институтының алатын орны мен рөлін, тағы басқа көптеген күрделі тақырыптарды зерттеуге арналған.

С.Зимановтың қарымды қаламынан жоғарыда айтылған мәселелер бойынша жүздеген еңбектер, олардың қатарында ондаған жеке іргелі монографиялар, оның тікелей қатысуымен және ғылыми іргелі жетекшілігімен жарық көрген қорытынды басылымдар мен көлемді жинақтар бар. Олардың «атын атап, түсін түстеп» жатудың қажеті жоқ қой деймін. Өйткені Салық Зимановтың еңбектерінің басым көпшілігі заңгерлер мен тарихшылардың бірнеше буынына рухани азық болған құнды жәдігерлер қатарына жатады.

Салық Зиманов әр жылдары Алматы заң институтының және Ұлттық Ғылым академиясының Философия және құқық институтының директоры, Ғылым академиясы төралқасының Бас ғылыми хатшысы, академиялық құқық университетінің ректоры ретінде алан-ғайыр ұстаздық және тәлімгерлік қызмет атқарды.

Салық Зиманұлы Қазақстан қоғамдық ғылымдарының, оның ішінде бірінші кезекте заң және тарих ғылымдарының, болашағын ойлағандықтан ғылымның жас кадрларын баулауға, оларға бағыт-бағдар беруге, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын айқындап-анықтау ісіне ерекше көңіл бөлді. Сондықтан да ол Республикамыз үшін жоғары маманданған кадрлар даярлау саласында ірі табыстарға жетті.

Қазақстанның заңгерлері мен тарихшыларының бұл күндері жұртшылыққа кеңінен танымал бірнеше ұрпағы өздерін мақтаныш сезіммен академик Салық Зимановтың шәкірттеріміз деп санайды. Солардың қатарына мен өзімді де жатқызамын. Өйткені 50-ші жылдардың екінші жартысында үлкен тебіреніспен Отандық Ғылым академиясының табалдырығанан аттап, зерттеу жұмыстарымен шұғылдана бастаған ұрпақ (поколение) Салық ағаға және оның ғылымдағы замандастарына қарап ойымызды да, бойымызды да түзедік. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз», «Ондай болмақ қайда» деп, «Айтпа ғылым сүйсеңіз» деген дана Абай өсиетін қабыл алып, Сәкендерге ұқсауға ұмтылды. Бұл ұмтылыс маған Салық ағамен тікелей танысып, ол кісінің ұстаз ретінде ақыл-кеңесін алуыма мүмкіндік берді.

70-ші жылдардың басынан Салық ағаның көптеген шәкірттеріне айналған мен ол кісіден осы күндерге дейін жүйелі түрде ақыл алып тұрамын. Сол кезден бастап Салық аға әртүрлі баспаларда, ең алдымен Ғылым академиясының баспасында жарық көрген кітаптарын өз қолтаңбасымен және ізгі тілектермен маған сыйға тартатын болды. Сәкең сыйлаған еңбектер басқа ғұламалардың шығармаларымен қатар менің кітапханамнан өздеріннің лайықты орындарын алды.

Салық Зиманұлының еңбектері мен оның кездескен сайын айтатын ақыл-кеңестері маған Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің жекелеген өзекті мәселелерін (мысалы Алаш қозғалысы мен саяси қуғын-сүргін тарихын) зерттеуге шешуші түрде ықпал жасады...

Салық Зиманов – шын мәніндегі ұлт жанды қоғам қайраткері. Салық Зиманұлы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейінгі ұлттық рух пен намыс тапталған қасіретті күндер де, әртүрлі деңгейдегі саяси айтыс-тартыстарда сөйлеген сөздерінде де, егеменді Қазақстанның дүниеге келіп, тәуелсіз Ел болып қалыптасу барысындағы іс-әрекетінде де халқымыздың

ұлттық мүддесін ту етіп көтеріп, ғұлама саясаткерге тән қайраткерлік көрсетті.

Салық Зиманұлы не туралы жазса да, не туралы сөйлесе де оның ойлары оқырмандар мен тыңдармандарға үлкен әсер етеді, оларды халқы мен Отаны үшін пайдалы әрекеттер жасауға жетелейді.

Сәкеннің жеке басының адамгершілік қасиеттері де ғибрат аларлық мектеп іспетті. Ол әркез өзімен қызметтес, жақын жүрген адамдарға шапағат нұрын төгеді, әрқашан да барынша қарапайым, шын мәніндегі «сегіз қырлы, бір сырлы» үлкен парасат иесі екендігін көрсетеді.

Сексеннің сеңгіріне шыққан Сәкен орындалмайтын «өсиеттер» жалпылама ақыл айтқыш кейбір көкмылжың үлкендердің қатарына жатпайды. Ол салиқалы ой мен нақтылы іс-әрекеттің адамы. Ол басқаға «мендей бол» деп кісімсінбейді. Ол адал еңбек пен ақ ниеттің иесі қандай болатындығын нақтылы еңбегімен көрсетіп жүрген зиялы қауым өкілі.

Өзінің жарты ғасырдан астам уақыт бойы сан-салалы рә жемісті ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық, ұстаздық және қайраткерлік қызметі арқылы халқымыздың ақылман Абызы деңгейіне жеткен Салық аға Зиманұлына мықты денсаулық пен жаңа шығармашылық табыс тілеймін.

*Гражданин и выдающийся ученый, академик
Зиманов Салык Зиманович (Юбилейный сборник).
– Алматы: Атамұра, 2001. – 300 с. 253-256-бб.*

ЗАҢҒАР ЗАҢҒЕР

Қазақстанның заңгерлер қауымында Салық Зиманов жарты ғасыр бойы бірінші кезекте ауызға алынатын ғұлама және шынын айтқанда, ең жарқын әрі қадірлі тұлға болып келеді. Ол Қазақстандағы заңгерлік жоғары оқу орнының ұйымдастырушысы және тұңғыш директоры қазақстандық тұңғыш заңгер-академик, көптеген ғылыми еңбектердің авторы ғана емес, сонымен қатар осы жылдар ішінде ғалым және адам ретінде абыройына дақ түсірмей, жоғары қадір-қасиетін кіршіксіз ұстаған қоғамтанушы ғұламаларымыздың бірі. Оның ғылым саласына қосқан үлесі мен жеткен жетістіктері жайында айтылып та, жазылып та жатыр. Ал мен оның азаматтық және қайраткерлік болымысы жөнінде айтып бергім келеді. Біздің студенттік жылдарымызда Салық Зиманұлының шешендік таланты, оның алуан түрлі көкейтесті мәселелер жөнінде батыл көзқарас ұстанып, сөйлеген сөздері жайында, өрлігі мен адалдығы жайында талай аңыз-әңгімелер айтылатын. Біз одан үлгі алатынбыз, «болмасаң да ұксап бақ» деп ұлы Абай айтқандай, осы бір ардақты адамға әрі үлкен ғалымға тым болмағанда ұқсауды армандайтынбыз. Көптеген адамдар үшін ол Шындық пен Әділеттілікке қызмет етудің үлгісі, мұраты болатын. Біз оның лекцияларына үлкен оқиға, құбылыс ретінде баратынбыз. Оның баяндайтын материалдарының тереңдігі мен бірегей болуы ғана емес, сонымен қатар қарапайымдылығы мен беру нысаны да, айтқан сөздерінің сенімділігі де, теориядағы, сондай-ақ өмірдің өзіндегі кемшіліктерін батыл сынайтыны да қайран қалдыратын. Әрине, оның алдында лекциялардың әбден жетілдірілген мәтіндері жататын, бірақ ол мәтінге көз қырын да салмай сөйлей беретін. Содан бері отыз жылдай өтті, ал мен

оның жақында Парлмент үйіндегі халықаралық конференцияда сот билігі проблемалары бойынша, бұрынғысынша, қағазға бірде-бір рет қарамай, тамаша баяндама жасағанын, оған бүкіл залдың дүркірете қол соққанын көріп, тағы да сүйсіндім.

Ол жас адамдардың бойында Қазақстанның бостандығы мен егемендігіне ұмтылушылық қасиеттерін, ұлттық елжандылық рухы мен әділдік жолындағы күрес рухын дабыратпай-ақ, өз сөзімен және әрекетімен тәрбиелей білді. Өткен ғасырдың 60-80 жылдарындағы ұрпақ Салық Зиманұлы сияқты елжандылық ниеттегі, бостандық сүйгіш тұлғалардың идеяларымен сусындап тәрбиеленді. Қазақстанның бостандығы үшін күрес ұшқынын тұтатқан да осындай азаматтар. Жете біліп, шын түсінген адамдар Салық Зимановты Қазақстанның заңгерлер қауымының мақтанышы және абыройы деп санайды. Олқыын жағдайларда өз көзқарасынан таймай, адамдық абыройын сақтап қалуға батылы жетті, қарақан бастың қамы үшін өкімет орындарының сүйкімді адамына айналуға бой алдырмады. Ол ешқандай «сарай маңы» ғалымы болған емес, үлкен лауазымды бастықты бастықты алаламай, оларға тең қарады.

С.З. Зиманов Мәскеудің Қазақстанды жаппай орыстандыру, қазақ халқының ұлттық құқықтарын тұқырту жөніндегі саясатымен келіспеді, оған қарсы шықты. Брежнев пен пов кезінде қателіктері үшін СОКП Орталық Комитетін сынға алды. Кейін СОКП Орталық Комитетінің нақ ұлт мәселесі жөніндегі кезекті әрекетіне де наразылық білдірді. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің кейбір басшыларын олар билік тізгінін ұстап тұрған кезде республиканы басқарудағы олқылықтары мен кемшіліктері үшін ашық сынады. Оның салқыны көп күттірмеді. Алуан түрлі кедергілер ұйымдастырылып, қызметі төмендетілді. Ол тұста жеке басшылардың пікірі бүкіл партияның көзқарасы деп саналатыны ұмтыла қойған жоқ шығар. Ал астыртын көзқарас бірінші рөлдер мен орындарға ыңғайға көнгіш адамдарды, өз туыстарын жоғарылатуға келіп саятын. Сондықтан С.Зиманов алысыраққа

ығыстырылды. Академия мұның бәрін көріп отырды, жұртқа осының бәрі айқын болды, бірақ ешкім ешнәрсе істей алмады, ешнәрсе айтқысы келмеді. Республика жұртшылығы оның белгілі бір саяси оқиғаларға, өз халқының проблемаларын немқұрайды қарай алмайтынын біледі. Олөз пікірлері мен бағаларының ресми көзқарасқа қайшы келетініне қарамастан, қателіктер, проблемалар мен кемшіліктер туралы бүкпесіз және адалын айтып отырды. Қазақстандағы әйгілі Желтоқсан (1986 ж.) көтерілісінен кейін саясатшылар мен шенеуніктер ғана емес, ғалымдар, тіпті академиктер мен профессорлар да жаңа өкіметке, Мәскеу билеушілеріне жағымпазданып, республиканың бұрынғы басшылығын қаралап қана қойған жоқ, сонымен шексіз азап шеккен туған халқына күл шашты, оның Қазақстан бостандығы жолындағы күреске өз өмірін арнаған ұлы перзенттеріне күйе жақты, «қазақ ұлтшылдығы» туралы жалған ғылыми доктринаны жасауға тырысты.

Г.В. Колбинмен Ғылым академиясындағы кездесуде Салық Зиманов Желтоқсанға қатысушыларға қолданылып жатқан жазалау шараларына қарсы пікірін ашық айта білді. С.Зиманов сондай-ақ жазушылар Ж.Молдағалиев, С.Шаймерденов сияқты тұлғалар мен басқа да бірқатар адамдардың көзқарасы Қазақстанның жаңа губернаторының шовинистік қарқынын бәсеңдетіп, қуғын-сүргін ауқымын азайтты.

Депутат Зимановтың он екінші және он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңесте, әсіресе Мемлекет егмендік туралы Декларация мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңды қабылдау кезінде қандайлық белсенді де жемісті жұмыс істегені есімде. Осы құжаттардың әзірленуі мен қабылдануына ол өзінің бүкіл жан-тәнін салып, бар білімін жұмсады. Сол кезде ол былай деген еді: «Біздің бабаларымыздың көптеген ұрпақтары күресіп, жанын пида еткен болды. Тағдыр бізге тәуелсіздікті тарту етті. Бұл оқиғаның маңызын жұрттың бәрі бірдей түсінбейді ғой деп қорқамын. Қайткенде де қателік жасамасақ екен, содан соң

оның зардабын шекпесек екен..». Кейіннен мен осы сөздерді есіме жиі алып жүрдім. Оның Мемлекеттік егемендік рәміздері туралы заң жобасын әзірлеу мен олар бойынша баяндама жасау жөніндегі депутаттық комиссияларды басқаруы кездейсоқ емес.

Қазақстан тағдырына әсерін тигізген бір жағдайды айтпай кетуге болмас. Өңгіме тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясын да (1993 ж.), екінші (1995 ж.) қолданылып жүрген Конституциясын да әзірлеу мен қабылдау кезінде, асқан өкініштісі заңғар заңгердің орасан зор жан-жақты әлеуетінің қажет етілмеуі жайында болып отыр. Мысалы, сол кезде бірінші Конституцияны әзірлеуге Салық Зиманов жауапты болғанда, біздің ең жаңа тарихымыздың көптеген мән-жайлары конституциялық және мемлекеттік құрылыс бөлігінде басқа арнаға бағытталар еді, басқаша мазмұн мен мән алар еді деп ойлаған едім, қазір де солай деп санаймын. Тегінде, билік тармақтары арасында егес болмас еді, тиісінше заң шығарушы органның тарауы орын алмай, орталықтандырылған күшті атқарушы билік, дербес Парламент, Конституция мен азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға және т.б. өкілеттілік берілген Жоғарғы сот бастаған (Конституциялық сотсыз) тәуелсіз сот билігі болар еді. Бүгінде біздің елімізде бұлардың бәрі де бар, берік қалыптасты. Алайда, оларға тар жол, тайғақ кешусіз де жетуге болатынын айтып отырғаным ғой.

Бүгінде біреулер уақыт өткен соң, он жылдан кейін бәрі ақылды, әр түрлі пайымдауға болады деуі мүмкін. Тіпті де олай емес! Бүкіл 1992 жыл бойы тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясын әзірлеудің қалай жүргізілгені көп адамдардың есінде. Конституциялық комиссия жұмыс істеді, оны Президент басқарды, орынбасары З.Л. Федотова болды. Негізгі жұмысты, мәтіннің мазмұнын бір топ жас заңгерлер дайындады, олардың басты мақсаты және лайықты ісі басқа елдердегі конституциялық нормаларды (оның үстіне мүмкіндігінше көбірек) жинақтап құрастыру, сондай-ақ Конституцияны әзірлеуші болуға деген құштарлыққа толы тілек болатын.

Сол кезде республика Жоғарғы Кеңесі төрағасының кеңесшісі болып істей жүріп, депутаттардың сессиясындағы, Төралқа отырыстарындағы айтыстарды естіп қана қоймай онымен қатар тұңғыш конституцияның жобасын әзірлеудің сыртындағы жақтарын қадағалап, сол тұста қажет болған, өмірдің өзінен туындайтын Конституцияны С.Зимановтың айқындамалары мен идеяларына сүйеніп жасаған орындырақ деген байламған келген едім.

Біз өз көзқарасымызды мыналарға негідегенміз: біріншіден, академик күшті Президенттік билікті, сонымен бірге өздеріне тән дербес өкілеттіліктері болатын тәуелсіз заң шығарушылық және сот билігі тармақтарын жақтады. Екіншіден, оның бойында қазақтардың және басқа да халықтар мемлекеттері құрылысының тарихы мен теориясын тамаша білушілік, басқа мемлекеттердің конституцияларын білушілік қана емес, сонымен қатар қоғам мен мемлекет дамуын болжай білетін, нақ Қазақстанның мемлекеттік тұрғыдан тіршілік етуіне шын жүректен жаны ашитын мемлекеттанушы-философтың, данышпан реалистің терең білімі сәтті ұштасқан-ды. Үшіншіден, оның барлық жерде беделі зор, мінезі де біркелкі, тәуелсіз болатын, ешқашан жағымсыз-мансапқор емес-ті және ақырында, төртіншіден, ол кезде Қазақстанда депутаттық корпус пен жас заңгер-ғалымдар тарапынан көрсетілетін түрліше көзқарастарға қарсы тұра алатын басқа бір неғұрлым күшті және беделді тұлға болған жоқ.

Біз президентті билікті уысынан шығарғысы келмейді деген әр түрлі күдіктерден аулақтатқымыз келеді. Өйткені, он екінші сайланымның депутаттары Президенттің және тұтас алғанда атқарушы биліктің өкілеттіліктерін күшейту жөніндегі Президенттің бастамасын оның өзіне қосымша өкілеттік алуға жасалған әрекет және заң шығарушы биліктің рөлін кеміту, оның құзыретін шектеу деп қабылдайтын еді. Егер Конституциялық комиссияны өз әріптестері, бейтарап және тәуелсіз, депутаттар ішінде аса беделді С.З. Зиманов басқарып,

сессияларда қорғайтын болса, депутаттардың даулы, бірақ жас мемлекеттің құрылысы үшін аса маңызды конституциялық ережелерді қабылдауы ықтимал екенін дәлелдеп бердік. Біз өз оппоненттерімізге жаңа Негізі Заң өркениетті қоғам мен мемлекет құруға мүмкіндік беретін халықтық Конституция болатынын айттық.

Салық Зиманұлы өзінің бүкіл өмірі бойында осы Конституцияны жазуға әзірленген сияқты көрінеді. Ол өз көзқарасын Жоғарғы Кеңесте де қорғап қалар еді. Оның үстіне Президент қолдайтын. Бірақ төңірегіндегілер түсінбеді, С.З. Зимановқа қатысты «баяғы жартас, бір жартас» (Абай) болған күйінде қалды.

Өкінішке қарай, біздің мемлекеттік құрылымдарымыз, Парламент, жүргізіліп жатқан реформалардың идеологтары Салық Зиманұлының көптеген дұрыс, мемлекеттік тұрғыдан даналық ұсыныстарына назар аудармай келеді. Мысалы, біз оның Қазақстандағы сот жүйесі реформасы мен сот билігін ұйымдастыру схемасына құлақасқан болсақ, еліміздегі сот жүйесін ұйымдастыру, оның тәуелсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың конституциялық және заңды құқықтарын сот арқылы қорғау ісінде бұған дейін осынша олқылықтар жібермеген болар едік. Ол елде өркениетті тәртіп орнатындар, қарапайым адамдардың мүдделері мен құқықтарын әділ қорғауды ұйымдастырындар, мемлекеттік деңгейдегі сыбайлас жемқорлықты тыйындар, әйтпесе кешігіп қаласындар деп қазір де шаршап-шалдықпай ескертіп келеді.

Арамызда Салық Зиманұлы сияқты ғажайып адамдардың болуы біздің қиын уақытымызға ой салып, жаңа дүниеміздің жасампаздық жолын нұсқайды.

*Гражданин и выдающийся ученый, академик
Зиманов Салык Зиманович (Юбилейный сборник).
– Алматы: Атамұра, 2001. – 300 с.229-233-бб.*

С. САТЫБАЛДИН
Қазақстан Республикасы
Ғылым академиясының мүше-корреспонденті,
экономика ғылымдарының докторы

ҰЛЫ ШОҒЫРДЫҢ ӨКІЛІ

Қазір ғой заңгерлер көбейді. Бүгінде құқық мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындары мен факультеттердің саны ондап саналады. Құқықтық мемлекет орнатып жатқанымызда заңгерлерде деген сұраныстың мол болатындығы түсінікті шығар, тек солардың санына сапасы сай болсын деп тілейміз ғой.

Ал соғыстан абыроймен оралған 25 жасар подполковник, орденді жігіт Салық Зиманов Бүкілодақтық Заң институтының сырттай оқу бөліміне түскен кезде Қазақстанда жалпы жоғары білімді Заң қызметкерлері мүлде аз еді, ал қазақтардан ондай адам жоқ та болатын. Біздің Сәкең осыны іштей сезді ме, әлде осы мамандықтың болашағына кәміл сенді ме, әйтеуір, екі жылда аталмыш институтты үздік тәмамдап, арасын үзбей келесі екі жылда кандидаттық диссертацияны қорғап шығады. Отыз жастағы жас кандидат Алматыда ашылған Заң институтының тұңғыш директоры, кейін ол институт ҚазМУ-дың факультетіне айналғанда оның бірінші деканы болады, сөйтіп, заңгер кадрлар даярлауға ілі-шала кіріседі. Үздік, дарынды студенттерге қамқаорлық жасап, олардың аспирантурада қалуына, Мәскеуде одан әрі білімін жетілдіруіне қолұшын береді. Бұл игілікті істі Сәкең Академияда ұзақ уақыт қызмет атқарған кезеңде одан әрі жалғастырып, Қазақстанда заң қызметкерлерін даярлау ісінің ұйымдастырушысы, заң ғылымының негізін қалаушы болды.

Қадірлі атамыздың өмір жолына көз жіберсек, Сәкеңнің үлесіне «бірінші» болу бақыты жиі ұшырап отырған екен. Ол кісі соғысқа дейін-ақ орта мектепті үздік аттестатпен бітірген, бұл сирек болған жағдай, соғыстан кейін құқық саласында

бірінші кандидат, бірінші институт директоры, бірінші доктор, профессор, алғаш құрылған құқық және философия институтының бірінші директоры, тұңғыш академик, осылай кете береді. Біріншінің арамызда ағынан жарылып аман-сау жүргені қандай жақсы, біріншінің соңы да болып қалмағаны да қандай ғанибет! Сәкеңнің артынан ерген, Ұстазының жолын қуған шәкірттері қанша ма? Тіпті ағамыздың алдынан тікелей дәріс алмаған құқық мамандары да ол кісіні ұстаз санайды екен. Дұп-дұрыс. Өйткені олар Қазақстанда қалыптасқан Зиманов мектебінен өткендер, оларды Зимановтың өзі оқытпаса да, оның шәкірттері оқытқандар.

Салық Зиманұлы тек заңгерлердің ғана ұстазы, қамқоршысы емес, сондай-ақ Қазақстанда барлық қоғамдық ғылымдардың қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосқан адам. Қазір аға буын ілегіне жататын біздің әйгілі философтарымыздың көбі Сәкеңнің аялы алақанынан ұшқан түлектер. Ғылым академиясы басшыларының бірі ретінде, әсіресе осы қасиетті мекеменің Бас Ғылыми хатшысы болған кезде басқа да қоғамдық ғылымдардың, оның ішінде экономика ғылымының да өркендеуіне игі ықпал етті.

Олай дегеніміз, Сәкеңнің бүкіл өмірі, ғылыми-қоғамдық қызметі, адамгершілік қасиеттері кейінгі ұрпақ – біздер үшін үлкен өнеге, тағылым еді.

Біздің әдеби тілімізде ме, ілде ғылыми тілімізде ме, әйтеуір «ғұлама ғалым» деген жақсы ұғым бар. Меніңше мұндай атауға тек бір ғылыммен шектеліп қалмаған, іргелес бірнеше ғылымда «маңдай тер төгіп» айтарлықтай табысқа жеткен, былайша айтқанда жинақтаған ғылыми қоры энциклопедиялық деңгейге жеткен оқымыстыларды жатқызуға болады ғой деймін. Ал біздің Сәкең баршаға аян, тек ғалым-заңгер ғана емес, ол тарихшы, философ, саясаттанушы да. Оған оның Бөкей ордасы, ондағы шаруалар қозғалысы, Шоқанның саяси көзқарасы туралы, т.б. көптеген еңбектері куә.

Кешегі Кеңес дәуірінде, қанша жамандасақ та, оңды істердің де болғанын атап айтқан дұрыс. Сондай игі істердің қатарына білім беру мен ғылымның, қайыршылықтарға толы болса да, жолға қойылуы дер едік. Осы тарихи кезеңде Қазақстанда, шындығын айту керек, ғұлама ғалымдар шоғыры қалыптасты. Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Бәйішев, тағы басқалар. 35 жыл бойы Ғылым академиясының академигі С.Зимановты осы ұламалар шоғырында жатқызуымызға толық негіз бар. Сәкең олардың эстафетасын лайықты жалғастырып келеді.

Сәкеңді академиктікке өткізерде Қанекең (Қ.Сәтбаев) шын ықыласпен шабыттана сөйлеп, болашақ академиктің ғылыми еңбектері Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуына, оның басқа жұрттармен теңесіп өмір сүруіне жол ашады деп жорамал жасаған екен. Данагөй Қанекең түптің түбінде еліміздің егемендік алатынын іштей сезді ме екен. Қазақстанның тәуелсіздігі туралы Заң жобасы бойынша баяндаманы Жоғарғы Кеңестің депутаты Салық Зиманов жасап тұрғанда Қанекеңнің аруағы бір аунап түскен шығар-ау.

Жалпы Сәкеңнің мемлекет, құқық және олардың тарихы туралы, қазақтың әдет-ғұрып құқы жайлы, тағы басқа ғылыми еңбектері Қазақстанның дербестігіне, тәуелсіздік алуына күні бұрын дайындық жасалған сияқты болып көрінеді маған. Жас мемлекетіңіздің егемендігін, тәуелсіздігін бекітетін заңдарды дайындап өабылдаудың басы-қасында дәл Салық Зиманұлының болуын тарихи әділеттік деп бағалаған абзал.

Салық ағамен әрбір кездесудің өзі бір қуанышты, естен кетпейтін оқиға. Сәкеңмен алғашқы кездесім 60-жылдардың басында болды. Сол кезде ҚазМУ-дың комсомол комитетінің бірінші хатшысы болатынмын, студенттермен кездесуге ғалымдарды, жазушыларды жиі шақыратынбыз. Олар ықыласпен келісіп, аудиторияда, жатақханада дәріс оқитын, әңгіме-дүкен құратын еді. Сұңғақ бойлы, ашаң жүзді, келбетті келген, ол

кезде 40-қа жаңа ғана толған ғалым өзінің шешендігімен, терең ойларымен, ақыл-парасатымен бәрімізді баурап алды. Әсіресе жоғары курс қыздарының сұлу заңгер жігітке (ол кезде заңгерге аса құрметпен, қызыға қарайтын) сүйсіне қарағандары әлі есімде. Сәкең сол қалпынан әлі тайған жоқ, ол шындық.

Сәкеңмен тағы бір қауышуым Орал қаласында болды. 1986 жылы болуы керек, ол кезде мен Орал педагогикалық институтының ректоры едім, ағамыз Бөкей ордасындағы шаруалар көтеріліс жайлы ғылыми-теориялық конференцияға келді. Әдетте, баяндамашылар ғылыми жиынның дәл алдында жазу-сызуларын қарап дайындалады ғой. Сәкең үйткен жоқ, ертең баяндама жасайтын күннің кешінде Жайықтың жағалауын жаяу ұзақ аралап, тылсым табиғаттан нәр алғандай болды. Ертеңіне қағаз бетіне қарамай жұртты тамсандырып, тамаша баяндама жасады.

«Ұлық болсаң, кішік бол» шейді халық. Бұл тек төрелерге ғана айтылған сөз емес. Кейде зиялы қауымның арасынан да «Ұлық» болмай жатып, төңірегіне шекесінен қарайтындар кездесіп қалады. Сәкең ағаның өзінің шәкірт інілеріне өнеге болатын асыл қасиеттері – оның қарапайымдылығы, кішіпейілділігі, ақкөңілділігі. Жанының жомарттығы, жүрегінің адалдығы. Басқаның табысына қуана білетіндігі. Менің «Азияның «айдаһарлары» мен «жолбарыстары»: қазақстандық «барыс» олардың соқпақтарымен өте ала ма?» және «Азиялық дағдарыс: себептері мен сабақтары» деген кітаптарымның тұсаукесер рәсімдеріне басынан аяғына дейін қатысып, салиқалы сөз сөйлеп, терең талдау жасады. «Бұл ұжымның атқаратын жұмысын бір өзің атқарыпсың», «ірі ғалымның үлкен экономикалық ғылыми саласындағы бірегей еңбегі» т.б. деп берген жоғары бағалары мен онан әрі қанаттандыра түскендей болды.

...Осы шағын мақаламды жазар алдында құрбы-құрдас, дос-жарандар сияқты бір дастарханның басында бас қосып қалдық. Әңгімеден әңгіме өрбіп, Сәкеңнің 80 жылдық мерейтойы

туралы сөз туды. Содан бір жолдас: «Осы сол кісі қай жақтан, руы кім екен?» деп сұрақ қойды. Бәріміз жан-жағымызға қарастық. Сөйтсек, көпшілік Сәкеннің туған жағын, руын білмейді екен. Бір жігіт кенеттен: «Ол кісінің руы – қазақ» деді. Тауып айтқан сөзге бәріміз мәз болып күлістік. Шынында да Салық Зиманұлы атаның ғана баласы емес, халқының, ұлтының адал адал перзенті екенін талай рет дәлелдеді емес пе? Бәрінен де тәуелсіздік туралы, тіліміз туралы заңдар, ҚР Конституциясы (1993 ж.) қабылданғанда отаршылық пиғылдан арыла алмаған кейбір депутаттар: «Тәуелсіздікті кімнен аласыңдар», «Менің балам президент бола алмаса, мұнда тұрып нем бар?» деген сияқты қияңқы сұрақтар қойғанда, Салық Зиманұлы оларды сабасына түсіріп, тойтарыс бергенін, Ұлттық мүдделерін қызғыштай қорғағанын көзі қарақты жұрттың бәрі естіп көрді ғой. Халқына жасаған риясыз қызметті халқы ұмытпайды.

Ұлы шоғырдың өкілі, ғұлама ағаларымыздың тірі «көзі» Салық Зиманұлы, алдымыздағы жарық жұлдыздай жарқырай беріңіз.

*Гражданин и выдающийся ученый, академик
Зиманов Салык Зиманович (Юбилейный сборник).
– Алматы: Атамұра, 2001. – 300 с. 277-281-бб.*

М. АСЫЛБЕК
ҚР Ғылым академиясының
мүше-корреспонденті,
тарих ғылымдарының докторы

ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ – ЕЛДІҢ ЕРЕН АЗАМАТЫ

Салық Зиманов ағамыз Қазақстандағы Заң ғылымдарының арнайы саласы – мемлекет және құқық тарихының негізін салушылардың бірі болып табылады. Міне, сондықтан Қазақстан тарихына, оның ішінде XVII-XX ғасырлардағы

мемлекеттік жүйе, басқару-әкімгершілік проблемаларына, қоғамдық-саяси құрылыс мәселелеріне көп көңіл бөлген. Салық ағамыздың «Общественный строй казахов первой половины XIX в.» (Алма-Ата, 1958 г.). «Политический строй Казахстана конца XVII и первой половины XIX вв.» (Алма-Ата, 1960 г.), «История государства и права Советского Казахстана» (үш томдық, Алма-Ата, 1961-1965), «Россия и Букеевское ханство» (Алма-Ата, 1982 г.) және басқа тың тақырыптарға жазған еңбектерін Қазақстан тарихшылары өте жоғары бағалап, өз зерттеулерінде көп пайдаланады. Міне, сондықтан Ұлттық Ғылым академиясының тарих, археология мен этнография институтындағы қазақ революциясына дейінгі заманды зерттеушілер Салық ағамызбен тығыз араласып, шынайы шығармашылық қатынаста болып келеді. Кезінде осы бөлімді басқарған Бекежан Сүлейменов, оның қызметкерлері П.Г. Галузо, Е.Д. Ділмұхамедов, В.Я. Басин, Ф. Мәлов т.б. бірігіп, Салық ағамыз бес томдық «Қазақ ССР тарихының» үшінші томын даярлап, жарыққа шығаруға ат салысты. Сәкеңнің Бөкей хандығы туралы еңбегіне біздің Институттың жоғарыда аты аталған ғалымдары пікір айтып, басылып шығуын қатты қолдады. Ағамыздары пікір айтып, басылып шығуын қатты қолдады. Ағамыздың қазақ қауымының саяси-әлеуметтік құрылымы, Бөкей хандығы Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық күресі және басқа өзекті мәселелер жөніндегі еңбектері, Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлкен үлес.

Салық ағамызды осы ғылыми еңбектері арқылы тарих ғылымына 1950 жылдары келген жастар өте жақсы біледі, ал менің 60-жылдардың басында бұл ғұлама ғалыммен танысып, білуіме мүмкіндік туды. Сәкең бұл жылдары Ғылым академиясының философия және құқық институтының директоры, Қоғамдық ғылымдар бөлімі бюросының мүшесі болған еді. Қоғамдық ғылымдар бөлімінің ғылыми хатшысы болып істеген кезімде және оның кейінгі уақытта да Салық ағамыздың ғұлама ғалым болуымен қатар, ірі ұйымдастырушы,

жастардың қамқоршысы, істің көзін тауып орындайтын, шаршы топта батыл да, орынды да сөйлеп, мәселенің әділ және дұрыс шешілуіне тікелей себепші болғанына талай рет көзім жетті.

Қазіргі елімізде белгілі заңгер-философ ғалымдардың алғашқы тәрбиесіне, олардың көбінің ғылым докторлары, академик, корреспондент-мүше болуы жолында Салық ағамыздың нақтылы үлесі, еңбегі қыруар болды десек қателеспейміз. Сол кездегі Салық ағамыздың төңірегіне топтасқан философия және құқық институтындағы жас ғалымдардың еркін өсіп, үлкен табыстарға жеткеніне біз – замандастары таң қалып, сүйсініп, үлгі тұтатынбыз. Салық ағамыздың осындай шынайы еңбегін Қазақ ССР Ғылым академиясы басшылары жоғары бағалап, қолдап отырды. Академия президенттері Қаныш Сәтбаев, Шафик Чокін, вице-президенті Сақтаған Бәйішев, Қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы Митрофан Сильченко және басқа басшылардың Салық ағамызға деген ілтипаты мен қолдауы арқасында Сәкеңнің ғылымдағы іс-әрекет табысты болып түсті. Осының нәтижесінде 1967 жылы Қоғамдық ғылымдар бөлімінде бірауыздан дауыс алып, Отанымыздағы құқық саласында бірінші академик болып сайланды, ал Сәкеңнің досы, ғылымдағы жолдасы Әбуәлі Еренов осы құқық ғылымындағы алғашқы корреспондент-мүшесі болып сайланды. Салық ағамыздың ғылымға келген жастарға, өзінен кейінгі әріптестеріне қамқорлығын, ұстаздық көмегі мен талап ете білуі жөнінде жоғарыда біраз айтылды ғой. Соған мысал ретінде өзіме байланысты бір жәйтті айта кеткенді жөн көрдім. 1989 жылы 27 қаңтарда Мәскеу қаласынан Салық ағамыз (өзі сапарда жүріп) арнайы уақыт тауып маған хат жіберген-ді. Ол хатты былай бастаған екен.

«Мәлік Хантемірұлына. Қадірлі Мәке! Бұл хатты Сізге арнап Мәскеуден жазып отырмын. 60 жасқа толған мүшелі тойыңыз құтты болсын, денсаулығыңыз мықты, өмірінің ұзақ әм жемісті болсын, ошақ-басы аман, берекелі және қуанышқа толы бола берсін. Сізді әлі жас деп жүрсек, Пайғамбардың жасына

жақындапсыз. Әңгіме жаста емес, амандық пен қуатшылықта...» Салық ағамыздың осы зхатын тойда алған сыйлықтың бәрінен де жоғары санап, өте құрметпен сақтап келемін.

Салық ағамыздың бойындағы биік адамгершілік, бірқалыптылығы, жұртпен араласудағы бөліп қарамауы және басқа қасиеттері көпке үлгі, жарты ғасырдан асқан шынайы достығы таң қалдырып, сүйсіндіреді. Өмір мен қызметтегі талай өзгерістер мен қиыншылықтар кезінде бұл екі ағамыз жұбын жазбай, қатынастары бұзылмай, қайта нығая түсті.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы көптеген басшылықта жүрген үлкенді-кішілі азаматтарға үлкен сын болды ғой. Сол кездегі жүргізілген қуғын-сүргін науқанына көпшілік іштей наразы болса да, ат төбеліндей белсенділерге ашық қарсы шыққан, ғалымдар арасында, өкінішке орай, аз болғаны да рас. Осындай жағдайда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г. Колбин мен идеология жағын басқарған З.Қамалиденовтың басшылығымен Академияның ғалымдар үйінде өткен республикалық ғылыми-практикалық конференциясында үлкен ерлік көрсетіп, жүргізіліп отырған ресми саясатқа жеке өзі қарсы шыққаны әлі есімде. Баяндамашы қазақ мектептері мен бала бақшаларының Алматыда дамуын жақтаған «ұлшылдары» әшкерелеген, бұл жөнінде В.И. Лениннен үзінділер келтіріп, өз пікірін жұрттың қостауын мақсат еткен еді. Салық ағамыз пікір таласқа шығып, В.И. Лениннің бұл сөздері басқа жағдайда, патша өкіметінің езгісінде болған Польша халқының ұлт-азаттық күресіне байланысты айтылғанын тілге тиек етті де, жасөспірім балалар ана тілінде тәрбиеленбесе рухани дүниесі бұзылатынын, олардан болашақта ел намысын қорғайтын азаматтар шығуы қиын болатынын, сондықтан қазақ бала-баушалары мен мектептерін көбірек ашу керектігін дәлелдеп, осы мақсатты ашықтан-ашық, батыл қорғап шықты. Бұл конференцияда осылай пікір айтқан, көп ішінде дара шыққан ерен ағамыз жалғыз Салық Зиманұлы ғана еді.

Тәуелсіздік алған соң да Салық Зиманұлы Республика парламентінде де, Ғылым Академиясы сессияларында да,

басшылармен кездескен жиындарда да ел қамын, ғылым мүддесін, әлеуметтік әділдікті қорғап, көп қызмет етіп келе жатыр.

Сексеннен асқан ғұлама ғалым – еліміздің ерен де, батыл азаматы, қорғаны Салық ағамызды торқалы тойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ өмір, әлі еліміздің шын тәуелсіздікке жетуіне қызмет ете беруін тілеймін.

*Гражданин и выдающийся ученый, академик
Зиманов Салык Зиманович (Юбилейный сборник).
– Алматы: Атамұра, 2001. – 300 с.215-218-бб.*

С.ҚИРАБАЕВ
академик

КӨСЕМ ТҰЛҒА

Ақыл-ой парасаттың кеңдігімен, өмірдегі белсенді қызметімен, ойындағысын жеткізіп айта алатын тілмарлығымен, істесе қопарып тастайтын кесек қабілетімен халқының зор ілтипатына ие болып, сүйіспеншілігіне бөленіп жүретін көсем бір адамдар болады. Олар билік лауазым иесі болмаса да, онымен жүзбе-жүз таныстықты күтпей-ақ жалпы жұрт оны назарында ұстайды, сөзін қалт жібермей тыңдайды, сүйенішіндей, тірегіңдей демеу дәметіп жүреді. Менің түсінігімдегі Салық Зиманов – осындай көсем тұлға.

Мен оны көп жылдардан білем. Отыз жасында институтқа ректор болған жас жігіттің білімі, алғырлығы, іскерлігі сол тұстың өзінде-ақ көп адамды мойындатқан. Заң институтында істейтін, оқитын біздің таныстарымыз оны аңыз ғып айтатын. Кейін көзіміз көрді, өзімен таныстық. Қашан да, қай жерде, оның мерейі үстем жүрді. Партия басшылығы да түсінді, қызмет дәрежесіне лайық қалалық, аудандықкомитеттердің мүшелігіне, бюро мүшелігіне өткізіп, сол мөлшердегі кеңестердің депутаты етіп сайлады. Ғылымынан, білімнен жоғары ұмтылған да жоқ. Өзіне тиісті міндетін зор жауапкершілікпен, адалдықпен

атқарудан танбады. Ақыры өз еңбегіне сүйенген ғылым адамының бойындағы үлкен қайраткерлікті басшылық та, ел-жұрт та көріп мойындады.

Сәкеңнің ғылым саласындағы ізденістері мен табандылығы да кезінде аңыз болатын. Оның кітапхана залдарына ерте барып, кеш қайтатын, басқалардай аз отырып, кіріп-шығумен уақыт өткізбейтін табандылығы, отырған орнынан қозғалмайтын шыдамдылығы бәрімізді де таң қалдырып, қызықтыратын. Осы табандылық оны дегеніне жетізді. Ол аз жылдың ішінде екі бірдей үлкен монография («Общественный строй казахов конца XIX века – 1958, «Политический строй казахов конца XVIII – первой половины XIX века – 1960) жариялап, 40 жасында ғылым докторы болды. 46 жасында бірден Қазақстан Ғылым Академиясының академигі болып сайланды. Бір саланы бір өзі меңгеріп, сол жүйедегі ғалымдарға ағалық көрсетіп жүрген ұлы талантты танып, Академия басындағы ағаларымыздың оны мүше-корреспондент етпей-ақ бірден (мұның өзі сирек болатын жай) академик ету – үлкен тәуекел де батыл іс еді. Сәкең олардың үмітін алдамады, ақтады. Бүгін ол заң жүйесіндегі ғана емес, бүкіл қоғамдық ғылымдардың лидері, ұлттық Академияның еңбегі сіңген ақсақалдарының бірі.

Сәкең – ғылыми-ұйымдастыру жұмысында көп істей жүріп, зерттеуден, ғылыми ізденістен бір сәт қол босатқан кісі емес. Ол зерттеу еңбектерді көп жазды. Оның творчестволық жолында «Ленин и советская национальная государственность в Казахстане», «Политические взгляды Чокана Валиханова», «Россия и Букеевское ханство», «От освободительных идей до советской государственности в Бухаре и Хиве», түбү еңбектердің үлкен орны бар. Ол бір Қазақстанның емес, Орта Азияда ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы, даму тарихын, саяси мемлекеттік құрылымы мен оның алдыңғы қатарлы ойшылдарының көзқарасын кең зерттеді. Әр кез жаңа сөз айтуға, жаңа деректер

негізінде қалтарыста қалып қойған проблемаларды көтеруге тырысты. Партиялық идеологиялық режимнің тұсында ғалымның кейбір ойлары қалыптасқан көзқарасқа сәйкес келе бермейтін кездері де болған. Оның кейбір еңбектерінің қиыншылықпен басылғанын, кей беттері жұлынып алынғанын да көргенбіз.

Елуінші жылдардың ішінде «Алатау» санаторийінде бірге дем алып, біздің Шәрбану Батталова (Сәкеңнің жұбайы, белгілі химик-ғалым, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі) апамызбен танысқанымыз бар еді, бұл бізге Сәкең семьясына таныстыққа жол ашты. Оның үстіне менің қайнағам Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсенов Сәкеннің шәкірті боп алдын көрген, кейін ғылым жолындағы көмегін алған, оның дос інілерінің бірі еді. Сәкеңнің жас редактор күйінен бергі өмірін жақсы білетін, оны аңызға айналдыра әңгімелейтіндердің бірі де сол кісі болатын. Ол да белгілі заңгер болды. Қарағандыдағы Ішкі Істер Министрлігі Жоғарғы мектебінің бастығы болып істеді. Осы мектептің жұмысын ұйымдастыруда Сәкеңнен ақыл-кеңесті көп алғанын ол әрқашан қызыға айтатын. Сәкең жиі барып мектепте лекция оқыды, мемлекеттік емтихан комиссиясын басқарып жүрді.

Еліміз егемендік алып, Қазақстанға тәуелсіздіктің туы тігілген тұста Сәкең ғылыми-ұйымдастыру жұмыстарынан босап, бірыңғай ғылыми қызметке ауысқан еді. Бірақ жасының егде тартып қалғанына қарамастан ол тәуелсіздікті жариялау мен орнықтыру жөніндегі істерге батыл араласты. Әуелде парламент депутаты болып, кейін кеңесші жұмыстар атқара жүріп, ол тәуелсіздікті заңдастыру, жаңа конституция қабылдау, заң жүйесін реформалау, елімізді президенттік жолмен билеу сияқты мәселелерге ат салысты. Ат салысу деген мақұлдап, бас шұлғи беру емес, Сәкең орынды жерінде сын да айта отырып, кең толғап пікір білдірді, ойлы ақыл қосты. Ол кісінің сөзі, пікірі бұл мәселелерді талқылауда шешуші пікір болғаны даусыз.

Азамат ағаның ғалымдық жолы, көсем тұлғасы, ой-пікірі қазақ ғылымына, оның ішінде қоғамдық ғылымдарға әрқашан үлгі болмақ.

*Гражданин и выдающийся ученый, академик
Зиманов Салык Зиманович (Юбилейный сборник).
– Алматы: Атамұра, 2001. – 300 с. 239-241-бб.*

Т. ШАРМАНОВ
*Академик Национальной Академии
наук РК и Российской Академии
наук, доктор медицинских наук*

О ГЛОБАЛЬНО МЫСЛЯЩЕМ ЧЕЛОВЕКЕ

В науке трудится поколение ученых старшего поколения, многих их них мы хорошо знаем и почитаем. Оно – часть нашей жизни. Именно этому поколению принадлежит академик Салык Зиманов.

Судьба его в науке сложилась, можно сказать, счастливо. И в Москве (годы прохождения аспирантуры, докторантуры и после), особенно в Казахской Академии наук он был связан и окружен выдающимися учеными. Он работал при Каныше Имантаевиче Сатпаеве, был одним из его любимцев.

Когда-то начинающий скромный научный сотрудник, своей творческой активностью и дерзаниями завоевывал имя ученого первой величины в области юриспруденции в республике. Именно благодаря таким ученым, как академик Зиманов, утверждалась национальная наука, рос ее авторитет в СССР. Благодаря таким ученым как Зиманов, республиканская Академия наук превратилась в главный научный центр Казахстана.

Я близко стал общаться с Салыком Зимановичем, когда ему было за 60, с осторожностью, опасаясь как бы невзначай не разрушить то хрупкое, доброе начало, которое обычно возникает при встрече с большими именами. И на разу не видел его усталым, напротив, в его глазах клокочет страсть к поиску, исследованиям.

У этого человека огромная сила воли. В последнее время уходили из жизни его ровесники, коллеги по научным направлениям. Какое же надо было иметь мужество, чтобы именно в прошлом году, потеряв самого близкого, бесконечно дорогого ему человека – Шарбану Батталовну, не только не опустил руки, но с еще большей дерзостью бросился на научные поиски. Таким представлялся академик Зиманов всегда, в самые критические периоды личной жизни и общества.

В жизни, как утверждают многие, Салык Зиманович является сложным, во многом противоречивым человеком, не до конца понятым даже теми, кто работал с ним бок о бок десятилетиями. По-видимому, Зиманов, как интеллектual, в силу его глубокой натуры не мог быть простым и однозначно ясным, противоречивость является его естественным состоянием, отражением его сути. Но все при этом единодушны в том, что в нем всегда присутствует доброта человека, что притягивает всех нас.

Он был не только крупным мыслителем-ученым и одновременно был дерзким защитником интересов своих соотечественников от произвола. Так, во время декабрьских событий 1986 года для нас было плевать, что скажет главный идеолог ЦК Камалиденов, но было важно, что скажут Абдижамил Нурпеисов, Олжас Сулейменов, Мухтар Шаханов, Салык Зиманов. И они оправдали наше ожидание.

Когда, однажды, академик Зиманов обратился ко мне с личной просьбой как к министру, я мог повнимательней присмотреться к нему. Необычно жесткая формулировка

мыслей, ни тени подобострастия, ведь встреча касалась его личной просьбы, усилила мой интерес к его внутреннему миру. Наверное, подвлиянием сложившейся в кругу интеллигенции о нем легенды, о неординарном ученом и не вписывающемся для тогдашнего времени поведением, его внешность, прямая осанка, довольно высокий рост, необычное для казаха лицо, произвели на меня сильное впечатление.

Он проявлял себя гражданином высокого накала в особо критические периоды общественной жизни, занимая позицию непримиримого борца за интересы своего народа.

Салык Зиманович постоянно несет в своей весьма нужной для общества профессии и в себе боль и надежды поколения, которому он принадлежит и того сложного времени, в котором он живет.

*Гражданин и выдающийся ученый, академик
Зиманов Салык Зиманович (Юбилейный сборник).
– Алматы: Атамұра, 2001. – 300 с. 295-296-бб.*

Н. МҰХИТДИНОВ

ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒА

Әрбір қоғамда тумысынан лидер деп атауға тұрарлық адамдар болады. Негізінен, олар ешбір топтарға, партиялар мен қозғалыстарға қосылмай, қайта өзінің ерік-жігерімен айналасындағы адамдарды өзіне қарай тартады, біріктіреді. «Тарихты жасаушылар» деп осындай адамдарды айтады.

Академик Салық Зиманұлы Зимановты сондай лидерлер қатарына жатқызуға болады. Ірі ғалым, Қазақстанда жоғары заң білімін ұйымдастырушылардың бірі, мәдениеті жоғары адам, отбасының тірегі, жастар үшін ұстаз әрі жетекші – міне, Салық Зиманұлының тұлғасы осындай. Сол ғылым докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Философия

және құқық институтының директоры, академик дәрежесіне тамыр-туыстық немесе біреудің көмегімен емес, өз күшімен жетті. Салық Зиманов ғылымды дамыту, ғылыми кадрларды, құқық қорғау құрылымдарына мамандарды даярлау жолында уақытпен санаспай, аянбай еңбектеніп, ізденіп, мұндай жоғары атаққа ие болды.

С.Зиманов өмірін түгелдей ғылымға арнаған, көзқарасы қалыптасқан, өмір тәжірибесі мол адам. Ол 30-жылдардың зұлыматы, Ұлы Отан соғысының қайғы-қасіретін және соғыстан кейінгі заманның ауыртпалығын басынан кешті. Мұның бәрі, әрине, Салық Зиманұлының ғылыми, педагогикалық және жетекшілік қызметіне әсерін тигізбей қоймады. Творчестволық түрде ойлау, ғылыми зерттеу әдістемелігін жете білу, сол негізде маңызды нәрселерді ажырата білу – ғылымға тән қасиеттер. С.Зиманов өмір процесін тереңнен зерттеп, жаңа идеяларды тез қабылдап, зерттеліп жатқан құбылыстарға қатысты дамытудың шебері. Ғалым өзінің еңбексүйгіштігі, іздемпаздығы, алдына қойған мақсатын орындауға ұмтылуы және жан-жақты терең білімі арқасында бір-бірімен тығыз байланысқан, бірақ әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар мемлекет және заңның теориясы мен тарихы, конституциялық құқық, құқықтық мемлекет мәселелері сияқты ғылыми сапарда жемісті жұмыс жасап жүр. Оның көптеген теориялық ұсыныстары мен қорытындылары бар заң күші актілерде және Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында көрініс тапқан. Соңғы екі шақырылған Жоғарғы Кеңестің кеңесшісі ретінде анық білетінім: жас мемлекетіміздің бірде-бір заң актісі С.З. Зимановтың қатысуынсыз шығарылмайтын. Содан шығар «ҚР Ұлттық ғылым академиясындағы, Жоғарғы Кеңестегі жоғары орындардан бас тартуыңыздың себебі неде?» деген сұраққа бұл кісінің «Ғылым әрдайым лауазымнан жоғары тұрады» деп жауап беруіне әбден болады. Салық Зиманұлының ірі жетістігі – Қазақстан мен ТМД мемлекеттері үшін көптеген доктор

мен ғылым кандидаттарын даярлауы. Оның жетекшілік етуімен диссертация қорғаған адамдардың нақты санын айтудың өзі мүмкін емес. Қазақстанның ғылыми заңгер қызметкерлерінің барлығы да бұл кісінің шапағатын көрді десек, артық айтқандық болмас.

// Заң газеті. – 1996. – 14 ақпан.

М. АЗБАНБАЕВ

БІРЕГЕЙ

Қазақтың бас ақыны, Төбе бидің соңғысы хакім Абай ғылымы ғалами ғылымға ерсін, бағынсын, құлшылық етсін. Бар азаматтың істеген істері бір жақсылыққа негіздеіп, соны тірек қылып, арқа сүйерлік шеберлікпен болсын деген.

Барша ғылымның ішінде Би институтының негізі мен тірегі Ар мен Ұят ғылымы Абай айтқан ғалами ғылым жолында. Қазақ биінің ерекшелігі, өзгешелігі әу бастан әділеттілікті жоғары ұстауы. «Бәлки ғадаләт барша ізгіліктің анасы дүр» деген Абайдың сөзі рас, шын, ақиқат. Адамзатқа керегі де жетіспейтіні де Ғадаләт. Ынсап, ұят – бұл ғадаләттен өрбиді. Абай айтқан Ғадаләт заңы: «Кңм сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе?».

Академик С.Зиманов «Сот ғасырлар бойы, қай қоғамда болмасын, билік пен ел басқарудың мәні мен сәні болып табылатын» деп билер сотын жоғары бағалаған.

Қазақ биінің екінші бір айтулы ерекшелігі, өзгешелігі – шеберлік. «Даулы шешен шешпейді, шебер шешеді» Қиыннан қиыстырған шеберлік. Жол табу. Қазақ биінің шеберлігі білімділігінде. Абайдың өлеңі мен ақынға қатысты қоған талабы: «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бишарасы. Би – білімді, білікті. Сөз – ғалами ғылымды жеткізуші ілім. Әрбір қазақ сөзінің түбі – ғылым. Абай би болар

адам «Ескі сөзді білмек керегін» ескерткен. Ескі сөз – ғылым, қазақтың құқықтық ғылымы.

Ғұлама ғалым С.Зимановтың кітабында «Қазақ құқығы» деген ұғым бар. Қазақ халқы, Қазақ ұлты десек, онда Қазақ құқығы деген орынды, заңды, ғылыми, тарихи. Дәстүрлі ән, дәстүрлі құқық дегенге құлақ та, көңіл де үйреніп кеткені соншалық, оның астарына үңілмеппін. «Дәстүрлі ән», «дәстүрлі құқық» дегенде біз – қазіргі қазақ басқа әнді салып, өзге жұрттың заңында жүргенімізді білдіреді ме? Барлау, байқау кемшін түскен тұс. Онда қазақтың құқығына, қазақтың әніне оралған жөн. Ғалым сөзін біз солай ұқтық, түсіндік, қабылдадық, құптадық. Себебі ғалым С.Зиманов: «Қазақ құқығының пайда болуы одан әріде, терең де жатыр, ол қазақ халқының этникалық тұтастануынан бұрын қалыптасқан» деп дәл, терең көрсеткендей Алла тағала адам баласын ең әуелі еркін етіп жаратқан. Қазақ Елі – еркін азаматтар одағы.

Қазақ тілін, қазақ сөзін азаматтағы бар тілмен салыстыра зерттегенде, қазақта батыс пен шығыстың көне мен жаңа заманның құқықтық негізі, өзегі, сүйегі барына көзіміз жетті. «Көне», «ескі сөз» дегеннің бәрі бұрын да, қазір де құқықтық нормалар, күнделікті қолданыста. Яғни, Қазақ сөзі азаматтың құқықтық кодексі. Қазақтың «Ескі сөзін» зерттеу барысында дәл осындай қорытындыға келдік. Уақыты жеткенде зерттеуімізді халық назарына жеке қолжазба ретінде ұсынбақпыз. Ел алдына жаңағы тұжырыммен ұялмай шығуға С.Зимановтың «Қазақ құқығы» деп жеке даралауы да таптырмайтын ғылыми қолдау болды. Жақсы адамның жақсы ісі жақсылыққа бастасын. Қазақ құқығы ғылымның құқытық этимологияға зер салсақ, керемет қазақ сөзінің күдіретін, қасиетін ашып беретін, адамзатқа өнеге болар құқықтық дүниелер әкелер едік. Себебі, ол қазаққа тән және бар. Сол бәз баяғы саф алтын күйінде сақтаулы. Құқықтық этимология қазақтың терминологиясын байытар еді. Ғалым С.Зимановтың еңбегі жаса, ынталы жандарға жаңа ғылыми ізденістерге сара жол салып беруде.

Қазақтың «Ата заңдары» қазақтың құқықтық әдебиеті, құқықтық мәдениеті, құқықтық тарихы. Академиялық, ірі, кесек еңбек. Зор табыс, ғылыми ерлік. Қазақ биінің шеберлігі, білімділігі С.Зиманов таныған, бағалаған Сот төрелігінің сәні. Абай сөзі – құқықтық поэзия. Ғалым С.Зиманов өз еңбегінде Абайды қазақтың «Соңғы Төбе биі» деп атапты. Алаштық, ғалами бағалау. Ұлттық ұстаздың еңбегін ұмытпай – бұл танымдық бағалау.

Зар заманның жырау-билері қазақ құқығын қорғаған. Жамбыл жыраудан – мұқалмаған Мұқағалиға жеткен. Мұқағали Мақатаев та заң ғылымын игерген. Қазақ құқығының құндылығы түспеген, ол қазіргі қолданыста құқыта да көрініс тапқан. Бұл қазақ құқығының тарихи орны барлығын, ғылыми мүмкіндігін, болашағы барлығын танытады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 25-бабында дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалауда заң мен ар-ождан басшылыққа алынатындығы бекітілген. Ішкі сенім. Тірегі ар мен ождан. Ғалым С.Зимановтың еңбегінде қазақ билер сотының ұстанған принципі Ар мен Ұят болғандығын қадап, атап көрсеткен. Ұлттық ұстанымға, бастауға бағыт берер әдістемелік-ғылыми нұсқау.

Қазақтың ежелгі заң ескерткіштеріне текті атау берген. Бұрын да жазғанбыз қазақтың билерінің бейнелі, балама аттары жайында. Қаз дауысты Қазыбек Би, Қу дауысты Құттыбай. Байқасаңыз, өзі «Ат айналып қазығын табады» дегендей бар сөз қазаққа алып келеді. Қазақ сөзді, тілді «Жаратушының сыйы» деп бағалайды. Сіздің түп иесі Алла, құдай болса, бар сөз өзіесіне апармағандақайтеді. Ал, қазақ әріден құдайшыл халық. Жаратушымен жапан жалғанда жалғыз тілдескен. Қазақ жаратылыстың жарасымдығына таң қалып: «Шебер құдай» деген. Шебер. Адам баласының ақылы жетпес шеберлік. Бұл енді ғалами ғылым. Ал, адами ғылымда заңгерлерге белгілі «Мантра» деген сөз бар. Осы сөздің мағыналық, тұлғалық,

түр-түсі, бет-келбеті тура айнымаған қазақтың сөзі. Мантра. Ман Тура. Мұнда «Ман»-мән, мазмұн және адам. Тура. Ту+Ра. Күннен туған. «Мантра» мәндес қазақта «Манду», «Өндеу» сөздері бар, яғни алға басу, дамуды, өнімді білдіреді. Сөздікте «Шебер»-дің синонимі ретінде «Мәш» сөзі берілген. Мағынасы: Қолыңнан іс келетін, бармағынан бал тамған. «Мергендікке мәш екен». Манас жырынан. Қазақ арасында «Мәстура» деген есім жүр. «Мәш» пен «Мантра» бір мәндес. Дәлелді тағы да Махамбеттен табайық: «Алқалаған жерболса, Азамат басы құралса, Мәшүрәт кеңес сұралса, Мәшүрәт берер ер едік – Исатайдан айырылып, Алқалай келген кеңесте, Дым құрыған күн болған». Мәшүрат. Алқа. Азамат. Кеңес. Дым құрыған Мәш у рәт. Рәт-рет. У – жаратушы. Мәш – шебер. Мәшүр – Жаратушы заңына жетік, ғалым, оқыған, тоқыған. Құдық ғылымының ғалымы. «Машайық» сөзін алайық – ақылды адам, абыз. Маш/Мәш. «Ай» – сөйлеу, соттау, төлеу салу. «Ық»-«Ұқ»: білім, ғылым. Заң, закон латын тілінде Lex – Leqes. Түбі қазақы «лек». Тілек. Тілек. Қос сөзден құралған. Не тілесен Алладан тіле. Махамбет: «Ертеден кешке дейін зарласам, Бермей ме екен құдайым, Біздей тарыққан ердің тілегін». Ескі тілде «Ті» - сөз деген ұғым. «Лек» – заң. Дәлел тауып берелік. Ілік. Ілік. Себеп іздеу, табу. Ілік, ілкі – түркіде бірінші, бастау. Ілік іздеу. Ерегіс, егесу кейінірек. Махамбет толғағандай: «Шабытымыз келгенде, Ерегіскен дұшпанды, Шетінен сүйреп жеп едік. Баста дәурен тұрғанда, Біздер-дағы Байеке, оза көшіп, кең жайлап, Еркіннен еркін жатқан ел едік». Ілкі, ілгері кездіңілуде бір қолданылатын атаулары. «Ел», «іл» – бергі түркі тілінде: халық, тайпа одағы. «Еліг, іліг» – мемлекет, билік. Одаққа біріктіруші – «Лек». Бірігу негізі – заң: Ліг, лек. Тірлік. «Тір» – ол сөйледі. «Лік» – заң, кең. Туысқандықты, бірлікті білдіретін үш тілдегі негізі бір сөз бар. «Брат». Негізгі қазақтың сөзі: Бір ат. Бір Ата. Бір Адам атадан тарадық. Ата – атаулы болу. Қазақтың қарғысы: «Атаусыз қал». Бәріміздің бір атамыз бар – Адам. Бір ат. Адамшылық. Атамыз

да, затымыз да сол. Ата заңдары болса, әке заңыда бар. Абай: «Айтпаса басында әке жарлық, болмаса ағайында ой қосарлық». «Әкенің, қапанның бір атауы: «Қаң». Түбір сөз: «Аң». Түсіну. Аңдау. Аңлау. «Қаң», әке – қаһанның айтары заң – «Кең». Тірлікке бірлік тірек. Тір+ек. «Ек»-те заң. «Жарлық» -тың өзінде «Лік» бар. Лық-лік. «Лугал» – лидер. «Лұғал» – сөздік.

Орыста «Лик» құдайға қатысты айтылады. Бізше – жүз. Алланың жүзі. Ғалым С.Зимановтың кітабында «жүз» терминінің ертеден келе айтқаны аталған. Біз, осы «Жүзі», «Жүз» терминдерін ортақ құқықтық ұғым, яғни «заң» мен «кең»-нің баламасы ретінде қарастыруды жөн санаймыз. Түркіде «Меңіз» деген сөз болған. Адам бетінің екі жағы, обе щеки – орысшасы. Көпше түрінде. Ал, жалқы түрде «Жүз» – Лик. Жаңағы – Лек, ліг, Іух, Leges. Яғни, заң, кең. Қазақта қиын сөз бар, амалсыз қолданасың; «Бетсіз». Ұяттан жүрдай.

Абайша: «Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойнына салып, сөгіс қылған қысымның аты».

Қазақ заңының негізі, ұйытқысы – Ұят. «Меңіз» – көпше түрі, жалқы «Мең». Заң, мең, кең. Келісіп тұр. Кемеңгер. Ке мең гер. «Юсь» – орыс сөзі «законник». Юсь – Жүз.

Онда қазақтағы «Жүз»-дер былай оқылуға жатады. Ұлы – ұла (сөз) жүз: заң шығарушы. Кіші – Кісі: зайырлы (светская) билік. Орта-Орда жүз: атқарушы билік. Осы ұғымдар қазақ мемлекетінің ежелден құқықтық мемлекет болғандығына нұсқайды. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» – таза демократия. Бар адамзаттың іздегені бір негіз.


«Би» болу құдай берген қасиет. Әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Абай айтқан ойды мына заманда бекітеді. Сондықтанда, қазақ былай деген: «Бибол, би болмасаң, битүсетін үй бол». Яғни, қазақ, Би қызметінің қасиетін түсінгендіктен Бидің бар жағдайын жасауды алдын ала ойластырған. Бидің бар міндеті – сот төрелігіндегі Әділдік. Қазақ би жүрегінде,

көңілінде алаң болмауды алдын ала ойластырған. Үйі-күйі халық қолында, мойнында. Халық өнерлі адамдарын «Бала би»-ден «Төле биге» дейін өз тәлім-тәрбиесінен өткізген. Өзі тәрбиелі халық Тура билерді тәрбиелеп шығарған. Би «кедейболам, кем қалам» деген. Оның ұраны, ұстанымы: «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы». Малыда, жаны да ел-жұртында, ал Халық Ары – би жолында.

Би болу, білімді, кең толғап, терең ойлау, шарықтап іздеу. Жаратқанның жарлығын ұғу. Абай: «Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ». Абайдан асып кім айтқан, бар сөзіне бүкіл халық тоқтаған. Қазақтың бас ақыны һәм соңғы Төбе биі. Қазақ, арын таза сақтау үшін, өз билігі өзінде бола тұра, Билерін өзіненде биік, Төбе би – деп, хан көтерген. Халық хан талауға барса да, би талауы болмаған. Шоқан жобасына сай, бидің шешімін сұлтандар, басқарушылар, старшындар орындаған. Би шешімін орындау өндірісі атқарушы биліктің міндеті еді. Бұл да, «Би» институтының турашылдығы мен тазалығының кепілі, дәлелі. «Би» болуға әркімнің таласы туса да, Халық таңдауынан аса алмаған.

Қазақтың сөздері «Бірлік», «Бірегей». Бірлікте болу – Жаратушының заңы. Бірегей – сол бірлікті жарастырушы. Қазақ билерінің негізгі қызмет мәні, сәні, әні Ел бірлігі. Қазақбилерінің қадір, қасиетін, киесін көрсете білген құқық ғылымының Бірегейі – Салық Зиманов.

// Заң газеті. – 2008. – 9 мамыр.



ҚҰЖАТТАР СӨЙЛЕЙДІ

В ПРЕЗИДИУМ АН КАЗАХСКОЙ ССР

Отделение общественных наук просит утвердить заведующим Сектором философии и права кандидата юридических наук Салыка Зимановича Зиманова.

С.З. Зиманов, 1921 года рождения, член КПСС с 1943 года, в 1951 году работал старшим научным сотрудником Сектора права, а в 1952 году в течение года исполнял обязанности заведующего Сектором. В конце 1952 года С.З. Зиманов был направлен директором Алма-Атинского юридического Института, где и работал до его ликвидации. В ноябре месяце 1955 года он был утвержден деканом юридического факультета Казахского Государственного университета им. С.М. Кирова. Тогда же С.З. Зиманов был прикомандирован в докторантуру юридического факультета Московского Государственного университета им. Ломоносова. В связи с новым решением вопроса о докторантуре, С.З. Зиманов работает над докторской диссертацией в порядке самостоятельной подготовки.

Ректор Университета Т.Б. Дарканбаев против перехода С.З. Зиманова в систему АН Казахской ССР не возражает.

Академик-председатель
Отделения общественных наук
АН КазССР

подпись С.Н. Покровский

21 декабря 1956 г.

НАГО. Ф. 142. Оп. 1л/д. Д.17. л. 24. Подлинник.

**ВЫПИСКА из протокола №11 заседания Ученого Совета
Института философии и права АН Казахской ССР**

31 октября 1966 года

ПОВЕСТКА ДНЯ

4. Выдвижение кандидатур в действительные члены АН Казахской ССР по праву.

Присутствовали:

Члены Ученого Совета: директор института, доктор юридических наук, профессор С.З. Зиманов; зав. отделом государствоведческих наук, доктор юридических наук Ким В.А.; зав. отделом гражданско-правовых наук, доктор юридических наук А.Е. Еренов; врио зав. отделом уголовно-правовых наук, кандидат юридических наук У.Джекебаев; кандидат юридических наук М.С. Сапаргалиев; зав. кафедрой философии, кандидат философских наук А.Д. Джаймурзин; зав. отделом диалектического материализма, кандидат философских наук Ж.Абдильдин; зав. отделом исторического материализма, кандидат философских наук Т.Д. Думагазин; ученый секретарь, кандидат юридических наук В.М. Левченко; старший научный сотрудник, кандидат юридических наук М.А. Биндер; старший научный сотрудник, кандидат юридических наук М.Т. Имашев; старший научный сотрудник, кандидат юридических наук М.Г. Масевич; старший научный сотрудник, кандидат философских наук М.М. Сужиков; старший научный сотрудник, кандидат философских наук Л.К. Науменко; старший научный сотрудник, кандидат философских наук А.Х. Касымжанов; председатель Месткома, кандидат юридических наук Е.Баянов.

Приглашенные: доцент кафедры государственного права юрфака КазГУ Н.С. Сагиндыков; старший научный сотрудник, кандидат юридических наук М.Т. Баймаханов; старший научный сотрудник, кандидат философских наук Л.Карасаев; старший научный сотрудник, кандидат юридических наук

Г.В. Нечитайло; старший научный сотрудник, кандидат философских наук А.Нысанбаев; старший научный сотрудник, кандидат философских наук В.А. Черняк; младший научный сотрудник, кандидат юридических наук Мухитдинов, младший научный сотрудник, кандидат юридических наук Е.Каиржанов; старший научный сотрудник, кандидат философских наук Б.Казыханов; младшие научные сотрудники С.Даулетов, М.Аубакиров, Ю.И. Малышев, И.К. Кожабаяев, Х.Халиков, Б.Сахаринов, В.Н.Федоров, Нурмашев, Агдарбеков, Сыздыков; старший лаборант Л.М. Болотова; аспиранты Сабикенов, Сабитов, Балтабаев, Уразбеков.

IV. СЛУШАЛИ: Выдвижение кандидатур в действительные члены Академии наук Казахской ССР по праву.

Выступили:

Ж. Абдильдин: Академией Наук Казахской ССР, на основании параграфов 16 и 17 ее Устава, объявлен конкурс на замещение вакансий действительных членов АН Казахской ССР и членов-корреспондентов АН Казахской ССР. Впервые в истории Академии Наук нашей республики объявлен конкурс в действительные члены АН и члены-корреспонденты по философии и по праву. Партбюро Института придает огромное значение выдвижению кандидатур на эти вакансии.

Предоставление этих вакансий свидетельствует о большом росте философской и юридической науки в нашей республике в последние годы, в развитии которой наш Институт занимает видное место. Вот почему партийное бюро, местный комитет совместно с руководителями отделов всесторонне обсудили этот вопрос и единодушно назвали кандидатуру С.З. Зиманова – директора Института философии и права, доктора юридических наук, профессора – на замещение вакансии действительного члена Академии наук Казахской ССР.

Согласно §13 Устава Академии, в действительные члены избираются ученые, обогатившие науку трудами

первостепенного научного значения. С.З. Зиманов является именно таким крупным ученым – юристом, обогатившим своим трудами историко-правовую науку в Казахстане. Он глубоко исследовал и опубликовал крупные научные труды по проблемам теории и истории национальной государственности. В частности им опубликованы три крупные монографии «Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков», «Общественный строй казахов первой половины XIX века» и совместно с А.Атишевым «Политические взгляды Чокана Валиханова». Подготовлена в печать монография: «Исторический опыт становления и развития национальной советской государственности в Средней Азии и Казахстане».

С.З. Зиманов не только разносторонний ученый, но и обладает большим организаторским талантом ученого. Он сумел возглавить большой авторский коллектив ученых юристов и направить его на фундаментальное исследование сложной и чрезвычайно важной для науки проблемы становления и развития советской национальной государственности в Казахстане. Результатом был выпуск под его руководством трех томов «История государства и права Советского Казахстана» – первого в стране труда по истории национальной советской государственности как по объему, так и по глубине и всесторонности охвата исторического материала. Как известно этот труд имел большой резонанс среди научной общественности страны и получил ее высокую оценку.

Способности т. Зиманова как ученого-организатора полностью сказались на посту заведующего сектором философии и права (с декабря 1956 г.), а затем – директора института философии и права АН КазССР (с января 1958 г.). Под его руководством Институт стал крупным научным учреждением, в стенах которого выросли 4 доктора наук и около 40 кандидатов наук, издается обширная научная продукция.

С.З. Зиманов осуществляет научное руководство аспирантами, подготовил лично 4 кандидата науки одного

доктора наук. Он ведет большую общественную работу, является членом райкома партии и членом партийного и членом партийного бюро нашего Института.

Вот почему партийное бюро, местком и директорат единодушно пришли к выводу, что нужно выдвинуть кандидатуру С.З. Зиманова на замещение вакансии действительного члена АН Казахской ССР по праву.

М.А. Биндер: Мне хотелось бы начать свое выступление с оценки того факта, что впервые в истории Академии Наук Казахстана объявлен конкурс на замещение вакансий действительных членов Академии Наук Казахской ССР и членов-корреспондентов АН Казахской ССР по праву и философии. Это свидетельствует о достойной оценке скромной работы правоведов и философов.

Избрание представителей нашей науки в академики и членкоры создает новые большие возможности для развития юридической науки в Республике. Поэтому выдвижение наших кандидатов это большое событие не только для самих кандидатов, но и для всех нас.

Предложение партийного бюро Института совершенно правильно. Я т. Зиманова знаю давно, с того времени как он начал работать в секторе права старшим научным сотрудником после успешной защиты кандидатской диссертации. Я знаю его сначала как сотрудника, затем руководителя сектора и, наконец, Института. Мне довелось в течение многих лет исследовать с ним общие темы, работать под его непосредственным руководством. А, как известно, никогда нельзя узнать так хорошо научного работника любого ранга, чем работая с ним в одном авторском коллективе.

Роль С.З. Зиманова в разработке проблем истории государства и права дореволюционного Казахстана и истории политической мысли общеизвестна. Эти фундаментальные труды, посвященные общественно-экономическому и

политическому строю дореволюционного Казахстана, получили высокую оценку в печати.

Крупным вкладом в развитие истории политической мысли Казахстана является книга Зиманова, написанная совместно с т.Атишевым «Политические взгляды Чокана Валиханова». Мне довелось быть рецензентом этой книги и я ее глубоко изучил. По моему убеждению, это самое яркое и интересное, что написано о Валиханове и я думаю, что Институт правильно бы поступил, выдвинув эту книгу на соискание республиканской премии имени Валиханова.

С.З. Зиманов является крупным исследователем и по теории и истории государства и права – руководителем и редактором трехтомника «История государства и права советского Казахстана». Это не только первая трехтомная история государства и права союзной республики в СССР, но и сами методы при написании этой работы были новыми. С.З. Зиманов выступил на Душанбинской научной сессии, посвященной проблемам перспектив развития национальной советской государственности. Эта опубликованная работа получила широкий отклик у научной общественности.

Большим вкладом в теорию и историю государства и права является глава Зиманова в работе «От средневековья к вершинам современного прогресса». Поскольку эта глава коллективной работы она не смогла получить в литературе развернутого мнения. Но я назвал эту главу т. Зиманова совершенно новым подходом в изучении истории национальной государственности, с характерным для ее автора новизной мысли, научной смелостью и научной эрудицией.

С.З. Зиманов крупный организатор юридического образования юридической науки в Казахстане, которую поднял на большую высоту. Я призываю членов Ученого совета единодушно поддержать кандидатуру С.З. Зиманова в действительные члены Академии наук Казахской ССР по праву.

Т.Д. Джумагазин: М.А. Биндер в своей краткой речи полно охарактеризовал научную и организаторскую деятельность С.З. Зиманова. Если мы сегодня выдвигаем кандидатуру С.З. Зиманова в действительные члены АН Казахской ССР по праву, то мы имеем для этого полное основание. С.З. Зиманов имеет ряд крупных монографических работ в области права.

Я не раз был свидетелем тому, каким почетом и уважением пользуется С.З. Зиманов в Москве, в наших головных Институтах. Этот авторитет он завоевал не своим положением директора института, а только как крупный ученый. В прошлом году к нам приезжала большая группа ученых-юристов (около 40 человек) Института Государства и права АН СССР из Москвы для проведения совместной исследовательской работы. Это тоже свидетельствует об авторитете С.З. Зиманова и руководимого им Института.

Салык Зиманович непосредственно возглавил работу этой большой экспедиции. Она состояла из нескольких больших творческих групп, куда входили московские и алмаатинские ученые юристы. В результате экспедиции в директивные и правительственные органы было подготовлено ряд представлений, по которым Совет Министров Каз. ССР и ЦК КПК приняли важные постановления в порядке совершенствования законодательства, регулирующего работу различных звеньев государственного аппарата и укрепления его связи с трудящимися.

М.А. Биндер очень хорошо характеризовал С.З. Зиманова и я всецело его поддерживаю и призываю выдвинуть его кандидатуру в действительные члены АН Казахской ССР по праву.

М.М. Сужиков: Здесь уже достаточно охарактеризовали научную и научно-организаторскую деятельность С.З. Зиманова. Я только хотел добавить несколько слов о той роли, которую он сыграл в подготовке научных кадров. Когда С.З. Зиманов возглавил

сектор философии и права, а затем Институт философии и права нам, соискателям ученых степеней. Были созданы все условия для завершения и защиты кандидатских диссертаций. Нам предоставлялось время для подготовки и сдачи кандидатских экзаменов, написания диссертаций, оказывалось содействие в публикации наших работ. Человечность – вот что особенно характерно для облика С.З. Зиманова.

Как научный работник С.З. Зиманов имеет, можно смело сказать, авторитет во всесоюзном масштабе в области теории национального самоопределения, истории государства и права Казахстана. Я всецело поддерживаю его кандидатуру в действительные члены АН Казахской ССР по праву.

К. Баянов:

Я хочу несколько слов сказать о деятельности С.З. Зиманова в прошлые годы, в должности директора Юридического института. Я учился в Институте в 1955-1956 годах, когда там директором был С.З. Зиманов. Он застал в Институте полный хаос и разброд. В Институте было в то время около 1200 студентов и это, конечно, не то, что наш небольшой коллектив в 80 человек. А С.З. Зиманову в то время было только 30 лет. Однако, благодаря своей выдержке, такту и хорошим организаторским способностям он выправил состояние дел в юридическом институте.

У С.З. Зиманова удачное сочетание двух главных черт: научное творчество и научная организация. Я всецело поддерживаю его кандидатуру в действительные члены АН Казахской ССР по праву.

М.Т. Имашев: В 1950-1952 годы с историками и правоведами Казахстана широко сотрудничал известный ученый историк права академик АН Казахской ССР С.В. Юшков. Уже в те годы он видел в С.З. Зиманове молодого, талантливого ученого с большим будущим. Как видим, его прогноз оправдался. Если вы вспомните дискуссию, которая велась в те годы о характере

феодалных отношений в дореволюционном Казахстане, то наверное должны знать, какую роль в этой дискуссии выиграл своим выступлением С.З. Зиманов. Этими небольшими штрихами я только дополняю облик т. Зиманова как ученого с творческим мышлением.

Е.Баянов прав: до прихода С.З. Зиманова на должность директора Юридического института, там был полный хаос, в смысле подготовки научных кадров. Можно всецело поставить в заслугу С.З. Зиманова, что он многих аспирантов Юридического института «довел до степени».

М.Т. Баймаханов: Наконец-то, можно сказать, лед тронулся. Наконец то по философии и праву объявлены вакансии в действительные члены АН Казахской ССР и в члены-корреспонденты. До сих пор ни юридическая, ни философская науки не имели своих представителей в высших органах – Академии наук Казахстана. Существовал, к сожалению, долгие годы известный правовой нигилизм. Он проявлялся, например, в том, что научные труды правовиков исключались из издательских планов Академии и в ряде других моментов.

Мне как бывшему ученому секретарю Института приходилось постоянно сталкиваться по работе с С.З. Зимановыми всегда у меня было самое положительное мнение о нем. Наш Институт очень высоко котируется в Москве – это благодаря С.З. Зиманову. Он всегда достойно представляет наш Институт на всесоюзных форумах. Я считаю кандидатуру С.З. Зиманова достойной для замещения вакансии действительного члена АН Казахской ССР по праву.

ПОСТАНОВИЛИ:

1. Выдвинуть кандидатом в действительные члены (академики) Академии Наук Казахской ССР доктора юридических наук, профессора Зиманова С.З. – директора Института философии и права Казахской ССР.

2. Одобрить отзыв о научной деятельности доктора юридических наук профессора С.З. ЗИМАНОВА.

И.О. председателя ученого совета

Института философии и права АН Каз.ССР,

кандидат философских наук,

доцент

подпись Джаймурзин А.

Секретарь Ученого совета

кандидат юридических наук

подпись Левченко В.

НАГО. Ф. 142. Оп. 1л/д. Д.17. лл.39-48. Подлинник.

АВТОБИОГРАФИЯ

Родился в 1921 году в г. Гурьеве в семье крестьянина с начальным образованием, служившего в этот период в рядах красногвардейских отрядов.

Отец – Джарылгасинов Зиман (Зигалий), 1895 года рождения, перед первой мировой войной учился в местной школе первой ступени и по окончании находился в своем родном ауле – в Кзылкучинском районе до установления Советской власти. До конца 20-х годов он занимал ответственные должности в системе Советских органов районного звена, а затем работал в органах управления кооперативными хозяйствами в г. Гурьеве. Он умер в 1937 году, в свою жизнь репрессии не подвергался и под судом не был.

По окончании средней школы в г. Гурьеве стал работать учителем физики и математики в средней школе им. Кирова в г. Форт-Шевченко. С января 1940 года по июнь 1946 года находился в рядах Вооруженных Сил – солдатом, затем офицером.

По демобилизации из рядов Армии был зачислен на работу в систему прокуратуры: стажером, помощником и

начальником отдела Гурьевской областной прокуратуры, а затем – следователем по важнейшим делам прокуратуры Казахской ССР.

Без отрыва от производства получил высшее юридическое образование и в 1948 году поступил в аспирантуру Сектора права АН КазССР, которую проходил в порядке прикомандирования в Москве, в Институте государства и права Академии наук Союза ССР.

После защиты кандидатской диссертации с конца 1950 года работал старшим научным сотрудником Сектора права Академии наук республики и по совместительству – ученым секретарем Президиума Академии.

С октября 1952 года по сей день непрерывно работаю директором института: вначале Алма-Атинского Юридического, а с 1957 года философии и права Академии наук Казахской ССР.

Состою членом КПСС с 1943 года, партийных взысканий не имел и не имею. Защитил докторскую диссертацию в январе 1961 года, звание профессора по специальности «Теория и история государства и права» присвоено мне в 1964 году.

Подпись (С. ЗИМАНОВ)

10 ноября 1966 г.

НАГО. Ф. 142. Оп. 1л/д. Д.17. лл. 11-12. Подлинник.

ПАРТИЙНО-ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА

на директора Института философии и права Академии наук Казахской ССР, доктора юридических наук, профессора, члена КПСС **ЗИМАНОВА** Салыка Зимановича, 1921 года рождения, уроженец, г. Гурьева Казахской ССР, члена КПСС с 1943 г. по специальному происхождению из крестьян, по национальности казах.

Тов. **ЗИМАНОВ** в 1950 году успешно защитил кандидатскую диссертацию, а в 1961 году - докторскую диссертацию. С сентября 1952 г. он работает директором Алма-Атинского Государственного юридического института, с 1957 года заведующим сектором философии и права, а с 1958 г. бессменно директором Института философии и права АН КазССР.

Тов. Зиманов С.З. является крупным ученым-юристом, труды которого широко известны в нашей стране. Он внес серьезный вклад в развитие юридической науки в республике. Обладая широким кругом научных интересов, он в тоже время возглавляет определенное направление в научно-исследовательской работе, проявив в этой области талант, творческие способности и широкую эрудицию.

Им опубликованы оригинальные монографические работы «Общественно-политический строй казахов первой половины XIX века» (18 п.л.); «Политический строй Казахстана конца XVIII в. И первой половины XIX веков» (19 п.л.); «Политические взгляды Чокана Валиханова» (16 п.л. в соавторстве с А.Атишевым). Подготовлена к печати монография «Исторический опыт становления и развития

